

Агата
Кристи

Ғайып
болған
МИЛЛИОН

Агата
Кристи

Ғайып
болған
МИЛЛИОН

Өңгімелер

050701 - 20

13 - 01



АЛМАТЫ
“ЖАЛЫН БАСПАСЫ”
2003

**Қазақстан Республикасы Ақпарат
миністрілігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр**

Кристи Агата

**К 82 Ғайып болған миллион. Өңгімелер. Ағылшын
тілінен аударған — Ө.Ахметов — Алматы, “Жалын
баспасы” ЖШС, 2003. — 160 бет.
ISBN 9965-693-04-8**

Агата Кристи — детектив әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі, аты әлемге өйгілі ағылшын жазушысы. Оның қаламынан туған сексен бес роман, бірнеше өңгіме және пьеса жинағы дүние жүзінің көптеген тіліне аударылған.

Бұл кітапқа жазушының бір топ өңгімесі еніп отыр.

К $\frac{4703040100-07}{408(05)-03}$ 3-2003

ББК 84 А кгл 7-44

ISBN 9965-693-04-8

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2003

МҰРАҒЕР

— Ең бастысы жоқтан өзгеге ренжіп, абыржушы болмаңыз, — деді дәрігер Мейнелл өз әріптестеріне төн сабырлылықпен.

Көңілдің хопшы үшін айта салған дәрігердің жаңағы сөздеріне Гартер ханым құлай сеніп, илана қалған жоқ, қайта кез келген науқастың көңілін аулау үшін айтылатын жаттанды оңдімеге жүгіне сенбей, екі ойлы болып отырып қалды.

— Сөз жоқ, жүрегіңізде ақау бар, — деді дәрігер сөзін қайта сабақтап, — бірақ соншалықты абыржытындай ештеңе жоқ. Бұған кәміл сеніңіз. Өйткенмен үйіңізге лифт қондырып алғаныңыз артық болмайды. Бұған қалай қарайсыз?

Гартер ханым дәрігерге мазасыздана қарады.

Дәрігер Мейнелл өзіне дән риза сияқты. Ол қалтасы жұқа кедейлерден гөрі ауқатты адамдарды көбірек жағалайтын. Себебі қалтасы қалыңдар оның аузынан шыққанын екі етпей, не айтса соған көне кететін.

— Иә, лифт қондырып алыңыз, — деді ол бұдан басқа лайықты еш нәрсенің орайын келтіре алмай, — оны орнаттырып алсаңыз, шамадан тыс қимыл жасап қиналмайсыз. Күн сайын жазық жерде ғана серуендеп, ойлы-қырлы жерден аулақ болғаныңыз жөн. Бәрінен бұрын көңіл күйдің тыныштығы керек, алайда денсаулығыңызды көп ойлап сарыла бермеңіз.

Чарлз Риджуэйге жасы ұлғайған нағашы апасы туралы дәрігер тым мылжыңдап кеткен сияқты көрінді.

— Мені теріс түсіне көрмеңіз, — деді дәрігер Чарлзға қарап. — Нағашы апаңыз өлі жүз жасайды, амандық болса. Дегенмен аяқ асты реніш, қобалжу немесе шамадан тыс оқыс қимылдың қатты өсер етуі де ғажап емес.

Осы тұста дәрігер саусағын бір рет шырт еткізді.

— Иә, ол кісіге ашулануға, қатты шаршауға немесе артық қозғалуға мүлде болмайды. Бірақ солай екен деп, ертеден қара кешке дейін тек сырқатын ойлап саруайымға салынып кетпеуін де қадағалаған жөн. Қолдан келгенше көңілін аулап, сейілту жағын естен шығармаған абзал.

“Көңілін аулау керек дейді”, — деді ішінен Чарлз Риджуэй ойға шомып.

Чарлз көп ойланатын жігіт болатын. Сонымен қатар ол ыңғайы келіп тұрса, өз көкейіндегісін іске асырудың мүмкіндігін де қалт жібермейтін.

Сол күні кешке қарай ол нағашы апасына радио-қабылдағыш сатып алайық деп өтініш жасады. Гартер ханым онсыз да арзанға түспейтін лифтінің жайын ойлап басы қатып отыр еді, жиенінің мына қалауын құптай қоймады. Бірақ Чарлз үндемей қалған жоқ, қайта үгітін одан бетер үдете түсті.

— Жаңа пайда болған дүниелерге көңілім онша соқпайды, оларға әуестігім де жоқ, — деді Гартер ханым жақтырыңқырамай. — Толқындарды білесің ғой өзің, әлгі электр толқынын айтамын. Ол денсаулығыма жақпауы мүмкін.

Чарлз нағашы апасының бұл пікірінің мүлдем дұрыс емес екендігін шыдамдылықпен бипаздап түсіндіре бастады.

Ғылымның бұл саласынан бейхабар бола тұрса да, Гартер ханым өз дегенінен қайтпай, Чарлздің сөзіне бірден құлақ асып, илана қоймады.

— Электр дегенің, — деді ол қорқақтап, — сен не десең о де, Чарлз, кейбіреулердің денсаулығына шынымен жақпайды. Мысалы, күн күркіреп, найзағай ойнарда басым айналады. Өзімнің сырым өзіме белгілі, — деп, Гартер ханым басын маңғаздана шұлғыды.

Төзімді жігіт болғанымен, Чарлздің бірбеткейлігі де өз басына жетерлік болатын. “Қымбатты Мэри апа, мен сізге бәрін де түсіндіремін”, — деп, ойын қайта жалғастырды.

Чарлз радионың ұңғыл-шұңғылын жетік білетін. Осы тақырыпқа лекция оқып тұрғандай, ол өз мақсатына қалай да жету үшін радио тетіктерін біртіндеп сипаттай бастады.

Гартер ханым ұшы-қиыры жоқ көп сөздің тасқынына көмілді де, түгіне түсінбейтін болған соң, жиеніне ризашылығын беріп құтылды.

— Өрине, Чарлз, — деп міңгірледі ол, — өзің лайық деп тапсаң...

— Апатай-ау! — деді Чарлз кемпірдің шашбауын одан ары көтере түсіп, — радио деген біле білсеңіз, мына сіз үшін таптырмайтын нәрсе ғой. Кешке дейін саруайымға салына бергенше, бір мезгіл соны ермек қылмайсыз ба?

Көп ұзамай дәрігер айтқан лифт те орнатыла бастады. Бірақ мұның Гартер ханымға пайдасынан зияны көп болды: үйге келген лифті қоятын бейтаныс еркектерден зәресі кетіп, жан тапсыра жаздады. Жасы ұлғайған адамның

әдеті емес пе, дүниесіне көз тігіп, торып жүрген біреулер шығар деп, жанын қоярға жер таппады.

Лифтінің артын ала радиоқабылдағыш та келіп жетті. Гартер ханым алғашында абажадай, көп тетікті бұл сандыққа күдіктене қарап, көп ойланды. Ал Чарлз болса, нағашы апасының назарын аудару үшін тағы біраз әрекет жасады. Радионы дамылсыз мақтап, тетіктерін бұрап, елпек қағып түсіндірумен болды. Мұндайда Гартер ханым арқасы биік орындығына жайғасып отырып алып, осы бертінде ғана пайда болған лифт, радио сияқты заттардың түкке тұрғысыз дүние екенін қайта-қайта айта беретін.

— Тыңдап көріңізші, Мәри апа, сөйлеп тұрған Берлин! Тамаша емес пе? Диктордың даусын естіп отырсыз ба?

— Ызың мен қиқудан басқа еш нәрсе де естіп отырған жоқпын.

Чарлз радиоқабылдағыштың тетігін одан ары бұрай түсіп, бір кезде: “Брюссель!” деп қуана айқайлап жіберді.

— Шын ба? — деді Гартер ханым, енді расында да қызыға бастап.

Чарлз радио толқынының тетігін тағы бір қозғап жіберіп еді, үйдің іші бейне бір ит қора секілді беймаза шуға толды да кетті.

— Енді біз ит қораның толқынына тап болдық білем,— деп, Гартер ханым қулана күлімсіреді.

— Ха-ха! — деді мөз болған Чарлз қуанышы қойнына сыймай, — енді сіз қалжыңдауға кірістіңіз бе, Мәри апа? Міне, мұныңыз тамаша!

Гартер ханым еріксіз езу тартты. Ол Чарлзды шынымен жақсы көретін. Көп жыл бойы қолында Мириам Гартер дейтін жиен қызы тұрып келген. Мұрагерім сол болар деп ниет қылып жүргенде, Мириам үмітін ақтамай кетті. Шыдамы таусылды ма әлде нағашы апасынан мезі болды ма, өйтеуір, бір себеп болды. Гартер ханым іздегенде үйден табылмай, есіл-дерті сыртта болып, дала безер қызға айналды. Сөйтіп жүргенде нағашы апасының көңілінен шықпаған бір жас жігітке тап болды. Мұны білген Гартер ханым бір парақ қағаз жазды да, Мириамды анасының қолына қайтарып жіберді. Көп ұзамай-ақ Мириам жаңағы жігітке тұрмысқа шығып алды. Нағашы апасы енді оған ылғи жаңа жыл мейрамының алдында сыйлық жіберіп тұрды.

Жиен қызынан көңілі өбден қалған Гартер ханым пейілін енді жиен баласына сала бастады. Чарлз оған бірінші күннен бастап-ақ қатты ұнаған. Айтқанын екі етпей, елпілдеп тұрады. Жас кезінде өз басынан өткен бірдемелерін айта бастаса,

құлшына тыңдайды. Бұл жағынан Мириам Чарлздың тырнағына да тұрмайтын. Мириам сондай шыдамсыз, тұйық болса, Чарлз салмақты, елгезек әрі өте көңілді жүретін. Күніне нағашы апасын жүз рет мақтап мез қылып, ішкі-бауырына кіріп кететін.

Жиен баласына көңілінің ауғандығы сондай, Гартер ханым бір күні адвокатына хат жолдап, мұра женіндегі өсиет қағаздарды Чарлздың атына аударып жазуды өтінді. Көп ұзамай ол қағаздар келіп еді, Гартер ханым қарап шықты да, құптап қолын қойып жіберді.

Енді, міне, Чарлз радиосымен де нағашы апасын тез үйіріп өкетті. Басында онша ұнатпаған Гартер ханым, келе-келе бойы үйренді ме, енді радио қабылдағыштан бір елі ажырамайтын болды. Өсіресе үйде Чарлз жоқта радиомен қатты өуестенеді. Өйткені жиені үйде болса, радионың құлағынан түспей отырып алатын. Гартер ханым жұмсақ орындығына жайғасып алып, симфониялық концерт, атақты адамдар жайлы дәріс тыңдап немесе тағы бірдемені қызықтап, дүниенің жан рахатына бататын. Ал Чарлз радиоға тыным таптырмайтын. Шет елдердің радио станцияларын ұстаймын деп өбігерге түсіп, құлақтан қиқу кетірмей, әр толқынды бір ұлытып қоятын. Ол жолдастарымен бірге сыртта тамақтанып, үйге кеш оралған күндері радиоқабылдағыш түгелдей Гартер ханымның еншісіне тиетін.

Белгілі бір толқындағы кешкі бағдарламаны жалғыз өзі қызықтайтын.

Радиоқабылдағыш сатып алғаннан үш айдан соң Гартер ханым бұрын-сонды құлақ естіп көрмеген бір сұмдыққа тап болды. Бұл күні Чарлз карта ойнауға бір жаққа кеткен болатын.

Бұл кештің бағдарламасы бойынша балладалардан концерт беріліп жатқан. Сопрано дауысты әйгілі өнші шотландықтардың “Анни Лори” дейтін махаббат жайлы балладасын нақпшына келтіре құйқылжытып тұр еді, өннің қақ ортасына келгенде радио кенет тына қалды. Өуен оқыс үзілді де, іле-шала быжылдаған бір шу пайда болды. Ендігі сәтте ол шу да тыйыла қалып, сәл үзілістен кейін өлсіз ызыңдаған дауыс естілді.

Гартер ханым радионың басқа толқынға қосылып кеткенін қалайша байқамай қалдым деп таңданып қалып еді, ап-анық еркек даусы болмашы ғана ирландық акцентпен сөйлей женелді.

“Мәри, мені естіп тұрсың ба? Мәри, бұл Патрик қой өзіңмен тілдесіп тұрған... Көп ұзамай сені алып кетуге келемін... Дайын бол, Мәрижан, жарай ма, қалқам?”

Артынша бөлме іші “Анни Лори” өнінің тамылжыған ырғағына қайта толды.

Гартер ханым отырған орнында мелшиіп қатып қалды. Екі қолы орындықтың жақтауына жабысып қалған.

Бұл не, түс пе? Патрик? Аумаған Патриктің даусы! Дәл осы бөлмеден өзіне тіл қатты ғой. Жоқ, бұл түс болар. Сәл ғана қалғып кеткен болуы керек. Түске де неше түрлі сұмдық кіреді екен-ау? Эфирден марқұм болып кеткен күйеуі тіл қатты ғой.

Гартер ханым шошып кетті. Не деді өзі? “Сені алып кетуге келемін. Дайын бол, Мэри қалқам” дегендей болды ғой? Бұл не, ажалдан келген хабар ма?

Жүрек ауруы есіне түсті. Иә, оның жүрегінің ауырғанына да көп уақыт болды.

— Бұл – ажалдың хабары, иә, дәл соның өзі, — деді Гартер ханым орнынан әрең дегенде тұрып, салы суға кеткендей: “Лифтіге текке кеткен қайран ақша!” — деп ауыр күрсінді.

Бұл жөнінде ол тіс жарып ешкімге сыр ашқан жоқ. Бірақ екі-үш күн бойы көкейінен кетпей, тынышсызданып алаңдаумен болды.

Көп ұзамай өлгі сұмдық екінші рет қайталанды. Бұл жолы да Гартер ханым жалғыз өзі отырған болатын. Оркестрдің орындауында таңдамалы шығармалардан беріліп жатқан концерт өткендегідей аяқ астынан үзіліп қалды да, ізінше қайдағы бір алыстан сөйлеп тұрғандай, Патриктің үні естілді. Даусы тірі кезіндегідей емес, бір түрлі ғарыштан, жер астынан шығып тұрған тәрізді.

“Патрик сөйлеп тұр саған, Мэри. Сені алып кетуге кешікпей келемін...”

Іле-шала бір нәрсе шырт ете түсіп, зың-зың етті де, оркестрдің үні қайта жалғасты.

Гартер ханым сағатқа қарады. Жоқ, бұл уақытта ол ұйқтап отырған жоқ болатын. Оп-ояу, өңінде, сап-сау отырып Патриктің үнін естіді ол. Бұл елес емес. Оған тигтей де күмән жоқ. Бей-жай болып, радиотолқындарының эфирде таралуы жайындағы Чарлздың айтқандарын есіне түсірмекші болды.

Шынымен-ақ Патриктің бұған тіл қатқаны ма? Даусының эфирден берілгені ме? Кейде екі толқынның ортасында аралық толқын болады деуші еді. Радио-қабылдағыштың шкаласында көрсетілмеген аралық толқындар жайлы Чарлздың айтқандары есіне түсе бастады. Мүмкін, сол толқындар шығар жаңағы сұмдықты жеткізіп

тұрған. Иә, бәрі де ықтимал. Патриктің тіл қатқанына қарағанда, ол ғылымның қол жеткен табысын пайдаланып тұр-ау, шамасы.

Қоңырауды шылдырлатып, Гартер ханым қызметші Элизабетті шақырып алды.

Элизабет жасы алпыстарға келген, ұзын бойлы, қамыстай қатып қалған арық өйел болатын. Сырттай илікпейтін салқын адам сияқты көрінгенмен, Гартер ханымды аса құрмет тұтып, қатты қадірлейтін.

— Элизабет, — деді Гартер ханым өзіне шын берілген сенімді қызметкерін көргенде, — айтқаным есінде ме? Сол жақтағы ең жоғарғы тартпа. Аузы кілттеулі. Ақ шүберекке түйілген ұзын кілт. Барлығы да реттеулі тұр.

— Реттеулі тұр дегеніңіз немене, ханым?

— Мені жерлеуге қажет ақирет бұйымдарын айтамын да, — деді Гартер ханым ашуланыңқырап, — қалайша есіңнен шыға қалды, Элизабет? Ол дүниелерді өзін жөндесіп едің ғой.

Элизабеттің өңі құбылып кетті.

Жыламсыраған үні қаттырақ шығып: “Ханым-ау, мұндай нәрсеге мән бермесеніңші, қазір әжептеуір жақсысыз ғой”, — деді.

— Ерте ме, кеш пе, бұл дүниеден бәріміз де кетеміз ғой, — деді Гартер ханым ажалға мойынсұнып, — жасым болса міне, жетпіске келді, Элизабет. О несі жылағаны. Егер жылайтын болсаң, көз жасыңды маған көрсетпей, аулақ барып жыла.

Элизабет өксігін баса алмай шығып кетті.

Гартер ханым іші жылып, риза болып оның артынан біраз қарап тұрды.

— Бейшара-ай, енді қайтсін. Мен дегенде жанын беруге де дайын. Әуелі көрейінші, мен бұған жүз фунт қалдырдым ба әлде елу-ақ фунт па екен? Жүзден кем болмауға тиісті, — деп, екі ойлы боп қалды Гартер ханым.

Элизабеттің жайын ойлап біраз отырған соң, адвокатына және бір хат жолдап, мұра жөніндегі құжаттарды тағы бір қарап шығатынын айтып, қағаздарды қайта жіберуді өтінді.

Дәл сол күні ас үстінде Чарлз айтқан бір өңгімеден Гартер ханымның зәресі тағы бір ұшты.

— Айтпақшы, Мәри апа, — деді Чарлз, — осы жоғарыдағы бос бөлмеде ілулі тұрған ана бір сурет кімдікі? Каминның үстіңгі жағында тұрған суретті айтамын. Тері қалпақ киген, самайға жеткізе сақал қоя берген сәнді жігіттің суреті ше?

Гартер ханым жиеніне қатулана қарады.

— Ол – сенің нағашы атаң Патриктің жас кезіндегі суреті.
— Ө, солай ма, Мәри апа? Білместік жасағанымды кешіріңіз.
Гартер ханым сөл ғана бас изеді.

Чарлз күмілжіп: “Мен... жай ... өншейін сізге...” — деп, екіұшты қылып кібіртіктей бастап еді, Гартер ханым жұлып алғандай: “Иә, не айтайын деп едің маған?” — деді.

— Түк те емес, — деді Чарлз енді жеделдете сөйлеп, — адамның миына кірмейтін бір нәрсе, өйтеуір.

Өзірше Гартер ханым жиеніне басқа ештеме деген жоқ. Бірақ кешке қарай екеуі оңаша қалғанда өлгі өңгімеге қайта оралды.

— Чарлз, шыныңды айтшы. Бағана нағашыңның суреті жайлы сен менен жай сұрадың ба әлде?...

Чарлз тағы да күмілжіп қалды.

— Бағана айттым ғой, Мәри апа, түсініксіз бір нәрсе деп.

— Чарлз, — деді Гартер ханым қаһарына мініп, — мен енді бөрібір білмей тынбаймын.

— Жарайды ендеше, қымбатты апатай, айт десеңіз, айтып-ақ берейін. Кеше кешке қарай үйге қайтып келе жатыр едім, ана суреттегі адам шеткі бөлменің терезесінен сыртқа үңіліп тұрған секілді болып көрінді маған. Жарықтың әсері шығар деп, онша көңіл бөлмедім, бірақ Виктория заманының адамына ұқсаған бұл кім болуы мүмкін деп дал болдым. Үйге келген соң Элизабеттен сұрастырып едім, үйге қонақ та, бөтен адам да келген жоқ деді. Кешірек бос тұрған бөлмеге бас сұғып едім, каминның үстіңгі жағында ілулі тұрған өлгі сурет көзіме түсті. Дәл терезеден үңілген адамның суреті. Меніңше, бәрін де оп-оңай түсіндіруге болатын сияқты. Адам кейде өзінің не істеп, не қойғанын білмейтін кездері болады ғой. Сол сияқты мен де жаңағы суретті бұрын бір рет көріп, бірақ көргенімді ұмытып қалған болуым керек. Сондықтан да менің адам көрдім дегенім жай елес болуы әбден ықтимал.

— Шеткі терезеден дейсің бе? — деді Гартер ханым жұлып алғандай.

— Иә, онда тұрған не бар?

— Жай өншейін, — деді Гартер ханым.

Солай дегенмен де ол қатты шошынған болатын. Өйткені шеткі бөлме Патриктің киінетін, қырынып-таранатын орны еді.

Жиенімен өңгімелескен түні радионы мазасы кетіп, елегізіп тыңдады. Чарлз тағы да үйде жоқ болатын. Егер бүгін өлгі сұмдық үшінші рет қайталанатын болса, онда, сөз жоқ, оның о дүниемен тілдескені.

Жүрегі дүрсілдеп, аттай тулап тұрса да, дәл өткендегі сияқты радио хабары оқыс үзіліп кетіп, ізінше ирландық күйеуінің үні саңқ ете қалғанда, Гартер ханым онша саса қоймады.

“Мәри, сен қамданып болдың... Мен саған жұма күні келемін... Жұма күні кешкі сағат тоғыз жарымда... қорқпа, жаның қиналмайды... Дайын бол...”

Соңғы сөзі бітер-бітпестен оркестрдің қаңғырлаған даусы құлақ жара қайта жалғасты.

Гартер ханым бір-екі минуттай қимылсыз отырып қалды. Оңи қуарып, әжім-әжім болған еріндерінің төңірегі көгеріп кетті.

Сәлден соң орнынан ауыр қозғалып тұрды да, жазу үстеліне келіп отырды. Дәрмені кетіп қалған әлсіз қолымен мына жолдарды жазды: “Бүгін кешкі сағат тоғыздан он бес минут өткенде, мен қаза болған күйеуімнің даусын апанық естідім. Ол маған жұма күні кешкі сағат тоғыз жарымда келетінін айтты. Егер мен сол күні сол сағатта жан тапсыратын болсам, онда о дүниемен хабар алысудың өбден мүмкін болғаны. Соның дәлелі ретінде осы жолдарды жазып, қалдырып отырмын”.

Мәри Гартер

Гартер ханым жазғанын бір қайталап оқып шықты да, конвертке салып сыртына әдіресін көрсетті. Содан соң қоңырауды сылдыратып еді, кідірмей Элизабет келді. Гартер ханым жазу үстелінен тұрып, жаңағы хатты қызметші әйелдің қолына табыс етті.

— Элизабет, — деді, — егер мен жұма күні түнде дүние салсам, қолыңдағы хатты дәрігер Мейнеллге берерсің.

Элизабет бірдеме дейін деп еді, “Жоқ менімен айтыспа”, — деп, бетін қайырып тастады.

— Қүдіреттің күшіне сенемін деп, маған сан рет айтқаның есінде болар, Элизабет. Міне, сол күдіреттен маған жаңа ғана хабар келді. Одан соң айтарым, мен саған 50 фунт ақша арнаған болатынымын. Енді оны және 50 фунтқа көбейтемін. О дүниеге аттанбас бұрын банкке барып үлгермесем, бұл шаруаны Чарлздің өзі-ақ жөндейді.

Элизабетке Гартер ханым бұрынғыша ауыз аштырмады. Өзінің қалдырған өсиетін орындауды жиеніне келесі күні таңертең айтты.

— Есінде болсын, Чарлз, егер мен олай-бұлай боп кетсем, Элизабеттің еншісін 50 фунтқа көбейтіп бер.

— Кейінгі кезде қабағыңыз салыңқы ғой, Мәри апа, — деді Чарлз көзі күлімдеп, — сізге не болған? Дәрігер Мейнеллдің айтқаны рас болса, жиырма-отыз жылдан соң жүз жылдығыңызды тойлаймыз әлі!

Гартер ханым жиеніне риза болып жымығанмен, қайтарып еш нәрсе айтпады. Сәлден кейін: “Жұма күні кешке қарай не істейсің, Чарлз?” — деді.

Чарлз ептеп танданып қалған тәрізді көрінді.

— Айтпақшы, Эвингтер бридж¹ ойнайық деп қолқалап еді. Егер сіз қаласаңыз, үйде-ақ болайын.

— Жо-жоқ, қажет емес, — деп кесіп айтты Гартер ханым, — тіпті де қажет емес. Рас айтсамын, Чарлз, ол күні кеште менің оңаша қалғым келеді.

Чарлз түкке түсінбеген адамша нағашы апасына қарап еді, Гартер ханым одан өрі еш нәрсенің шетін шығарып айтпады. Ол батыл әйел болатын. Көретін сұмдығымды жалғыз өзім көрейін деген ойда сияқты.

Жұма күні кешке қарай үйдің іші тым-тырыс болатын. Гартер ханым биік арқалы орындығын отқа таяу қойып отырған. Барлық жасау-жабдығын даярлап қойған. Сол күні банкке барып, 50 фунт ақша алып, алмаймын деп жылап-сықтағанына қарамастан, Элизабеттің қолына ұстатқан. Өз бұйымдарын реттеп, бірді-екілі асыл тастарын жолдастары мен туыстарына атап, Чарлзға қалдыратын өсиеттерін де жазып қойған. Вустершир шай сервизінің жабдығын жиен қызы Эммаға, француз құмыраларын кіші Вильямға, тағысын тағыларға жеке-жеке арнап қалдырды.

Енді ол қолына ұстаған ұзыншақ конвертке қарады да, ішінен екі бүктелген бір қағазды суырып алды. Бұл адвокат Хопкинсон мырза реттеп жіберген мұра жөніндегі документ болатын. Оны өзі бұдан бұрын зер салып бір рет оқып та шыққан. Ал қазір барлығын қайта еске түсіру үшін, қағазды және бір шолып өтті.

“50 фунт ақша жан-төнімен беріліп, адал қызмет еткен Элизабет Маршалға, сіңлім мен немерелес ініме 500 фунттан, қалған ақшаны түгелдей ең сүйікті жиенім Чарлз Риджуэйдің еншісіне арнаймын”.

Гартер ханым басын изеп, ойға кетті. Ол ана дүниеге аттанғанда Чарлз ұлан-қайыр мұраға ие болып қалады. Иә, ол нағашы апасын жанындай жақсы көреді. Өрқашан адал пейілі мен құрметін, көңілін аулаған жылы сөзін аяп көрген жоқ.

Гартер ханым сағатқа қарады. үш минуты кем төрт жарым. Иә, уақыты жетсе, ол дайын. Өңінен қорқу, мазасыздану дегеннің нышаны да байқалмайды.

“Қорқпаймын” дегенді бірнеше рет қайталап айтса да, жүрегінің дүрсілі жиілей түсіп, алқымына тығыла бастады.

¹ Бридж — карта ойыны.

Мұны өзі де сезбей қалған. Бірақ жүйкелері әбден тозып, шегіне жетіп үзілуге аз қалған еді.

Мезгіл кешкі тоғыз жарым да боп қалған. Гартер ханым радионы қосып қойып, не болар екен деп күтіп отыр, қайсысы бұрын естілер екен? Ауа райын хабарлайтын диктордың үні ме, жоқ әлде осыдан 25 жыл бұрын қайтыс болған күйеуінің жер асты даусы ма?

Бірақ дәл Гартер ханым мөлшерлегендей болып шықпады. Керісінше, құлағына өзі күнде естіп жүрген таныс дыбыс естілді. Бірақ бұл дыбыс бүгін оның жанын алуға келген суық ажалдай боп естілді. Құлаққа жеткен сыртқы есіктің сықырлап ашылған дыбысы болатын.

Жаңағы дыбыс қайта естілді. Осы кезде үйдің ішін бір суық жел аралап өткендей болды. Гартер ханым өлшеулі уақытының жеткеніне титтей де күмөнданған жоқ. қорқа бастады... Қорқып емес, үрейі ұшып, төбе шашы тік тұра бастаған болатын.

Кенеттен оған мынадай бір ой келді: “25 жыл деген аз уақыт емес. Патрикті танымай да қалармын”.

О, сұмдық! Үрейі одан арман ұшып барады.

Есік жақтан абайлап басқан аяқтың дыбысы естілді. Тоқтап-тоқтап ақырын жылжитын сияқты. Сәл ғана кідірістен кейін ішкі есік ешбір дыбыссыз айқара ашылып кетті.

Гартер ханым құлап қала жаздап, орнынан өрең көтерілді. Шарасынан шыққан көздері үңірейген есік жақта. Дәл осы сәтте оның қалтыраған саусақтарының арасынан төмен қарай бір нәрсе сусып түсіп кетті.

Тұншыға шыққан айқайы тамағына кептеліп, бері шықпай үзіліп қалды. Ашық тұрған есіктің босағасында жирен қаба сақалды, үстінде Виктория заманының үлгісімен тігілген пальтосы бар бір тірі аруақ тұр еді.

Патрик келіп жеткен екен!

Гартер ханымның жүрегі кеудесінен шығып кете жаздап соңғы рет тулады да, тына қалды. Жансыз денесі үш бүктеліп, еденге сылқ етіп құлап түсті.

Элизабет Гартер ханымның қасына келіп жеткенде, бір сағаттай уақыт өтіп кеткен еді. Дереву дәрігер Мейнеллге хабар беріп, карта ойнап отырған жерінен Чарлз Риджуэйді де шақыртып алды. Бірақ бұл кезде Гартер ханымға ара түсетін ешбір күш жоқ болатын.

Гартер ханым қалдырған хатты Элизабет екі күннен кейін ғана есіне алды. Дәрігер Мейнелл өзіне арналған хатты зер салып оқып шықты да, Чарлз Риджуэйге көрсетті.

— Кереметтей сай келуін қарашы, — деді дәрігер ойын сөзбен жалғастырып, — нағашы апаңа марқұм

күйеуінің даусы елес болып естілген. Бұған дау жоқ. Бұл оның жанын жегідей жеп, онсыз да нашар жүректі жетер жеріне бір-ақ жеткізген. Өзі де үзілейін деп тұрған адам қанша пыдасын, зәресі кете қорқып, үрейден жан тапсырған.

— Өзінен-өзі дейсіз ғой сонда? — деді Чарлз.

— Иә, солай болуы керек. Мен саған медициналық экспертизаның қорытындысын мүмкін болғанынша тездетіп хабарлармын, бірақ оның дәл мен айтқандай боларына ешбір күмөнім жоқ. Дегенмен мұндай жағдайда, ресми тәртіп бойынша, экспертизадан өткізіп алған жөн.

Чарлз дәрігерді мақұлдағандай басын изеді.

Өткен түні елдің көзі ұйқыға кеткен кезде, Чарлз радиоқабылдағыш тұрған бөлменің сыртқы жағымен үстіңгі қабаттағы өз бөлмесіне жасырын тартылған сымды суырып алып тастады. Сол күні кешке қарай күн суытып кеткендіктен, Элизабетке айтып, бөлмесіне от жақтырып қойған болатын. Міне, сол отқа иегі мен жақтарына жапсырған жирен сақалды өртеп жіберді. Виктория заманының үлгісімен тігілген нағашы атасының киімін үйдің шатырындағы қалампыр иісі бұрқыраған сандыққа қайта апарып салып қойды.

Өзірге оның басына төнген қауіп бұлты жоқ сияқты. “Күтімі жақсы болса, нағашы апаң өлі талай жыл өмір сүреді”, — деп, дәрігер Мейнеллдің алғашқыда айтқан көріпкел сөзінен кейін-ақ көкейінен орын тепкен бұлыңғыр ойы енді, міне, іске асып отыр деуге болады. Нағашы апасының сүйікті еркебұланы, сүйкімді жігіт Чарлздің жүзіне масайраған күлкі үйірілді.

Дәрігер кетісімен Чарлз өз міндетіне кірісіп кетті. Енді оны марқұмды жерлеуге байланысты кезек күттірмейтін шаруалар тосып тұрған болатын. Алыстан пойызбен келетін туыстарын қарсы алуы керек. Олардың бір-екеуі — бір түнеп қайтатын адамдар. Өз ойымен іштей арпалысып жүрсе де, бұл шаруаларды Чарлз тыңғылықты тындырды.

“Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” деп осыны айт! Енді, міне, еңсесін басқан ауыр ойдан арылып, көңілі жай тапты. Өйткені қыл көпірдің үстінде тұрған оның мүшкіл халін ешкім де, тіпті, ана марқұм боп кеткен нағашы апасы да білмейтін. Жан адамға сездірмей келген өмірінің көлеңке жағы біліне бастап, енді оның мойнына абақтының тұзағы төніп тұрған еді.

Бір-екі айдың ішінде мол ақшаның көзін таппаса, оның сыры ашылып, абыройы айрандай төгілері сөзсіз еді. Міне, енді өлгі қара бұлт сейіліп, жағдайы түзелген сияқты.

Чарлз мұртынан күлді. Күлмегенде қайтсін. Ол қылмысқа барған жоқ. Бар болғаны ептеп қана қалжыңдады. Соның арқасында бір күнде байып шыға келді. Бұл жерде ми қатыратын ештеңе де жоқ. Нағашы апасы өзінің мұрагері Чарлз болатынын одан жасырған жоқ қой.

Осы оймен отырғанда, Элизабет есіктен бас сұғып, Хопкинсон мырзаның келгенін және оның Чарлзбен кездескісі келетінін хабарлады.

“Бұл да нағыз дер кезінде келді”, — деп, Чарлз ішінен қуанып кетті. Бісқырып өндетіп жіберуге ыңғайланып қалып еді, өзін тежей қойып, қайғылы адамның кейпін киіп, кітап тұрған бөлмеге қарай беттеді. Сол арада марқұм апасының ширек ғасыр бойы ресми кеңесшісі болып келген қарт адвокатпен кездесті.

Адвокат Чарлздің өтінуімен орындыққа жайғасты да, құрғақтау бір жөтеліп алып, келген шаруасын айта бастады.

— Маған жазған хатыңызды онша түсіне алмадым, Риджуэй мырза. Хатқа қарағанда, марқұм Гартер ханымның мұра жөнінде қалдырған өсиет қағазын біздің қолда деп ойлайтын сияқтысыз.

Чарлз жалт қарады.

— Нағашы апамның солай дегенін өз құлағыммен естігенмін.

— Кезінде ол құжаттың бізде болғаны рас.

— Болғаны қалай?

— Жаңа айттым ғой, кезінде деп. Гартер ханым маған хат жолдап, қағазды өткен сәрсенбіге жіберуді өтінген болатын.

Чарлздың дегбірі қаша бастады. Осындай бір пәленің боларын іші күні бұрын сезгендей.

— Қағаздардың бір жерінде жүрген болар, — деді адвокат сөзін қайта жалғап.

Чарлздың үні шықпай отырып қалды. Тіл қатуға дәрмені жоқ. Ол Гартер ханымның үстеліндегі қағаздарды түгел сүзіп шыққан. Олардың арасында әлгі құжаттың жоқ екенін айдан-анық білетін. Мұны ол адвокатқа сәлден кейін, өзіне өзі келген соң ғана айтты. Өз даусы өзіне жат көрініп, арқасынан суық тер бұрқ ете қалды.

— Ол кісінің заттарына басқа ешкім қол тигізіп пе еді?

Чарлз адвокатқа қызметші әйел Элизабеттің араласқанын айтты. Хопкинсон мырзаның ақылымен дереу Элизабетті шақырып алды. Қызметші әйел қабағы қатулы, қақиған күйі өзіне қойылған сауалдарға жауап беріп жатыр.

Элизабет Гартер ханымның киім-кешегі мен ұсақ-түйек заттарының бәрін де өз қолынан өткізіп реттепті. Алайда

олардың ішінен өсиет қағазға ұқсайтын ресми құжат көре алмапты. Өйткенмен ол қағазды Элизабет жақсы білетін боп шықты, себебі бейшара Гартер ханым қайтыс болатын күні таңертең марқұмның өлгі қағазды ұстап тұрғанын өз көзімен көріпті.

— Бұған сеніміңіз мол ма? — деді адвокат жұлып алғандай.

— Иә, мырза, маған ханымның өзі айтқан. Содан соң ол кісі алмаймын дегеніме қоймай, қолыма 50 фунт ақша ұстатты. Ал өсиет қағазы ұзыншақтау көк конверттің ішінде болатын.

— Рас айтады, — деді Хопкинсон мырза.

— Есіме енді түсті, — деп, Элизабет сөзін қайта сабақтады, — келесі күні жаңағы көк конверт мына үстелдің үстінде жатқан. Бірақ ішінде еш нәрсе жоқ болатын. Үстелге конвертті мен өзім қойғанмын.

— Үстелдегі конвертті мен де көргенмін, — деді Чарлз.

Ол орнынан тұрды да, жазу үстелінің қасына барды, келесі сәтте кері бұрылып, қолындағы конвертті Хопкинсон мырзаға ұсынды. Адвокат конвертке үңілді де, басын изеді.

— Иә, бұл өткен сәрсенбіде мен өсиет қағазды салып жіберген конверттің дәл өзі.

Енді екі еркек те аңырайып Элизабетке қарады.

— Маған айтар басқа еш нәрселеріңіз бар ма? — деді Элизабет.

— Өзірше жоқ, рақмет.

Элизабет есікке қарай беттеді.

— Сәл кідіре тұрыңызшы, — деді адвокат, — сол күні үйге от жағылып па еді?

— Иә, от кешке дейін маздап тұрды.

— Рақмет сізге, енді жүре беріңіз.

Элизабет шығып кетті. Чарлз еңкейген күйі дірілдеген қолдарымен үстелді таянып тұрып қалды.

— Хопкинсон мырза, сіз мұнымен не айтпақсыз? Неге меңзеп тұрсыз өзіңіз?

Адвокат басын шайқады.

— Үміт үзбейік, мүмкін, өлі де болса табылып қалар...

— Ал табылмаса ше?

— Онда жалғыз-ақ қорытынды жасауға болады. Нағашы апаңыз мұра жөніндегі өсиет қағазды жою үшін әдейі алдырған ба деп қорқамын. Олай дейтінім Элизабет бір тиынсыз қалмасын деп, 50 фунт ақшаны оған өз қолымен тапсырған.

— Қалайша, не үшін? — деп, Чарлз еңіреп қоя берді.

Хопкинсон мырза тамағын қырпап бір жөтеліп қойды. Тағы да құрғақ жөтел.

— Нағашы апаңыз бен бір нәрсеге келіспей қалған немесе түс шайысқан жеріңіз жоқ па еді, Риджуэй мырза?

Чарлз жасқа булығып: “Жоқ, әрине”,—деді. Өксігін баса алмай: “Біз ең соңғы күнге дейін бір-бірімізге деген шынайы ықылыстан айырылып көрген жоқпыз”, — деп, иегі кемсеңдеп кетті.

— E-e-e!—деді Хопкинсон мырза Чарлзға тура қарамай.

Адвокаттың күдіктеніп тұрғанын сезгенде, Чарлздың жүрегі зу ете қалды. Кім біледі, мына көрі қақпастың білмейтін, естімейтін пәлесі жоқ. Бәлкім, Чарлз туралы бөтен өңгіме мұның құлағына да жеткен шығар. Бірақ ондай өсек-аяңның ұшы шықса, бұл ең алдымен Гартер ханымның құлағына жетсе керек еді де, нағашы мен жиен бұл жөнінде қайтсе де жүз шайысып иә болмаса есеп айырысқан болмас па еді? Бірақ олай болған жоқ қой!

Чарлз өз өмірінің ашшы сәтіне тап келді. Осы уақытқа дейін сан саққа жүгіртіп айтқан өтірігі өрге басып өте беретін. Ал қазір пын сөзі зая болып, оған сенбей отыр. Тағдырдың төлкегі ғой бұл! Нағашы апасының өсиет қағазды жағып жіберуі миға сыймайтын нәрсе ғой. Жоқ, мүмкін емес...

Кенет ол тығырыққа тірелді. Көз алдынан өткен өлгі сұмдық сурет қалай еді?.. Кемпірдің бір қолы жүрегінде... ал екінші қолынан бір нәрсе... Қағаз болуы керек... сусып қып-қызыл шоқтың үстіне құлап түсіп еді ғой...

Чарлздың қаны қашып, өңі күлдей боп кетті. Келесі сәтте ол өзінің: “Егер ол қағаз табылмаса, қайтеміз?” — деген үрейлі үнін естіді.

— Бізде Гартер ханымның бұдан көп бұрынғы жазып қалдырған мұра жөніндегі өсиет қағазы сақтаулы тұр. 1920-жылдың қыркүйек айында тапсырылған құжат. Бұл құжат бойынша, Гартер ханымның бүкіл мұрасы жиен қызы Мириам Гартерге, яғни қазіргі Мириам Робинсонға тапсырылуы тиіс.

Мына қақпас не оттап кетті? Мириамы несі? Сонда ұлан-асыр ақшаның Мириамға, оның ана адам сияғы жоқ күйеусымағы мен қыңсылаған төрт күшігіне тиетін болғаны ма? Мириамға дейді!

Дәл осы кезде Чарлздың шынтағының түбінде тұрған телефон шар ете қалды. Ол трубканы көтеріп еді, ар жағынан дәрігердің дос көңіл даусы естілді.

— Риджуэй, сен бе тыңдап тұрған? Саған қажеті болар деп соғып тұрғаным ғой. Медициналық сараптаманың қорытындысы осы қазір ғана дайын болды. Сол баяғы мен айтқандай болып шықты, тек жүрегінің ауруы тірі

кезінде мен мәлшерлегеннен әлдеқайда қауіпті екені анықталды, қандай шара қолдансақ та, ең өрі дегенде екі айдан аспағандай екен. Сен мазасызданып жатыр ма деп, хабарласып тұрғаным ғой. Көңіліңе медеу ғой, қанша айтқанмен.

— Гапу етіңіз, — деді Чарлз дәрігерге, — немене дедіңіз?

— Ары кетсе екі-ақ ай өмірі қалған екен деймін, — деді дәрігер, енді даусын сөл қаттырақ шығарып. — Сынбайтын темір, тозбайтын өмір жоқ, жігітім, мұны өзің де жақсы түсінесің ғой...

Чарлз тұтқаны орнына сылқ еткізіп тастай салды, құлағына енді адвокаттың даусы шалынды.

— Ойпырмай, сырқаттанып қалғаннан саусыз ба, Риджуэй мырза?

— ...Бәрі де құрысын! Мұрнын көтерген адвокат та, анау тілі удай көрі есек Мейнелл де құрып кетсін!

Қол ұшын беретін енді ешкім жоқ. Барар жер, басар тауы біреу-ақ, ол — абақты.

Чарлзге осы уақытқа дейін біреу өзімен жасырынбақ ойнап келген тәрізді болып көрінді. Шоқ-шоқ деп, мазақ қылып күліп тұрған секілді...

АРЗАН ПӘТЕРДІҢ СЫРЫ

Осыған дейін мен қағазға түсірген уақиғаларда, мейлі ұрлық жайлы болсын, мейлі кісі өліміне байланысты болсын, Пуаронның әрекеті ең алдымен негізгі айғақты тексеруден басталып, шегіне жеткенше тарқатылып, жүйелі желімен өрбитін. Ал өңгіме еткелі отырған мына жағдай бөрінен ерекшелену. Мұнда уақиғалар тізбегі ең әуелі Пуаронның назарына іліккен қарапайым ұсақ-түйектерден өрбіп, адамның үш ұйқтаса түсіне кірмейтін небір сорақы қылықтармен шектеледі.

Бірде кешкісін ескі досым Джеральд Паркердің үйінде отырғанбыз. Менімен үй иесінен бөлек тағы да бес-алты адам бар-тын. Әдетте Паркер отырған жерде өңгіме қалайда баспана іздеу мәселесіне қарай ойысатын. Бұл жолы да дәл солай болып шықты. Өңгіме арқауы Лондоннан пәтер іздеп табудың қиындығы жайында болатын. Баспана іздеу, пәтер ауыстыру Паркердің үйреншікті кәсібінде айналған еді. Соғыстан¹ бергі уақыт ішінде ол ең кемінде бес-алты пәтер ауыстырған. Бір жерге қонар-қонбастан және бір арзан үйге ықылдасы ауып, дүние-мүлкін арқалап көше жөнелетін.

Дегенмен өрбір көшіп-қону оған аз да болса пайда келтіретін. Ал шынына келгенде, пәтер ауыстыру енді оған пайда табудың көзі емес, күнделікті өдетіне айналып кеткен еді.

¹ Бірінші дүниежүзілік соғысты айтып отыр.

Біраз уақытқа дейін біз Паркердің аузына қарап отырдық. Бірақ сөз кезегі келгенде ел дуылдап, жамырай сөйлеп кетті. Ең соңында сөз күйеуімен бірге келген ашаңдау әдеміше келіншек Робинсонға тиді. Паркердің жақында ғана танысқан адамдары болғандықтан, Робинсондарды мен бұдан бұрын кездестірмеген едім.

— Пәтер демекші, — деді жаңағы келіншек, — Паркер мырза, сіз біздің жаңалықты естідіңіз бе? Сәті түсіп, баспана тауып алдық ақыры! Монтегю үйлерінен.

— Бәсе, — деді Паркер, — ылғи айтушы едім ғой қымбат пәтерлер өлі де жеткілікті деп!

— Дұрыс айтасыз, бірақ біздің пәтер қымбат емес. Тіпті арзан. Жылына сексен-ақ фунт!

— Бірақ... Бірақ Монтегю үйлері кәдімгі Найтсбридж¹ көшесінде емес пе еді? Биік өрі әдемі үйлер ғой. Жоқ әлде сіздің айтып тұрғаныңыз сол аттас қуысқа тығылған лашықтардың бірі ме?

— Жоқ, сол Найтсбриждегі үйлердің дәл өзі. Қызығы да сонда болып тұр.

— Шынында да айтатыны жоқ екен! Тіпті ғажап, миға кірмейтін нәрсе. Алайда мұнда бір гөп болса керек. Мүмкін, екінші біреуді кіргізіп, пайда табу мақсатымен пәтер жалдаған адам үйдің иесіне пара берген шығар.

— Жоқ, ондай еш нәрсе жоқ.

— Пара алмайды дегенге кім сенеді, ойбай-ау, — деп Паркер күрсініп қойды.

— Бірақ бізге пәтердегі жиһаздың құнын төлеуге тура келді, — деді Робинсон ханым сөзін қайта сабақтап.

— Е, бәсе, айтпадым ба, — деді Паркер сөзді іліп алып. — Мұнда бір гөп бар деп едім ғой!

— 50 фунтқа сатып алдық. Жабдығымыз төп-төуір!

— Олай болса, мен қойдым, — деді Паркер. — Осы күні үй иелері ақылдан ауысып, тым көңілшек боп кетсе керек.

Робинсон ханым абыржыңқырап қалды. Жіңішке қастарының арасы әжімденіп кетті.

— Шынында да, бұл бір түрлі күдікті жай екен. Сіздіңше сонда қалай, бұл үйді киесі тори ма?

— Киесі торитын пәтер бар дегенді еш уақытта да естіген емеспін, — деді Паркер батылдау сөйлеп.

— Жо-оқ... — деді Робинсон ханым сеніңкіремеген пішін танытып. — Шынын айтсам, мұнда мені ойландыратын біраз күдікті жайт бар.

¹ *Найтсбридж* — Лондонның орталығындағы кең, әдемі көшелердің бірі.

— Мәселен? — деп сұрадым мен.

— Е, бәсе, — деді Паркер. — Қылмысты істерді тергейтін біздің білгір маманға да қозғау салды ғой мына өңгіме. Ойыңыздағыны түгелдей ақтарыңыз, Робинсон ханым. Гастингс — құпия сыр ашудың үлкен шебері.

Мен ыңғайсызданып күліп жібердім, бірақ мақтауымды тым асырып жібергенге ренжіген жоқпын.

— Жо-жоқ, күдікті дегенім артықтау болар, капитан Гастингс, үйді жалға беретін Стоссер мен Пол дейтін агенттерге барған кезімізде, олардың атаған пәтерлерінің бірде-бірі жылына 400—500 фунттан кем түскен жоқ. Бола қалса, үстіне шаш жетпейтін пара сұрады. Оларға біз бұрын мүлде жоламайтынбыз. Ұсынатындары Мэйфэр¹ көшесінің бойындағы қымбат пәтерлер еді. Ал бұл жолы неміз кетеді, тонымызды шешіп алмас деген оймен соға кеткен болатынбыз. Салымыз суға кетіп, енді қайта бұрылып кетіп бара жатыр едік, әлгілер 80 фунттық бір пәтер болып еді дегенді айтты. Айтуын айтса да, ол жерге барғаннан пайда бола қояр ма екен деген күдік те білдірді. Өйткені сол пәтердің кітапқа тіркелгенінен бері де біраз уақыт өтіп кетіпті әрі оны көруге көп адам жіберілген екен. Бірі болмаса бірінің арзан пәтерді қағып кетуі сөзсіз ғой.

Алайда алдыңғы адамдар хабарсыз кеткендіктен, агенттер соңғы пәтер іздеп келгендерді де солай қарай аттандыра берсе керек. Олардың ішінде әлдеқашан біреу кіріп алған пәтерге несіне жібереді екен деп, реніш білдіргендері де болса керек.

Робинсон ханым сәл тежеліп, бір дем алып алды да, сөзін қайта жалғастырды. “Біз агентке рахметімізді айтып, құр босқа арам тер болатынымызды біле тұрсақ та, жаңағы пәтерді көріп қайтуға рұқсат қағаз жазып беруін өгіндік. Содан соң жолымыз боп қалар деген дәмемен такси ала салып, жаңағы үйге ө дегенше-ақ жетіп бардық. Төртінші нөмірлі пәтер үшінші қабатта екен. Лифтінің келуін күтіп тұр едік, баспалдақпен асыға басып Эльзи Фергусон түсіп келе жатыр екен. Ол менің жолдас қызым болатын, капитан Гастингс. Олар да пәтер іздеп жүрген. “Бұл жолы сенің алдынды орап кеттім-ау деймін. Бірақ босқа өуре большпын, пәтер әлдеқашан беріліп қойыпты”, — деді ол. Осымен бұл біткен болар деп тұр едім, күйеуім Джон: “Пәтер ақысы тым арзан екен, одан да көбірек төлеуге жағдайымыз бар ғой, үстіне пара ұсынып көрсек...” — дегенді айтып қалды. Жиреніпті зат қой, өрине, тіпті мұны сіздерге айтуға да

¹ *Мэйфэр* — Лондонның өдемі орталық көшелерінің бірі.

ұят. Бірақ түсінесіздер ғой, “басқа түссе баспақшыл” дегендей, баспана іздеп қиналғанда адам не істемейді”, — деп бөгеліп қалды.

Баспана үшін адамның неге болса да баратынын, тіпті мұндайда “сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын” деп, қара бастың қамын ойлап кететін кезі де болатынын айттым мен оған.

— Сонымен қойшы, біз жоғары көтерілдік. Сенесіз бе, сенбейсіз бе, пәтер әлі бос тұр екен. Қызметші әйел бізге бәрін де көрсетті.

Сосын үй иесі әйел адам екен, онымен де сөйлестік. Мәселе табан астында, сол жерде шешілді. Бірден кірегін болып, жиһазға 50 фунт ақшасын төлеп қойдық. Келісім қағаздарға келесі күні қол қойып, бұйыртса ертең көшіп кіргелі отырмыз! — деп сөзін аяқтады Робинсон ханым қуанышын жасыра алмай.

— Ал әлгі Фергусон ханымдікі не?—деді Паркер.— Сіздің пікіріңізді білгім келеді, Гастингс.

— Меніңше, Қымбатты Ватсон¹, — деп Шерлок Холмс айтпақшы, ол бикеш басқа пәтердің есігін қаққан болар.

— Бәрекелді, капитан Гастингс, қандай ақылды едіңіз! — деп, сүйсінгенін жасыра алмаған Робинсон ханымның даусы қатты шығып кетті.

Мен болсам, дәл осы жерде Пуароның болмағанына қатты өкіндім. Өйткені ол кейде менің қабілетімді жете бағаламайтын сияқты болып көрінетін.

Шындығында, бұл бір қызық уақиға еді. Келесі күні Пуароны сынамақшы болып, оған естігенімді түгелдей баяндап бердім. Ол қызыққан сыңай танытты. Қаланың әр жерінде пәтер ақының мөлшері қандай екенін менен тәптіштеп сұрап алды.

— Өзі бір қызық шаруа екен, — деді ол ойға кетіп. — Ғафу еткің, Гастингс, шамалы серуендеп қайтуым керек.

Бір сағаттан кейін қайта оралғанда оның көзі күлімдеп, толқып тұр екен. Таяғын үстелге қойып, қалпағының төбесін өдеттегіше бипаздап сипалай берді. Сосын тіл қатып: “Несі бар, достым. Қазір қолымыз бәрібір бос. Демек бұл істі бастан-аяқ тексеріп шығуға мүмкіндігіміз жеткілікті”, — деді.

— Қай істі айтып тұрсың?

— Ана Робинсон дейтін сіздің таныс келіншегіңіздің су тегін пәтерін айтамын да.

¹ *Ватсон* — Конан Дойлдың өйгілі Шерлок Холмс жайлы жазған әңгімелеріндегі басты кейіпкер, Шерлок Холмстың сенімді досы өрі ол туралы хикая шертетін адам.

— Пуаро, шынымен айтып тұрсың ба?

— Шын болғанда қандай! Өзің ойлашы, достым. Ол жердегі пөтерлердің бағасы — 350 фунт. Мұны мен үй иесінің агентінен қазір ғана біліп келіп отырмын. Ал мына пөтерді тым арзан бағамен 80 фунтқа жалға бергені неліктен деп ойлайсың?

— Бір килтипаны бар шығар. Мөселен, Робинсон ханым айтпақшы, киесі торитын үй шығар.

Пуаро құптамаған пішін танытып, басын шайқады.

— Сосын мына бір жері тіпті ғажап. Құрбы қызы ана пөтер әлдеқашан жалға беріліп қойған екен дейді. Ал бұлар барып сұрағанда, байқашы өзің, мүлдем керісінше болып шыққан.

— Мүмкін, өлгі келіншек қателесіп, басқа есікке кірген болар? Сөзіме құлақ асатын шығарсың. Мұнда бас қатыратын түк те жоқ.

— Бұл арада сенікі дұрыс та, бұрыс та болуы мүмкін, Гастингс. Алайда мына бір нәрсені жоққа шығара алмайсың. Өлгі пөтерді көруге үй іздеген сан адам барды ғой. Солай бола тұра өрі өзінің тым арзандығына қарамастан, Робинсон ханым жеткенге дейін бос тұруы қалай?

— Демек мұнда бір сыр бар деген сөз.

— Робинсон ханым ештеңеден секем алмайтын сияқты. Осы жерін қалай деуге болады? Әйел шынын айтты деп ойлайсың ба, Гастингс?

— Ол бір тамаша жан!

— Сұрағыма жауап беруге мұршаңды келтіртпегеніне қарағанда, өбден мүмкін! Олай болса, суреттеп берші өзін.

— Бойы биік, ақ сары шашы қандай әдемі десеңші, нағыз сары алтын дерсің...

— Сенің-ақ аңсарың сарғылт шашқа ауады да тұрады екен, — деп күңкілдеді Пуаро.— Иә, ары қарай.

— Көзі көк, өңі де кереметтей әдемі, содан кейін, иә, осымен бітті, меніңше, — дедім сөзімді шолақтау қайырып.

— Ал күйеуі ше?

— Өп-әдемі жігіт, бірақ асып кеткен түгі жоқ.

— Қара торы ма өлде ақ құба ма?

— Білмеймін, анау да, мынау да емес, екеуінің ортасы, қарапайым жан.

Пуаро басын изеді: “Иә, ондай еркектер толып жатыр. Дегенмен әйелдерді суреттеуге келгенде шебер екенсің. қош, мына адамдар туралы тағы не айтасың? Оларды Паркер жақсы біле ме?”

— Байқауымша, жақын арада ғана танысқан адамдары көрінеді. Шыныңды айтшы, Пуаро, сонда қалай сеніңше...

Пуаро қолын көтеріп: “Жә, жә, сабыр ет, достым. Өзіңше пәлендей еш нәрсе дей алмаймын. Бар айтатыным — мұнда

бір сыр бар. Өзірге біздің бар білетініміз әйелдің есімі ғана. Одан басқа іске татыр ештеме жоқ қой, Гастингс, солай ма?”

— Оның аты — Стелла, — дедім сөзге араласып. — Онда тұрған не бар?..

Пуаро қарқылдап күліп, сөзімді бөліп жіберді. Күлетіндей бірдеме болса керек, сірә.

— Стелла деген жұлдыздың аты емес пе? Тамаша!

— Сонда не демекшісің?..

— Ал жұлдыздар сөуле шашады! Ұқтың ба? Сабаңа түс, Гастингс. Мазақ болған адамша шамданып, пытынама. Оданда Монтегю үйлеріне барып, біраз нәрсені сұрастырып қайтайық.

Мен соңына ілесіп жүре бердім. Біз көрмек болып келе жатқан жер бірнеше блоктан тұратын, жақында ғана сапалы жөндеуден өткен әдемі үй екен. Швейцар формасын киген біреу есік алдында күншуақтап тұр екен, соған қарап Пуаро: “Ғафу етіңіз, ерлі-зайыпты Робинсондар осы үйде тұра ма?” — деді.

Швейцар көп сөзді ұнатпайтын, тырысқақ әрі күдікшіл адам болса керек, бізге өзгер дегенде мойнын бұрып: “Төртінші пәтер, үшінші қабат”, — деп жауапты келте қайырды.

— Рақмет сізге. Олар мұнда қашаннан бері тұрып жатыр?

— Алты айдан бері.

Сенерімді де, сенбесімді де білмей, ілгері үмсынып қалдым. Пуароның мысқылдай жымып келе жатқанын ішім сезеді.

— Мүмкін емес, — деп дауыстап жібердім. — Сіз қателесіп тұрған боларсыз.

— Алты айдан бері тұрып жатыр дедім ғой.

— Рас солай ма? Мен айтып тұрған әйел бойшаң, ақ құба, шашы қызғылт сары алтын түстес жөне...

— Дәл өзі, — деді швейцар. — Қыркүйек айының жиырма тоғызы күні көшіп келген. Осыдан алты ай бұрын.

Бізден жалықты білем, швейцар ішке қарай шегіншектей берді. Мен Пуароның соңына еріп, сыртқа қайта шықтым.

— Қош, Гастингс, — деді менің досым қулана сыр тартып. — Әдемі әйелдер ылғи ағынан жарылады демекшісің?

Мен жауап қатпадым.

Пуародан енді оның не істемек екенін, қайда баратынымызды сұрап үлгіргенше, Бромптон Роуд көшесіне қарай бет алды.

— Агенттер тұратын үйге барамыз, Гастингс. Монтегю үйлерінен пәтер алуға аңсарым сондай ауып тұр. Қателеспесем, мұнда көп ұзамай бір қызық болады.

Біздің жолымыз болды. Бесінші қабаттағы сегізінші пәтер бар жабдығымен жалға беріледі екен. Құны —

аптасына 10 гиней¹. Пәтерді Пуаро ойланбастан бір айға жалдап алды. Сыртқа қайта шыққанда наразылығымды білдірмекші болдым. Пуаро аузымды ашқызбады.

— Бүгінде мен ақшаны бір кісідей-ақ табамын! Ендеше ойыма келгенді неге істемеске? Айтпақшы, Гастингс, сенде осы тапанша бар ма? — деді ол.

— Иә, бір жерде болуы керек, — дедім мен сәл кібіртіктеп. — Сонда...

— Саған керегі бар ма демексің ғой? Байқауымша, өзіне ұнап қалған сияқты ғой. Сезімді баурап алатын асқақ дүниелердің саған ұнайтынын білемін.

Ертесіне біз уақытша қонысымызға келіп кіріп алдық. Әдемі жабдықталған, Робинсондардан екі қабат жоғарыда, дәл солардың төбесіне орналасқан, тура солардікіндей пәтер екен.

Біз келіп кірген күннің ертесіне жексенбі болатын. Түстен кейін Пуаро сыртқы есікті толық жаппай, ашық қалдырған. Төменгі жақтан тықыр естілген кезде ол мені қасына тез шақырып алды да: “Баспалдақтың қанатынан еңкейіп қарашы. Сенің таныстарың емес пе? Байқап қалмасын”, — деді.

Баспалдақтан мойнымды созып, төмен үңілдім.

— Солардың дәл өзі, — дедім сыбырлап.

— Дұрыс. Өлі де бақылай түс.

Жарты сағаттай мерзім өткен кезде, пәтерден құлшыра кінгрен және бір жас әйел шықты. Көңілі енді орнына түсіп, Пуаро күрсінді де, аяғының ұшымен басып ішке кіріп кетті.

— Бәрекелді! Пәтер иелерінің соңын ала қызметші әйел де шығып кетті. Енді пәтер бос қалуға тиісті.

— Осы біз не істегелі жүрміз? — дедім шыдамым таусылып.

Пуаро ыдыс-аяқ жуатын бөлмеге тез басып кірді де, сырттан көмір көтеріп шығаратын лифтінің жібін тартқылай бастады.

— Қоқыс шығаратын лифт қорапқа мініп төмен түсеміз, — деді ол көңілдене өз ойын түсіндіріп. — Бізді жан адам байқамайды. Демалыс күнгі концерт бар, ағылшындардың серуендейтіні немесе түскі тамақтан кейін жатып, көз шырымын алатыны және бар, міне, осылардың барлығы да Эркюль Пуароға ел көзіне түспеуге жағдай туғызады. Ал кеттік, достым.

Ол ағаш қораптың ішіне сүңгіп кетті. Сылбырлау қимылдап, жәшікке оның соңынан мен де түстім.

¹ Гиней — ағылшын ақшасы; 1 гиней 21 шиллингке тең, ал 1 фунтта 20 шиллинг бар.

— Сонда қалай? Пәтердің есігін бұзып кіреміз бе? — дедім мен сезіктене.

Пуаро еқұпты жауап қатып: “Дәл бүгін емес”, — деді.

Лифтінің жібін тарта отырып, біз үшінші қабатқа жеткенше жайлап төмендей бердік. Ыдыс-аяқ жуатын бөлменің есігі ашық тұрғанын көргенде, қуанғаннан Пуароның даусы шығып кетті.

— Байқайсың ба? Күндіз бұл есікті ешкім де кілттемейді екен, қаласа кез келген адам біз сияқты лифтімен төмен түсіп, қайта көтеріле алады. Түнге қарай бұл есікті кілттейтін болар, тіпті жаппауы да мүмкін. Алдағы жоспардың қамы ғой мына істеп жатқан тірлік.

Ол сөзін доғарып, қалтасынан біраз құрал-сайманды суырып алды да, іске кірісіп кетті. Мақсаты есіктің шаппасын келесі жолы лифтімен қайта түскенде оңай ашылатындай етіп икемдеп кету екен. Бұған бас-аяғы үш минуттай-ақ уақыт кетті. Шаруасын бітірген соң Пуаро құралдарын қалтасына қайта салды. Көп ұзамай өз пәтерімізге қарай көтерілдік.

Дүйсенбі күні Пуаро күні бойы сыртта болды. Кешкісін оралғанда, көңілі жай тапқан адамдай орындығына күрсініп отыра кетті.

— Гастингс, саған бір нәрсе айтайын ба? Өзіңе ұнайтын бір филімді есіңе түсіреді.

— Ал баста, — дедім мен күліп. — Ойдан шығарған қиял емес, шын оқиға болар.

— Болғанда қандай. Бұның растығына Скотленд-Ярдтың¹ инспекторы Джэптің өзі де кепілдік бере алады. Бұл өңгіме маған солардың кеңсесі арқылы жетіп отыр, құлағыңды сал, Гастингс.

Осыдан алты ай бұрын Американың бір министірлігінен соғыс теңіз флотына қатысты өте құнды жобалар ұрланған. Ол жобаларда кеме тоқтайтын аса маңызды бекіністердің орналасқан жерлері белгіленсе керек. Өлгі қағаздар кез келген шет мемлекеттің, айталық, Жапонияның қолына түссе, оның үлкен олжаға бататыны сөзсіз. Күдік министірлікте қосалқы қызметте жүрген итальяндық Луиджи Вальдарно дейтін бір жас жігітке түседі. Өйткені ол жаңағы қағаз ұрланған күні көзден ғайып болған. Луиджи Вальдарно ұры ма, жоқ па, ол арасы белгісіз, бірақ екі күннен кейін оның өлі денесі Нью-Йорктің шығыс жақ шетінен табылады. Оны біреу атып кетіпті.

¹ *Скотленд-Ярд* — Лондон полициясы.

Ұрланған қағаздар онда болмай шығады. Осыдан біраз уақыт бұрын Луиджи Вальдарно көбінесе Эльза Харт дейтін өнші бикешпен жұбын жазбай жүріпті. Вашингтонға кейін келген әлгі өнші бауыры екеуі бір бөлмеде тұрған. Эльза Харттың арғы тегінің кім екенін ешкім де білмейтін болып шығады. Вальдарно о дүниеге аттанысымен өнші қыз да тосыннан зым-зия жоқ болып кетіпті. Шын мәнінде, ол әр түрлі бүркеншік ат жамылып, небір сұмдық қылмыстарға араласқан, халықаралық дәрежедегі аса тәжірибелі жансыз болуы өбден ықтимал деседі. Американың құпия қауіпсіздік мекемесі әлгі бикештің ізіне түсу үшін қолдан келген шараның бәрін де істеп баққан. Барлау үстінде олар Вашингтонда тұратын бір топ жапондықты да көзден таса қалдырмайды. Олар Эльза Харт ізін суытып алған соң жаңағы күдікті топпен қалайда байланысады деген сенімде болса керек. Жапондықтардың бірі осыдан екі апта бұрын аяқ астынан Англияға суыт жүріп кетіпті. Соған қарағанда, Эльза Харттың Англияда болуы да ықтимал, — деп, Пуаро аз кідіріс жасады да, сөзін қайта жалғастырды: “Эльза Харттың ресми түрде жарияланған айырықша белгілері мынандай: бойы—1 фут¹ 7 дюйм², көздері көк, шашы қызғылт сары, бет әлпеті ақ құба, қыр мұрынды.

— Робинсон ханым ғой!—деді мен жұлып алғандай.

— Иә, сол болуы мүмкін, — деді Пуаро бұл жолы мені құптап. — Сосынғы білетінім, бүгін таңертең бір қара торы адам, сірә, шетелдік болуы керек, осындағы төртінші пәтерде кімдер тұратынын сұрастырыпты. Соған қарағанда, достым, бүгін төтті ұйқыңды қиып, төменгі пәтерде менімен бірге түні бойы кірпік қақпай отыруға тура келер. Өрине, әлгі тапаншанды өзіңмен бірге ала жүрсең, абзал болар еді.

— Әлбетте, — дедім мен сенімді дауыспен. — Қашан бастаймыз?

— Меніңше, түн ортасы қолайлы. Одан бері ештеме бола қоймайды.

Түнгі сағат дәл он екіде біз көмір көтеріп шығаратын лифтіге түсіп алып, үшінші қабатқа қарай жылжыдық. Пуаро шұқып бірдеме жасап еді, ағаш есік ішке қарай бірден ашылды. Біз пәтердің ішіне сүңгіп кеттік.

Ыдыс-аяқ жуатын бөлме арқылы ас үйге ендік те, залдың есігін жартылай ашық қалдырып, екі орындыққа жайғасып отыра кеттік.

¹ Фут — ұзындық өлшемі, 12 дюймге немесе шамамен 30,5 сәнтиметрге тең.

² Дюйм — шамамен 2,5 сантиметрге тең.

— Енді бізге күтуден басқа еш нәрсе қалған жоқ, — деді Пуаро, разы болған үнменен көзін жұмып.

Маған бұл күту шексіз болып көрінді. Ұйқтап қалам ба деп зөрем кетті. Шамамен 8 сағат өтті-ау деген кезде құлағымға тыңырлаған бір әлсіз дыбыс келіп жетті. Кейін байқасам, бір сағат жиырма минут қана күтіппіз. Пуаро қолымды қысып белгі берді. Орындықтан тұрып, екеуміз де егтеп басып зал жаққа қарай жылжыдық. Жанағы дыбыс сол жақтан естілген болатын. Пуаро аузын құлағымға тақап: “Сыртқы есіктің ар жағында. Олар құлыпты ойып алып тастамақшы болып жатыр. Мен белгі берген кезде, арт жағынан келіп бас сал да, қапсыра қысып, тырп еткізбе. Бірақ байқа, қолыңда міндетті түрде пышақ болады”, — деді, сыбырлап.

Көп ұзамай жұлқи тартқан дыбыс естілді де, есіктің ойылып қалған жерінен сәуле шашырады. Сәуле лезде сөнді де, есік жайлап апыла берді. Пуаро екеуіміз қабырғаға жабысып қыбыр етпей тұрмыз. қасымыздан жанай өтіп бара жатқан адамның демін сездім. Ол қол шамын жарқ еткізіп жағып жіберді. Сол сәтте Пуаро күбір етіп: “Ұмтыл”, — деді.

Екеуіміз бірдей бас салдық. Пуаро тез қимылдап, жүннен тоқылған жеңіл мойынорағышпен есікті бұзып кірген адамның басын түмшалай қойды. Ал мен болсам, қылмыскердің қолын байлап тастадым. Бұл шаруа әрі тез, әрі у-шусыз бітті. қолын бұрап тұрып, қанжарды жұлып алдым. Пуаро мойынорағышты көзінен төменірек сырғытып, аузын ашқызбай тартып ұстап тұрды. Тапаншамды суырып алып, қарсыласқаннан ешқандай пайда жоқ екенін сездірдім. Қарсыласқанын қойған кезде, Пуаро оған бірдемелерді тез-тез сыбырлап айта бастады. Сәлден кейін тұтқын басын изеді. қолының қимылымен анаған үн шығармауды бұйырды да, Пуаро жол бастап пәтерден шығып, баспалдақпен төмен түсті. Тұтқын соңынан ерді. Қаруымды қолыма ұстап, олардың артынан мен де жылжыдым. Сыртқа шыққан кезде Пуаро маған бұрылып: “Ана бұрышта такси күтіп тұр. қаруыңды маған бер, енді оның қажеті бола қоймас”, — деді.

— Мына батыр қашып кетсе не істейсің? — дедім мен. Пуаро жымыып: “Қашпайды”, — деді.

Мен күтіп тұрған таксиді алып қайтып келдім. Бұл кезде мойын орағыш тұтқынның бетінен төмен сырғып түскен екен: “Мынауың жапон емес қой”, — дедім мен, таңданғанымды жасыра алмай, Пуароға сыбырлап.

— Қырағысың, Гастингс. Ештеңені де қалт жібермейсің. Иә, бұл адам жапондық емес, итальяндық, — деді Пуаро.

Таксиге отырған соң, Пуаро жүргізушіге Темзаның солтүстігіндегі бір әдіресті атады. Бұл кезде ойым он саққа жүгірді. Тұтқынның көзінше Пуародан қайда бара жатқанымызды сурауға намыстанып өрі мына жұмбақтың шешуін таба алмай дал болдым.

Біз жолдан аулақтау кішкене үйдің алдына келіп түстік. Қарсы жақтан теңселе басып келе жатқан масаңдау біреу Пуароны қағып кете жаздады. Пуаро ашуланып, өлгіге бірдеме деді, бірақ оның не дегенін ұқпай қалдым. үшеуіміз баспалдақпен көтеріліп келе жатырмыз. қоңырауды басып Пуаро бізге былайырақ тұрындар деп ишарат білдірді. Іш жақтан жауап болмаған соң, Пуаро қоңырауды қайта басып, есіктің тұтқасын біразға дейін жұлқылады.

Кенет есіктің үстіндегі доға төріздес терезеден жарық көрінді де, есік абайлап ашылып: “Жеті түнде не керек езіңе?” – деген ашулы еркектің даусы шықты.

— Маған дәрігер керек. Өйелім сырқаттанып қалып еді.

— Мұнда дәрігер жоқ, — деді іштегі дауыс.

Өлгі еркек есікті жапшақшы болып ыңғайланып еді, Пуаро ырық бермей, аяғын тез тоса қойды. Лезде ыза кернеп, ашуға мінген француздың керін келтіріп: “Немене? Дәрігер жоқ дейсің бе? Мен сені сотқа беремін. қане, бері пық! Мен бұл жерден таң атқанша кетпеймін, түні бойы қоңырауды басып, есігіңді соғамын да тұрамын”, — деді Пуаро.

Есік қайта ашылып, халат киіп, аяғына шөрке іле салған ер адам сыртқа шықты. Жан-жағына ыңғайсыздана қарап, Пуароны сабасына түсіруге әрекеттенді.

— Мен полиция шақырамын, — деп Пуаро, баспалдақ жаққа қарай ыңғайлана беріп еді, өлгі еркек: “Жо-жоқ, құдай үшін қоя тұрыңыз” — деп, оның соңынан тұра ұмтылды.

Пуаро оны ақырын ғана нұқып еді, анау төлтіректеген күйі баспалдақпен төмен түсіп кетті. Келесі сәтте үшеуіміз де ішке кіріп, есікті кілттеп қойдық.

— Тез, былай қарай, — деп Пуаро таяу тұрған бөлмеге енді де, шамды жағып жіберді. — Ал сіз мына перденің артына тығылыңыз.

— Құп болады, сеньор, — деп итальяндық қызыл мақпалдан тігілген терезе перденің артына зып беріп кіріп кетті.

Ол көзден таса болысымен, көзді ашып-жұмғанша бөлмеге бір әйел жетіп келді. Сұңғақ бойлы, шапы қызғылт сары, ашаңдау мүсініне шоқтай қызыл кимоно іле салған.

— Күйеуім қайда?—деп айқайлап жіберді ол зәресі кетіп. — Сіздер не қылған адамсыздар?

Пуаро ілгері шықты да, иліп: “Жұбайыңызға суық тие қоймас деген үміттеміз. Байқауымша, оның аяғында шөркесі бар, үстіндегі халаты да жылы көрінеді”, — деді.

— Кім боласыздар? Менің үйімде не істеп жүрген адамсыздар?

— Оныңыз рас, ханым, ешқайсымыз да сізді танымаймыз. Арамызда сізбен жүздесуге арнайы Нью-Йорктен келген адам да бар.

Осы кезде терезе перденің артынан итальяндық шыға келді. Жүрегім зу еге қалды. Пуаро бейқамдық жасап алдырып қойса керек, өлгінің қолында менің тапаншам бұлғақтап тұр.

Әйел жан даусы шыға шыңғырып, бұрылып қашпақшы болды. Бірақ бұл кезде Пуаро кілттеулі есіктің алдына көлденеңдеп тұра қалды.

— Мені өткізіп жіберіңізші, — деп жалбарынды әйел. — Анау мені өлтiредi.

— Өлгі сен сілейтіп кеткен Луиджи Вальдарноның кім екенін білесің бе? — деді итальяндық даусы қырылдап, қаруын бұлғақтатып, әрқайсымызды бір-бір сипап өтіп.

Қимылдауға шамамыз келмей тұрып қалдық.

— Құдайым-ау, Пуаро, мынау сұмдық болды ғой. Енді не істейміз? — деп дауыстадым.

— Сен көп сөйлемей тұра тұрсаң, сол дұрыс болар еді, Гастингс. Маған сенуіңе болады, досымыз белгі бермейінше атпайды.

— Оған көзің жете ме? — деді итальяндық Пуароға көзін аларта қарап.

Мен Пуароның сөзіне сене қоймадым, алайда өлгі әйел Пуароға жалт қарап: “Сізге не керек өзі?” — деді.

Пуаро оған басын иіп: “Эльза Харт сияқты ақылды бикешке бәрін тәптіштеп айтып жату артықтау болар”, — деді.

Тез қимылдап, әйел телефонның үстінде жатқан қара мақпалдан жасалған үлкен мысық іспеттес жапқышты жұлып алып: “Олар мынаның астарына тігілген”, — деді.

— Дұрыс-ақ, — деді Пуаро күптай күбірлеп. Есікке қарай жылжып: “Қош больңыз, бикеш. Сіз құтылып кеткенше Нью-Йорктен келген досыңызды бөгей тұрайың”, — деді.

— Ақымақты қарай гөр!—деп, еңгезердей итальяндық ақырып жіберді. Ол қаруын көтере беріп, сытылып бара жатқан әйелді көздеді. Дәл осы кезде мен оны бас салдым.

Қарудың шаппасының шырт еткені болмаса, ешкімге залалы тиген жоқ. іле-шала Пуароның жақтырмаған үні шықты: “Ескі досыңның айтқанына еш уақытта да сенбейді екенсің ғой, Гастингс. Мен бейтаныс адам тұрмақ, өз жолдастарымның да оқтаулы қару ұстап жүргенін ұната қоймаймын. Жо, жоқ, достым...” — деді ол, енді сөзінің соңын өзін кіжіне сыбап тұрған итальяндыққа арнап. Пуаро оған жақтырмағандығын аңғартып: “Сізге қандай

жақсылық істегенімді біліп қойыңыз. Мен сізді дар ағаштан аман алып қалдым. Сосын ана сұлу бикеш құтылып кетеді екен деп ойламаңыз. Жо, жоқ. Үй түтелдей бақылауға алынған. Түп-тура полицияның қолына барып түседі олар. Бұған не дейсіз, көңіл жұбататын нәрсе емес пе? Ал енді сізге бөлмеден шығуға болады. Бірақ сақ болғайсыз, өте сақ болғайсыз. Мен... Үй, жаңағы зытып үлгеріпті ғой! Ал досым Гастингс болса маған көзін алартып, жаратпай тұр. Бірақ мұнда түсінбейтін ешбір жұмбақ жоқ! Монтегю үйінің төртінші пәтеріне құда түскен сан адамнан тек Робинсондардың ғана қажет болғандығы о бастан айдан анық еді. Неліктен олай? Оларды бір көргенде-ақ басқалардан оқшау еткен не болды екен? Түр-сипаттары ма? Мүмкін, бірақ олардың өзгелерден асып кеткен ештемесі жоқ қой. Онда есімі ме?"

— Алайда Робинсон деген есімде тұрған не бар? — деп дауыстап жібердім мен. — Бұл қарапайым ғана есім ғой.

— О, жасаған, дәл солай! Мәселе де сонда. Эльза Харт пен оның күйеуі иә бауыры, мейлі кімі болса сол болсын, Нью-Йорктен келеді де, ерлі-зайыпты Робинсондардың атына пәтер алады. Кенеттен олар мафия¹ иә Каморра² сияқты құпия ұйымдардың бірі соңына түскенін сезіп қалады. Луиджи Вальдарноның сол ұйымның біреуінің мүшесі екендігіне олардың титтей де күмәні болмаған.

Енді олар не істейді? Оңай айлаға көшеді. Өздерін қуғыншылардың тікелей танымайтынын білетін болса керек. Олар пәтерін арзан бағаға жалға ұсынады. Лондон сияқты үлкен қаладан баспана іздеген мыңдаған жас жұбайлардың ішінен бір емес бірнеше Робинсондардың табылатыны сөзсіз ғой. Мәселе тек күтуде. Егер телефон анықтамасындағы Робинсон деген есімдердің тізімін бір шолып шықсаңыз, ішінен ерте ме, кеш пе, өйтеуір, бір сары шашты Робинсон атты әйелдің табылатынына көзіңіз жететіні хақ.

Сосын не болмақ? Сосын кек алушы да келіп жетеді. Ол мекенжайды да, есімімді де біліп алады. Қарымтасын қайтарады! Бәрі де тынады, кек алынады. Ал Эльза Харт бикеш болса сүттен ақ, судан таза болып, тағы да жып-жылмағай сытылып шығады. Айтпақшы, Гастингс, сен енді мені анау әдемі, өзің айтқан тамаша жан Робинсон ханымға апарып таныстыруың керек! Пәтеріне біреулердің есікті бұзып кіргенін көргенде не деп ойлап қалар екен, дереу солай қарай тартпасақ болмас. Ана Джэп пен оның достары да келіп қалған сияқты.

¹ *Мафия* — о баста Италияда пайда болған, қазір халықаралық деңгейдегі терроршыл ұйым.

² *Каморра* — бұл да сондай ұйым. О баста Италияда пайда болған.

Сыртқы есіктің тұтқасын тарсылдата соққан дыбыс естілді.
— Бұл мекенжайды қайдан білдің? — дедім мен Пуароға соңынан зорға ілесіп келе жатып. — Сен өлгі бірінші Робинсон бикеш ана пәтерін тастап шыққанда, артынан қалмай, ізін бағып отырғансың ғой.

— Жарайсың, Гастингс. Міне, бұл жерде миың жұмыс істеп кетті. Ал енді Джэпти таң қалдырайық.

Есікті ақырын ғана ашып, Пуаро өлгі қара мақпалдан тігілген мысықтың басымен есіктің қырын бір періп жіберді де, “мияу” деп шаңқ ете қалды.

Қасында бір адамы бар, есіктің сырт жағында тұрған Скотленд-Ярдтың инспекторы шошып кетіп: “Әй, мынау Пуаро мырза екен ғой қалжыңдап тұрған!” — деді даусы қаттырақ шығып, мысықтың соңынан Пуароның басы қылтиғанда. — Ішке кірелік, мырза.

— Қалай, біздің “достарды” құтты жерге аман-есен қондырдыңыздар ма?

— Иә, ол “туысқандарды” дұрыстадық қой. Бірақ өлгі заттар оларда болмай шықты.

— Солай деңіз. Демек тінтуге келіп тұрсыздар ғой. Гастингс екеуіміз енді жүргелі жатыр едік, сонда да болса сізге ұй мысығының тарихы мен қылығы туралы кішкентай ғана өңгіме айтқым келіп тұр.

— Құдай үшін, керек емес. Сізге не болған, ақылдан мүлдем ауысқаннан саусыз ба?

— Мысыққа, — деп бастырмалата женелді Пуаро, — ертедегі египеттіктер сыйынған. қазірге дейін жолыңызды қара мысық кесіп өтсе, жақсы нышанға санайды. Ал мына мысық бүгінгі түні сіздің жолыңызды кесті, Джэп. Англияда адамның не жануардың іш құрылысы туралы өңгімелеу әдептілікке жатпайтынын жақсы білемін. Бірақ мына мысықтың ішкі дүниесі өте нәзік көрінеді. Астарын айтып тұрғаным ғой.

Мырс етіп, инспектордың қасындағы адам мысықты Пуароның қолынан жұлып алды.

— Айтпақшы, сізге таныстыруды ұмытып кетіппін ғой, — деді Джэп. — Пуаро, бұл кісі — Құрама Штаттардың қауіпсіздік мекемесінен келген Вэрт деген мырза.

Америкалықтың сезімтал саусақтары іздеген затын дөп басты. Қолын ұсынса да, бір сөт сөйлей алмай қалып, сосын орнынан тұрып: “Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын”, — деді Вэрт мырза.

ГАЙЫП БОЛҒАН МИЛЛИОН

— Кейінгі кезде облигация ұрлау соншама жиілеп кетті. Пуаро, осы біз қылмыстың бетін ашумен айналыса бергенше, өзіміз неге кірісіп кетпейміз, — дедім мен қолымдағы газетті былай қойып.

— Сен немене, тез баюдың жолын нұсқап отырғаннан саумысың, достым?

— Жә, мына соңғы оқиғаны айтамын да. Лондон — Шотландия бірлескен банкінің Нью-Йорктен жөнелткен миллион доллар тұратын облигациялары “Олимпиа” кемесінен адам түсініп болмайтын жағдайда ғайып болған.

— Теңіз ауруынан сескенетіндігім болмаса, Левергуэр әдісі бойынша ұзағырақ жаттығу жасау үшін Ла-Манш бұғазы емес, мұхитты кесіп өтетін жаңағыдай алып кемелердің бірімен саяхат шеккен болар едім, — деп Пуаро армандап қойды.

— Иә, тамаша болар еді, — деп құптай кеттім мен оны. — Ол кемелердің кейбіреуін сәулетті сарай десең де артық болмайды, шомылатын бассейндер, демалыс бөлмелері, мейрамханалары, пальма ағашы өсірілген саяжайлары... жан рахатының бәрі бар. Тіпті теңізде келе жатқаның да мүлдем есіңнен шығып кетеді.

— Ал менің теңізде келе жатқаным есімнен өсте шыққан емес, — деді Пуаро салғырт үнмен. — Сен саусақпен санап өткен ана ұсақ-түйек дүниенің маған майлап берсе де қажеті жоқ. Бірақ, достым, сен бір сәтке сол кемеді келе жатқан, өздерін жан адам білмейтін кемелерді көзіңе елестетіп көрші. Өзің айтпақшы, су бетінде қалқып жүретін сәулетті сарайлардың ішінен кейбір кезде қылмыскерлер дүниесінің мықтыларын да кездестіруге болады.

— Ө, көмекейің белгілі болды! Өлгі құнды қағаздарды жымқырып кеткен “серімен” семсер серпіскің келіп отыр ғой, сірә?

Осы кезде бөлмеге үйін жалға беріп отырған әйел кірді де, сөзімізді бөліп жіберді.

— Сізге бір бикеш келіп тұр, Пуаро мырза. Мына бір қағазды беріп жіберді.

“Мисс Эсми Фаркуар” деген қағаздағы сөздерді көзі шалған Пуаро үстелдің астына еңкейіп, еденге түскен нанның қоқымын жинап қасында тұрған себетке еппен салды да, қожайын әйелге бас изеп, “келген қонақты кіргізіңіз” дегендей ишарат білдірді.

Көп ұзамай үйге бір көрікті қыз кіріп келді: сұңғақ бойлы қоңыр көздері үлкен, дене бітімі сымбатты, киген киімі, жүріс-тұрысы ерекше жарасымды.

— Төрлетіңіз, бикеш. Мына кісі — менің досым капитан Гастингс өрі кішігірім істерді шешуде қол ұшын беретін көмекшім.

— Ал мен бүгін сізге өте бір үлкен мәселемен келдім, Пуаро мырза, — деді бикеш отырар алдында иіліп төжім етіп. — Газеттен өзіңіз де оқып үлгерген боларсыз. Айтып тұрғаным “Олимпиа” кемесінде ұрланған облигациялар жайлы.

Пуароның аң-таң болып тұрғанын сезе қойған болуы керек, қонақ қыз сөзін тез жалғастырып кетті.

— Менің байқауымша, сіз қазір “Мына бикештің Лондон-Шотландия банкіне қандай қатысы бар?” — деп дал болып тұрған сияқтысыз. Иә, бір жағынан менің ол мекемеге титтей де қатысым жоқ, ал екінші жағынан қатысым да бар. Олай дейтінім, Пуаро мырза, мен Филип Риджуэйдің қалындығы едім.

— Иә, иә! Ал Филип Риджуэй мырза ...

— Облигациялар ұрланған кезде жауапкершілік соның мойнында болатын. Әрине, оған тікелей айып тағылып отырған жоқ. Бұл жерде ол кінәлі де емес. Дегенмен қатты мазасызданып жүр. Ал нағашысы болса, Филиптің өзі облигацияларды алып бара жатқандығын байқаусызда біреу-міреуге сездіріп қойған дегенді қайта-қайта айта береді. Бұл Филиптің жұмысына үлкен кесірін тигізетін сәтсіздік болып тұр.

— Нағашысы кім еді?

— Вавазуар мырза ғой — Лондон-Шотландия банкісі директорының бірі.

— Фаркуар бикеш, сіз мәселенің мән-жайын ашыңқырап айтпайсыз ба?

— Жақсы, айтайын. Оқиға былай басталды. Жаңағы айтып отырған банк өзінің Америкадағы кредитін өсіре түсу үшін, құны бір миллион доллар облигация қағаздарын жөнелтпекші болып шешім қабылдайды. Вавазуар мырза бұл жауапты міндетті жиеніне тапсыру лайық деп табады. Өйткені Филип — бұл банкіде көп жыл бойы қызмет етіп келе жатқан жауапты адамдардың бірі. Оның үстіне Нью-Йорк банкілерінің талай рет есігінен кіріп, тесігінен шығып, істің ұңғыл-шұңғылымен өбден танысып, машықтанып алған болатын. “Олимпиа” кемесі жолға айдың жиырма үш күні Ливерпул қаласынан жүзіп шығады. Облигацияларды Филипке жолға шығатын күні таңертең Лондон-Шотландия банкісінің екі бірдей деректірі Вавазуар мен Шоу мырзалардың өздері табыс етеді. Облигацияларды көзінше санап, пакетке салып, мөрмен бекітіп бергеннен кейін, Филип пакетін шамаданына салып кілттеп қояды.

— Шамадандікі жай құлып па еді?!

— Жоқ. Шоу мырза Габбс фирмасына барып, арнайы құлып жасаттырған. Нью-Йоркке жетуге бірнеше сағат уақыт қалғанда шамаданның түбіне салынған пакетті ұрлап кетеді. Кеменің барлық қуыс-қуысы түгі қалмай тексеріледі, бірақ пакет сол күйінде зым-зия жоқ болады. Кәдімгі бұға айналып, ауаға тарап кеткен секілді.

Пуароның жүзі құбылып кетті.

— Дегенмен қағаздар із-түзсіз жоғалып кетпепті. Менің естуімше, оларды “Олимпиа” Нью-Йоркке келіп жеткеннен кейін жарты сағаттың ішінде бөлшектеп-бөлшектеп сатып жіберген. Қалайда Риджуэй мырзамен кездесуім керек.

— Мен де сізге Чешир Чиз мейрамханасына бірге барып тамақтанайық дегелі отыр едім. Филип те сол араға келеді. Алайда Филип менің сізбен ақылдасып жүргенімді әлі білмейді.

Қыз шақырған жерге баратын болып сөз байластық та, таксимен тартып кеттік.

Филип Риджуэй уәделі жерге бізден бұрын келген екен, қалыңдығының мүлдем бейтаныс екі адаммен бірге келіп түскеніне бір түрлі таңданып қалғандай. Ол бойшаң, жақсы киінген, әдеміше келген жас жігіт екен. Жас шамасы отыздан көп аса қоймағанмен, самайын қырау шала бастапты.

Фаркуар бикеш жігітінің қасына келіп, қолынан ұстады.

— Өзіңмен ақылдаспай іске кіріскеніме кешпірім өгінем, Филип, — деді ол. — Эркюль Пуаро мырзамен танысып қой. Бұл кісі туралы өзің де көп естіген боларсың, қасындағы жолдасы — капитан Гастингс.

Риджуэй қатты таңданып қалды.

— Өлбетте, сіз туралы хабарым мол, Пуаро мырза, — деді Филип онымен қол алысып жатып, — Бірақ менің...іә біздің басымызға түскен іс жайында Эми сізбен ақылдасады деген ой басыма келген емес.

— Сен рұқсат етпейді ғой деп қорқып едім, — деді Фаркуар бикеш бөсең үнмен.

— Демек алдын ала қам жасаған екенсің ғой, — деді Филип күлімсіреп, — Пуаро мырза бұл сұмдық жұмбақтың сырын ашар деген үміттемін. Шынымды айтсам, не істерімді білмей әбден мазам кетіп жүр.

Расында да өңі жүдеу, жағы суальңқы еді. қатты қиналып, мазасызданып жүргені жүзінен айқын сезіліп тұр.

— Бәрі де түсінікті, — деді Пуаро. — қанеки, енді тамақтаналық. Бұдан былай не істеу керек екенін ас үстінде ойласа жатармыз. Оның үстіне өңгімені Риджуэй мырзаның өз аузынан естігім келіп отыр.

Біздер дәмді даярланған мейрамхана тамағын сөз етіп отырғанда, Филип облигациялардың қандай жағдайда ұрланғанын баяндап берді. Фаркуар бикеш екеуінің айтқандары

бір жерден шықты. Филип сөзін аяқтаған кезде, Пуаро өңтімені қайта сабақтады.

— Риджуэй мырза, облигациялардың ұрланғанын сіз қалай біліп қойдыңыз?

Филипті ызалы күлкі кернеп:

— Қалайша білмейін, ап-анық көрініп тұрса, Пуаро мырза. Каютамдағы төсектің астында тұрған шамадан жартылай бері шығып қалыпты. Бұзып ашпақшы болған көрінеді. Құлыптың кілт салатын жері айқыш-ұйқыш сызылып, қажалып қалыпты.

— Бірақ, менің түсінуімше, ұры шамаданды кілтпен ашқан дейді ғой?

— Иә, солай. Ол алдымен құлыпты бұзбақшы болған, бірақ бұза алмаған. Ақырында бір амалын тауып ашқан болуы керек.

— Ғажап екен, — деді Пуаро, әдеттегіше көзі от шашып. — Тіпті ғажап! Алдымен құлыпты бұзбақшы болып өуре болады да, содан соң ойына кілт түседі... Габбс фирмасында жасалған құлыптардың кілттері бір-біріне мүлдем ұқсамайды ғой.

— Дәл солай. Соңдықтан да ұрыда кілт болуы мүмкін емес. Күні-түні кілтті бір сәт те қолымнан шығарған емеспін.

— Оған сеніміңіз мол ма?

— Ант етуге бармын. Егер ұрының кілті болса, уақытын босқа өткізіп мықты құлыпты бұзуға әрекеттенбес еді ғой?

— Иә, иә! Бұл — бәріміздің де көкейіміздегі жұмбақ. Мұның шешуін тапсақ, бәрі де анықталар еді. Мен сізге тағы да бір сауал қояйын деп отырмын. Тек ашулана көрмеңіз. Сіз шамаданыңызды ашық тастап кетпегеніңізге көміл сенесіз бе?

Филип Риджуэй оған қарап еді, Пуаро қолын көтеріп “кешіре гөр” дегендей сыңай танытты.

— Иә, бұл сияқты оқиғалар болып тұрады, сеніңіз маған! Жарайды, сонымен облигациялар шамаданнан ұрланды делік. Ал ұры оларды қайда жібереді? Жағаға қалай алып шығады?

— Міне, соны айтсаңызшы! Қалай ғана алып шыға алады? — деп Филип дауысын көтерді. — Кеден басшыларына да хабар берілген болатын. Олар кемеден түскен жолаушының бірін қалдырмай қойны-қоңышын түгел тексеріп шықты.

— Оның үстіне облигациялар салынған пакеттің көлемі де кішігірім болмаса керек қой?

— Әрине, үлкен пакет. Ұры оны кемеңіздің бір жеріне тығып кеткен жоқ. Ол белгілі. Өйткені кеме келіп тоқтаған соң жарты сағаттан кейін облигациялар сатыла бастаған. Бір алыпсатар тіпті құнды қағаздардың біразын “Олимпия” портқа кірместен бұрын сатып алдым деп ант-су іпті. Бірақ облигациялардың телеграф арқылы жіберілуі мүмкін емес.

— Иә, мүмкін емес, алайда кемелеріңнің қасынан жүк кемелерінің өткенін көзіңіз шалмады ма?

— Ондай болды, бірақ дабыл соғылғаннан кейін жұрттың бәрі еледеп, еш нәрсені қалт жібермей қадағалап тұрған кезде келді. Мен де бақылап тұрдым, бірақ сезік тудыратын нәрсе байқамадым. қиыны сол, Пуаро мырза, жұрт енді ол қағаздарды менің өзім ұрлады деген қауесет тарата бастапты. Жынданып кететін шығармын!

— Бірақ жағаға шыққанда сізді де тексерген болар?— деді Пуаро сыпайылап.

— Тексергенде қандай.

Филип Пуароға таңдана қарады.

— Байқауымша, сіз мені дұрыс түсінбедіңіз-ау деймін, — деді Пуаро жұмбақтай күлімсіреп. — Енді біраз мәселені банкінің өзіне барып анықтағым келіп тұр.

Риджуэй өз аты-жөні жазылған кішкентай қағаздардың бірін суырып алып, бірнеше сөз жазды.

— Мынаны нағашымның қолына тигізеңіз, ол сізді бірден қабылдайды.

Пуаро рахметін айтып, Фаркуар бикешпен қош айтысқан соң, біз Лондон-Шотландия бірлескен банкінің бас кеңсесіне қарай бет алдық. Риджуэй берген қағазды көрсетіп едік, бізді ығы-жығы үстелдердің арасымен банк қызметкерлерін жағалатып отырып, екінші қабаттағы бір кішірек кабинетке алып келді. Сол жерде бізді қос деректір қабылдады.

Екеуі де салқын жүзді, шапшартын банк жұмысы ағартқан егделеу адамдар екен. Вавазуар мырзаның шоқша ақ сақалы бар, ал Шоу мырза сақал-мұртын жып-жылмағай ғып қырып тастапты.

— Білуімше, сіз қылмысты істерді тексерумен өз еркінізбен шұғылданатын болуыңыз керек? — деді Вавазуар мырза. — Иә, солай болар. Біз, әрине, істі Скотленд-Ярдқа тапсырып қойып едік. Оны Макнейл дейтін ініспектір тексеріп жатыр. Жаңылмасам, өте қабілетті офицер.

— Оған күмәнім жоқ, — деді Пуаро ізетпен. — Жиеніңіз жайында біраз сауал қоюға рұқсат ететін шығарсыз? Мына құлып жайында білейін деп едім. Габбс фирмасына оны жасаттырған кім екенін айтпайсыз ба?

— Оны жасаттырған — мен, — деді Шоу мырза жұлып алғандай. — Мұндай шаруаны басқа ешкімге де сеніп тапсыруға болмайды. Кілтке келетін болсақ, бірі Риджуэй мырзада, ал қалған екеуі өріптесім екеумізде.

— Басқа қызметкерлердің кілтке ешбір қатысы болған жоқ қой?

— Кілттер жиырма үшінен бері қарай сол өзіміз салып қойған күйі сейфте сақтаулы десем, ағат кетпейтін

шығармын, — деді Вавазуар мырза. — Өкінішке орай, өріптесім осыдан екі апта бұрын, дәлірек айтқанда, нақ сол Филипп жолға аттанған күні сырқаттанып қалған болатын. Ол, міне, енді ғана төуір болып отыр.

— Менің жасымдағы адамға асқынған бронхитпен ойнауға болмайды, — деді Шоу мырза мұңайып. — Мен жатып қалғанда Вавазуар мырза жалғыздіктің зардабын өбден көрген сияқты. Оның үстіне “жығылғанға жұдырық” дегендей, мына бір күтпеген жағдайдың сап ете қалғанын қарамайсың ба?

Пуаро тағы біраз нәрсені анықтады. Менің түсінуімше, ол нағашы мен жиеннің арасындағы қарым-қатынастың қаншалықты жақын екенін білгісі келді. Вавазуар мырза жауапты сақ әрі қысқа қайырды. Жиені банкінің сенімді қызметкері екен. Өрі ол еш уақытта ақшадан қысылып немесе біреуге қарыздар болып көрмепті. Бұдан бұрын да осы тектес жұмыстар сан рет тапсырылыпты.

Шаруамыз біткен соң біз олармен қош айтыстық. Сыртқа шыққан кезде Пуаро маған: “Көңілім толмады”, — деді.

— Бәрін алдыңа жайып салады деп қалғансың ғой? Ол шалдарды оңайлықпен қолға түсіре алмайсың.

— Көңілім толмай келе жатқаны сөзге сараңдығы емес, достым. Өзің ұнататын кейбір кітаптарда банкінің деректірін жер-көкке сыйғызбай, сондай қырағы, іскер деп әсірелей мақтайтынын білесің. Бірақ оларды пір тұтатын адамың мен емес. қарным ашатыны — біз шешпекші болып жүрген жұмбақтың осыншама әлекпе болатындай дәнemesі жоқ екендігі. Бәрі де оп-оңай!

— Оңай?

— Иә, өзің ойланып көр, оңайдың оңайы емес пе?

— Сонда қалай, ұры уысымда деп тұрғаннан саумысың?

— Дәл төбесінен түстің.

— Онда біз неменеге...

— Басыңды босқа қатырма, Гастингс. Өзірше біз әліптін артын баға тұрамыз.

— Сонда не, қол қусырып қарап отырамыз ба? Күтетін не бар?

— “Олимпиааның” қайтып келуін күтеміз. Ол мұнда Нью-Йорктен сейсенбі күні оралуға тиісті.

— Қылмыскердің кім екенін білсең несіне күтесің? Ол алаяқ құйрығын ұстатпай кетер.

— Қылмыскерді қайтарып бермейтін Оңтүстік теңіз аралдарының біріне қашып кетеді деймісің? Жоқ, достым, ол ондай жерге шыдай алмайды. Ал менің неге созбақтап тұрғанымды білгің келсе, айтайын. Маған қазірдің өзінде-ақ бәрі ап-айқын. Бірақ елдің бәрінің қабілеті бірдей емес қой. Сондықтан тағы біраз мәселені анықтай түскеннің

артықшылығы жоқ. Өзіңнен қабілеті төмен адамдардың да жағдайын ескерген жөн болады.

— Құдайым-ау, не деп бөсіп кеттің, Пуаро! Дәл осы жолы сенен өткен ақымақ табылса, құлағымды кесіп берер едім. Сендей мақтаншақты көрсем көзім шықсын!

— Сабаңа түс, Гастингс. Байқаймын, сен мені кейде шынымен ұнатпайсың! Мықтылығың үшін таяқ жеген жаман екен ғой бұл дүниеде!

Кішкентай адамның кеудесін кере күрсінгенін көргенде, еріксіз күліп жібердім.

Сейсенбі күні біз “Лондон – Солтүстік батыс” темір жолының бірінші класс вагонына мініп алып, Ливерпульға асығып бара жаттық. Пуаро тырысқан күйі бұдан былайғы жоспары жөнінде тіс жарып еш нәрсе айтпай қойды. Оның үстіне істің мән-жайына әлі де жете түсіне алмай келе жатқаныма таңданып, мөз болып келеді. Онымен сөз таластыруды ар санап, іштей шыдамым кетіп тыпыршып отырсам да, өзімді тежеп, еш нәрсеге мән бермеген адам сияқты болып отыра бердім.

Трансатлантикалық алып кеме тоқтаған жерге жеткенімізде Пуароға қайта тіл бітіп, қимылы ширап тіріле бастады. Бар бітіргеніміз төрт жолсеріктен біртіндеп алдымен жұмбақ ұрлықтың мән-жайын, одан кейін сол кемемен айдың жиырма үш күні Нью-Йоркке аттанып кеткен Пуароның бір досы туралы сұрастырдық. Пуаро досын егде тартқан, көзілдірігі бар, кемтар, каютасынан сүйрегіліп өрең шығатын адам деп суреттеп беріп еді, жолсеріктер бірауыздан мақұлдаған. Филип Риджуэйдің каютасымен көршілес, жиырма төртінші каютадан орын алған Вентнор деген біреудің дәл суреттемесін аяқ астынан қайдан тауып ала қойғаны миыма кірмесе де мен қатты мазасыздандым.

— Айтыңызшы, жаңағы адам Нью-Йоркке кеме келіп тоқтаған кезде жағаға бірінші болып шыққандардың ішінде бар ма еді? – деп дауыстап жіберіпшім.

— Жоқ, ол мырза кемеден ең соңғылардың бірі болып шықты.

Тауым шағылып үндемей қалдым. Ал Пуаро болса, езуін жимай маған күліп тұр екен. Ол жолсерікке рахметін айтып, қолына ақша ұстатты. Содан соң біз жүріп кеттік.

— Бәрі де дұрыс-ақ, — дедім мен ыза кернеп. — Бірақ қаншама жымиғаныңмен, ананың соңғы жауабы сенің болжамыңның күлін көкке ұшырды.

— Өдеттегіше сен дымды да сезген жоқсың, Гастингс. Біле білсең, жолсеріктің соңғы жауабы, керісінше, менің болжамымның дұрыстығының күшті айғағы.

Не дерімді білмей, екі қолымды көтеріп: “Қойдым”, — дедім.

Лондонға пойызбен қайтып келе жатқанымызда Пуаро біраз уақыт бойы шұқиып бір нәрселерді жазды да, онысын конвертке салып даярлап қойды.

— Бұл өлгі “Қабілетті ініспектір” Макнейлге. Скотленд-Ярдтың қасынан өткенде тастап кетеміз. Одан әрі Рондиву мейрамханасына барамыз. Әсми Фаркуар бикешті сол араға бірге отырып тамақ шейік деп, шақырып қойып едім.

— Ал Риджуэй мырзаны ше?

— Оны қайтейін деп едің? — деді Пуаро көзін қысып.

— Сонда қалай, шынымен-ақ оның ұрлыққа қатысы жоқ деп ойлайсың ба? Сенің мұның...

— Дүниенің бәрін мидай араластырып жіберетінің-ай, Гастингс... қажет болса, мен ол жағын да ойластырып қойғанмын. Егер Риджуэйдің өзі ұры болып шықса, олай болуы да өбден ықтимал, — бұл бір кереметтей ақылмен істелген, шешуі қиын, ғажап жұмбақ болар еді.

— Тек Фаркуар бикеш үшін емес, әрине.

— Дұрыс айтасың. Сондықтан да бәрі ойлаған жерден шықты. Ал енді, Гастингс, істің мән-жайына бастан-аяқ бір рет көз жіберіп өтейікші. Жаңылмасам, көкейіңді тесіп отырған осы ғой сенің. Сонымен облигацияларың салынған пакет шамаданнан ғайып болады да, Фаркуар бикеш айтпақшы, буға айналып жоқ болады. “Буға айналып кетті” деген болжамды біз өзірше былай қоя тұрайық, өйткені бұл өлі кездескен жоқ. Сондықтан да басқа жолын қарастырайық. Кемедегілердің топшылауынша, пакетті жағаға ұрлап шығу мүлдем мүмкін емес.

— Солайы солай, бірақ, біздің білуімізше...

— Ол сіздің білуіңіз шығар, Гастингс. Мен еш нәрсе білмеймін. Менің білетінім, жұрттың бәрі бірдей шындыққа жанаспайды деп отырса, солардікі дұрыс болғаны. Енді қалған екі-ақ болжам бар: не кемеңіз бір жеріне тығып қойды, не теңізге тастап жіберді.

— Қалтқы байлап суға тастап жіберген демексің ғой?

— Жоқ, қалтқысыз.

Мен оған қарап ойланып қалдым да: “Бірақ қағаздарды суға тастап жіберсе, олар Нью-Йоркте сатылмаған болар еді ғой”, — дедім.

— Міне, мына пайымдауың мақтауға тұрады, Гастингс. Теңізге лақтырмаған. Сонымен неге келіп тірелдік?

— Жоқ, бауырым! Пакет теңізге тасталған болса, ілешала облигациялар Нью-Йоркте сатылған болса, онда пакеттің ішінде болуы мүмкін емес. Оның үстіне облигациялар пакеттің ішінде болды деген дәлеліміз бар ма? Есінде болсын, пакетті Лондонда қабылдап алғаннан кейін Риджуэй мырза оны қайтып ашқан жоқ қой.

— Иә...

Пуаро қолын тез көтеріп: “Сөзімді жалғастыруға мұрша берші. Ең соңғы рет айдың жиырма үш күні таңертең облигациялардың Лондон-Шотландия банкінде болғаны рас. Нью-Йоркте олар “Олимпиа” келіп тоқтаған соң, жарты сағаттан кейін пайда болған. Ал енді бір адамның айтуынша, оның сөзін құлаққа ілген ешкім жоқ, облигациялар қалаға кеме келіп жетпестен бұрын сатыла бастаған. Ендеше, олар “Олимпиа” кемесінде мүлде болмаған ғой? Нью-Йоркке басқа жолмен жетуі де мүмкін. Дәл солай. “Тигант” кемесі де Саутгемптон қаласынан айдың жиырма үш күні аттаныпты. Ал Атлант мұхитын одан жылдам кесіп өтетін бірде-бір кеме жоқ. Егер облигациялар “Тигантпен” жөнелтілсе, олар Нью-Йоркке “Олимпиадан” бір күн бұрын келіп жеткен. Бәрі де түсінікті. Енді жұмбақ өз өзінен шепіле бастайды. Мөр басылған пакет — жалған пакет. қай кезде ауыстырылса да ол пакет банкінің ішінде ауыстырылған. Күнібұрын даярлап қойған жалған пакет пен шын пакетті ауыстыра қою сол арада тұрған үш адамның қай-қайсысына да қиынға түспес еді. Сонымен, облигациялар қылмыскердің Нью-Йорктегі сыбайласына “Олимпиа” портқа енісімен сатып жібер деген арнайы нұсқауымен қоса жөнелтілген. “Олимпиа” кемесінің бортында белгілі уақытқа ұрлықты іске асырушы тағы бір адам болған.

— Оның қажеті қанша?

— Себебі Филип Риджуэй пакетті ашып, оның жалған екенін білсе, күдіктің бірден Лондонға ауатыны сөзсіз ғой. Онда бәрі де білініп қалады. Ендеше, кемеді көрші каютада келе жатқан адам ұрлықтың болғанына елдің назарын бірден аудару үшін, шамаданды күштеп ашқан болып, біраз жалған әрекет жасаған да, кілттің екінші данасымен құлыпты ашып, пакетті теңізге тастай салған. Ал өзі жағаға елдің ең соңынан шыққан. Әрине, ол Риджуэй байқап қалмас үшін, бет-жүзін көлегейлейтін көздірік киген. Кемтар адамның кейпіне енген. Нью-Йоркке келіп түскен бетте кері қайтатын бірінші кемемен тартып отырған.

— Сонда ол кім?

— Қолында екінші кілті бар, құлыпты жасаттырған, бронхитпен өтірік ауырып қалған, қысқасы, өзін айтпақшы, сөзге сараң Шоу мырза! Қылмыскерлер кейде осылай жоғарыда жүреді, достым. Ө, міне, келіп те қалдық. Бикеш, менің жолым болды! Қарсы болмайсың ба?

Қуанышы қойнына сыймай күлімдеген Пуаро есі шыққан бикештің екі бетінен алма-кезек сүйіп алды!

ЕГИПЕТ ЗИРАТЫНЫҢ ХИКАЯСЫ

Өрдайым Пуаро екеуіміз бастан өткерген жан түршіктіретін сан оқиғаның ішіндегі ең сұмдығы Мен-хер-Ра патшаның зираты табылып, алғаш қазыла бастаған кезде бірінен соң бірі іле-шала опат болған бір топ адамның ісін тергеген кезіміз болар деп ойлаймын.

— Лорд Карнарвон Тутанхамонның зиратын ашқаннан соң, көп ұзамай-ақ Сэр Джон Уиллард пен нью-йорктік Блайнер мырза Каир қаласынан онша қашық емес жердегі Гизе Пирамидаларының маңайында қазу жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын. Күтпеген жерден олар бір топ бейітке тап болды. Бұл көптің назарын аударған үлкен жаңалық еді. Ашылған Мен-хер-Ра дейтін патшаның зираты болып шықты. Мен-хер-Ра байырғы патшалықтың дәуірі өтіп, ыдырай бастаған кезінде билік еткен, Сегізінші Династияға кіретін, тарихта ұмыт қалған патшалардың бірі болатын.

Тарихтың осы тұсы көмескілеу қалғандықтан, газеттер ашылған жаңалық жайлы жан-жақты жаза бастады.

Көп ұзамай көпшіліктің назарын аударған бір уақиға сап ете қалды. Аяқ астынан жүрек ауруынан Сэр Джон Уиллард қайтыс болды.

Алып қашты жаңалықтарға жаны құмар газеттер мына суық хабарды пайдаланып, тисе, киесі ұрып кететін кейбір Египет қазыналарының төңірегінде ескіден келе жатқан, соқыр сенімге негізделген лақап өңімелерді қайта жандандыра бастады. Британия мұражайындағы ана сорлы мумияға, тозығы жетіп күлдіреген жаңғақ ағашына жұрт сұқтанып, сүйретіп пығарып тастаған болатын. Мұражай одан у-шусыз бас тартты, бірақ жұртшылықтың ықыласынан айырылған жоқ.

Осыдан екі апта өткен соң Блайнер мырза қаны бұзылып, көп ұзамай қайтыс болды, ал оның Нью-Йорктегі жиені біраз күн өткен соң өзін-өзі атып өлтірді. “Мен-хер-Раның қарғысы атты” деген лақап сол күндердің алып-қашты өңімесіне айналып, баяғыда келмеске кеткен Египеттің сиқырлы күшін дәріптеу шарықтау шегіне жеткен болатын.

Дәл осы кезде Пуаро Уиллард ханымнан қысқаша жазылған хат алды. Хатта марқұм болған археологтың жесірі оны Кенсингтон Сквердегі үйіне соғып кетуді өтініпті. Мен бірге бардым.

Уиллард ханым ұзын бойлы, ашаң әйел екен, үстіне қаралы киім киіп алыпты. Өңінен жақында ғана бастан кешірген ауыр қайғының ізі көрініп тұр.

— Тез келгеніңізге рақмет, Пуаро мырза.

— Қызмет етуге даярмын, Уиллард ханым. Менімен ақылдасқыңыз келді ғой деймін?

— Менің білуімше, сіз шытырман оқиғаны зерттейсіз ғой. Бірақ сізбен тек сол үшін сөйлескелі отырған жоқпын. Сіздің дүние танымы ерекше, ойлы, тәжірибелі, ақылдың адамы екеніңізді де білемін. Сондықтан да, Пуаро мырза, айтыңызшы, табиғаттан тыс күш бар дегенге қалай қарайсыз?

Пуаро жауап қатпастан бұрын бір сөт күмілжіп қалды. Ойланған адамның кейпін танытты. Сосын ол былай деді: “Ең алдымен бір-бірімізді қате түсініп жүрмейік, Уиллард ханым. Сіз менен жалпылама сұрап отырмаған боларсыз. Жеке адамға қатысты нәрсені айтып отырсыз, солай ма? Сіз ана марқұм болған күйеуіңіздің өлімін мезгеп отырсыз ғой?”

— Иә, солай, — деді әйел құптап.

— Оның қандай жағдайда қайтыс болғанын маған тексертіңіз келеді ғой?

— Сізден газеттердің шулатып жатқаны мен әлі де алда айтылатын өңгімелердің қаншалықты дәлелді деректерге негізделгенін анық біліп беруіңізді өтінемін. үш кісінің өлімін, Пуаро мырза, жеке-жеке алып, өзінше түсіндіруге болады. Ал бірақ бірге алып қарайтын болсақ, олардың бірінен соң бірінің опат болуы миға сыймайтын нәрсе. Және барлығы да зиратты ашқаннан кейінгі бір айдың ішінде мерт болып отыр ғой! Бұл жерде табиғаттан тыс құдіретті күш те болар, қазіргі ғылым түсіндіре алмайтын өткен заманның қарғысы да бар шығар. Бірақ не дегенмен де үш адам бірдей мерт болды! Мен қорқамын. Пуаро мырза, қатты қорқамын. Бұл осымен тына қойса жақсы-ау!

— Кім үшін қорқасыз?

— Ұлым үшін. Күйеуім өлді деген хабар жеткенде, мен сырқаттанып жатыр едім. ұлымның Оксфордтан келгені сол еді, бірден солай қарай аттанып кетті. Ол әкесінің сүйегін үйге алып келді, бірақ менің жалынғаным да, жалбарынғаным да қарамастан, бой бермей қайта кетіп қалды. Жұмысқа бой ұрғаны сондай, әкесінің орнын басып, қазба жұмыстарын одан ары қарай жалғастырмақшы. Мені ақымақ деп те ойлауыңыз мүмкін, бірақ, Пуаро мырза, мен қорқамын. Айталық, о дүниедегі ана патшаның аруағы риза болмаса не болмақ? Менікі сізге сандырақ болып көрінуі де мүмкін...

— Жоқ, о не дегеніңіз, Уиллард ханым, — деді Пуаро іле-шала. — Табиғаттан тыс күшке мен де сенемін.

Оған таңдана қарадым. Пуаро соқыр сенімге нанады деген үш ұйқтасам түсіме кірмейтін. Бірақ мына кішкентай адам шынымен сенетін сияқты.

— Сіздің менен талап етіп отырғаныңыз балаңыздың амаңдығы ғой? Оны қорғауға қолдан келгеннің бәрін істеймін.

— Бірақ сиқырлы күшке қарсы не істеуге болады?

— Орта ғасырда жазылған кітаптардан, Уиллард ханым, сіз сиқырға қарсы қолданылатын амалдардың біразын таба аласыз. Мүмкін, ол кездегі адамдар біздерден, қазіргі мақтаулы ғылымымыздан көбірек білген болар. Ал енді маған көмегі тиеді-ау деген деректерге келейік. Сіздің жұбайыңыз Египет тарихын зерттеуге жан-төнімен берілген адам еді ғой?

— Иә, жас кезінен бастап. Бұл салада осы заманғы білгіштердің бірі еді ол.

— Ал Блайбнер мырза, менің білуімше, өуестенуші ғана ғой деймін?

— Иә, дәл айтасыз. Ол өте бай адам болатын. Ойына не келсе сонымен өуестенетін. Күйеуім оны Египет тарихымен айналысуға қызықтырған. Экспедицияны жабдықтауға көп пайдасын тигізген де соның ақшасы.

— Ал ана жиені ше? Ол қандай адам еді? Экспедициямен бірге болды ма?

— Меніңше, ол қатысқан жоқ. Шындап келгенде, ондай адамның бар екенін газеттен қайтыс болғаны туралы хабарды оқығанға дейін білген де емеспін. Блайбнер мырза мен жиені екеуінің арасы жақын болды дей алмаймын. Ондай туысы бар екенін ешқашан айтқан емес.

— Ал басқа адамдар туралы не білесіз?

— Айтайын. Ондағы доктор Тоссуилл деген кіші қызметкер — Британия мұражайына қатысты адам, Шнайдер мырза — Нью-Йорктегі Метрополитен мұражайының қызметкері. Хатшылық қызметіндегі бір жас америкалық. Доктор Амес маман ретінде экспедициямен бірге шыққан. Ал Хасан болса, күйеуімнің ең сенімді қызметшісі болатын.

— Америкалық хатшының есімі есіңізде жоқ па?

— Ұмытпасам, Харпер, олай болмауы да мүмкін. Менің білуімше, Блайбнер мырзамен ол көп уақыт бірге болмаған адам. Өзі бір сүйкімді жігіт еді.

— Рахмет сізге, Уиллард ханым.

— Тағы білгіңіз келген нәрсе болса...

— Өзірге осы жарайды. Ендігісін маған қалдырыңыз. Балаңызды аман сақтауға қолдан келгеннің бәрін де аямайтындығыма көміл сенуіңізге болады.

Бұл жауапқа әйелдің көңілі тола қоймаған еді, өйткені Пуароның аузынан әлгі сөздер шыққан кезде Уиллард ханымның маңдайын тыржитқанын байқап қалдым. Өйткенмен қорқынышына Пуароның немқұрайды қарамағаны әйелге біршама жеңілдік әкелгендей болды. Ал мен болсам

Пуаро соқыр сенімге осыншама сенеді деп еш уақытта да ойламаған едім. Үйге қайтып келе жатқанда жаңағы мәселе жөнінде біраз сыр тартып көріп едім, ол пынымен сенетін сыңай танытты.

— Солай, Гастингс. Мен бұған сенемін. Табиғаттан тыс күштердің бар екенін жете бағаламай болмайды.

— Сонда біз не істемекпіз?

— Ылғи да істі айтасың-ау, Гастингс! Жарайды, ең алдымен Нью-Йоркке жеделхат соғып, жас Блайбнер мырзаның өлімі жайлы толығырақ мағлұмат алу керек.

Жеделхатты дереу салып жіберді. Жауап әрі толық, әрі анық болатын. Руперт Блайбнер көп жыл бойы ақшадан тарығып жүріпті. Оңтүстік теңіз аралдарындағы порттарда кездейсоқ жұмыстармен күн көрген. Осыдан екі жыл бұрын Нью-Йоркке қайта оралып, халі бұрынғыдан да мүшкілденген.

Жақын арада ол біреуден Египетке жетуге жарайтын ақша қарыз сұрап алыпты. “Ол жерде қарыз ақша бере алатын жақын досым бар”, — деп бөскен көрінеді. Бірақ бұл жақта да жолы болмапты.

Туысқанынан гөрі баяғыда сүйегі қурап қалған патшаларды артығырақ санайтын нағашысын тұқым-тұяғына дейін сыпырта балағаттап, Нью-Йоркке қайтып оралыпты. Сэр Джон Уиллардтың өлімі де дәл Руперттің Египетке барған кезіне деп келген. Руперт Нью-Йоркке келген соң ішімдікке қайта салынып, көп ұзамай ешкімге айтпастан өзін-өзі өлтіріп тынған. қалдырып кеткен хаты да бір түрлі, түсініксіздеу. Кенеттен өкінішке бой ұрған кезде жазса керек. Өзін “жападан жалғыз қалған алапеспін” дей келіп, хатын “мендейлердің өлгені жақсы” деп аяқтаған.

Маған бір жаман ой келді. Баяғыда дүниеден өткен Египет патшасының киесі ұрды дегенге еш уақытта де сенген емеспін. Бұл жердегі менің байқағаным — осы заманның қылмысы. Мәселен, жаңағы жас жігіт нағашысын у беріп өлтірмекші болды делік. Байқаусызда уды қателесіп Сэр Джон Уиллард ішіп қоюы да мүмкін ғой. Жігіт қылмысын арқалап Нью-Йоркке қайтқан. Артынша ол нағашысының өлімін естіген. Бостан-босқа қылмыс жасағанына өкініп, өзіне өзі қол жұмсаған.

Мен бұл ойымды Пуароға айттым. Ол ойланып қалды.

— Мынауың ақылға қонады, шыным. Дәл солай болуы да мүмкін. Бірақ сен мазардың киесін есепке алмай отырсың ғой.

Мен оған “түк түсінсем бұйырмасын” дегенді аңғартып, иығымды қозғадым.

— Сен шынымен бұған мазардың қатысы бар деп ойлайсың ба?

— Әрине, достым. Ертең Египетке жүреміз.

— Немене? — деп айғайлап жібердім таң қалғаннан.

— Мен айтарымды айттым, — деді Пуаро. Жүзінен батылдықы сезіледі. Сосын ол қабағын шыта күрсінді.— Бірақ өлгі теңіз деген пәлесі бар екен ғой!

Бір аптадай мезгіл өткен болатын. Аяғымыздың астында шөл даланың сары құмы. Күн дәл тас төбеде. Пуаро бишара ыстықтан болбырап қасымда жатыр. Дене бітімі шағын Пуаро алыс жолға шыдамайтын. Марсельден бергі төрт күнгі сапар оны мүлдем тұралатып, Александрияға келіп жеткенде құр сүлдесі ғана қалған болатын. Өншейіндегі тап-тұйнақтайлығы да жоқ. Каирге жетісімен біз бірден Пирамидалардың қалқасында тұрған Мена Хаус қонақүйіне келдік. Египеттің өдемілігі мені бірден баурап алды. Пуаро баз қалпында. Дәл Лондонда жүргендей киінеді. Кешке дейін бір тынбай қалтасындағы кішкентай киім шетқасымен қара киімге қонған шаң-тозанды тазартып өлек болады.

— Қайран туфлилерім, — деп ренжіді ол. — Қарашы, Гастингс, сапалы былғарыдан тігілген туфлилерім өншейінде күнге шағылысып жалтырап тұрушы еді. Енді міне іші құмға толып, аяғымды ауыртып, сырты адам қарағысыз. Ыстықтан, тіпті, мына мұртым да қурап кеткендей.

— Сфинкске қарашы, — дедім мен. — Құпиясы мен өдемілігіне тіпті таң қалып тұрмын.

Пуаро Сфинкске көңілі толмай, ренжи қарады.

— Шекесі қызып тұрғанға ұқсамайды ғой, — деді ол. — Қайдан шекесі қызысын, құмға белшесінен батып, сөні кетіп тұрса. Қарғыс атсын бұл құмды!

— Қой енді, құм дегенің Бельгияда да жетерлік қой, — дедім мен оған жарнама кітапшаларда суреттелетін, бұйра құмның ортасына орналасқан Ноке-сур-мерде¹ дем алған бір аптаны есіме түсіріп.

— Бірақ Брюссельде емес қой, — деді Пуаро. Ол ойға шомып, пирамидаларға тесіле қарады.

— Бұлардың біртұтас геометриялық формасы бар екені рас, бірақ бет жағы кедір-бұдыр, ұнамсыз. Пальма ағаштары да ұнамайды. Қалай болса солай ретсіз орналасқан. Түп-түзу ғып еге алмағандары ма?

Лагерге баруымыз керек екендігін айтып, мен ойын бөліп жібердім. Біз түйеге мініп баратын болдық. Түрлі-түсті киім киген балалар түйелердің бүйдаларын ұстап, жануарларды біз мінуге оңай болсын деп, шөктіріп қойыпты. Олардың бастығы сөзшең, тілмаш адам екен.

¹ Ноке-сур-мер — солтүстік теңізінің жағасындағы портты қала.

Енді түйеге мінген Пуаро туралы айта кетейін. Ол алғашында кергіп келе жатыр еді, енді ойбайға басып, қолын ербіндетіп, бибі Мариядан бастап, өулие біткеннің бөріне жалбарынды. Ең соңында ұятқа да қарамай, түйеден түсіп, баратын жерге аласа есекке мініп жетті. Шынымды айтсам, мұндайды бұрын көрмеген адамға түйенің желгені қиын екен. Бірнеше күнге дейін денемді жаза алмай жүрдім.

Ақыры қазба жұмыстары жүріп жатқан жерге де жақындадық-ау. Бізді күнге күйген, бурыл сақалды, ақ киім киген, басында телпегі бар бір адам қарсы алды.

— Мүсие Пуаро мен капитан Гастингсз ғой? Сіздердің жеделхаттарыңызды алғанбыз. Сіздерді Каирден күтіп ала алмағанымызға кешірім сұраймын. Күтпеген жағдайға тап болдық та, жоспарымыз бұзылды.

Пуаро сүп-сүр болып кетті. Тарағын алмақшы болып қолын қалтасына салған күйі тұрып қалды.

— Тағы біреу өліп қалғаннан сау ма? — деді ол өрең дегенде.

— Иә.

— Сэр Гай Уиллард па? — деп айқайлап жібердім мен.

— Жоқ, капитан Гастингс. Американдық әріптесім Шнайдер мырза қайтыс болды.

— Неден?—деді Пуаро.

— Сіреспе ауруынан.

Сұрым қашып қорқып кеттім. Айналам сұмдық пен қорқыныштың, көзге көрінбейтін қауіп-қатердің мекені сияқты болып көрінді. Маған бір жаман ой келді. Айталық, келесі кезек менікі болса ше?

— Құдайым-ау, — деді Пуаро баяу үнмен. — Түк түсінсем бұйырмасын. Мынау сұмдық қой. Мүсие, бұл шынымен сіреспе ауруы ма?

— Меніңше, олай емес. Бірақ доктор Амес менен гөрі көбірек білетін болар.

— Айтпақшы, сіз дәрігер емес екенсіз ғой.

— Менің атым Тоссуилл.

Бұл ендеше, өлгі Уиллард ханым айтқан британдық білгір маман, Британия мұражайының кіші қызметкері болды. Саспайтын салмақтылығымен ол маған қатты әсер етті.

— Маған ерсеңіздер, — деді доктор Тоссуилл сөзін жалғастырып, — мен сіздерді Сэр Гай Уиллардқа алып барамын. Сіздер келеді деген хабарды естігелі қатты мазасызданып жүр.

Бізді лагерьдің арғы бетіндегі үлкен шатырға алып келді. Доктор Тоссуилл шатырдың есігін жоғары көтеріп, бізді ішке кіргізді. Іште үш адам отыр екен.

— Мүсие Пуаро мен капитан Гастингс келіп қалды, Сэр Гай,— деді Тоссуилл.

Үш адамның жастауы орнынан ұшып тұрып, бізге қарай жүрді. Ол қызуқандылығы жағынан ештеп шешесіне ұқсайды екен. Басқалар сияқты күнге онша күймеген. Көзі кіртііп шаршағандықтан ба, 22 жасар жігіттен гөрі мосқалдау көрінді. Мына сүмдықтың бөріне пыдау оңайға түспегені айтпаса да түсінікті. Қасындағы екі адамды таныстырды. Доктор Амес отыздан асқан, өткір көзді адам екен, самайын ақ шала бастапты. Ал Харпер мырза, өлгі хатшы, арықтау келген, сүйкімді жас жігіт екен, көзіне американдықтардың тәуір көретін мүйіз көзілдірігін киіп алыпты.

Біраз уақыт ананы-мынаны әңгімелегеннен кейін, Харпер сыртқа шығып кетті. Оның соңынан Тоссуилл да кетті. Біздер сэр Гай және доктор Амеспен оңаша қалдық.

— Білгіңіз келгенді сұрай беріңіз, Пуаро мырза, — деді Уиллард. Мына сүмдықтардан зәреміз кетіп болды. Жүзінен мазасыздық сезіліп тұрды. Пуароның одан көзін алмай отырғанын байқап қалдым.

— Сіз бұл жұмысты тастамайсыз ғой, сэр Гай?

— Өлбетте. қандай жағдай болмасын, бөрібір жұмыс жүре береді, соны біліп қойыңыз.

Пуаро енді екінші адамға бұрылды.

— Сіз не дейсіз, дәрігер мырза?

— Иә, — деді дәрігер созалаңдап, — мен де тастамайтын шығармын жұмысты.

Пуаро ұнатпаған пішін танытып, бетін тыржитты.

— Олай болса, алдымен істің мән-жайын білгеніміз дұрыс болар. Шнайдер мырза қашан қайтыс болып еді?

— Осыдан үш күн бұрын.

— Сіреспе ауруы екеніне көзіңіз анық жете ме?

— Әбден жетеді.

— Күшаладан уланған болып жүрмесін.

— Жоқ, Пуаро мырза. Сіздің нені мезгеп отырғаныңызды түсінемін. Бірақ бұл анық сіреспе ауруы.

— Ауруға қарсы дәрі екпеп пе едіңіз?

— Әрине, ектік, — деді дәрігер немқұрайдылау. — Қолдан келгеннің бәрін де аяған жоқпыз.

— Ауруға қарсы қолданатын дәріңіз бар ма еді?

— Жоқ, оны біз Каирден алдырдық.

— Лагерьде бұдан басқа сіреспемен ауырған адам болды ма?

— Жоқ, басқа ешкім ауырған жоқ.

— Блайбнер мырзаның сіреспеден өлгеніне көзіңіз анық жете ме?

— Анық жетеді. Ол бас бармағын жаралап алған болатын. Сол жері асқынды да қаны бұзылды. Сырт адамға бөрі бірдей болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі жағдай.

— Олай болса, төрт өлімнің төртеуі де бір-біріне ұқсамайды: бірі жүрек ауруынан, екіншісі қан бұзылғаннан өлді, үшіншісі өзін-өзі өлтірді, төртіншісі сіреспеден қайтыс болды.

— Дәл солай, Пуаро мырза.

— Сіздіңше, төрт өлімнің арасында ешқандай байланыс жоқ па?

— Не айтпағыңызды онша түсінбедім?

— Онда түсіндірейін. Марқұм болған төртеудің тарапынан Менхер-Раның аруағын қорлайтын іс-әрекет болған жоқ па? Таңданған дәрігер Пуароға тесірейе қарады.

— Сіз бос сөз айтып кеттіңіз, Пуаро мырза. Шынымен-ақ алып-қашты лақапқа сеніп қалғаннан саусыз ба?

— Бастан-аяқ бос сөз, — деп міңгірледі Уиллард ашуланып.

Пуаро шегір көзін жыпылықтатып, сол қалпында тыныш отыра берді.

— Сонымен, сіз бұған сенбейсіз ғой, дәрігер мырза?

— Жоқ, сэр, сенбеймін, — деді дәрігер дауыстанқырап. — Мен ғылыммын, сондықтан тек ғылымға ғана сенемін.

— Сонда ертедегі Египетте ғылым болмағаны ма? — деді Пуаро бәсең үнмен. Бұған доктор Амес не дерін білмей қалды бір сәт. — Жо, жо, жауап бермей-ақ қойыңыз, бірақ мынаны айтыңызшы. Жергілікті жұмысшылар не ойлайды бұл туралы?

— Меніңше, — деді Доктор Амес, — ақ адамдар дал болған жерде жергіліктілер де олардан аулақ кете қоймайтын сияқты. Мен олардың өулиеге сенетінін жоққа шығармаймын. Бірақ ешбір дәлелі жоқ.

— Қызық екен, — деді Пуаро жалтарып.

Сэр Гай еңкейіңкіреп: “Сіз немене, шынымен-ақ осы бір бос өңгімеге сенесіз бе?” — деп айқайлап жіберді ашуға булығып. — Олай ойлайтын болсаңыз, ертедегі Египет жайлы ешнәрсе білмегеніңіз.

Жауап берудің орнына Пуаро қалтасынан кішкентай кітапшаны суырып алды. Ұсталған ескілеу кітап. Кітапты ұсына бергенде мұқабадағы “Египеттіктер мен калдиандықтардың сиқыры” деген жазуды көзім шалып қалды. Сосын ол теріс айналып шығып кетті. Дәрігер маған қадала қарап қалды.

— Мұның көкейінде не бар?

Пуародан жиі еститін бұл сұрақты басқа біреуден естігенде күліп жібердім.

— Дәл айта алмаймын, — дедім мен, білмейтіндігімді мойындап.

— Меніңше, жын-шайтандарды аластайын деген ойы бар сияқты.

Мен Пуароны іздеуге шықтым. Ол марқұм боп кеткен Блайбнер мырзаның хатшысымен әңгімелесіп отыр екен.

— Жоқ, — деді Харпер мырза, — мен экспедициямен алты-ақ ай бірге болдым. Иә, Блайбнер мырзаның шаруасын жақсы білетінмін.

— Жиені туралы ештеңе айта алмайсыз ба?

— Осы жерге бір күні ол келе қалды. Жақсы жігіт сияқты. Бұрын-соңды кездестірмеппін, бірақ ана екеуі — Амес пен Шнайдер білетін болса керек. Нағашысы оның келгеніне онша қуанған жоқ. Екеуі қатты ұрсысып қалды. “Саған көк тиын да жоқ”, — деп ақырды нағашысы. — “Қазір де, мен өлгеннен соң да саған көк тиын тимейді. Ақшамды өмір бойы мұрат еткен жұмысымды ары қарай жалғастыру үшін қалдырамын. Бұл туралы мен бүгін Шнайдер мырзамен сөйлестім”, осы сияқты тағы бірденелерді айтты. Кіші Блайбнер бірден Каирге тартып кетті.

— Сол кезде денсаулығы жақсы ма еді?

— Үлкенін айтасыз ба?

— Жоқ, кішісін айтып отырмын.

— Өз жағдайының онша мәз емес екендігін айтты. Бірақ соншалықты жаман болмаса да керек, өйтпесе есімде қалар еді ғой.

— Тағы бір мәселе. Блайбнер мырза мұра жөнінде өсиет қағаз қалдырып па еді?

— Біздің білуімізше, ол ештеңе қалдырған жоқ.

— Сіз экспедициямен қала бересіз бе, Харпер мырза?

— Жоқ, сэр, қалмаймын. Есеп айырысып дереу Нью-Йоркке жүріп кетемін. Күлсеңіз, күле беріңіз, бірақ мен мына қарғыс атқан Мен-хер-Раның келесі құрбандығы болғым келмейді. Мұнда қалсам, ол мені де жеп тынады.

Жігіт терін сұртті. Пуаро бұрылып кетті. Күлімсірей қарап былай деді: “Ұмытпағайсың, ол бір құрбандығын Нью-Йорктен алды ғой”.

— О, құрып кетсін, — деді Харпер еріксіз.

— Бұл жігіттің де жүйкесі тозған екен, — деді Пуаро ойға кетіп. — Біткен, өбден біткен.

Мен Пуароға сыр тарта қарап едім, оның жұмбақ күлкісінен ештеңе де аңғара алмадым. Сэр Гай Уиллард,

доктор Тоссуилл — бәріміз қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан жерге бардық. Табылған нәрселердің негізгілері Каирге жөнелтіліпті, бірақ қалған кейбір зират бұйымдарының өзі-ақ мені өте қатты қызықтырды. Жас баронның жұмысқа деген ынтасы зор екен, алайда оның жүріс-тұрысынан үрейлі сезімнен құтыла алмай жүрген мазасыздықтың нышаны байқалады. Кешкі астың алдында жуынып алмақшы болып, бізге арналған шатырға кіріп едік, ақ киім киген, ұзын бойлы қара кісі қол қусырып, бізге жол беріп арапша амандасты. Пуаро тоқтай қалып: “Сіз марқұм сэр Джон Уиллардтың қызметшісі Хасансыз ғой?” — деді.

— Лорд сэр Джонға қызмет еткенмін, енді ұлына қызмет етіп жүрмін.

Ол бізге қарай бір қадам жақындап, бөсең үнмен: “Елдің айтуынша, сізді сиқырдың тілін білетін оқыған адам дейді ғой. Жас қожайынның бұл арадан кеткені жөн. Төңірегіміз толған жын-шайтан”, — деді.

Ол сөзін келте қайырып ымдады да, жауап күтпестен тез шығып кетті.

— Төңірек толған жын-шайтан, — деп күбірледі Пуаро. — Иә, мен оны сезіп тұрмын.

Ас үстінде аса көңілді болмады. Өңгіме тізгінін доктор Тоссуилл алып, бастан-аяқ Египеттің ескі мәдениетін сөз етті. Демалайық деп тарауға енді ыңғайлана бергенде, Сэр Гай Пуароның қолынан ұстай алып, саусағын шошайтты. Шатырлардың ортасымен күңгірттеу бір нәрсе жылжып бара жатыр екен. Адамға ұқсамайды. Зираттың қабырғаларына ойылып салынған ит басты бейнені тани кеттім. Өлгіні көргенде төбе шашым тік тұрды.

— Құдайым-ау!—деді Пуаро, тез-тез шоқынып.

— Анубис¹, өлгендердің қорқау басты құдайы ғой.

— Бізді біреу алдап соқпақшы болып жүр, — деп дауыстап жіберді доктор Тоссуилл, ашулана орнынан тұрып.

— Жаңағы сенің шатырыңа кіріп кетті, Харпер, — деді өңі қуарып кеткен сэр Гай.

— Жоқ, — деді Пуаро басын шайқап, — ол ана доктор Аместің шатырына кіріп кетті.

Дәрігер сеніңкіремеген пішін танытып, Пуароға бажырая қарады. Сосын доктор Тоссуиллдың айтқанын қайталап: “Бірақ ол бізді алдап түсірмекші боп жүр. Жүріңдер, ұстап алайық”, — деп айқайлап жіберді.

Жаңағының соңына түспекші болып тез алға ұмтылды. Оның соңынан мен де кеттім, бірақ қанша іздегенмен, ол

¹ *Анубис* — Ертедегі Египеттіктердің құдайы.

маңнан тірі жанның белгісін таба алмадық. Дегбіріміз қашып, қайтып оралғанымызда, Пуаро басының амандығын ойлап, өзінше тездетіп бір қам жасап жатыр екен. Біз жататын шатырдың айналасындағы құмның үстіне әр түрлі диаграмма, белгілер салды. Бес жұлдыз немесе Пентагон ғимараты төриздес бес бұрыш бірнеше рет қайталанған. Онымен қоймай, әдеттегісінше дуа мен сиқыр, ақ магия мен қара магия, арауқтар, тозақ кітабы жайлы өңгімелеп жатты.

Мұнысы доктор Тоссуиллдің жынына тиді. Ол мені былайырақ шығарып алып, шынымен жиіркеніп: “Сэр, мынауы сандырақ қой”, — деп, дауыстап жіберді ашуланып.

— Нағыз сандырақтың өзі. Мынау — алаяқ, алдамшы адам. Өзінің орта ғасыр сенімі мен байырғы Египет нанымдарының айырмашылығынан мүлдем хабары жоқ екен. Мұндай сандыраққа сенгіш, топас адамды бұрын-соңды көрсем көзім шықсын.

Мен абыржыған ғалымға тоқтау айтып, шатырда жатқан Пуароға келдім. Кішкентай досым миығынан күліп жатыр екен.

— Енді бізге тыныш ұйқтауға болады, — деді ол шаттана. — Біраз ұйқтап алмасам болмас. Басым түсіп барады. Өттең, түймедағы гүлінің тұнбасы болар ма еді.

Өлгі сөзді естіп тұрған адамша, шатырдың есігін ашып, ішке Хасан кіріп келді. қолындағы буы бұрқыраған кесені Пуароға ұсына берді. Онысы түймедағы гүлінің тұнбасы екен. Бұл сусынды Пуаро ерекше жақсы көретін. Маған да бір кесесін әкелмекші болған Хасанға керегі жоқ деп, рақмет айтып, өзіміз тағы оңаша қалдық. Мен шешініп болған соң, есік алдында шөл далаға қарап біраз тұрып қалдым.

— Тамаша жер, — дедім мен дауыстап, — жұмыс та жақсы. Ғажап дүниені жаным сүйеді. Мына жапан даладағы өмір мен келмеске кеткен өркениеттің сырын ашудың ерекшелігін сезесің бе сен, Пуаро?

Ол жауап қатпады. Мұнысына ренжіп қалдым. Бірақ ренішім су сепкендей басылып қалды. Бет-аузы қисайып, Пуаро төсегіне көлденеңдей құлап, шалқалай сұлап қалыпты. қасында бос кесе тұр. Жанына жетіп бардым да, дереу лагерьдің қарсы бетіндегі доктор Аместің шатырына қарай жүгірдім.

— Доктор Амес! — деп айқайлап жібердім. — Тезірек жүріңіз.

— Не боп қалды? — деді дәрігер, сыртқа пижамасымен шығып.

— Жолдасым қатты ауырып қалды. Түймедағы гүлінің тұнбасын ішіп еді. Хасанды лагерьден ешқайда жібермеңіз.

Дәрігер шатырдан лезде атып шықты. Пуаро сол мен көрген қалпында жатыр екен.

— Ғажап, — деп дауыстады Амес. — Талмаға ұқсай ма жоқ әлде... немене ішті дедіңіз жаңа? Ол бос кесені көтерді.

— Бірақ мен оны ішкен жоқпын! — деді Пуаро байсалды дауыспен.

Біз оған таңдана қарадық. Пуаро төсегінде отыр екен. Жымылып қояды.

— Жоқ, — деді ол ақырын ғана. — Мен оны ішкен жоқпын. Досым Гастингс түнмен сырласып тұрған кезде, қапысын тауып, түнбаны білдірмей кішкентай бөтелкеге құйып қойғанмын. Оны аналитикалық химияның маманына жібертемін. Олай болмайды, — деді ол дәрігердің оқыс қимылын байқап қалып, — ақылды адамсыз, түсінесіз ғой, оныңыздан түк те шықпайды. Гастингс сізді шақырып келуге кеткенде мен бөтелкені сейфке салып үлгергенмін. Өттеген-ай, Гастингс, тез ұста ананы!

Мен Пуароның неге өкінгенін түсінбей қалдым. Досымды қорғау үшін алдына тұра қалдым. Бірақ дәрігердің оқыс қимылының мәні бөлек боп шықты. қолын аузына апарғаны сол еді, бадамның ащы иісі мұрынды жарып кетті. Ол теңселіп барып, алға қарай құлап түсті.

— Тағы да бір құрбандық, — деді Пуаро сабырлы үнмен. — Бірақ ең соңғы құрбандық. Осылай болғаны да дұрыс болар. Ол бақандай үш адамның басын жалмады ғой.

— Доктор Амес пе? — дедім мен таңғалғандықтан даусым қаттырақ шығып. — Бірақ сен, білуімше, құдіреттің күшіне сеніп жүр едің ғой?

— Сен мені дұрыс түсінбей қалдың, Гастингс. Сенемін дегенде мен соқыр сенімнің өте қауіпті күші екендігіне сенетіндігімді айтқанмын. Бір топ адамның өлімі құдіреттің ісі деген ұғым берік орын тепкен соң, тапа-тал түсте кісіні пышақтап өлтірсең де, ел оны құдіреттен көретін болады. Адамның санасына ондай сенім бұрынғыдан да бетер сіңеді. Мен о бастан-ақ мұны біреудің жақсы пайдаланып жүргенін сезгенмін. Өлгі адамға жаман ой сэр Джон Уиллард қайтыс болған сәтте келген болуы керек. Құдіреттің ісі деген лақап лап ете қалды. Менің білуімше, сэр Джонның өлімінен пайда тапқан ешкім жоқ. Ал Блайбнердің жөні басқаша. Ол өте бай адам болатын. Нью-Йорктен алған мәліметтен біраз нәрсені ұғуға болады. Мәселен, кіші Блайбнердің Египетте қарызға ақша бере алатын жақсы досы бар делінген еді ғой. Сырт көзге нағашысын айтып отырған сияқты болып көрінеді. Олай болса аты-жөнін атар еді ғой. Айта

кететін бір нәрсе, ол Египетке жететін қаражаттың өзін өрең дегенде қарызға алған. Ал нағашысы оған көк тиын да бермей қойған болатын. Солай бола тұра ол Нью-Йоркке қайтар жолдың ақысын тауып алды емес пе. Демек оған басқа біреу қарыз берген.

— Мұның бәрі де мықты дәлел бола алмайды, — дедім мен жаңағы пікірге қосыла алмай.

— Гастингс, көп жағдайда ауыспалы, астарлы мағынадағы сөздер тура мағынасында, керісінше тура мағынасындағы сөздер астарлы мағынасында қабылданатын кезі де болады. Мына өңтіме етіп отырған жағдайда өзінің тура мағынасында қолданылған сөздерді жұрт керісінше түсінген. Кіші Блайбнер ап-анық “Мен алапеспін” деп жазып кеткен екен, бірақ ол өзін-өзі жазылмайтын ауруды жұқтырып алғандықтан атып өлтіргенін ешкім де түсінбеді.

— Немене дейсің? — дедім мен таңданғанымды жасыра алмай.

— Бұл мүттейім адамның ақылмен ойлап тапқан қулығы еді. Кіші Блайбнер болымсыз тері ауруынан зардап шегетін. Оңтүстік теңіз аралдарында тұрған кезде, сол арада кең тараған осы ауруға шалдыққан болатын. Амес ескі досы өрі әйгілі дәрігер болатын. Өр сөзге мән беретін. Осы араға келгеннен бері мен Харперден де, дәрігер Аместен де күдіктенегінмін. Бергін келе қылмысты жасыру тек дәрігердің ғана қолынан келетініне көзім жетті. Сосын Харпердің сөзінен дәрігердің кіші Блайбнермен бұрыннан таныс екенін сезіп қалдым. Сөз жоқ, кіші Блайбнер кезінде мұра туралы өсиет қағаз жазған немесе өз өмірін дәрігердің пайдасына қамсыздандырған болуы керек. Амес қалай баюдың жолын бірден көрген. Блайбнерге қатерлі дерттің микробын жұқтыру оған онша қиынға түспесе керек. Дәрігер досы жазылмайтын дертке шалдықтың деген соң, жиен жігіт өзін-өзі атып өлтірген. Ойында не бар екенін кім біледі, бірақ үлкен Блайбнер мырза мұра жөнінде ешқандай қағаз қалдырмапты. Мына жағдайда оның мұрасы жиеніне, одан соң дәрігерге қалған болар еді.

— Ал Шнайдер мырза ше?

— Бұған көзім анық жеткен жоқ. Ол да кіші Блайбнерді білетін. Бір нәрседен сезіктенген шығар. Болмаса және бір адам себепсіз өліп кетсе, табиғаттан тыс күш бар деген сенім күшейе түседі деген дәрігердің сасық қулығы шығар. Саған тағы бір қызық нәрсені айтайын деп отырмын, Гастингс. Кісі өлтірген адам, егер істеген қылмысы сәті түсіп өшкереленбей қалса, соны тағы қайталағысы келіп тұрады

және тезірек іске асыруға асығады. Кіші Уиллардқа бола қорққаным да сондықтан. Кешке қарай өзің көрген қорқау басты Аноубис Хасан болатын, оны істеткен мен едім. Дәрігерді қорқытам ба деп ойлап едім. Бірақ ол одан зорғы болса да қорқатын емес. Байқауымша, ол менің қасақана табиғаттан тыс күштерге сенемін дегеніме де нанбады. Комедияға алдана қоймады. Келесі құрбандығы өзім болатынымды сездім. Несін айтасың, құрып кеткір теңіз ауруына да, ыстыққа да, мазаны кетірген құмға да қарамастан мына миым істеп кетті ғой!

Пуароның ойлағанының бәрі де дұрыс болып шықты. Кіші Блайбнер осыдан бірнеше жыл бұрын, мас кезінде көңілшектеніп, мұра туралы қағаз жазыпты. Онда: “Өле кетсем, өзің қатты ұнататын сигарет салатын қорабымды, артымда қалатын бар мүлкімді бір кезде суға кеткенде өлім аузынан алып қалған жақсы досым, Роберт Амес, өзіңе арнаймын”, — деген екен.

Бұл оқиғаның мән-жайын елден көпке дейін мұқият жасырып келгендіктен, осы күнге дейін жұрт Мен-хер-Ра зиратымен байланысты бір топ кісі өлімін зиратты бұзғандарды баяғыда өткен патшаның қарғысы атты, киесі ұрды деген лақаптың тамаша дәлелі ретінде өңгімелейді. Бірақ, Пуароның айтуына қарағанда, бұндай сенім египеттіктердің нанымына да, ойына да қайшы келеді.

МЕТРАЖДАН КЕЛГЕН АЖАЛ

Мисс Полит шығыршық тұтқадан ұстап, коттеждің есігін жайлап тықылдатты. Сәл кідіріп, есікті жайлап қайта қағып еді, сол жақтағы қолтығына қысқан ораулы заты төмен сырғып кетті. Онысын қайта қымтып көтеріп қойды. Өлгінің ішіндегі Спенлоу ханымның жаңадан қысқы маусымға арнап тіккізген жасыл көйлегі болатын. Даяр болған соң, кигізіп көруге алып келген.

Метраж, ине-түйреуіштерге арналған жастықша, үлкен іс қайшысы салынған қара жібек матадан тігілген ұзын баулы сөмкесін мисс Полит сол қарына іле салыпты.

Ол сұңғақ бойлы, ашаңдау, қыр мұрынды, оймақ ерін, жұқалау сары шапты әйел болатын. Есікті үшінші рет соғуға батылы жетпей ойланып тұрғанда, көше жаққа көзі түсіп, жедел басып келе жатқан біреуді байқап қалды. Бұл шат көңілді, бетін күн қаққан, жасы елу бестердегі мисс

Хартнелл болатын. Ол зор даусымен әдеттегісінше гүрілдей сөйлеп: “Сәлеметсіз бе, мисс Полит!” — деді.

Тігінші: “Есенсіз бе, мисс Хартнелл”, — деп жіңішке өрі құлаққа жағымды үнмен сызыла жауап қатты. — Кешіріңіз,— деді ол сөзін қайта сабақтап, — сіз Спенлоу ханымның үйде бар-жоғын білмейсіз бе?

— Мүлде бейхабармын, — деді мисс Хартнелл.

— Елтеп ыңғайсыз болып тұрғаны. Спенлоу ханымның жаңа тігілген көйлегін кигізіп көруге алып келіп едім. Үш жарымға келіскен едік.

Мисс Хартнелл қол сағатына үңіліп: “Қазір үш жарымнан асып кетті”, — деді.

— Иә, есікті үш рет қақтым, бірақ үйде ешкім жоқ сияқты. Келетінімді ұмытып, Спенлоу ханым бір жаққа шығып кетті ме деп дал болып тұрғаным. Әдетте уәделі уақытты ұмытпаушы еді ол кісі. Оның үстіне бұл көйлекті бүрсігүні киіп шықпақшы болатын.

Мисс Хартнелл қақпаның ішіне еніп, коттеж есігінің алдында тұрған мисс Политтің қасына келді.

— Глэдис есігін неге ашпайды? — деді ол.— Бүгін бейсенбі — Глэдистің бос күні. Спенлоу ханым, меніңше, ұйқтап қалған. Сіз қаттырақ соқпағансыз ғой, сірә.

Ол есіктің тұтқасын ұстап тарсылдата қағып-қағып жіберді. Онымен қоймай алақанымен сартылдатты. қатты дауыстап: “Әй, іште біреу бар ма?”, — деді. Ешкім жауап қатпады.

Мисс Полит күбірлеп: “Иә, Спенлоу ханым ұмытып бір жаққа шығып кеткен болды. Кейінірек тағы бір қайыра соғармын”, — деп жолға түсіп, кері қайтпақшы болды.

— Мүмкін емес, — деді мисс Хартнелл сенімді түрде. — Ол ешқайда кете қойған жоқ. Сыртқа шыққан болса, оны кездестіретін едім. Терезеден үңіліп, іште тірі жан бар-жоғын біліп беремін.

Ол әдеттегісінше мез болып күлді, есікті иесі қалжындап, әдейі ашпай отырған болар деген ойда болатын. Ол жақындау тұрған терезенің өйнегінен ішке көз тастады. Себебі ауызғы бөлмеде ерлі-зайыпты Спенлоулар өте сирек болатын. Олардың көбінесе түпкі, кішірек бөлмені тәуір керетінін бұл жақсы білетін.

Жай көз жүгірткенімен, мисс Хартнелл іздеген адамын бірден көрді. Бір ғажабы, қыбыр еткен тіршілік белгісін байқамады. Каминнің алдындағы кілемшенің үстінде Спенлоу ханым сұлқ жатыр.

— Өрине, — деді мисс Хартнелл кейінірек өлгі жағдайды қайта сөз еткенде, — мен титтей де сасқан жоқпын. Ана Полит бейшара не істеп, не қоярын да білмес еді. Мен оған:

“Саспауымыз керек. Сен осында тұра тұр, мен полиспен Палкты ертіп өкелемін, — дедім. — Ол қалғысы келмей бірдеме дей беріп еді, сөзін құлағым да ілген жоқпын. Ондай кісімен солай сөйлеспесе болмайды ғой. Ондайлардың талайын көргенмін. Сонымен қойшы, мен енді жүрейін деп тұрғанда, үйдің бір бүйірінен Спенлоу мырза шыға келді.

Осы арада мисс Хартнелл біраз кідіріс жасады. Тындап отырғандар ентелеп: “Ол өзін қалай ұстады, осыны айтпайсыз ба?” — деп өтінді. Мисс Хартнелл сонда: “Шынымды айтсам, маған табан астында бір жаман ой келді. Спенлоу мырза тіпті жайбарақат көрінді. Таңданған адамға ұқсамайды. Қалай десеңіз де өз еркіңіз, бірақ әйелі өлді деген суық хабарды естіген еркектің міз бақпауы, абыржымауы мүмкін емес қой, — деді.

Бұған жұрт та құлақ асты.

Полицияның ойы да солай болатын. Спенлоу мырзаның салқынқандылығынан күдіктенгендері сонша, әйелі қайтыс болғаннан кейінгі жай-күйін тексеруге бірден кірісті. Спенлоу ханымның кезінде ақшалы адам болғанын, тұрмысқа шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ өлгі ақшаның күйеуінің атына көшкенін анықтады. Енді күдік одан бетер күшейе түсті.

Кісі өлімі белгілі болғаннан кейін арада жарты сағат өтпей-ақ дін қызметшісінің үйімен көршілес тұратын мисс Марплды полиция сұраққа алыпты. Ол әдеміше келген, кейбіреулердің айтуынша, тілі удай, жасы егде тартқан көрі қыз болатын. Полиция констеблі Палк қолына ұстаған қойын дәптерімен оған таяп келіп: “Егер айып етпесеңіз, ханым, менің сізге қояр біраз сұрағым бар еді”, — деді.

Мисс Марпл: “Спенлоу ханымның өліміне байланысты ма?” — деді.

Палк сасып қалып: “Сіз мұны қайдан білесіз, ханым?” — деді.

— Балықтан, — деді мисс Марпл.

Бұл жауап констебль Палкқа түсінікті болатын. Мисс Марплға бұл суық хабар кешкі тамаққа қажет етті алып келген балықшының баласымен бірге жеткенін ол дұрыс ұқты.

Мисс Марпл сөзін одан әрі жалғастырып: “Қонақ күтетін бөлменің еденінде жатқанына қарағанда, оны біреу жіңішке белдікпен буындырып өлтірген болуы керек. Бірақ немен буындырса да, затты қалдырмай ала кеткен”, — деді.

Палкты ыза кернеп: “Анау кішкентай Фрэд мұның бәрін қайдан біледі...” — дей беріп еді, мисс Марпл сөзін бөліп: “Сіздің мундиріңізде түйреуіш жабысып жүр ғой”, — деді.

Констебль сасқалақтап үстіне қарады. Сосын ол:

— “Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” демеуші ме еді халық? — деді.

— Халық айтса, қалып айтпайды, болса болар. Ал маған қандай шаруамен келіп едіңіз?

Констебль Палк тамағын қырнап, маңғаздана қолындағы қойын дәптеріне үңіліп: “Марқұмның күйеуі Артур Спенлоу мырзаның мәлімдемесі бар мұнда. Айтуынша, сағат екі жарымда оған мисс Марпл телефон соғып, сағат үштен он бес минут өткен кезде келіп кетуін сұраған. Бір нәрсеге алаң болып отырғанын, соған байланысты ақылдаспақшы ойы бар екенін айтқан. Ханым, осы шындыққа жанаса ма?” — деді.

— Әрине, жоқ, — деді мисс Марпл.

— Сіз екі жарымда Спенлоу мырзаға телефон соққан жоқсыз ба?

— Екі жарымда да, басқа уақытта да телефон соққан емеспін.

— Солай деңіз, — деді констебль Палк рақаттана мұртын сипап.

— Спенлоу мырза тағы не айтты?

— Спенлоу мырзаның айтқаны сол, үйінен сағат екіден он минут өткенде шығып, айтылған уақытта осы жерге келіпті, алайда қызметші әйел оған сізді үйде жоқ деген көрнеді.

— Онысы дұрыс, — деді мисс Марпл. — Мұнда келіпті, бірақ мен ол кезде әйелдер институтында жиналыста болатынмын.

— Солай деңіз, — деді констебль Палк тағы да.

Мисс Марплдың даусы қатты пығып кетті: “Айтыңызшы, констебль, сіз осы Спенлоу мырзадан күдіктеніп тұрған жоқсыз ба?”

— Дәл қазір олай деп айта алмаймын, бірақ белгісіз біреудің қулығын асырып келгені айқын.

Мисс Марпл ойға шомып: “Спенлоу мырза ма?” — деді.

Мисс Марпл Спенлоу мырзаны ұнататын. Ол ашаңдау келген аласа бойлы адам болатын. Сөзін салмақтап сөйлейтін, әдепті кісі. Селолық жерге не үшін көшіп келгенін жан адам түсініп болмайды. Өйткені ол қалада тұрған болатын. Өйтсе де ол мисс Марплға: “Мен бала кезімнен селода тұруды, өзімнің гүл бағым болуын армандаған едім. Гүлдерді ерекше жақсы көремін. Кезінде әйелім гүл сағатын дүкеннің иесі болатын. Алғаш рет мен оны сол жерде кездестіргенмін”, — дегенді айтыпты.

— Құрғақ өңгіме, өйткенмен мұның ар жағында талай дүниенің жатқанын байқау қиын емес. Айналасын гүл қоршаған, өзі жас өрі өдемі Спенлоу ханымды бір сәтке көз алдыңызға елестетіп көріңізші.

Әйтсе де Спенлоу мырзаның гүл атаулыдан хабары мүлдем жоқтың қасы болатын. Оның көзіне хош иісті қызыл-жасылды гүлге толған кішкентай коттеждің қасындағы бақтың суреті ғана елестейтін. Мисс Марплдан гүлдер жайлы өңгіме айтуын өтінетін. Естігендерін кішкентай бір кітапшаға жазып қоятын.

Ол жайбасар адам болатын. Мүмкін, әйелін өлтіріп кеткеннен кейін полицияның қыр соңына түсіп алғаны да осы сылбыр мінезінен болар. Полициядағылар марқұм Спенлоу ханымның жай-жапсарын жалықпастан тексеріп шықты. Көп ұзамай олардың білгенін Санкт Мэри Миидтің тұрғындары да түгел естіді.

Марқұм Спенлоу ханым өмірін бір бай үйдің қызметшісі ретінде бастаған екен. Сол үйдің екінші бағбанымен тұрмыс құрған соң, бұрынғы қызметін тастап, күйеуі екеуі Лондоннан гүл сататын дүкен ашқан көрінеді. Ісі оңға басып, жағдайы тез түзеліпті. Алайда көп ұзамай күйеуі науқастанып қаза тапқан көрінеді.

Жесір әйел шаруасын жалғастырып, дүкенін одан өрі үлкейтіпті. Ісі бұрынғыша оңала берсе керек. Сосын ол дүкенін мол ақшаға сатып, Спенлоу мырзаға екінші рет тұрмысқа шығыпты. Күйеуі орта жасқа келген, зергерлік дүкеннің иесі болатын. Әкесінен мұраға қалған өлгі дүкен онша маңдымапты. Көп ұзамай олар оны да сатып, Санкт Мэри Миидке көшіп келіпті.

Спенлоу ханым ақшасы мол әйел болатын. Гүлден түскен пайданы “аруақтар аян берген” іске жараттым деп, ол кез келген адамға айтып жүретін. Аруақтар оған ақыл қосса керек. үнемі жолы болып, қандай ісі болмасын, адам таңғаларлықтай оңға басып жүре берген.

Алайда осыдан кейін аруаққа деген сенімі күшейе түсудің орнына Спенлоу ханым діндар адамдардан бойын аулақ салып, олардың жиындарына қатыспай, біраз уақыттан бері белгісіз бір сенімге жан-тәнімен беріліп кеткен. Онысы үнділіктердікіне ұқсас терең дем алудың¹ өр түріне негізделген наным болатын. Алайда көп ұзамай Санкт Мэри Миидке келіп қоныстанған соң ол ағылшын шіркеуі уағыздайтын дінге қайта бет бұра бастаған. Шіркеуде жиі болып, діни жоралғыларды ұқыптап сақтап жүрді. Селодағы дүкендерге қамқорлық көрсетіп, жергілікті жерде болып жатқан істердің барлығына да ат салысып, сондағы адамдармен бірге карта да ойнаған. Жайбарақат күнін кешіп жүр еді. Енді міне... тосыннан кісі қолынан қаза тапты.

¹ Йоганы айтып отыр.

Бас констебль полковник Мэлчет ініспектір Слэкті шақырып алған.

Слэк бірбеткей адам болатын. Шешім қабылдаса, қатып қалатын. Қазір де сонысына басып: “Күйеуі өлтірген”, — деді ол.

— Солай деп ойлайсыз ба?

— Бұған сенімім мол. Сіз оған көз салып көріңізші. Міз бақпайды, өңінде қайғы мен абыржудың титтей де белгісі жоқ. Үйіне оралғанда әйелінің өліп жатқанын біліп келген.

— Сонда ол абыржыған еркектің кейпін танытуға да тырыспағаны ма?

— Былқ еткен де жоқ, сэр. Өзімен өзі болып жүрген біреу. Басқалар бұлай ете алмас еді. Тым қатыгез адам екен. Меніңше, ол әйелінен өбден мезі болған. Ақша әйелдікі, оның үстіне әйелі біресе ана дінге, біресе мына дінге бой ұрып, өбден титығына жеткен. Сондықтан да аспай-саспай оның көзін жойып, тыныш өмір сүрейін деген ғой.

— Мен де солай болуы керек деген ойдамын.

— Осыған сеніңіз, дәл солай болған. Әйелден құтылудың жолын жан-жақты ойластырған. Біреу телефон соқты дегенді ойдан шығарып отыр...

Мэлчет оның сөзін бөліп: “Ешкім телефон соқпап па?” — деді.

— Жоқ, сэр. Бұл жерде ол не өтірік айтып отыр, не болмаса біреу көшеден телефон соққан. Бірақ селодағы бар болғаны екі телефон қондырғысының бірі теміржол стансасында да, екіншісі байланыс бөлімінде. Байланыс бөлімінен соғуы мүмкін емес. Блейд ханым келгендердің бәрін де байқап отырады. Ал стансадан соғуы мүмкін. Ол жерге пойыз сағат екіден жиырма жеті минут өткенде келеді. Бұл кезде адам да біршама көп болады. Бірақ телефонды ол мисс Марпл соқты деп отыр ғой, мұнысы, әрине, өтірік. Телефон ол үйден соғылған жоқ, өйткені мисс Марпл бұл кезде институтта болатын.

— Сіз бұл жерде Спенлоу ханымды өлтірмекші болған адамның күйеуін әдейі алдап шақыруы мүмкін екенін естен шығарып отырған жоқсыз ба?

— Сіздің ойлап отырғаныңыз Тэд Герард дейтін жас жігіт қой, сэр, солай ма? Мен мұны тексеріп шыққанмын. Олай ететіндей себебі жоқ.

— Дегенмен де ол оңған адам емес. Кезінде қазынаның бірталай ақшасын сіңіріп кеткен болатын.

— Мен оны жақсы адам деп отырған жоқпын. Бірақ ол өз еркімен бастығына барып, істеген қылмысын түгелдей

мойнына алған болатын. Қарамағындағы қызметкерлер бұл жағдайды білмей де қалған.

— Оксфорд тобының¹ мүшесі ғой, — деді Мэлчет.

— Дәл солай, сэр. қазынаның ақшасына қол салып, сосын өз еркімен ұрлығын мойындаған. Есіңізде болсын, кулықпен әдейі істеуі мүмкін деп отырған жоқпын. Мүмкін, ол басқалардың сезіктеніп қалғанын байқап, шындықты айтып құтылып кетпекші болған да шығар.

— Еш нәрсеге сенбейтін сыңаржақсыз, Слэк, — деді полковник Мэлчет. — Айтпақшы, сіз мисс Марплмен сөйлестіңіз бе?

— Оның бұған қандай қатысы бар?

— Қатысы жоқ. Бірақ ол өте сұңғыла адам, біле білсеңіз. Барып неге сөйлесіп қайтпайсыз? Өзі тілді кемпір.

Слэк өңірінің арқауын басқа жаққа бұрып: “Сізден сұрайын деп жүрген нәрсем бар, сэр. Маркүмнің үй қызметшісі ретіндегі алғашқы жұмысы Сэр Роберт Аберкомбидің үйінен басталған екен. Бұл — бір қап ақшаға татитын асыл тастары ұрланған үйдің дәл өзі. Асыл тастар сол бойда таптырмай кеткен. қазір қайыра бір қарап шықтым, асыл тастар маркүм қызмет еткен кезде ұрлануы да ықтимал. Әрине, ол кезде ол тым жас қыз болатын. Ұрлыққа қатысы болуы мүмкін деп ойламайсыз ба, сэр? Спенлоу ол кезде қолы қысқа, ұсақ зергердің бірі ғана болатын. Іздегенге сұраған дегендей, қолды болған заттарға одан лайық қандай адам болмақ.

Мэлчет басын шайқап: “Мүмкін емес. Қыз о кезде Спенлоуды танымайды да ғой. Бұл іс менің есімде. Полицияда мұны сол үйдің ұлдарының бірі, қолынан ақша шашқаннан басқа түк келмейтін Джим Аберкомби бейбақтың ісі деген қауесет тараған болатын. Өйткені ол шаш етекпен қарызға батып жүрген. Ұрлықтан соң оның бір бай әйелден алған борышы лезде өтеліп шыға келген деседі. Бірақ анығына жете алмадым. Қарт Аберкомби тура жауап беруден тайқып кетті, бұл іске ол полицияны араластырмауға тырысты.

— Бұл бір ойда жүрген нәрсе еді, сэр, — деді Слэк.

Мисс Марпл ініспектір Слэкті жылы қабылдап, оның полковник Мэлчеттің айтуымен арнайы келгенін естігенде тіпті риза боп қалды.

— Полковник Мэлчетке үлкен рақмет. Мені ұмытып кеткен шығар деп жүр едім.

Сізді ол кісі аузынан тастамайды. Санкт Мәри Миидте болып жатқан оқиғалардың сіздің назарыңыздан тыс қалғанын білуге де тұрмайды дейді ол маған.

¹ Оксфорд университетінде 1921-жылы америкалық евангелиеші Фрэнк Бухман құрған бұл діни ағым адалдықты, тазалықты, махабатты және өзімшілдіктен аулақ болуды дәріптеген.

— Тым мақтап жіберіпті, бірақ шындығында да еш нәрсе білмеймін. Өлгі кісі өлімін айтамын да.

— Ел ішінде ұзынқұлақтың бұл жөнінде не деп жүргенін білетін боларсыз?

— Әрине, білемін, бірақ сол бос сөзді қайта қозғаудың керегі бола қояр ма екен?

— Мұны ресми өңгіме екен деп қалмаңыз, екеуіміздің арамызда қалатын сөз ғой, — деді Слэк бүкпесіз сөйлеуге тырысып. — Сіз, шынында да, елдің не деп жүргенін білгіңіз келе ме? Шындыққа жанасатын сөз бе, жоқ бос сөз бе, сол ғой білгіңіз келетіні?

— Дөп бастыңыз ойымды.

— Иә, жұрт арасында бірқауым өңгіме де, қауесет те болды, әрине. Менің сөзіме құлақ ассаңыз, жұрт көпекөрнеу екі топқа бөлініп алған. Мәселен, бірінші топтағылар мұның бәрі де күйеуінің ісі деп күдіктенеді. Өдетте күдіктің не күйеуіне, не әйеліне түсетіні хақ қой, солай емес пе?

— Болса болар, — деді ініспектір сақтықпен.

— Етене жақын адамдар, өзіңіз білесіз. Оның үстіне мәселе ақшаға келіп тіреледі ғой. Менің естуімше, ақша Спенлоу ханымдікі. Демек бұл өлім Спенлоу мырзаға пайда әкелмесе, зиянын тигізген жоқ. Құрып кеткір бұл заманда небір сұмдық болжамдардың көбіне рас боп шығатынынан қорқамын.

— Ол, сөз жоқ, мол мұраға ие болып қалады.

— Рас айтасыз. Шындығында, бұлай болуы да ықтимал ғой. Әйелін өзі буындырып өлтіреді. Сосын артқы есіктен шығып менің үйіме сырт жақпен жетеді. Мен телефон соққандықтан келген адам болып, мені сұрастырады. Содан соң үйіне кері қайтады да, өзі жоқта біреу өлтіріп кеткен әйелін көреді. Енді ол, сөз жоқ, қылмысты не бір қайыршыға әлде болмаса үй тонаушы ұрыға жабар деп үміттенеді.

Ініспектір басын изеді: “Ақша жөнінде не ойыңыз бар... айталық, соңғы кезде олардың арасына кірбің кіріп...”, — дей берген.

Бірақ мисс Марпл оның сөзін бөліп: “Жоқ, олай болған емес”, — деді.

— Бұған дәлеліңіз бар ма?

— Олар ұрсысқан болса, жұрттың бәрі білген болар еді. Қызметші әйел, Глэдис Brent, мұны бүкіл селоға жайып жіберер еді ғой.

Ініспектірдің даусы өзгеріп шығып: “Оның білмей қалуы да мүмкін ғой”, — деп еді, жауап орнына мисс Марплдың аяушылық білдірген күлкісін естіді.

Мисс Марпл сөзін сабақтап: “Өзгеше ойлайтын екінші топ бар деп едім ғой әлгінде. Олар Тэд Герардтан көреді. Өзі бір әдемі жігіт. Сұлулық деген нәрсенің кейбіреуге

ерекше әсер ететінін сіз жақсы білетін боларсыз деп ойлаймын. Мәселен, біздің қазіргі викарийдің алдындағы священник барып тұрған сиқыр еді ғой! Қыз біткеннің барлығы таңертең де, кеште де шіркеуден шықпай қойған жоқ па? Оны айтасыз, жасы егделеу әйелдердің де біразы ерекше белсенді болып кетті ғой. Соған арнап шәрке тігіп, мойын орауыш тоқитынды шығарды емес пе? Байғұс жігітке тіпті қиын болды”, — деді.

— Айтпақшы, мен не айтайын деп едім әлгінде. — Иә, әлгі жас жігіт Тэд Герард туралы әңгіме қозғап едім ғой. Әрине, ол турасында да әсек-аяң болған. Марқұмға жиі келіп тұратын болса керек, ұмытпасам, Спенлоу ханымның өзі де Герардтың Оксфорд тобы деген бір ұйымның мүшесі екенін айтқан болатын. Діни ағым ғой. Білуімше, ол топтың мүшелері шындықты, тазалықты уағыздайды. Бұл Спенлоу ханымға қатты әсер етсе керек.

Мисс Марпл демін алып, сөзін қайта жалғастырды: “Бұл жерде одан басқа тілге тиек етер ештеңе де жоқ. Бұған менің сенімім мол. Бірақ халықтың аузына қақпақ бола алмайсыз ғой. Біраз жұрт жігітті Спенлоу ханымның басын айналдырып алған, сондықтан да әйел оған көп ақша қарыз берген деген ойда. Қылмыс болған күні жігіттің стансада болғанына ешбір күмән жоқ. Себебі оны сағат екіден жиырма жеті минут кеткенде келетін пойыздың ішінен көрген адамдар бар. Әрине, коттежге келе жатқанын ешкім көрмеуі үшін, пойыздың ар жағынан сығылып шығып, темір жолдың ойпаңдау тұстан өтетін жерімен жүріп отырып, шарбақтан асып түсіп, бұта қоршаудың қалқасын жағалап келіп, вокзалдан шығатын есіктің маңына жоламау онша қиын шаруа болмаса керек. Солай емес пе?”

Сосын жұрт Спенлоу ханымның үстіне киген киімі бір түрлі екен деп жүр.

— Бір түрлісі қалай?

— Жәй көйлек емес, кимоно іле салғанын айтады да, — деп, мисс Марпл ұялғаннан қызарып кетті. — Кім біледі, кейбіреулерге ондай киім жеңілтектіктің белгісі болып көрінуі де мүмкін ғой.

— Сіз де солай ойлайсыз ба?

— Жоқ, о не дегеніңіз. Меніңше, оғаш ештеме жоқ, бәрі де орынды сияқты.

— Бәрі де орынды деп ойлайсыз ба?

— Иә, дәл осы жағдайда солай дер едім, — деді мисс Марпл сабырлы пішінмен ойлана қарап.

Ініспектір Слэк: “Бұл жерде біз үшін күйеуіне тағар тағы бір айғақтың беті ашылып қалуы мүмкін. қызғаныш сезімін айтамын”, — деді.

— Спенлоу мырза еш уақытта да қызғанбайды. Ол еш нәрсені байқайтын, оған мән беретін кісі емес. Айталық, егер әйелі бір жаққа кетіп қалып, қағаз жазып, оны үйдегі түйреуіш шаншитын жастықшаның үстіне қалдырып кетер болса, дүниеде жаңағы жастықша сияқты бұйымдар болады екен-ау деп таңданар еді ол.

Ініспектір Слэк мисс Марплдың өзіне тесіле қарап отырғанын байқап, ойланып қалды. Әйел бағанадан бері өңгімесінен бір нәрсені әдейі түспалдап білдіргісі келіп отыр-ау деген ой келді оған. Мисс Марпл енді сөзіне ерекше мән беріп: “Қылмыс болған жерден ешбір айғақ таба алмадыңыздар ма, ініспектір?” — деп сұрады.

— Бұл күндері қылмыскерлер саусақтарының ізін де, сигареттерінің күлін де қалдырмайды, мисс Марпл.

— Бірақ бұл, — деді мисс Марпл, — ескіше жасалған қылмыс қой...

Слэк жұлып алғандай: “Мұнымен не айтпақсыз?” — деді.

Мисс Марпл сөзін сылбырлау жалғастырып: “Меніңше, біле білсеңіз, сізге констебль Палк қол ұшын бере алар еді. Елдің айтуына қарағанда, қылмыс болған жерге ең бірінші жеткен сол кісі екен”, — деді.

* * *

Спенлоу мырза орындықта отырған. Өңінен абыржығаны байқалады. Әдеттегі жіңішке даусына салып: “Маған солай естілді ғой деп ойлаймын. Бұрынғыдай емес, құлағым қазір тосаңдау еститін болып жүр. Бірақ арт жағымнан жас баланың: “Уа, кім Крипен¹?”, — деп мазақтай дауыстағанын естігендей болдым. Мұнымен өлгі бала мені әйелін өзі өлтірді дегенді білдіргісі келді ғой деп ұқтым”, — деді.

Мисс Марпл солып қалған раушан гүлін қайшымен еппен ғана қиып алып жатып: “Сөз жоқ, солай дегісі келген ғой”, — деді.

— Бірақ баланың басына ондай ой қайдан келеді? — Мисс Марпл жөткірініп, — Өрине, үлкендердің айтқанын естіген ғой, — деді.

— Сіз ... сіз шынымен-ақ басқа жұрт та сондай пікірде демексіз бе?

— Санкт Мэри Миидтегі жұрттың тең жартысы солай ойлайды.

— Бірақ, айналып кетейін-ау, бұлай деуге қандай негіз бар? Әйелімді мен шыныменен жақсы көретін едім ғой.

¹ *Крипен* – Өз әйелін өлтіргені үшін асу жазасына кесілген әйгілі қылмыскердің есімі.

Бірақ, амал қанша, село өміріне дәл мен ойлағандай үйреніп кете алмады. Ойдағы арманның бәрі бірдей орындала бермейді ғой. Маған сеніңіз, жан жарымның өлімі жаныма қатты батып жүр.

— Мүмкін. Бірақ мені айыпқа бұйырмаңыз, сіз жүдеп-жадап жүрген адамға мүлдем ұқсамайсыз.

Мұны естігенде Спенлоу мырзаның арық денесі шымырлап кетті.

— Қымбатты леди, осыдан көп жыл бұрын мен бір қытай ойшылы туралы кітап оқып едім. Ол өзінің сүйікті жан серігі, әйелінен айрылып қалған шақта, еш нәрсе болмағандай, сауығын салып, бұрынғысынша дабылын қағып жүре берген көрінеді. Қала жұрты оның қажырлылығына қатты таңғалса керек.

— Бірақ, — деді мисс Марпл, — Санкт Мэри Миидтің халқы бұған мүлде басқаша қарайды. Қытай ойшылының олармен үш қайнаса сорпасы да қосылмайды ғой?

— Бірақ сіз түсінесіз ғой?

Мисс Марпл басын изеп: “Менің Генри дейтін нағашы ағам өте сабырлы адам болатын. Ол “сабырлы болу керек” дегенді ұран қып ұстайтын. Гүл десе, ол да ішкен асын жерге қоюшы еді”, — деді.

— Коттеждің батыс жағына бір саяжай салып қойсам ба деп ойланып жүрмін, — деді Спенлоу мырза қиялдап. — Оны қызғылт раушан ие болмаса глициниямен көмкеріп тастаса, сосын өлгі жұлдызға ұқсайтын ақ гүл бар емес пе, аты есіме түспей отырғанын қарашы...

Үш жасар жиен немересін алдандырып отырған адамша, мисс Марпл: “Менде гүлдердің суреттері салынған мынадай бір әдемі кітап бар еді. Мүмкін, осыны қарап шығарсыз... ал енді қайтпасам болмас”, — деді.

Спенлоу мырзаны мез қалпында кітабымен бірге бақта қалдырып, мисс Марпл үйіне келді де, шаршы қоңыр қағазға бір көйлекті асығыс орап ала салып, үйден шығып, тездете басып байланыс бөліміне жетті. Мисс Полит, өлгі тігінші әйел, осы үйдің жоғарғы қабатында тұратын.

Бірақ мисс Марпл ішке енісімен баспалдақпен бірден жоғары көтерілген жоқ. Сағат тура екі жарым болатын. Бір минуттан соң есік алдына жүк таситын байланыс машинасы келіп тоқтады. Бұл Санкт Мэри Миидтегі күнделікті болып тұратын үйреншікті оқиғаның бірі болатын. Байланыс бөліміндегі әйел қораптарды қысып ұстап сыртқа асығыс шықты. Байланыс бөлімі негізгі жұмысынан бөлек көмпиттер, арзан кітаптар, балалардың ойыншықтарын сататын дүкен қызметін де қоса атқаратын.

Мисс Марпл төрт минуттай іште жалғыз қалды.

Байланыс бөліміндегі әйел орнына қайта келген соң ғана мисс Марпл жоғары көтеріліп, мисс Политтен көйлегін мүмкін болса өзгертіп, өдемілеп қайта тігіп беруін өтінді. Тігінші әйел қолдан келсе тырысып көрейін деп уәде берді.

* * *

Бас констебль өзіне мисс Марпл келіп тұр дегенді естігенде танданып қалды. Әйел ішке кешірім сұрап, қысыла кіріп: “Мазаңызды алғаныма айып етпеңіз, кешірім өтінемін. Жұмыс басты екеніңізді жақсы білемін, бірақ маған деген ықыласыңызды ескере отырып, ініспектір Слэктен гөрі өзіңізге жолығып кетуді мақұл көрдім, полковник Мэлчет. Біріншіден, маған ұнамай отырған нәрсе, констебль Палкты босқа әурелегенсіз. Турасын айтсам, менің ойымша, оны еш нәрсеге де араластырмау керек еді”, — деді.

Полковник Мэлчет түк түсінсем бұйырмасын дегендей: “Палк дейсіз бе? Ойбай-ау, ол Санкт Мэри Миидтің констеблі емес пе? Ол не бүлдіріп қойып еді?” — деді.

— Ол бір түйреуіш тауып алыпты. Оны мундиріне түйреп қойыпты. Түйреуішті көрген кезде, алғіні Спенлоу ханымның үйінен тауып алған болар деген ой сап ете қалған болатын.

— Әбден мүмкін. Солай-ақ болсын делік. Бірақ ол түйреуіште тұрған не бар? Шынында да, констебль оны дәл Спенлоу ханымның денесі жатқан жерден алыпты. Кеше Слэкке келіп айтып тұрғанын естігенмін. Сіз оған бұл жөнінде бірдеме деген сияқтысыз ғой, шамасы? Еш нәрсеге де тиіспеуі қажет еді, әрине. Бірақ түйреуіште тұрған не бар? Жай ғана түйреуіш. Кез келген әйелде болады ғой ондай түйреуіш.

— Жоқ, о не дегеніңіз, полковник Мэлчет, дәл бұл жерде сіз қателесіп тұрсыз, еркекке түйреуіштің бөрі бірдей болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес. Бұл — ерекше түйреуіш, өте жіңішке, қорабымен сатылатын, көбінесе тігіншілер пайдаланатын түйреуіш.

Мэлчет оған қарап қалды. Енді ғана түсіне бастаған сияқты. Мисс Марпл “иә, бөркелді” дегендей құптап басын изеді.

— Иә, әрине. Маған бөрі де ап-айқын. үстіне кимоно іле салған себебі жаңа тігілген көйлекті киіп көрмекші болған. Ауызғы бөлмеге шыққан кезде мисс Полит бір нәрсені өлшеу керек деген болып, метражды мойнына салып жіберген. Сосын қалғаны қиын емес, екі жағын айқастыра тартып қылғындыра салған... Оп-оңай шаруа деп естігенім бар-ды. Тігінші сыртқа шығып, есікті жабады да, жаңа ғана келіп

тұрған адам секілді есікті қаға бастайды. Ал өлгі түйреуіш болса, тігіншінің іште бұрынырақ болғанын айтып тұр ғой.

— Сонда қалай, Спенлоу мырзаға телефон соққан мисс Полит болғаны ма?

— Иә, байланыс бөлімінен екі жарым кезінде соққан. Дәл машина келіп, іште ешкім болмайтын кез ғой бұл.

Полковник Мэлчет: “Мисс Марпл-ау, бұл қалай? Құдай үшін айтыңызшы, неге олай дейсіз? Себебісізден себепсіз адамды өлтіре салмайсыз ғой?” — деді.

— Полковник Мэлчет, естуімше, бұл қылмыстың басталуы ертеректе жатыр. Бұл оқиға нағашыларымының Энтони және Гордон деген екі ұлын еске салып тұр. Энтонидың қашанда жолы болғыш еді де, Гордонның керісінше ісі оңға баспайтын: жарысқа жаратқан аттары ақсап қалатын, іске қосқан ақшасы өнбейтін, шаруасы кері кететін... Менің білуімше, бұл іске екі әйелдің де қатысы бар...

— Қай істі айтып тұрсыз?

— Ұрлықты айтып тұрмын да баяғыда болған. Өте бағалы зүбәржат асыл тастары болатын, естуімше. қызметші әйел мен жалшы қыздан келсе керек. “Жалшы қыз бағбан жігітке күйеуге шыққан кезде олардың гүл сататын дүкен ашатындай қаржылары болды ма?” деген сұрақ жауапсыз қалған болатын.

— Меніңше, — деді мисс Марпл сөзін жалғастырып, — жаңағы сұрақтың жауабын марқұмның енпісіне тиген ұрланған бұйымның үлесінен іздеген дұрыс болар еді. Оның кез келген шаруасы оңға басып кетіп еді ғой. Өйткені ақшаны ақша жасайды ғой. Ал ана қызметші әйелдің жолы болмай қалса керек. Ол село тігіншісі болудан әрі аспай қалған. Енді міне олардың жолдары қайта түйіскен. Менің ойымша, Тэд Герард араласқанға дейін бәрі де ойдағыдай болған. Дінге ден қойған соң, өзіңіз сезіп отырған боларсыз, Спенлоу ханымның ұяты оянып, зардап шеге бастаған. Ана жігіт оған, сөз жоқ, ықпал жасап, істеген күнәсі болса, адалдықпен мойындап, тазартуға үгіттеген. Оның көндіргеніне менің титтей де күмәнім жоқ. Ал мисс Полит болса, күнәден құтылудың басқа жолын іздеген. Оның көкейінен ескі қылмыстың беті ашылса, түрмеден бір-ақ шығамын деген жаман ой кетпей қойды. Сондықтан да ол шешім қабылдап, бәріне де нүкте қоймақшы болған. Оның қаныпезер, безбүйрек әйел екеніне сіздің көзіңіз жеткен болар деп ойлаймын. Ана бейшара маубас Спенлоуды дарға асса да оның беті бұл ете қоймас еді.

Полковник Мэлчет: “Сіздің болжамдарыңыздың... біразын тексеріп көруімізге мүмкіндік бар. Мына Полит

атты әйел мен әлгі Аберкомбилердің үйіндегі қызметші әйелдің бір кісі болып шығуы, әй қайдам...” — деді сылбырлау жауап қатып.

Мисс Марпл оның күдігін су сепкендей басты.

— Бұл оп-оңай нәрсе ғой. Шындықты бетіне басып біраз қысса, бірден сылқ ете түсетін әйел ғой. Сосын, білесіз бе, оның метражы менде. Кеше үйінде болған кезде... ебін тауып қолға түсіріп алғанмын. Өзі аңғыртпау әйел, метражын жоқтаған кезде, сөз жоқ, полицияның қолына түсті деп шамалайды да, істелген қылмысты өзіне жабатын бұлтартпас айғақ болып шығатынын ойлайды, — деді.

Мисс Марпл полковникті жігерлендіре күлімсіреп: “Маған көміл сеніңіз, бәрі де ойдағыдай болады”, — деді.

Баяғыда Сэнхерске¹ қабылдау емтихандарын тапсырар кезде полковниктің құрмет тұтатын нағашы апасының оған “бәрі де ойдағыдай болады, сен мүдірмей өтесің” деп сендіргені секілді, мисс Марплдың үнінде де сондай сенімділік байқалады.

Полковник, шынында да, сынақтан мүдірмей өткен болатын.

ЖҰМБАҚ ӨЗІЛ

Джейн Хелиер таныстыруын аяқтай келіп: “Ал мына кісі... Мисс Марпл болады!” — деді.

Актрисаның аты актриса емес пе, ол көкейіндегісін көздеген жеріне тигізіп, сөзінің соңын көтеріңкі, салтанатты дауыспен аяқтады. Шындығында үнінде толқу мен салтанатты шаттық бар еді.

Өкінішке орай, соншама жар салып, ауыз толтыра мақтағаны нәзік келген қарапайым, жасы егде тартқан кәрі қыз болып шықты.

Джейн арқылы әлгінде ғана жаңағы әйелмен танысқан қыз бен жігіттің көздерінен көңілдері толмаған қомсыну мен толқу сезіледі. Екеуі де келбетті. Қыз, Чармиан Страунд, қара торының мүсіндісі де; жігіті, Эдвард Росситер, ақ сары пашты, жылы пырайлы, еңгезердей жас екен.

Чармиан ентігін баса алмай: “Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын”, — деді. Бірақ көзінен күдік байқалады. Ол Джейн Хелиерге мұның қалай дегендей бір қарап қойды.

— Қымбаттым-ау, — деді Джейн әлгіге жауап ретінде, — бұл өте тамаша кісі, бәрін сол кісіге сеніп тапсыр. Осы жерге алып келемін деп едім ғой саған, айтқанымды орындадым.

Енді ол мисс Марплға бұрылып: “Бұлардың шаруасын реттейсіз, оны білемін. Бұл сізге түкке де тұрмайды”, — деді.

¹ *Сэнхерст* — 1802-жылы ашылған көрәлдік әскери Академия.

Мисс Марпл жайдары көкшіл көзін Росситерге қадап: “Қандай шаруа еді? Құлағым сізде”, — деді.

— Джейн — біздің досымыз, — деп, Чармиан шыдамсыздана әңгімеге кірісіп кетті. — Эдвард екеуіміз тұйыққа тіреліп қалдық. Джейн “қонаққа келсеңдер, бір кісімен таныстырамын, ол кісі... былай... деген соң...”

Эдвард оған көмекке келіп: “Джейн бізге сізден асқан детектив жоқ деген, мисс Марпл!” — деді.

Қарт әйелдің көзі жыпылықтап, ұялғанынан: “Жо, жоқ, ол не дегеніңіз! Өмір бойы селода тұратындықтан, адам жанын терең түсінетініміз рас. Дегенмен сіздер мені қатты қызықтырып отырсыздар. Шаруаларыңызды айта беріңіздер”, — деді.

— Өзі бір жауыр болған әңгіме, тығулы қазына десе де болады, — деді Эдвард.

— Солай ма еді? Ендеше қызық нәрсе екен!

— Білемін, өлгі көпке белгілі қазына аралы сияқты. Бірақ біздің хикаямыз қызықтан жүрдай. Мұнда бассүйек пен айқастырылған жіліктердің бейнесі бар карта да, солға қарай төрт қадам, солтүстік батысқа қарай... сияқты бағыт сілтейтін белгілер де жоқ. Масқара болғанда қай жерді қазарыңды да білмейсің.

— Дегенмен қазып көрдіңіздер ме?

— Екі акрдай¹ тың жерді қопарып тастадық. Бұған тіпті бау-бақша отырғызса да дап-дайын тұр. Асқабақ егеміз бе өлде картоп егеміз бе, соны ойластырып жатқан жайымыз бар.

Чармиан төтесінен килігіп: “Сізге түгелдей баяндап берсек қайтеді осы?” — деді.

— Әрине, қалқам, солай еткенің жөн болады.

— Онда бір тыныштау жерге барайық. Кеттік, Эдвард, — деп, қыз түтінге толы бөлмеден шығып, оларды соңына ертіп, баспалдақпен жоғары көтеріліп, екінші қабаттағы бір кішірек бөлмеге алып келді.

Бері жайғасқан соң Чармиан бірден: “Сонымен, әңгіме былай! Мәселе Мэтью нағашымыздан басталды. Ол, шындап келгенде, екеуімізге де түп нағашы болып келеді. Өзі әбден қартайып біткен болатын. Оның Эдвард екеуімізден бөтен туысы да жоқ. Бізді өте жақсы көретін. “Өле кетсем, бар ақшамды екеуіңе қалдырамын”, — дегенді әрдайым айтып жүретін. Сонымен, ол өткен наурыз айында қайтыс болды да, жиған-тергенін Эдвард екеуіміздің еншімізге тастап кетті. Шынында да, біз оны өте жақсы көретінбіз. Өзі көптен науқас болатын. Мәселенің тоқ егері сол, нағашымыз бізге

¹ Акр — 4047 шаршы метірге тең жер өлшемі.

көк тиын да қалдырмапты. Ашығын айтсақ, бұл біз үшін үлкен соққы болып отыр, солай ғой, Эдвард?”

Жылы жүзді Эдвард құптап: “Өжептәуір үміттеніп жүрген болатынбыз”, — деді.

— Айтайын дегенім, көп ақшаның жуырда өз-өзінен келетінін білсең, құр босқа тер төкпейсің ғой. Мен болсам әскерде жүрмін. Жалақымнан бөтен көк тиыным жоқ. Ал Чармиан болса, театрда режиссер болып істейді. Жұмысы қызық, өзіне ұнайды, бірақ ақшасы аз. Үйленеміз деген де үмітіміз бар, бірақ ақша мәселесін ойлаған емеспіз. Себебі екеуіміз де бір күні байып шыға келеміз деген сенімде болатынбыз.

— Міне, енді олай болып шықпағанын көзіңіз көріп отыр ғой! — деді Чармиан.

— Ол ол ма? Энстейзді — ата-бабамыздың жерін — Эдвард екеуіміз өте жақсы көреміз. Енді, міне, соны сатып жіберуге тура келетін шығар. Екеуіміз де мұндай сұмдыққа төзе алмайтынымызды іштей сеземіз! Нағашымыздың ақшасын таба алмасақ, басқа амал бар ма, сатып жіберуге мәжбүр боламыз.

Эдвард сөз алып: “Чармиан, біз өлі мәселенің түйінін айтпадық қой”, — деді.

— Олай болса, сен айт.

Эдвард мисс Марплға бұрылып: “Бұл былай болған. Нағашы атамыз қартайған сайын ешкімге сенбейтін күдікшіл боп кетті.

— Онысы ақыл болған, — деді мисс Марпл. — Адам бойындағы кемшілікке сан жетпейді ғой.

— Сіздікі дұрыс та шығар. Қалай дегенмен Мэтью қарт солай ойлайтын. Оның бір досы банкке салған ақшасынан айырылып қалған, екіншісін адвокаты алдап соққан. Өзінің де аузын аңқитып кеткен бір алаяқтар. Аузы күйген үрлеп ішеді дегендей, ол кісі енді ақшаны алтынға айналдырып, көміп тастағаннан дұрысы жоқ деген шешімге келген.

— Е-е, — деді мисс Марпл, — енді түсіне бастадым.

— Солай. Достары одан еш пайда түспейді дегенді талай айтыпты, бірақ ол айтқанынан қайтпай қойған. “Бар ақшаңды жәшікке сап төсектің астына тық иә болмаса бақтың ішіне көміп таста”. О кісі ылғи осыны айтатын.

Чармиан іліп алып: “Сонша бай болса да, ақша болар артында көп ештеме қалдырмапты. Соған қарағанда, көміп тастауы да ықтимал”, — деді.

Эдвард өзінше түсіндірді: “Біз оның анда-санда мол дүние сатып, көп ақша жасағанын білеміз. Бірақ оны

қайда жібергенін ешкім де айта алмайды. Ендеше, ойындағысын іске асырып, алтын сатып алып, көміп тастауы мүмкін ғой”, — деді.

— Қайтыс болардан бұрын ештеме демеді ме? Хат, қағаз қалдырмады ма?

— Қорлықтың үлкені сонда болып тұрған жоқ па. Ештеме де қалдырған жоқ. Біраз күн бойы ес-түссіз жатты, бірақ өлерінің алдында өзіне өзі қайта келді. Екеумізге қарап мырс етіп күлді. Онысы әлсіз, болар-болмас қана жымыиыс болатын. Сосын ол: “Бәрі де дұрыс болады, менің әдемі қос көгершіндерім”, — деді. Ол көзін... оң көзін жыпылықтатып бір қысты да, ендігі сәтте жүріп кетті. Бишара қарт Мэтью.

— Ол көзін жыпылықтатты, — деді мисс Марпл ойланьп.

— Сіз еш нәрсе ұқтыңыз ба? Бұл маған Арсен Люпенді¹, бір адамның өйнектен істелген жасанды көзіне өлдебір затты жасырып қоятыны жайлы өңгімесін есіме түсірді. Бірақ нағашымның көзі жасанды емес еді.

Мисс Марпл басын шайқап: “Жоқ, дәл қазір ештеме де айта алмаймын”, — деді.

Чармианның көңілі толмай: “Джейн сізді қай жерді қау керек екенін бірден айтады деп сендіріп еді”, — деді.

Мисс Марпл жымыиып: “Мен сиқыр емеспін ғой. Сіздің нағашыңыздың кім екенін, қандай адам екенін қайдан білейін. Тіпті оның үйін де, жерін де көрген емеспін”, — деді.

— Егер бұрын көрген-білген болсаңыз ше?—деді Чармиан.

— Онда, шынында да, бәрі оп-оңай болар еді, солай емес пе? — деді мисс Марпл.

— Оп-оңай! — деді Чармиан. — Олай болса, Энстейзге жүріңіз, көріңіз, оңай болса!

Қыз оны бірден жүре қояды деп ойламаған болар, бірақ мисс Марпл жылдам сөйлеп: “Рақмет, қалқам, өлбетте барамын. Шынымды айтсам, тығулы қазынаны іздеудің сәті түспей жүр еді. Оның үстіне, — деді ол жастарға қарап жымыиып қойып, — бұл өзі махаббатпен де байланысты шаруа екен!”.

* * *

— Көрдiңiз ғой! — дедi Чармиан қолын ренжи сiлтеп.

Олар жаңа ғана Энстейздiң бұрыш-бұрышын қалдырмай, түгел аралап қайтқан болатын. Бастан-аяқ қазып тастаған бақшаны да, бақтағы айналасы қопарылып қалған ағаштарды

¹ Арсен Люпен — француз жазушысы Морис Лебланктың детективті өңгімелеріндегі бас кейіпкер.

да, шұрық-тесік боп қалған бір кездегі теп-тегіс көгалды да, үйдің шатырындағы астан-кестені шыққан ескі сандықтар мен жәшіктерді де, төмендегі ұраның еденіне төселген әрбір плитаның астын да, қабырғалардың қуыс жерін де түгендеп тінтіп шыққан. Олар мисс Марплға тартпалары немесе жасырын қуысы болуы мүмкін-ау деген ескі жиһаздың бірін қалдырмай көрсеткен болатын.

Таңертеңгі ас ішетін бөлмедегі үстел үстінде бір үйме қағаз жатқан. Оның бәрі де марқұм Мэтью Страундтан қалған құжат еді.

Біреуін де бүлдірмей Чармиан мен Эдвард оларға қайта-қайта үңіліп, жұмбақтың кілті табылып қалар деген мақсатпен арасынан жалықпай есеп қағаздарын, шақыру билеттерін, қызмет бабымен жазылған хаттарды іздеді.

— Біз тінтімеген тағы не қалды деп ойлайсыз? — деді Чармиан әлі де үмітін үзбей.

Мисс Марпл басын шайқап: “Меніңше, қалқам, ештеңені де ұмыт қалдырмаған сияқтысың. Тіпті маған салсаң, тым артықтау кеткенсің дер едім. Кімнің де болсын өзінше жоспары болғаны дұрыс. Досым Эльдрич сияқты. Оның сондай бір жақсы қызметші қызы бар-тын. Линолеумдерді айнадай етіп тазалайтын. Артық етем деп тыртық етеді демекші, бірде ол ванна бөлмесінің еденін тым артық ысқылап жіберсе керек. Эльдрич ханым ваннадан аттап шыға бергенде аяғының астындағы резина төсеніш жылжып кетіп, оңбай құлап, аяғын сындырып алған. Масқара болды, өйткені ванна бөлмесінің есігі кілттеулі болғандықтан, бағбан жігіт ішіне саты ағашпен терезеден түсуге мәжбүр болған. Эльдрич ханым тым ұялшақ адам еді, жерге кіріп кете жаздапты”, — деді.

Эдвард шыдамы таусылып, қипалақтап кетті.

Мисс Марпл оны сезе қойып: “Кешіре көріңдер мені, бірін айтып, біріне кететінім бар осылай. Бірақ бірін айтсаң, екіншісі еске түседі де. Кейде ондайдың пайдасы да тиеді. Менің бар айтайын дегенім, жан-жақты ойланып көрейікші, ештеңе қалып қойған жоқ па?..” — деді.

Эдвардтың мазасы кетіп: “Сіз ойланыңыз, мисс Марпл. Чармиан екеуіміздің миымызда қазір дым да жоқ!” — деді.

— Қойдым, қойдым. Әрине, сендер әбден титықтадыңдар. Егер қарсы болмасаңдар, мен мына қағаздарды бір қарап шығайын, — деді ол, үстелде жатқан қағаздарды көрсетіп. — Онда да егер құпия болмаса ғана, өйтпесе біреудің ісіне қол сұққандай болып жүрмейін.

— Еркіңіз білсін. Бірақ сіз одан еш нәрсе таба алмайсыз-ау деп қорқамын.

Ол үстелге жақын отырып, құжаттарды іскерлікпен зер сала қарап шықты. Өрбір қағазды қараған сайын оны ыңғайына қарай саралап, тәптіштеп, жеке-жеке топтап қойды. Бәрін қарап болған соң, біраз уақыт алдына қараған күйі отырып қалды.

Эдвард кекете сөйлеп: “Иә, мисс Марпл, сонымен не айтасыз?” — деді.

Мисс Марпл селк етіп, өзіне өзі келді де: “Кешіріңіз, мұның пайдасы тиеді”, — деді.

— Іске татыр бірдеме таптыңыз ба?

— Жоқ, ондай еш нәрсе байқамадым, бірақ есесіне нағашы атаңыздың қандай адам екенін білдім. Менің нағашым Генриден айнымайды екен. Қалжыңбас. Салт басты бойдақ болса керек, бірақ неге бұлай етті екен әлде көңілі қалып ерте түңілгені ме? Белгілі бір дәрежеге дейін ғана болмаса, басыбайлылықты онша жаны сүймейді. Бойдақ біткеннің көбі солай!

Мисс Марплдың арт жағынан келіп Чармиан Эдвардқа ымдап белгі берді. Онысы “мынау алжыған кемпір шығар” дегені еді.

Мисс Марпл марқұм Генри нағашысы жөніндегі әңгімесін рахаттанып айта бастады.

— Бұралқы сөзге әуес еді ол. Көп адам ондайды ұнатпайды. Тіпті жай ғана бұра сөйлегеннің өзі шамына тиісі мүмкін ғой. Онымен қоса өзі сондай күдікшіл болатын. қызметшілерінің бәрін де ұры санайтын. Кейде ондайлары да болды, ішінара. Бірақ бейшара ешкімге сенбей-ақ кетті ғой. Өмірінің соңғы шағында қызметшілерінен тамағыма бірдеме қосып беріп жүр деп күдіктенді. Қауіптенгені сонша, піскен жұмыртқадан басқа нәр татпайтынды шығарды. Ондағысы — қабығын бұзып жұмыртқаны ешкім де бүлдіре алмайды дегені. Қайран нағашым-ай, кезінде одан көңілді адам болмаушы еді. Түскі астан кейін кофе ішкенді қалай ұнатушы еді. “Мына кофе нағыз Мавританиянікі ғой”, — дейтін ұнатып, тағы да ішкісі келсе.

Мисс Марплдың Генри нағашысы туралы енді бір-екі ауыз сөз естісе, Эдвард жынданып кететіндей сезінді.

— Жастарды да жақсы көретін, — деді мисс Марпл сөзін одан ары жалғастырып, — олармен ептеп өзілдегенді, ойнағанды тәуір көретін. Менің нені айтып отырғанымды түсінетін боларсыз. Мәселен, көмпит салған қораптарды балалардың қолы жетпейтін жерге әдейі қоятын.

Чармиан аңғалдықпен: “Өзі бір құбыжық адам екен ғой”, — деді.

— Жоқ, о не дегеніңіз, жаным, балалардың не екенін біле бермейтін сұр бойдақ болатын. Түк білмейтін топас та емес-тін. Ол үйінде сейф ұстап, бар ақшасын сонда сақтайтын. Сейфті қызғыштай қорғайтын. Көп сөйлеуші еді, тілінен тапты ғой деймін, бір түні ұрылар түсіп, сейфін бұзып кетті.

— Сауап болған екен, — деді Эдвард.

— Сөйтсе, сейфке ол көк тиын да салмапты, — деді мисс Марпл. — Көрдіңіз бе, ақшасын ол басқа жерде ұстаған, мәселен, кітапханадағы діни кітаптардың ар жағына тығып қойған. Ондай кітаптарға ешкімнің де тимейтіндігін айтқан еді бір кезде.

Эдвард пыдамсыздана сөзге араласып: “Мына сөздің жаны бар. Кітапхананы қарап шықсақ қайтеді?” — деді.

* * *

Бірақ Чармиан жақтырмай басын шайқап: “Мен оны ойламады ғой дейсің бе? Өткен бейсенбіде өзің Портсмутке кеткенде кітаптардың бірін де қалдырмай қарап шыққам. Онда дым да жоқ”, — деді.

Эдвард күрсінді. Сосын ол орнынан тұрып, өздерін мезі қылған қонақтан ренжітпей тезірек құтылғысы кеп: “Бізге қол ұшын бергеніңізге дән ризамыз. Босқа өуре еткенімізге кешірім сұраймыз. Соншама уақытыңызды босқа алғанымызды сезіп тұрмын. Өйткенмен де мен қазір машинамы алып шығайын, сіз үш жарымдағы пойызға үлгересіз, — деді.

— Мұныңызға жол болсын, — деді мисс Марпл, — бірақ біз өлгі ақшаны табуымыз керек қой жоқ әлде керегі жоқ па? “Шешінген судан тайынбас” дегендей, Росситер мырза, енді бас тартуға болмайды. Бірден жол болмаса, тағы да... екінші рет, үшінші рет... бақты сынап көру керек.

— Сіз немене, өлі де жалғастырмақ ойыңыз бар ма?

— Дәлірек айтсам, — деді мисс Марпл, — мен өлі бастаған да жоқпын.

“Алдымен қоянды ұста, қуыруы қаппас” дейді өзінің аспаз кітабында Бийтон ханым. Осы бір тамаша, бірақ өкесінің құнын сұрайтын қымбат кітапта рецептердің көпшілігі: “Бір кварта¹ қаймақ пен он шақты жұмыртқаны...— деп басталады. — Айтпақшы, не айтып отыр едім жаңа? Иә, иә, сонымен, біз қоянымызды ұстап алдық қой! Ол, өрине, сіздің нағашыңыз Мэтью. Ендігі мәселе ақшаны ол қайда тығуы мүмкін, соны шешу керек. Бұл оңай болуға тиісті”.

— Оңай дейсіз бе? — деді Чармиан.

¹ *Кварта* — 1,14 литрге тең.

— Әрине, қалқам. Ендігісі белгілі. Ол — жасырын тартпа, менің шешімім осы.

Эдвард онша сеніңкіремей: “Сіз, мәселен, кесек-кесек алтынды жасырын тартпаға сақтамаған болар едіңіз”, — деді.

— Жоқ, әрине. Бірақ ақша алтын күйінде деуге ешбір дәлел жоқ қой.

— Ол ылғи да солай деп жүрді ғой...

— Менің Генри нағашым да сейф жөнінде осылай жар салып жүретін! Бұның жай ғана бет перде екеніне күмәнім жоқ. Бриллианттарды осы кезде жасырын тартпаға оп-оңай тығып тастауға болады.

— Бірақ біз ондай тартпалардың бәрін де қарап шықтық қой. Жиһаздарды тексеріп шығу үшін ағаш ұстасын да шақыртқанбыз.

— Солай ма, қалқам? Оларың ақыл болған. Бәрінен бұрын нағашының жазу үстелін тексеріп шығу керек дер едім. Ол ана қабырғаға тақау тұрған биік үстел ғой?

— Иә. Мен оны сізге көрсетейін. Чармиан үстелдің қасына барып, шалқалап ашылатын есігін төмен түсіріп еді, ар жағынан қағаз салатын үлкенді-кішілі тартпалар көрінді. Ортасындағы кішкентай есікшені ашып, сол жақтағы тартпаның ішкі жағындағы бір серіппені түртіп қалып еді, ортаңғы тартпаның түбі жылжып ілгері шықты. Чармиан өлгіні бері қарай тартқанда, астыңғы жағынан шағын қуыс көрінді. Іші бос екен.

— Ұқастығын қарай гөр, — деп, мисс Марпл дауыстап жіберді. — Генри нағашымның да жазу үстелі дәл осындай болатын. Тек ол кісінікі жаңғақ ағашынан істелген болса, мынау қызыл ағаштан жасалыпты.

— Қалай дегенмен де, — деді Чармиан, — мұнда ештеңе де жоқ екенін көріп тұрсыз ғой.

— Байқауымша, — деді мисс Марпл, — өлгі ағаш ұсталарыңыз жас адам болса керек. Ол бәрін біле бермейді. Бұрынғы кезде жасырын қуыс жасайтындар өте шебер болған. Бір қуыстың ішінен және бір қуыс пайда бола қалады кейде.

Желкесіне түйген бұрыл шашынан мисс Марпл бір түйреуішті суырып алды да, оны жазып түзетті. Бір ұшын өлгі қуыстың екінші жағындағы кішкентай тесікке тығып, титімдей ғана бір тартпаны суырып шығарды. Оның ішінен бір бума ескі хаттар мен бүктелген қағазды ашып көрді де, жиіркенішпен: “Тамақтың рецепті, қақталған ет!” — деп жерге тастай салды.

Чармиан хаттарды бұған лентаны шешіп, біреуін алды да: “Махаббат хаттары” ғой!” — деді.

Мисс Марплдың да шыдамы кетіп, ынтығып: “Қандай қызық десеңші! Нағашыңның неге үйленбегенінің сыры осында болар”, — деді.

Чармиан дауыстап оқи бастады:

“Аса қадірлі Мэтью, шынымды айтсам, соңғы хатыңды алғаннан бері талай уақыт өткен сияқты. Өзіме тапсырылған өр түрлі міндеттерді орындап, бар уақытты сонымен өткізуге тырысып жатқан жайым бар. Жер шарын шарлап, көп жерді көзбен көргеніме бақыттымын. Америкаға барғанда осындай қиыр шеттегі аралдарға кетіп қалам деген үш ұйқтасам түсіме де кірмеп еді!..”

Чармиан тоқтап: “Бұл хат қай жерден? О... Гавай аралдарынан ғой!” — деді. — Сосын ол хатты ары қарай оқи бастады: “Өкінішке орай, мұндағы жергілікті халық өлі тас дәуірінде. Жабайы қалпында, үстегінде лышасы жоқ, тырдай жалаңаш, көп уақытын шомылумен, билеумен өткізеді. Өздерін гүл тізбектерімен өшекейлегенді ұнатады. Грей мырза олардың біразын біздің дінге шоқындырды, бірақ бұл мандымайтын қиын жұмыс екен. Содан да болар, Грей ханым екеуінің ұнжырғасы түсіп жүр. Қолдан келгенше оларды жігерлендіріп қоямын, бірақ өзін де сезесің ғой, қадірлі Мэтью, менің де шекем қызып жүрген жоқ. Құрып кетсін, сүйегіңмен көріспеу нағыз барып тұрған тозақ екен. Өлі де сүйегіндігінді білдіріп, ант еткен хатыңды алып қатты қуанып қалдым. Қазір де, алда да тек сендікпін, қымбатты Мэтью.

Өзіңді шын сүйетін махаббатың — *Бэтти Мартин*”.

“P.S. Хатымды қос конвертке салып, әдеттегіше, екеуміздің ортақ досымыз Матильда Грейвзге жолдап отырмын. құдайдың өзі кешірет мұндай күнәні”.

Эдуард ысқырып: “Әйел миссионер де! Мэтью нағашымыздың махаббаты осы болды ғой. Бұлар сонда неге үйленбеген?” — деді.

— Қалыңдығы дүниені шарлап кеткенге ұқсайды ғой, — деді Чармиан, хаттарға көз жүгіртіп жатып. — Мавритиус¹, тағысын тағы да. Сары безгектен иә болмаса басқа бірдемеден ажалын тапқан болар.

Сықылықтаған күлкіні естіп олар селк ете қалды. Мисс Марпл мөз екенін сездіріп: “Иә, иә, — бөлесін қарай гөр өзінің!” — деді.

Мисс Марпл қақталған еттің рецептін оқып отырған. Аналардың сұқтана қарағанын байқап, дауыстап оқи бастады: “Шпинат қосып қақтаған ет. Сан еттің үлкен бір кесегін алып, қытай пиязымен араластырыңыз. Бетіне қоңыр қант себіңіз. Отын бөсеңдеу етіп, пешке қақтап пісіріңіз. Шпинаттан тұздық жасаңыз”.

¹ *Мавритиус* — Мадагаскарға жақын орналасқан арал.

— Бұл туралы қандай ойыңыз бар?

— Меніңше, оңып тұрған ештеңе де жоқ, — деді Эдвард.

— Жо-жоқ, шынында да, бұл тәуір нәрсе, бірақ жалпы қандай ойыңыз бар деймін?

Кенеттен Эдвардтың жүзі күлімдеп: “Сіз немене, мұны код иә болмаса криптограмма деп ойлайсыз ба?” — деді. Ол ұға қойды. — Байқайсың ба, Чармиан, бұл әбден мүмкін! Өйтпесе жасырын тартпаға тамақтың рецептің тығатын себебі жоқ қой.

— Дәл солай, — деді мисс Марпл, — бұл — ойланатын нәрсе.

Чармиан: “Мен білсем, бұл — көзге көрінбейтін сия! Келіндер, қыздырып көрейік. Электр пешің қоспы”, — деді.

Эдвард Чармианның айтқанын істеп еді, ала-бөтен жазу көріне қоймады.

Мисс Марпл жетеліп: “Меніңше, сендер тым қиындатып жібердіңдер. Рецепт тек қана белгі. Мәселе, меніңше, хаттарда”, — деді.

— Хаттарда дейсіз бе?

— Өсіресе, — деді мисс Марпл, — ана қол қойылған хатты айтамын.

Бірақ Эдвард мисс Марплдың сөзін толық естімей қалды. Ол қатты толқып: “Чармиан! Мұнда кел! Бұл кісі дұрыс айтып отыр. Байқашы өзің, конверттердің бәрі де ескі. Ал хаттар кейін жазылған”, — деді.

— Дәл солай, — деді мисс Марпл.

— Хаттардың ескілігі жасанды. Оларды Мэтью нағашымыздың өзі істегеніне титтей де күмәнім жоқ.

— Дәл айтады, — деді мисс Марпл.

— Бастан-аяқ өтірік. Өйел миссионер еш уақытта да болмаған. Бұл код болуы керек.

— Айналайындар, істі қиындатудың түкке де қажеті жоқ. Нағашыларың шынында да қарапайым адам екен. Оның аздап өзілдегісі келген, басқа түк те жоқ.

Олар мисс Марплға енді ғана шын көңіл бөле бастады: “Турасын айтыңызшы, сіздің ойыңыз қандай, мисс Марпл?” — деді Чармиан өтініп.

— Мен айтсам, қалқам, сен дәл қазір ақшаны қолыңда ұстап тұрсың.

Чармиан төмен үңілді.

— Қойылған қолды айтамын, жаным. Бәрін айтып тұрған сол. Рецепт тек белгі ғана. Егер ана қытай пияз, қоңыр қант, тағысын тағылардың бәрін алып тастаса, не қалады? Өрине, сан ет не шпинат қалады! Ал оның мағынасы — бос сөз¹. Ендеше мәселенің түйіні хаттарда екені анық.

¹ Ағылшын тілінде “сан ет”, “шпинат” деген сөздердің екінші мағынасы бос сөз дегенді білдіреді.

Сосын өлерінің алдында нағашыңның не істегеніне көңіл аударып көрші. Өзің айтпақшы, көзін ашып-жұмып еді ғой. Біле білсең, бұл да жұмбақтың шешуі.

— Біз ақымақпыз ба жоқ әлде сіз бе? — деді Чармиан.

— Қалқам, осы күні қолданыла ма, жоқ па, бірақ бір нәрсенің өтірік екенін білдіру үшін айтылатын мынадай бір сөз тіркесін естіген де боларсың.

Демі жетпей қалған адамдай Эдвардтың аузы ашылып кетті. Көзі хаттағы “Бэтти Мартин...” деген сөздерге түсті.

— Әрине, Росситер мырза. Жаңа ғана өзіңіз айтқандай, ондай адам жоқ және болған да емес. Хаттар нағашыңыздың өз қолымен жазылған. Меніңше, бұл хаттарды жазудан ол үлкен ләззат алған. Өзіңіз айтқандай, конверттердің сыртындағы жазулар тым ескі. Шынында да, олар ішіндегі хаттардың конверттері емес, себебі қазір қолыңызда ұстап отырған конверттегі поштаның мөрі 1851-жылы басылған, — деді де, мисс Марпл сөзін жұтып, кідіріп қалды. Сосын мән бере: “1851-жылы басылған. Яғни бар жұмбақтың жауабын осыдан іздеу керек, түсінікті ме?” — деді.

— Түсіне алмадым, — деді Эдвард.

— Иә, әрине, — деді мисс Марпл, — егер немере жиенім Люнел болмаса, мен де дым сезбеген болар едім. Өзі бір өте сүйкімді балапан, сосын марка жинауға жаны құмар және ол жайлы білмейтіні жоқ. Сирек кездесетін қымбат маркалар туралы да, аукционға келіп түскен не бір таптырмайтын марка жөнінде де маған сол жиенім айтқан болатын. Сосын оның 1851-жылы шыққан 2 центтік¹ бір көк марка жөнінде айтқаны есімде анық қалыпты. Ұмытпасам, ол марка 25000 долларға сатылыпты. Байқайсыз ба? Ана басқа маркалардың да сондай сирек әрі қымбат болуы өбден ықтимал. Дау жоқ, оларды да нағашыңыз саудагерлерден сатып алған, сосын детектив өңгімелердегідей сақтық жасап, ізін жасырмақшы болған.

Эдвард ыңыранды. Қолымен бетін бүркеп отырып қалды.

— Саған не болды?—деді Чармиан.

— Ештеңе де болған жоқ. Мисс Марпл болмаса мына хаттарды біз бірін қалдырмай, өз қолымызбен отқа жағып жіберер едік-ау, — деген сұмдық ой келді басыма.

— Иә, иә, — деді мисс Марпл, — бұл өзілқой қарт джентельмендерді қойсаңшы. Осы жағын мүлде ескермейді. Әлі есімде, Генри нағашым бірде өзінің жақсы көретін жиен қызына жаңа жылға арнап 1 фунт ақша салып

¹ *Цент* — доллардың жүзден бір бөлігі.

жібереді. Ақшаны ол жаңа жылға арналған құттықтаудың ішкі жағына жапсырып, сыртына: “Биылғы сыйлық осы-ақ болды. Өзіңді жақсы көретін, жақсы тілек тілеуші нағашың”, — деп жазса керек.

Қыз бейшара мұны нағашысының сараңдығы деп түсінеді де, ренжіп, бірден отқа лақтырып жібереді. Содан соң нағашысы оған екінші рет сыйлық жасауға мәжбүр болған.

Эдвардтың мисс Марплдың нағашысына деген сезімі күрт өзгеріп шыға келді.

— Мисс Марпл, — деді ол, — мен бір шампан қоямын. Біз оны сіздің Генри нағашыңыздың денсаулығы үшін ішетін боламыз.

МІНСІЗ ПЕРІШТЕНІҢ ОҚИҒАСЫ

— О, мадам, мүмкін болса, сізбенен бір ауыз тілдесуге болар ма екен?

Эднаның мұнысы сандырақ секілді болып көрінуі де мүмкін еді, өйткені ол мисс Марплдың қызметшісі-тін. Сосын басқа біреу емес, мисс Марплдың өзімен сөйлесіп тұрған болатын.

Таныс үнді естісімен мисс Марпл ізінше: “Өрине, Эдна. Ішке кір де, есікті жап. Не айтайын деп едің?” — деді.

Айтқанын екі қылмай есікті жауып, Эдна ішке қарай жылжыды. Алжапқышының бір ұшын саусақтарымен бүктеп, бір-екі рет жұтынып қойды.

— Иә, не айтпақшы едің, Эдна? — деді мисс Марпл жігерлендіре түсіп.

— О, мадам, рахым өтінемін. Немере сіңлім Глэдистің жайы еді. Жұмысынан айырылып қалыпты ол.

— Қойшы, рас па? Онысы қиын болған екен. Ол қыз ана Оулд Холлда тұратын Скиннерлердің қызметшісі емес пе еді?

— Иә, мадам, дұрыс айтасыз. Глэдис байғұс абыржып, қатты қамығып жүр.

— Бұдан бұрын да Глэдис жиі орын ауыстырып жүрді ғой, солай емес пе?

— Дәл солай, мадам, орын ауыстырғанға өуес-ақ. Бір жерге тұрақтап істей алмайды. Бірақ, бір қызығы, осыған дейін ол өз еркімен кетіп жүрген!

— Ал бұл жолы ше, керісінше ме? — деді мисс Марпл салқындау сөйлеп.

— Иә, мадам, сосын ғой оның қатты ренжіп отырғаны.

Мисс Марпл ептеп таңданып қалды. Анда-санда қолы бос кезінде шай ішуге қыз келіп-кетіп тұратын. Толық келген, мінезі ауыр, күлімсіреп жүретін.

Эдна сөзін жалғастырып: “Мадам, бұл ана мисс Скиннерден болып отыр”, — деді.

— Сонда қалай, — деді мисс Марпл асықпай, — Мисс Скиннерге несі жақпай қалыпты?

Бұл жолы Эдна білетінін бастан-аяқ баяндап шықты.

— О, мадам, Глэдиске бұл өте ауыр тиіп отыр. Мисс Эмилидің сәнді түйреуіштерінің бірі жоғалып, бұрын-соңды болмаған үлкен айқай-шу көтеріліпті. Мұндайды ешкім де қаламайды, әрине, ұят нәрсе ғой. Глэдис те көмегін беріп, барлық жерді тінтіп шығыпты. Мисс Лавиния полицияға барып айтпақшы болған екен. Сөйтсе, жаңағы түйреуіш табылыпты. Біреу оны туалет бұйымдарын қоятын үстелдің тартпасының түбіне тыға салыпты. Глэдис қатты қуанған көрінеді. — Дәл соның ертесіне бір тақсы сынса, мисс Лавиния жүгіріп шығып, Глэдиске бір айдан соң орынды босат депті. Глэдистің байқауынша, тарелканың сынғанын жай желеу етіп отырса керек. Ал, шындығында, ол өлгі сәнді түйреуішті ұрлаған да, сосын полиция келеді дегенді естіп, орнына қайта қойған да Глэдис деп ойлайтын көрінеді. Глэдис олай етпейді, ондайға ешқашан бармайды да. Өсек тарап, ел сөз қылады деп қынжылады ол. Қыз балаға мұның қиын екенін түсінесіз ғой, мадам? Мисс Марпл басын изеді. Ол менмендеу, толықша келген Глэдисті аса жақсы көрмесе де, табиғи тазалығына күмәнданбайтын. Сондықтан да мына жағдайдың қыздың бетіне салық болғанын ол өте жақсы сезді.

Эдна жабырқау үнмен: “Байқауымша, сіз еш нәрсе де істей алмайсыз ғой, мадам?” — деді.

— Ақымақ болмасын де оған, — деді мисс Марпл қабағын шытыңқырап. — Егер түйреуішті алмаған болса, алмағандығына менің көзім жетеді, онда абыржитын жөні жоқ қой.

— Өсек тарайды ғой, — деді Эдна түнеріп.

Мисс Марпл: “Мен... е ... түстен кейін солай қарай барамын. Мисс Скиннерге бір ауыз айтармын”, — деді.

— Үлкен рахмет, мадам, — деді Эдна қуанышы қойнына сыймай.

* * *

Оулд Холл Виктория¹ үлгісімен салынған, айналасын жасыл желек бақ қоршаған үлкен үй болатын. Дәл сол күйінде жалға беруге де, сатуға да болмайтындықтан, бір іскер алыпсатар оны төрт пәтерге бөліп, ыстық сумен

¹ Виктория – 1837-1901-жылдары өмір сүрген ағылшын королевасы.

жылитын орталық жүйе орнатыпты. Пәтер жалдаушылар жерді ортақтасып пайдаланатын болса керек. Бұл тәжірибе өзін ақтапты. Бір пәтерді ақымақтау бай әйел қызметшісі екеуі жалдап алыпты. қарт әйел құстарға құмар екен, күнделікті ермегі құсы барларды қонаққа шақырып, соларды күтетін көрінеді. Екінші пәтерді жұмысын қойған үндістандық сот пен әйелі, үшінші пәтерді жақында ғана үйленген бір жас отбасы, ал төртіншісін осыдан екі ай бұрын өлі ерге шықпаған апалы-сіңлілі Скиннер дейтіндер жалға алыпты. Пәтер жалдаушы төрт жүп бір-біріне қатынаспайды екен, себебі олардың бастарын қосатындай ортақ еш нәрсе болмаса керек. Үй қожасына керегінің өзі де сол көрінеді. Өйткені дос адамдар суысса, өзіне келіп бірінің үстінен бірі шағым айтады деп қорқатын тәрзіді.

Мисс Марпл пәтер жалдаушылардың бірде-бірін жақсы білмесе де, олармен таныс болатын. Скиннерлердің еңбекке жарамдысы тек үлкені мисс Лавиния ғана болатын. Мисс Эмили, кішісі, аурушаң еді. Бірақ Санкт Мэри Мийд селосының тұрғындары оның ауруы жасанды, шып-шылғи өтірік деп сенбейтін. Тек мисс Лавиния ғана сіңлісін шынымен азап шегіп жүр деп есептеп, оның асты-үстіне түсіп, айтқанын істеп, бірдемелерді іздеп шарқ ұрып жүргені.

Санкт Мэри Мийдтегі жұрт мисс Эмилидің алып бара жатқан ауруы жоқ, өйтпесе ол әлдеқашан дәрігер Хэйдокты шақырғар еді деген ойда болатын. Осыны біреулер оған жұқалап сөздіріпті де. Сөйтсе, мисс Эмили кірпіктерін зорға қимылдатып, қасын керіп, науқасының жай науқас еместігін, тіпті Лондондағы ең жақсы деген мамандардың да қолынан еш нәрсе келмей, енді бір аса мықты емшіге тап болып, көз көріп, құлақ естімеген жаңа ем қабылдап жатқанын және денсаулығы сол емнен түзелуі мүмкін деп шынымен үміттенетінін айтыпты. Анау-мынау дәрігер оның ауруын түсінбейтін болса керек.

Ойына келгенін бүкпей ашық айтатын мисс Хартнелл былай депті: “Меніңше, мисс Эмилидің дәрігерді шақыртпағаны үлкен ақыл болған. Біздің дәрігер Хэйдокқа салсаң, өзінің желпілдек мінезіне басып, “Ештеңе де жоқ, тұрып жүре беріңіз, қорқатын дым жоқ!” – деп қолын бір-ақ сілтер еді.

Ондай емді менсінбей, мисс Эмили диванда жата береді екен. Жан-жағына дәрі-дәрмектің неше түрін үйіп қойып, өзіне арнап жасаған тамақтың бірін де татпай, табылуы қиын, қолға оңайшылықпен түспейтін нәрселерді сұрайды екен.

Марплға есікті Глэдис ашты. Оның өңі мисс Марпл мөлшерлегеннен де жабырқау көрінді. Қонақ күтетін бөлмеде (бұл о бастағы қонақ күтетін үлкен бөлменің ширегі ғана болатын, себебі өлгі үлкен бөлмені кейін ас ішетін, қонақ күтетін, ванна және ыдыс-аяқ қоятын белмелерге айналдырып жіберген) мисс Марплды мисс Лавиния орнынан тұрып қарсы алды.

Лавиния Скиннер бойы биік, арықтау, сүйегі ірі; жасы елулерге келген, даусы жуандау, мінез-құлқы тік әйел екен.

— Қош келдіңіз, — деді ол. — Эмили ауырып жатыр, бүгін байғұстың жағдайы онша емес. Сізбен сөйлесе, көңілі кетеріліп қалар еді, бірақ кейде кісімен дидағласуға да мұршасы келмей қалады. Бейшараны қойсаңызшы, пыдамды болғанда керемет ит жанды ғой.

Мисс Марпл ізетпен жауап қатты. Санкт Мәри Мийдте сөз көбінесе қызметшілер жайында болатын. Сондықтан өңгімені солай қарай бұрып жіберу оған қиынға түскен жоқ. Ол өлгі сүйкімді қыз Глэдис Холмздың жұмыстан кетпекші болып жүргені жайлы естігенін айта бастады.

Мисс Лавиния басын изеп: “Бір жұмадан кейін кетеді. Ыдыс-аяқ сындырады. Мұндайды жаным сүймейді”, — деді.

Мисс Марпл күрсініп: “Қазір бөріне де көнуге тура келеді. Селолық жерлерге қыздарды келтіру қиындап кетті ғой. Мисс Скиннер осы жағын ескерсін, Глэдиспен қоштасқанды дұрыс дей алар ма екен?” — деді.

— Қызметші табу қиын екенін білемін, — деді Мисс Лавиния күптап. — Деверюкстер адам таба алмай жүр, бірақ оған таңданатын түк те жоқ. Ылғи жанжал, түні бойы у-ду, кез келген уақытта ас даярлау қажет, оның үстіне ана қызметші қыз үй шаруасына мүлдем жоқ екен дейді ғой. Оған кездескен күйеудің соры да! Сосын Ларкиндердің қызметшісі де кетіп қалды. Әрине, соттың мінезіне шыдау қиын, оның құлқын сөріде тамақ ішетіні бар, сосын әйелінің сіркесі су көтермейді. Бұған да таңданбаймын. Гармихаел ханымның Жанегі тұрақты мұнда, бірақ мен білсем, ол барып тұрған сүйкімсіз әйел. Ана қарт ханымды өбден билеп алған.

— Олай болса, Глэдис туралы қайта ойланып көрерсіз. Ол — шынында да жақсы қыз. Мен оның үй ішін түгел білемін. Өте адал, жақсы адамдар.

Мисс Лавиния басын шайқап: “Менің өз есебім бар”, — деді паңданып.

Мисс Марпл күбірлеп: “Түйреуішіңізді жоғалтып алыпсыз ғой, білем...” — деді.

— Оны кім айтып жүр? Ана қыз ғой, сірә. Шынын айтсам, сол қыздан көремін. Қорққанынан орнына қайта қоя салған. Бірақ көз жетпеген соң ештеңе айта алмайсың, — деді ол. Сосын өңгімені басқа жаққа аударып:

— Жүріңіз, Эмилиді көріңіз, мисс Марпл. Сөз жоқ, оның көңілі көтеріліп қалады, — деді.

Мисс Марпл мисс Лавинияның соңынан жүрді. Есікті қағып, рұқсат алған соң, ол қонақты өлгі пөтердегі ең тәуір саналатын, перделері жартылай жабық, қара көлеңке бөлмеге алып кірді. Мисс Эмили төсегінде жатыр екен. Күңгірттік пен белгісіз азаптың құшағында секілді. Қаракөлеңкеде ол арық, жасқаншақ адам сияқты болып көрінді. қалың, ақ шалған сары шашын басына бейберекет орай салыпты. Бұйралары қобырап, көдімгі құстың ұясы елестетеді. Құс екеш құс та мұндай ұяны менсіне қоймас. Бөлме ішінде өтір, көгерген печенье мен зығыр майының иісі шығады.

Көзін өлімсірей ашып, жіңішке, әлжуаз дауыспен Эмили Скиннер бүгін ауыр күндерінің бірі екенін айтты.

— Аурудың ең қиын жері, — деді мисс Эмили солғын дауыспен, — өзіңнің басқаға масыл екеніңді түсіну екен. Лавиния маған сондай жақсы қарайды. Апатайым-ай, мазаңды алдым-ау! Жылытқымның суын ықшамдап бермейсің бе? Тек шақтап қана. Тым көп болса, зілдей болып кетеді, тым орталап жіберсе, лезде суып қалады.

— Кешір, қалқам, бері берші, ептеп суын азайтайын.

— Олай болса, суын да ауыстырып берерсің. Үйде кептірілген қатты нан жоқ болар, сірә. Жә, мейлі ештеңе етпес. Керегі жоқ. Сұйықтау шай мен бір тілім лимон болса... лимон да жоқ қой деймін? Жоқ, лимонсыз шай іше алмаспын. Бүгін таңертең сүт ептеп ашып қалған екен, енді сүттен де бетім қайтып қалды. Еш нәрсе етпес. Шай ішпесем де болар. Тек өлсіреп тұрғаным. Естуімше, шаян балық нәрлі болады дейді. Содан жеп көрсем, қалай болар еді. Жо, жоқ, күн кеш боп қалды, ол оңайлықпен қолға түспес. Ертеңге дейін ораза ұстармын.

Лавиния велосипедпен селоны аралап қайту керек дегендей түсініксіз бірдеңені міңгірледі де, бөлмеден шығып кетті.

Мисс Эмили қонаққа болмашы ғана күлімсіреп, кісінің мазасын алғанды сондай жаны сүймейтінін айтты.

Сол күні кешке қарай Эднаға мисс Марпл істеген тірлігінен түк те шықпағанын түсіндірді.

Гледистің адал еместігі жайлы өсектің селоға тарап үлгергеніне мисс Марпл қатты қапа болды.

Поштада мисс Бетерби оны ұстай алып: “Джейн, бар ғой, олар Гледиске жазбаша ынталы, ақылды, ізетті деп

мінездеме беріпті, бірақ адалдық жайлы бір ауыз сөз жоқ дейді онда. Меніңше, ең керегі адалдық қой! Естүімше, түйреуішке байланысты бір өсек бар, соған қыздың қатысы болса керек. Өйтпесе, өзің білесің ғой, осы күні асып кеткен сорақы болмаса, қызметшісін ешкім де жібере салмайды. Енді оларға басқа кісі табу оңайға түспейді. Бұдан былай қыздар Оулд Холлға мүлде жоламай қояды. Бос күндері үйлеріне барған кезде олардың мазасы жоқ дейді. Көресің әлі, өлгі Скиннерлер басқа ешкімді де таба алмайды. Енді, мүмкін, ана бір жексұрын науқасшаң сіңлісінің өзі тұрып бір нәрсе істейтін болар!

Апалы-сіңлілі Скиннерлер елге пайдалы қызмет көрсететін бюронның бір бөлімшесінен және бір қызметші қыз тауып алыпты, онысы нағыз періштенің өзі екен деген қауесет тарағанда, село жұрты қатты ыза болды.

“Үш жылғы мінездемесі төп-төуір, өзі селоны ұнатады екен, сосын жалақыны Глэдиске қарағанда аз сұрайды. Жолымыздың болғанына қатты қуанып жүрмін”, – деген әңгімені мисс Марпл балық сататын дүкеннің ішінде мисс Лавинияның өз аузынан естіп: “Айтатыны жоқ, тым төуір көрінеді. Тек атына заты сай болса”, — деген болатын.

Сосын Санкт Мэри Мийдтегі жұрт жадағы періштені түбінде айнып қалып, келмейді десті.

Бірақ өлгі айтқандардың бірі де болмай, жұрт селоның қақ ортасымен Оулд Холл жаққа Рид таксиімен кетіп бара жатқан, үй шаруасының майталман шебері, Мэри Хигинз дейтінді өз көздерімен көрді. Сұлулығын мойындамауға болмады. Тым келбетті, жарасымды киінген әйел екен.

Келесі жолы, жергілікті священник ұйымдастырған жәрмеңкеге барған кезде, мисс Марпл Оулд Холлға тағы да соға кеткен болатын. Есікті Мэри Хигинз ашты. Қызметші әйел, шынында да, өте көрікті екен. Шамамен жасы қырықтарда, жинақы, қара шашты, екі беті алмадай. Тольқша денесіне үйлесімді қара көйлек пен ақ алжапқыш жарасып-ақ тұр. Басына үй қызметіндегі әйелдердің қалпағын киіп алыпты. “Көдімгі баяғы замандағы сүйкімді жалшы әйелдердің бірі дерсің. Өзінің жағымды да бөсең өрі ізетгі үні Глэдистің тамағынан шығатын зор даусына мүлде ұқсамайды”, — деді мисс Марпл.

Мисс Лавинияның өңінен бұрынғыдай қатты шаршамай-тындығы байқалады. Сіңлісінен қолы тимей, жәрмеңкеге бара алмай қалғанына өкінсе де, ол шіркеуге әжептөуір ақшалай үлес қосыпты. Келесі жолы жәрмеңкеге қаламұш

тазалайтын бұйым мен жас нәрестелердің аяғына кигізетін байпақ тоқып апаратын болыпты.

Мисс Марпл оған өңінің кіріп қалғанын айтса, мисс Лавиния: “Мұның бәрі де Мәридің арқасы. Оның алдындағы қыздан құтылғанымға сондай ризамын. Мәриге баға жетпейді. Тамақты сондай әдемі пісіреді, дастарқанның сөнін қалай келтіреді десеңізші. Кішкентай пәтерімізді мұнтаздай таза ұстайды, төсеніштерді күн сайын ауыстырып қағады. Эмилиге сондай жақсы қарайды”, — депті.

Мисс Марпл одан дереу Эмилидің жағдайын сұрастырды.

— Бейшараны қойсаңызшы, кейінгі кезде тым нашарлап кетті ғой. Әдейі істемейді ғой, әрине, бірақ кейде қатты қиналамын. Көңілі қалаған соң бірдемелерді пісіріп, дайындап алдына қойсаң, мезгілінде ішпей қояды да, жарты сағаттан соң қайта сұрайды. Ол кезде тамақ суып, дәмі кетіп қалады. Енді оны қайта жасауға тура келеді. Мұның бәрі көп жұмыс, бірақ бақытымызға қарай Мәри мүлде ренжімейді. “Жарымжан адамдарды күтуге етім үйренген, оларды түсінемін”, — дейді. Мұнысы қандай жеңілдік десеңізші.

— О не дегеніңіз, — деді мисс Марпл, — сіз бақытты адам екенсіз.

— Айтатыны жоқ. Жалбарынғанымыз құдайдың құлағына шалынып, Мәриді тап қылды ғой бізге.

— Сонда да күдігім бар, — деді мисс Марпл, — жақсысы жақсы-ау. Лайым солай-ақ болғай, бірақ мен сіздің орныңызда болсам, аз да болса ойланған болар едім.

Лавиния Скиннер бұл сөздің түйінін түсінбеді. “О не дегеніңіз, ол үшін қолдан келгеннің бәрін де жасаймын, бұған сеніңіз. Егер кетіп қалса, не болатынын білмеймін”, — деді.

— Менің білуімше, дайындық жасап алмай тұрып, ол кете қоймайды, — деді мисс Марпл пәтер иесіне тесіле қарап.

Мисс Лавиния: “Үй шаруасы мазасын алмаған адамдардың дүниесі түгел ғой, солай емес пе, мисс Марпл? Өлгі кішкентай Эднаңыз қалай?” — деді.

— Оның жағдайы жақсы. Сіздің Мәридей емес, әрине. Бірақ Эднаны мен бүге-шігесіне дейін жақсы білемін, себебі ол осы селоның қызы ғой.

Мисс Марпл дәлізге шығып бара жатып, науқас әйелдің кейіген үнін құлағы шалып қалды. “Мына бір компресс мүлдем құрғап кетті. Өне бойы дымқыл болып тұруы керек деп дәрігер Аллертон баса айтып еді ғой. Жә, жә, таста оны. Маған бір кесе шай мен бір жұмыртқа өкеліп берші. Жұмыртқа үш жарым минуттан артық қайнамасын, ұмытып кетпе. Сосын мисс Лавинияны маған жібере салшы”.

Пысық Мэри ауру жатқан бөлмеден шығып, мисс Лавинияға: “Сізді мисс Эмили шақырып жатыр, мадам”, — деді де, тоқтамастан мисс Марплға есік ашып бермекші болып, сол жаққа жылжыды. Ізет көрсетіп, пальтосын кигізіп, қолына қолшатырын ұстатты.

Мисс Марпл қолшатырын ұстай беріп, жерге түсіріп алды. Енді оны көтермекші болып еңкейе беріп еді, қолға ұстаған сөмкесі қоса түсіп кетті. Аузы ашылып кетіп, ішіндегісі ақтарылып қалды. Мэри шашылып қалған бұйымдарды ұқыптылықпен жинай бастады: бет орамал, керекті нәрселерді жазып қоятын қойын дәптер, ескі үлгімен жасалған былғары өмиөн, екі шиллинг үш пенни ақша және бір тал қатты көмпит.

Мисс Марпл көмпитті алып жатып, ұялғаннан кібіртіктеп қалды.

— Қап, енді қайттім? Клемент ханымның кішкентай ұлынан келді бұл. Көмпитті сол сорып жүрген. Сөмкемді алып ойнап отырғанын көріп едім. Сол салып жіберген ғой! — деді ол.

— Мен ала салайын ба, мадам?

— Е, сөйтсең сөйте қойшы. Үлкен рақмет.

Мэри еңкейіп, ең соңғы бұйымды жерден көтеріп алып берді. Кішкентай айнаны қайта салып жатып, мисс Марпл: “Сынбағаны оңды болды”, — деп, қуана дауыстап жіберді.

Келесі сәтте мисс Марпл қош айтысып шығып кетті. Ізетпен есік ашқан Мэри көмпитті ұстаған күйі беті бүлк етпей қала берді.

* * *

Санкт Мэри Мийд және он күн бойы мисс Лавиния мен мисс Эмилидің жаңадан қабылдаған қызметшісі туралы неше түрлі мадақтау сөзді естіп жатқан болатын.

Он бірінші күні село күтпеген жаңалықтан шошып ояңды.

Мэри, әлгі мінсіз періште, жоғалып кетіпті! Төсегі жиюлы қалпында, сыртқы есік ашылған күйінде қалыпты. Түнделетіп ешкімге сездірмей сығылып кеткен болса керек.

Жоғалып кеткен тек жалғыз Мэри болмай шықты! Мисс Лавинияның екі әдемі түйреуіші мен бес сақинасы, мисс Эмилидің үш сақинасы, алқасы, білезігі және төрт сәнді түйреуіші қоса жоқ болып шықты!

Бұл масқараның тек басы ғана болатын.

Жас келіншек Деверюкстің құлыптанбайтын тартпаға салып қойған бриллианттары мен үйлену тойларында сыйлаған бағалы елтірілерінен айырылып қалыпты. Әлгі

сот пен әйелінің бағалы асыл тастары мен біраз ақшасы да қоса алыныпты. Ең қатты сорлаған Гармихаел ханым боп шықты. Ол бағалы асыл тастарынан ғана емес, сонымен қатар үйіне сақтап жүрген көп ақшасынан да қоса айырылып қалды. Бұл кеште Жанет демалыста болатын, ал Гармихаел ханым кешкісін әдеттегісінше бақтың ішінде құстарды айналдырып, соларға нанның қоқымын шашып, серуен құрып жүрген болатын.

Мінсіз қызметші Мәри періштенің қолында барлық пәтердің есігін ашатын кілт болғанына ешкім де күмәнданбады.

Шынын айту керек. Санкт Мәри Мийд селосындағы жұрттың біразы табалағандай, сауап болды деп жүрді. Өйткені мисс Лавиния өзінің жалшысы Мәриді жер-көкке сыйғызбай жиі мақтайтын.

— Сұмдық-ай, өмір бойы үйді үптеп жүрген нағыз ұрының өзі екен ғой!

Тағы бір жаңалықтың беті ашылды. Мәридің өзі ғана із-түзсіз жоғалып кетпеді. Масқара болғанда, Мәри Хигинзге жолдама берген, куәлік қағаздарына кепілдік еткен, арызын қабылдап, мінездемесімен айналысқан өлгі мекеменің, шын мәнінде, еш уақытта да болмағаны анықталды. Мәри Хигинз деген бір шіркеу деканының қарындасымен бірге тұратын жалшы әйелдің есімі болып шықты. Ол бірақ Корнуолл¹ жақтағы бір жерде сау-саламат өмір сүріп жатса керек.

— Бастан-аяқ ақылмен істелген, — деді ініспектір Слэк мойындауға мәжбүр болып. — Керек десеніз, өлгі әйел гангстерлермен сыбайлас. Былтыр Нортумберленд² жақта да дәл осындай бір қылмыс жасалған. Ұрланған заттар ізін таптырмай кеткен. Әйелді де ұстай алмай қалған болатын. Бірақ бұл жолы бізден құтыла алмайды!

Ініспектір Слэк ерқашан сенімді сөйлейтін адам болатын.

Арада бірнеше апта өтті, бірақ Мәри Хигинз дүниені белден басып, әлі еркіндікте жүрген болатын. Ініспектір Слэк қанша тырысқанымен, түк шығара алмады.

Мисс Лавиния жылап-сықтады. Мисс Эмили қатты абыржып, мазасы болмаған соң, дәрігер Хэйдокты шақыруға мәжбүр болды.

Бүкіл село мисс Эмилидің сырқаты жөнінде дәрігер не ойлайды екен деп, соны білуге қатты ынтазар болды, бірақ дәрігерден батып еш нәрсе сұрай алмады.

¹ *Корнуолл* — Англияның оңтүстік батысындағы жер.

² *Нортумберленд* — Англияның солтүстік шығысындағы жер.

Дегенмен бұл жөнінде дәріхана бастығының көмекшісі Миик мырзадан бір жақсы хабардың шеті шығып қалды. Миик мырза Праис-Ридли ханымның жалшы қызы Кларамен дәріханадан сыртқа бірге шығыпты. Әңгіме үстінде дәрігер Хэйдоктың тырыспа ауруына қарсы бір сұйық дәрі мен валерианка жазып бергені белгілі болып қалды. Миик мырзаның айтуына қарағанда, жаңағы дәрілер армияда өтірік ауырғандарға берілетін болса керек.

Көп ұзамай мисс Эмилия жергілікті дәрігердің жасаған еміне көңілі толмайды екен, денсаулығының қазіргі жайына байланысты “Лондонда тұратын, ауруының емін білетін маман дәрігерге баруды жөн көреді екен, тек Лавинияның қамын ойлағандықтан ғана солай етпекші екен” деген сөздер де елдің құлағына шалына бастады.

Олардың пәтері басқа біреуге жалға берілетін бопты.

Осыдан біраз күн өткен соң мисс Марпл екі беті қызарып, асып-сасып полицияға келді де, ініспектір Слэкты сұрады.

Ініспектір Слэк мисс Марплды ұнатпайтын. Бірақ бас констебль, полковник Мэлчеттің мисс Марплға басқаша қарайтынын ол білетін. Сондықтан онша жақтырыңқырамай қабылдап: “Есенсіз бе, мисс Марпл, маған не жұмыспен келдіңіз?” — деді.

— Қап өттеген-ай, — деді мисс Марпл, — байқауымша, асығыс екенсіз ғой.

— Жұмыс бастан асады, — деді ініспектір Слэк, — бірақ екі-үш минут уақыт табуға болады.

— Қап, — деді мисс Марпл, — ойымдағыны дұрыстап жеткізіп үлгерсем, төуір болар еді. Ойынды жеткізуден қиыны жоқ. Білесіз бе, жаңаша оқып, білім алмаған соң, жай оқытушыны қойсаңызшы. Англия көрөлдерінің өмірбаяндары мен жалпы мағлұмат бергеннен басқа не біледі дейсіз. Тіпті біразының өрі-беріден соң керегі жоқ. Бұл нақты білім беру емес, әр нәрсенің басын шату деген сөз ғой. Мен де солай еткелі тұрмын. Айтайын дегенім, мисс Скиннердің қызметшісі Глэдистің жайы еді.

— Мэри Хигинз, — деді ініспектір Слэк.

— Иә, ол екіншісі. Бірақ менің айтып тұрғаным Глэдис Холмс. Өжет, өркөкірек қыз. Бірақ өте адал. Осы адалдығына елдің енді көзін жеткізу қажет. Мәселе сонда.

— Менің білуімше, оған тағылған айып жоқ қой, — деді ініспектір.

— Айып тағылмағанын білемін. Бірақ бұл айып таққаннан да жаман, себебі ел өлі өсек айтуын тоқтатқан жоқ. Қап, өттеген-ай, сасқалақтап тұрғанымды қарашы. Менің ең негізгі айтайын дегенім: Мэри Хигинзді табу керек.

— Әрине, табу керек, — деді ініспектір Слэк. — Ол жөнінде еш нәрсе білесіз бе?

— Иә, білемін, — деді мисс Марпл. — Сізден бір сұрақ сұрауға бола ма? Саусақ таңбасының сізге пайдасы болар ма екен?

— Е-е, — деді ініспектір Слэк, — бұл жөнінен ол бізден қулығын асырып кетті. Қолына резіңке қолғап немесе қызметші әйелдің қолғабын киіп алып бітірген болу керек жұмысының көпшілігін. Өте сақ істеген. Ұйқтайтын бөлмесі мен ыдыс-аяқ жуатын жердегі заттардың бірін қалдырмай сүртіп кетіпті. Пәтерден бір саусақтың да ізін таба алмадым!

— Егер табылса, көмегі болар ма еді?

— Әрине, болар еді, мадам. Скотленд-Ярд білуі мүмкін ол таңбаларды. Бұл оның бірінші қылмысы емес, айтпақшы!

Мисс Марпл басын изеп, жадырап сала берді. Ол сөмкесін ашып, кішкентай бір қатырқа қорапты шығарды. Оның ішінен жұмсақ матаға оралған айна көрінді.

— Қол сөмкеге салып алып келдім, — деді мисс Марпл. — Өлгі қызметші әйелдің саусақтарының таңбасы бар онда. Менінше, оңды болуға тиісті, өйткені айнаны алардың дәл алдында ол өте бір жабысқақ зат ұстаған болатын.

Ініспектір Слэк тесіле қарап: “Оның саусақ таңбаларын әдейі алдыңыз ба?” — деді.

— Әрине, солай.

— Ендеше, сіз одан сезіктеніп қалғансыз ғой?

— Қалай десем екен, мен оның атына заты сай еместігін сезгенмін. Мұны мисс Лавинияға айттым да. Бірақ ол менің айтқанымды құлағына да қыстырған жоқ! Жаман жерім, білсеңіз, ініспектір мырза, мінсіз періштелерге сенбеймін. Бәріміздің де кемшілігіміз бар, ал үй шаруасы ол кемшіліктерді бірден көрсетеді!

— Сонымен, — деді инспектор Слэк өзіне-өзі енді келіп, — мен сізге шыныменен қарыздармын; мыналарды Скотленд-Ярдқа жібереміз. Олар ақ пен қарасын айтуға тиісті.

Слэк сөзін аяқтағанда мисс Марпл басын бір жағына егтеп қисайтып, оған мұқият мән бере қарап отырған болатын.

— Шамасы, үйге жақынырақ осы төңіректен іздеу керектігін ойланбаған болдыңыз ғой, ініспектір?

— Мисс Марпл, осы сіздің не айтқыңыз келіп отыр?

— Мұны түсіндіру қиын, қисынсыз нәрсеге тап болсаң, көбіне ол түкке тұрмайтын ұсақ-түйек болуы да мүмкін. Сенсеңіз, мен мұны көптен байқағанмын. Өлгі Глэдис пен түйреуішті айтамын. Ол өте адал қыз, түйреуішті алған

жоқ. Олай болса, мисс Скиннер неге ол қыздан көреді? Мисс Скиннер ақымақ емес, шаруасын білетін әйел! Қызметші табудың қиын екенін біле тұра, ол жап-жақсы қызды босатып жіберуге сонша неге асықты? — Бұл ойландыратын нәрсе, білсеңіз. Соңдықтан мен ойландым. Көп ойландым. Сосын тағы бір нәрсені байқадым! Мисс Эмили науқаспаң әйел, бірақ аурушаң адамның ешбір дәрігерді шақыртпағанын бірінші рет кездестіріп отырмын. Дімкәс адамдар әдетте дәрігершіл болушы еді. Мисс Эмили ондай емес!

— Бұнымен не айтпақсыз, мисс Марпл?

— Менің айтайын деп отырғаным, білсеңіз, мисс Лавиния мен мисс Эмили ерекше жандар. Мисс Эмили уақытының көбін қараңғы бөлмеде өткізеді. Ана шашы жасанды болмаса... мен құлағымды кесіп берейін. Айтайын дегенім, ана ашаң, ақ құбаша, сұрғылт шашты дімкәс әйел мен қара шашты, қызыл шырайлы, толықша әйелдің бір адам болуы өбден ықтимал. Сосын мисс Эмили мен Мэри Хигинзді бір мезгілде көрген адамды кездестіре алмадым мен. Кілт біткеннің үлгісін түсіріп алуға да, пәтер иелерінің қырсырын, несі бар, несі жоғын білуге де уақыт өбден жеткілікті болды. Енді жергілікті жалшы қыздан құтылады да, мисс Эмили селодан жаяу тартып кетеді. Келесі күні ол мисс Мэри Хигинздің кейпіне еніп, вокзалға қайта келіп түседі. Сосын шаруасын бітірген кезде, Мэри Хигинз зым-зия жоқ болады. Оның соңында улап-шулап, опық жеген ел қалады. Оны қайдан табатыныңызды мен сізге айтайын, ініспектір, мисс Эмилиді Скиннердің диванынан табасыз. Маған нанбасаңыз, саусақтарының таңбасын алып көріңіз, бірақ менікі дұрыс екеніне көзіңіз жетеді! Скиннерлер — айлакер ұрылар және, сөз жоқ, олар заңсыз сауда жасайтын альпсатарлармен сыбайлас. Бірақ бұл жолы олжаларын алып кете алмайды! Мен оларға жергілікті бір қызымыздың арын таптатып қоя алмаймын! Глэдис Холмс — адал қыз, ары таза, елдің бәрі мұны білетін болады әлі! Сау болыңыз, ініспектір!

Ініспектір Слэк есін жиғанша, мисс Марпл аяғын нық басып шығып кетті.

— Міне, керек болса, — деді ол міңгірлеп. — Ал егер осыныкі дұрыс болса ше?

Көп уақыт өтпей-ақ мисс Марплдың сөзінің дұрыстығына көзі жетті.

Полковник Мэлчетт Слэккі үлкен табысымен құттықтады. Ал мисс Марпл болса, Глэдисті Эднамен қоса пайға шақырып, оған бір дұрыс жерден жұмыс табылса, сонда тұрақтап түбегейлі қалуға ақыл қосты.

КҮДІКТІ ТӨРТЕУ

Өңгіме ашылмай қалған қылмыстар мен жазасын алмаған қылмыскерлердің төңірегінде болатын. Кезегімен сөз алып, өркім өз пікірін айтып жатты: полковник Бэнтри мен оның толықша келген жайдары мінезді әйелі де, Джейн Хелиер де, дәрігер Ллойд та, тіпті қартаң тартқан мисс Марпл да. Аузын бағып үндемей қалған – бір-ақ адам. Ол сан адамның пікірін тыңдап әбден машықтанған, Скотленд-Ярдтың бұрынғы комиссары Сэр Генри Клитеринг еді. Үндемей мұртын шиырып сипап қойып, іштей бір нәрсеге мән болған адам сияқты күлімсіреп отырған.

— Сэр Генри, — деді Бэнтри ханым шыдамы таусылып, — егер сіз бірдеме демесеңіз, тура айқай саламын. Тиісті жазасын алмаған қылмыстар көп бола ма, жоқ әлде болмай ма?

— Сіз газетке беретін мақаланың тақырыбын ойлап отырсыз, Бэнтри ханым. Тағы да Скотленд-Ярд кінәлі деп, ары қарай ашылмай қалған құпиялардың тізімін тізбексіз ғой.

— Ондайлардың саны, меніңше, көп бола қоймас? — деді дәрігер Ллойд.

— Иә, солай. Ашылған жүздеген қылмыс пен жазасын алған қылмыскерлер туралы көп жазыла да, айтыла да бермейді. Бірақ біздің талқылап отырғанымыз ол емес, солай ғой? Сіз ашылмай қалған қылмыстар мен шешілмей қалған құпиялар жөнінде сөз қозғағанда, бір-біріне қатысы жоқ екі мәселені айтып отырсыз. Бірінші топқа Скотленд-Ярд мүлде естімеген, болғанын жан адам білмейтін қылмыстар жатады.

— Бірақ ондайлардың жалпы саны көп бола қоймас? — деді Бэнтри ханым.

— Көп бола қоймас дейсіз бе?

— Сэр Генри! Сонда сіз көп дегелі отырсыз ба?

— Маған салсаңыз, — деді мисс Марпл ойға кетіп, — ондайлардың саны жетерлік дер едім.

Көркін өлі жоғалтпаған, ескі дәстүрді ұстанған қарттау әйел айтайын дегенін өте байсалды үнмен жеткізді.

— Қымбатты мисс Марпл, — деді полковник Бэнтри.

— Әрине, — деді мисс Марпл, — ақымақ адамдар баршылық. Ондайлар не істесе де білініп қалады. Керісінше ақылды адамдар да жеткілікті. Егер олар адамгершіліктен кетіп, ойына келгенін істесе, не болар еді. Ондайды ойласаң, төбе шашың тік тұрады.

— Дұрыс айтасыз, — деді сэр Генри, — ақылдылар баршылық. Бірақ көп жағдайда қылмыстың беті тәжірибесіздіктен кеткен болар-болмас қатеден ашылады.

Ондайда өзіңе өзің: “Егер өлгі қате болмағанда, қылмыстың беті ашылар ма еді?” — деген сұрақ қоясың.

— Өйткенмен бұл көңіл аударатын нәрсе, Клитеринг, — деді полковник Бэнтри. — Айтатыны жоқ, өте ойланатын нәрсе.

— Солай ма?

— Солай ма дегеніңізге жол болсын? Әрине, бұл өте маңызды мәселе.

— Сіз қылмыс жазасын алмай жүре береді дейсіз, солай деуге бола ма? Заң тарапынан жазасын алмай жүре беруі мүмкін, бірақ заңның сыртында біреуге істеген жамандық тыныш жатпайды. Әр қылмыс ерте ме, кеш пе, өз жазасын алады деу тым қарапайымдылық болар, бірақ, меніңше, ар жазасы бар жазадан ауыр.

— Мүмкін, мүмкін, — деді полковник Бэнтри. — Бірақ бұдан мәселенің маңыздылығы ... иә... маңыздылығы өзгермейді.

Ол не дерін білмей бөгеліп қалды.

Сэр Генри Клитеринг жымып: “Жүз адамның тоқсан тоғызы, сөз жоқ, сіз секілді ойлайды”, — деді.

— Бірақ, білсеңіз, шындығында, маңызды нәрсе кінә емес, адалдық дер едім. Бұны елдің бәрі бірдей түсіне бермейді.

— Түсінбедім, — деді Джейн Хелиер.

— Мен түсінемін, — деді мисс Марпл. — Мәселен, Трент ханым сөмкесінен жарты کرونا¹ ақшасын жоқтаған кезде елден ерекше қиналған күндізгі үй қызметінде жүрген Артур дейтін қызметші әйел болатын. Шынында да, Тренттер сол әйелден көрген еді, бірақ мейірімді адамдар болғандықтан, олар жалшының көп балалы әйел екенін және күйеуінің ішімдікке салынып кеткенін ескеріп, әрине, онша қатты кете қоймады. Бірақ қызметші әйелге олар енді бұрынғыдай емес, басқаша қарады. Былай-былай шыққанда оған үйді сеніп қалдырмайтын болды. Әйелге бұл өте ауыр тиді. Басқалар да оған теріс қарап кетті. Кенеттен ұрлық жасаған үйге келіп оқытатын мұғалім екені белгілі болды. Трент ханым оны ашық тұрған есіктің саңлауынан айнаға түскен бейнесінен байқап қалыпты. Таза кездейсоқтық. Жоқ мен мұны күдіреттің күші дер едім. Өлгі сэр Генридің айтып отырғаны да осы, мен білсем. Жұрттың көпшілігінің назары мұндайда ақшаны ұрлаған адамда болады. Ал жаңағы оқиғада ұры үш ұйқтаса түске кірмейтін, басқа жан болып шықты. Көдімгі детектив оқиға сияқты. Ал шындап келгенде, көңілді бейкүнә әйел

¹ Крона — ағылшын ақшасы.

Артурға бөлу қажет еді. Сіздің ойыңыздан шықтым ғой деймін, сэр Генри, солай ма?

— Иә, мисс Марпл, дәл төбесінен түстіңіз. Сіз айтқан оқиғадағы үй сыпырушы әйел бақытты адам екен. Оның ары таза екені дәлелденіпті. Бірақ кейбіреулер мұндай жаланы өмір бойы арқалап кетеді.

— Сіз белгілі бір болған оқиғаны айтып отырсыз ба, Сэр Генри? — деді Бэнтри ханым көреген адам секілденіп.

— Иә, Бэнтри ханым, өмірде болған жәйтті айтып отырмын. Өте қызық нәрсе. Біздің ойымызша, бұл оқиғада қылмыс жасалып, кісі өлімі болады, бірақ оны дәлелдеудің ешбір мүмкіндігі табылмайды.

— У берген шығар білінбейтін, — деді Джейн. Дәрігер Ллойд мазасыздана қозғалақтап кетті, ал сэр Генри басын шайқады.

— Жоқ, қымбатты леди. Бұл Оңтүстік Америка үндістерінің улы жебесі емес! Солай болғанын қалар едім. Бірақ біздің жайт ондай қызық емес. Қылмыскерді табудың ешбір реті келмеді. Бір қарт джентельмен төменде баспалдақта құлап қалады да, мойны үзіліп мерт болады. Күнделікті болып жататын екінші кездейсоқтықтың бірі.

— Ал шындығында не болған?

— Кім біледі? — Сэр Генри иығын көтеріп: — “Арт жақтан біреу итеріп жіберді ме? Өлде біреу баспалдаққа жіңішке жіп керіп қойып, кейін алып тастады ма? Ол жағын біз ешқашан біле алмаймыз”, — деді.

— Бірақ сіз мұны кездейсоқтық деп ойламайсыз ғой? Оған қандай дәлеліңіз бар? — деді дәрігер.

— Бұл өзі ұзақ оқиға, бірақ... біздің күмәніміз жоқ. Жаңа айтқандай, айыпты адамды тауып, қылмысын мойындатудың реті келмеді. Өйткені айғақ әлсіз еді. Айтайын деп отырған әңгіменің екінші жағы бар. Бұл қылмысты осыған қатысы бар төрт адамның төртеуі де жасауы мүмкін еді. Біреуі айыпты болса, басқа үшеуінің ары таза. Ал әзірше, шындықтың беті ашылмай, әлгі үш адам да күдіктен арыла алмайды.

— Меніңше, — деді Бэнтри ханым, — бізге сол ұзақ әңгімеңізді айтып берсеңіз, дұрыс болар еді.

— Онша созбай-ақ айтуыма да болады, — деді сэр Генри. — Бәрін болмаса да бас жағын ықшамдайын. Бұл Каморра иә болмаса ел арасында Каморра жайлы айтылып жүрген қауесетпен қабысатын, немістердің “қарақол” деген құпия ұйымымен байланысты жайт. Шағыстыру мен террордың

құпия жоспары бар мұнда. Бұл ұйым бірінші дүниежүзілік соғыс бітісімен аяқ астынан пайда болды да, тамырын кең жайып кетті. Мұның құрбандығына айналғандарға сан жетпейді. Үкімет бұған қарсы жарытып еш нәрсе істей алмады. Себебі өлгі жасырын ұйымның мүшелері құпияларын қызғыштай қорғайтын. Олардың құпия сырын ашу мүлде мүмкін емес.

— Англияда бұл туралы ешкім еш нәрсе білмейтін, ал Германияда ұйым өте қатты тамырланып алған болатын. Ақыры өлгі ұйым бір адамның еңбегінің арқасында өшкере болып, ыдырап кетті. Еңбек сіңірген доктор Розен — кезінде аса маңызды барлау жұмыстарына қатысқан адам. Ол өлгі құпия ұйымға мүше болып, ішіне еніп алып, жаңа ғана айтқанымдай, оның тамырына балта шапты.

Бірақ ол өзінің кім екенін сездіріп алады, сондықтан Германиядан біраз уақытқа кетуге тура келген. Бұл дұрыс шешім болатын. Ол енді Англияға келді. Берлин полициясынан біз ол туралы хабар алғанбыз, маған өзі келіп ауызба-ауыз сөйлескен еді. Келешекте өзін қандай сыбаға күтіп тұрғанын ол өте жақсы түсінетін. Сөйте тұра мойымай, тағдырдың жазғанын көріп алармын деп жүре беретін.

— Мені өлтіреді, сэр Генри, оған титтей де күмөнім жоқ, — дейтін ол.

Бойы биік, ақылды, зор дауысты, ештеп қырылдап сөйлейтін. Мұнысы оның басқа ұлттың адамы екенін білдіріп қоятын. “Бұл баяғыда үкімі шыққан нәрсе. Болатыны болар, мен оған дайынмын. Бұл іске о баста кіріскенде-ақ басымды өлімге тіккен болатынмын. қолымнан келгенді аяғаным жоқ. Құпия ұйымның құзғындары басын енді еш уақытта да біріктіре алмайды. Бірақ мүшелерінің біразы өлі еркіндікте жүр. Бір ғана кек алады. Ол — менің өмірім. Бұл — уақыттың шаруасы. Менің тілейтінім: сол уақыт ұзағырақ болса екен. Өзіңіз білесіз, мен бір өте қызық материал жинап бастырып жүрмін. Бұл — өмірлік ісімнің қорытындысы. Мүмкін болса, сол еңбегімді бітірсем бе деймін”.

— Ол сондай қарапайым, бірақ өзіне төн парасатпен сөйлеуші еді. Онысы маған ұнайтын. Қолдан келген шараның бәрін де жасайтынымызды айтсам, менің сөзімді елемей: “Өйтеуір, бір күні, ерте ме, кеш пе, олар мені өлтіреді, — дейтін ол, — сол күн жетсе, қамықпа. Қолдан келгеннің бәрін де жасайтыныға күмөнім жоқ”.

— Сосын ол ойындағы жоспарын айтты. Тым қарапайым екен. Селолық жерден бір коттеж тауып алып, сонда тыныш өмір сүріп, жұмысын жалғастырғысы келетінін білдірді. Сайып келгенде, ол Соморсет¹ жақтағы Кингз Гнэтон дейтін

¹ *Соморсет* — Англияның оқтүстік батысындағы жер.

селоны таңдады. Ол темір жолдан жеті миль қашықтықта орналасқан, өркениеттен аулақ село болатын. Өдемі коттеж сатып алып, оны біраз өзгертіп, жөндетті де, көңілі орнына түсіп, жайғасып алды. Үйінде өзінен басқа жиен қызы Грета, хатшысы, өзіне қырық жылдай сенімді қызмет еткен үй шаруасындағы неміс әйелі, сырттағы жұмыстар мен бағбандық шаруаны атқаратын Кингз Гнэтон селосының бір тұрғыны тұратын.

— Күдікті төртеу, — деді дәрігер Ллойд жайлап.

— Дәл айтасыз. Күдікті төртеу. Басқа айтатын көп еш нәрсе де жоқ. Кингз Гнэтондағы бейбіт өмірдің бес айға дейін шырқы бұзылған жоқ болатын. Енді, міне, бәрі аяқ астынан бүлінді. Бір күні ертеңгісін доктор Розен баспалдақпен төмен түсіп келе жатып, құлап қалады. Оның өліп қалғаны жарты сағаттан кейін белгілі болады. Өткінішті оқиға болған кезде Гертруд ас үйде отырып, есік жабық болғандықтан, ештеңе естімеген. Өзінің айтуы осылай. Грета бикеш бақтың ішінде кейбір гүл тұқымдарын қайта отырғызып жүріпті. Бағбан Доббздың айтуына қарағанда, ол қыш құмыраларда өсетін гүлдер тұратын кішкентай сарайда ертеңгі тамағын ішіп отырыпты. Хатшысы сыртта серуендеп жүріпті. Қылмысқа қатысы жоқтығын дәлелдейтін айғақ біреуінде де жоқ. Бірде-бірі екіншісінің айтқанын растай алмайды. Бірақ бір мәселе айдан анық: қылмысты сырттан келген біреудің істеуі мүмкін емес, себебі бейтаныс адам Кингз Гнэтон секілді кішкентай селода бірден көзге түскен болар еді. Алдыңғы есік те, артқы есік те кілттеулі екен, өйткені әркімнің өз кілті бар-тын. Байқап отырған боларсыздар, күдік сол төрт адаммен ғана шектеледі. Солай бола тұра әрқайсысының да ары таза секілді. Грета болса, доктордың інісінің қызы. Гертрудқа келсек, ол — қырық жыл бойы өзіне адал қызмет етіп келе жатқан адам. Доббз — өмір бойы Кингз Гнэтон селосынан қарыс адым шығып көрмеген адам. Ал хатшы Чарлз Темплтон...

— Иә, — деді полковник Бэнтри, — ол ше? Меніңше, сол күдікті секілді. Сіз ол туралы не білесіз?

— Ол менің білетіндігімнің арқасында ғана соттан аман қалған болатын кезінде, — деді сэр Генри жабырқап. — Чарлз Темплтон, бірсеңіз, өз адамдарымның бірі болатын.

— Не дейді? — деп полковник Бэнтри таңғалып қалды.

— Иә, солай. Сол төңіректе бір адамның жүргенін мақұл көрдім, бір жағынан селода артық өңгіме шығып кетпеу жағын да ойластырдым. Розенге шынында да хатшы керек болғандықтан, Темплтонды орналастыра қойып едім. Ол — нағыз жентілмен, немісше судай, сосын өте қабілетті жігіт.

— Ал енді кімнен күдіктенесіз сонда? — деді Бәнтри ханым таңданған үнмен. — Олардың барлығы да... иә, түк түсінсем бұйырмасын.

— Иә, әзірге осылай болып тұр. Бірақ бұл мәселеге басқа жағынан да келуге болады. Мәселен, Грета бикеш — Розеннің жиені — өте сүйкімді қыз. Бірақ соғыс не көрсетпеді. Ағасын қарындасына, әкесін баласына жау етіп жіберді ғой. Ал ең әдемі, ең мейірімді деген жас қыздардың өзі не бір сұмдықтарды істеді емес пе? Бұл айтылғанның Гертрудқа да қатысы бар. Кім біледі оның басынан не өткенін? Қожайынымен бет жыртысқан кездері де болған шығар. Ренішті жыл өткен сайын ұлғаюы да мүмкін, “сонша жыл қызмет істегенде тапқаным осы ма” деуі де ғажап емес. Ондай шаруадағы егде әйелдердің мінезі кейде өте шатақ болады. Ал Доббз ше? Отбасына туыстығы жоқ деп, оны бұл істен аулақ тұр деуге бола ма? Ақша не істетпейді? Мүмкін, байқатпай келіп оны біреу сатып алған да шығар.

— Бір нәрсе анық сияқты: сырттан не хат, не бір бұйрық келген болуы керек. Әйтпесе, бақандай бес ай бойы ешнәрсе болған жоқ қой. Демек құпия ұйымның агенттері қарап жатпаған болды. Розеннің сатқын екеніне әлі көздері анық жетпей, істі тексеріп алғанша кідірте тұрған болар. Сосын егжей-тегжейіне анықтап көздерін әбден жеткізген кезде сол үйде жүрген жансыздарына хат жолдап: “Өлтір!” — деп бұйрық берген болуы керек.

— Неткен сұмдық! — деді Джейн Хелиер қалшылдап.

— Бірақ хат қалай жетуі мүмкін? Жұмбақтың шешуі сонда болар деп, осыны анықтауға тырыстым. Өлгі төртеудің біреуіне келіп, біреу жолын тауып бірдеме деп кетуі мүмкін ғой. Мұндайды көп созбайды. Бұйрық жетсе болды, ол бірден орындалатын. “Қара қолдың” заңы солай-тын.

— Мен іске кірістім. Бірақ бұл сіздерге тым ұсақ дүние болып көрінуі де мүмкін. Коттежге сол күні кім келіп кетті? Солардың бірде-бірін қалдырмай тексеріп шықтым. Міне тізімі.

Ол қалтасынан конвертті шығарып, ішінен бір қағазды суырып алды.

— Қойдың мойын омыртқасын алып қасапшы келіпті. Тергеп ештеңе таба алмадым. Бакалея дүкеншісінің көмекшісі бір қапшық жүгері ұнын, екі фунт¹ қант, бір фунт май және бір фунт кофе алып кеп тастапты. Ол да таза болып шықты. Хат тасушы келіп Розен бикешке екі каталог, жергілікті жерден Гертрудқа бір хат, доктор Розенге біреуінде шетелдік маркасы бар үш хат, Темплтон мырзаға шеттің маркасы бар екі хат тастап кетіпті.

¹ *Фунт* — 453,6 граммға жуық.

Сэр Генри сөзін доғарып, конверттен және бір қағаз шығарды.

— Қарап шығуларыңызға болады, қаласаңыздар. Мен бұл құжаттарды іске қатысты адамдардан және керексіз қағаздарды тастайтын себеттерден жинап алдым. Көзге керінбейтін сия, тағы басқасын анықтау үшін, мамандарға беріп тексертіп алғанымды айтып жатудың қажеті де бола қоймас. Ол жағына алаң болмай-ақ қойыңыздар.

Көруге ұмтылып, отырған жұрт сэр Генриді айнала қоршап алды. Каталогтардың бірін гүл өсіретін питомниктің иесі жіберіпті де, екіншісі Лондондағы бағалы аң терілерімен айналысатын мекемеден келіпті. Доктор Розеннің атына жіберген екі шоттың бірі баққа отырғызатын тұқымдардікі екен де, екіншісі жазу-сызуға арналған бұйымдар шығаратын фирмадан келіпті. Розенге жазылған хаттың мазмұны мынау:

“Құрметті Розен, қазір ғана доктор Гельмут Спаттан келіп отырмын. Алдыңғы күні Эдгар Джексонды көрдім. Амос Порри екеуі Шаньтаудан¹ оралыпты. Дәл шындықты айтсам, олардың саяхатына қызығатын түк те жоқ. Тезірек хат жаз. Бұрын айтқанымдай, ана бір адамнан сақ бол. Кімді айтып отырғанымды өзің білесің, бірақ маған сенбей жүрсің ғой”.

Сәлеммен Георгина.

— Темплтон мырзаның поштасы мына бір өздеріңіз көріп отырған тігіншіден келген шот пен Германияда тұратын бір досынан келген хат екен, — деп, сэр Генри сөзін одан әрі жалғастырды. — Өкінішке орай, әлгі хатты ол серуенге шыққан кезде жыртып тастапты. Ал енді мынау — Гертруд алған хат:

“Қымбатты Шварц ханым, біз сені жұма күні кешке болатын жиналысқа келеді ғой деген үміттеміз. Священник те солай ойлайды. Ел түгел шақырылып отыр. Сүр еттің рецепті өте жақсы екен, ол үшін үлкен рақмет. Хат қолыңа тисе, жұма күні көрісерміз”.

Сәлеммен Эмм Грин.

Дөрігер Ллойд бұған жымыды. Бэнтри ханым да қоса күлді.

— Меніңше, соңғы хатты істен алып тастаса да болады, — деді дөрігер Ллойд.

— Менің де ойым сол, — деді сэр Генри, — бірақ шіркеуде Грин ханым мен жиналыстың болған-болмағанын тексертіп алдым. Сақтықта қорлық жоқ деген.

— Бұл біздің мисс Марплдың аузынан түспейтін мәтелі ғой, — деді дөрігер Ллойд жымып. — Ойға шомып кетіпсіз ғой, мисс Марпл. Не ойлап отырсыз?

Мисс Марпл селк ете қалды.

¹ *Шаньтау* — қытайдың шығыс жақ жағалауындағы портты қала.

— Ақымақ басым, — деді ол. — Ана доктор Розенге келген хаттағы “шындық” деген сөздің неге бас әріппен жазылғанына миым жетпей дал болып отырғаным.

Бэнтри ханым іліп алып: “Солай де. Охо!” — деді.

— Иә, шырақ, — деді мисс Марпл. — Мен сені байқады ғой деп отырсам!

— Хатта ап-анық ескерту бар, — деді полковник Бэнтри. — Менің ойыма бірінші сап ете түскені сол болды. Иә, анық ескертіп отыр, бірақ кімге нені ескертіп отыр?

— Жаңағы хатқа байланысты тағы бір түсініксіз жәй, — деді сэр Генри, — Темплтонның айтысына қарағанда, доктор Розен ертеңгі ас кезінде хатты ашып оқиды да, оны жазған ер адамның кім екенін біле алмай Темплтонның алдына тастай салған.

— Бірақ хатты жіберген ер адам емес қой, — деді Джейн Хелиер. — Хатқа “Георгина” деп қол қойыпты ғой.

— Кім екенін айту қиын, — деді дәрігер Ллойд. — Георгий болуы да мүмкін, бірақ, әрине, Георгинаға көбірек ұқсайды. Бірақ мені қатты ойландыратын нәрсе хат ер адамның қолымен жазылған.

— Жоқ, мұнда бір гөп бар, — деді полковник Бэнтри. — Ештеңе білмегенсіп хатты үстелге тастай салғаны несі? Біреудің бет-әлпетінен әлденені аңғарғысы келді ме? Сонда кімді бақыламақшы болды, қызды ма жоқ әлде жігітті ме?

— Жоқ әлде аспазшы әйелді ме? — деп, Бэнтри ханым өз ойын қыстырды. — Сол кезде ол тамақ тасып жүрген болар. Бірақ менің көре алмай тұрған нәрсем... өзі бір түрлі...

Ол қабағын түйіп хатқа үңілді. Мисс Марпл оған таяп келіп, саусағымен хатты шұқып, екеуі өзара бірдемелерді айтып жатты.

— Бірақ әлгі хатшы екінші хатты неге жыртып тастайды? — деді Джейн Хелиер кенеттен. — Білмеймін, мұнда да бір сыр бар секілді. Оның Германиядан хат алатын қандай қисыны бар? Тіпті ол күдіктен аулақ деп сіз айтқанның өзінде де...

— Бірақ сэр Генри олай деген жоқ, — деді Мисс Марпл сөзді іліп алып. Ол Бэнтри ханыммен сыбырласқанын доғара қойып, басын көтерді де: “Төртеуі де күдікті деген болатын. Ендеше Темплтон мырзаны да қосып отыр. Қалай, менікі дұрыс па, сэр Генри?” — деді.

— Иә, мисс Марпл. Басқа түссе, баспақшыл боласың дегендей, өмір үйреткен бір сабақ сол: өз басым еш уақытта да бөленше күдіктен таза дегенге сене алмаймын. Мен сіздерге жаңа ғана ана үш адамның кінәлі болуы мүмкін екенін дәлелдеп бердім. Чарлз Темплтон тарапында кезінде ондай ештеңе айта алмадым. Бірақ жаңағы принципті бетке ұстап, ақыры оған да жеттім. Сосын мен мынаны

мойындауға мәжбүр болдым: қандай болмасын армияның, флоттың, полицияның ішінде белгілі бір мөлшерде сатқындары болады. Қаншалықты мойындағымыз келмесе де, бұл солай. Сондықтан мен мына іске Чарлз Темплтонның қандай қатысы бар екенін де әділетті түрде тексеріп шықтым.

Жаңа мисс Хелиер қойған сұрақты мен де көп қойдым. Елден ерекше ол неге алған хатын бірден суырып бермейді? Хатқа неміс маркасы жапсырылған ғой. Оның Германиядан хат алатын қандай реті бар?

Сондықтан мен оған өлгі сұрақты қойдым. Ол бөгелместен жауап қайтарды. Шешесінің сіндісінің күйеуі неміс екен. Хат оған нағашы қарындасынан келіпті. Сонымен мен бұрын өзім білмейтін бір нәрсені, яғни өлгі Чарлз Темплтонның Германиядағы адамдармен байланысты екенін аштым. Бұл оны күдіктілердің қатарына қосуға бірден-бір себеп болды. Ол – менің адамым, өзім жақсы көретін өрі сенетін жігітім, бірақ әділеттік пен шындыққа жүгінсек, күдіктілердің тобында бірінші болып тұрғанын мойындамасқа болмайды.

Көзім анық жетпейді! Білмеймін... Мүмкін, еш уақытта да біле алмасын. Мәселе кісі өлтірген адамды жазалауда емес. Мәселе мен үшін мүлде басқада. Ол жүз есе маңыздырақ. Бұл күдікке бола адал адамның арын аяққа таптау ғой. Ал өлгі күдікпен есептеспейін десең, тағы да болмайды.

Мисс Марпл жөтеліп, сыпайы ғана: “Егер мен сізді дұрыс түсінсем, сэр Генри, әсіресе Темплтон мырза ғой мазаңызды алып тұрған?” — деді.

— Иә, бір есептен солай десе де болады. Теория жүзінде төртеуі де күдікті, ал іс жүзінде олай емес. Мәселен, Доббзды алайық. Одан да күдіктенемін, бірақ мансабына бұдан келіп кететін түк те жоқ. Өйткені селодағы жұрттың бәрі де доктор Розенді абайсызда құлап өлді деп жүр. Ал Гертрудқа күдік көбірек. Өйткені Розен бикештің оған деген көзқарасы өзгеруі мүмкін ғой. Бірақ бұдан Гертрудқа келіп-кетер пәлендей ештеңе жоқ сияқты.

Ал енді Грета Розенге келетін болсақ, иә, бұл жерде мәселе қиындау. Грета өте сұлу қыз, ал Чарлз Темплтон болса өдемі жігіт. Олар бес ай бойы бір үйде тұрғандықтан, назарларын аударатындай бөтен ешкімді көре алмады. Екеуі бір-бірін сүйіп қалған болатын.

— Сөйтіп жүргенде жаңағы сұмдық сап ете түсті. Осыдан үш ай бұрын, мен қайтып оралғаннан соң бір-екі күннен кейін, маған Грета Розен келіп кетті. Ол қоттежді сатып, нағашысының шаруаларын реттеп, Германияға қайтып бара жатыр екен. Менің қызметтен қол үзіп кеткенімді біле тұра, ол қыз мені өзінің жеке басына қатысты мәселеге бола іздеп келіпті. Алғашқыда біраз кібірткітеп отырды да, сосын ішіндегісінің бәрін ақтарды. Өлгі неміс маркасы

жапсырылған, ана Темплтон жыртып тастайтын хат бар емес пе, соны қайта-қайта айтып, мазасы кетті. “Жігіттің айтқаны рас па екен? Әрине, рас болуы керек” деген күдік қинайтын сияқты. Қыз жігіттің сөзіне сенді, бірақ көзі өбден жетсе ғой! Күмәнсіз болса ғой!

— Байқайсыз ба? Тура менің айтқаным секілді. Қанша сенейін десе де, ана жасырын күдік көңіліне ұялап, көкейінен кетпейді. Мен де оған ашығын айтып, көз жеткізу керектігін ескерттім. “Чарлз екеуіңнің бір-біріңді ұнататындарың рас па”, — деп сұрадым.

— Солай, — деді ол. — Біз сондай бақытты едік. Өр күніміз рахатқа толы еді. Біз мұны жақсы сезіндік. Асыққан жоқпыз, уақыт жетерлік болатын. Бір күні сүйетінін айтар, мен де оған айтармын деп жүргем. Әх, несін айтасыз! Түсініп тұрсыз ғой! Ал қазір бәрі де өзгерді. Біздің арамыз суи бастады, бір-бірімізден қымсынатын болдық. Кездесе қалсақ, не айтармызды білмейміз. Байқауымша, ол да менің күйімде жүрген сияқты... Іштей: “Шіркін, көзім анық жетсе!” — деп жүрген жай бар. Сондықтан сізден өтінемін, сэр Генри, “Нағашыңды Чарлз Темплтон өлтірген жоқ, осыған кәміл сен!” — деңізші маған. Мен сізден жалынып сұраймын, солай деңізші!..

— Мен оған олай дей алмадым. Олардың арасы ендігі жерде ажырап кетеді. Көкейлерінен ана күдік өле-өлгенше кетпейді.

Сэр Генри шалқайып орындығының арқасына сүйенді. Өңі сұрғылт тартып шаршаған сыңай танытады. Ол тұнжырап, басын бір-екі рет шайқап-шайқап жіберді.

— Бұған енді қолдан келер дауа жоқ, тек... — Ол орындығына қайта жайғасып отырды. Өңіне беймәлім күлкі үйіріліп: “Мисс Марпл бізге көмекке келмес пе екен? Мен білсем, ана хат — сіз илейтін терінің пұшпағы. Әлгі шіркеуде болатын жиналыс жөнінде жазылған хатты айтамын. Шешуі оп-оңай бір нәрсені иә біреуді еске түсірмей ме? Бақытты болғысы келетін бишара екі жасқа қол ұшын бергіңіз келмей ме?”

Қалжыңдап отырғанмен, оның сөзінде шындық бар еді. Осы бір нәзік, ескі дәстүрді ұстанып, әлі күнге дейін тұрмыс құрмаған әйелдің ойлау қабілетін ол өте жоғары бағалайтын. Сэр Генри мисс Марплға үміт арта қарап қалды.

Мисс Марпл жөтеліп, көйлегінің шашағын сипап: “Шынында да, бұл маған аздап Энни Поултниді еске салып отыр”, — деді мойындап. — Әрине, ол хат Бэнтри ханымға да, маған да түсінікті. Шіркеуден келген хат емес, ана екінші хатты айтып отырмын. Сэр Генри, сіз соншама жыл бойы Лондонда тұрып, бақпен айланыспағандығыңыздан бір нәрсені байқай қоймаған сияқтысыз.

— А? — деді сэр Генри. — Нені байқауым керек еді?

Бэнтри ханым қолын созып, бір каталогты суырып алды да, ашып жіберіп, дауыстап оқи бастады: “Доктор Гельмут Спаг. Таза лилия, өте тамаша, ерекше ұзын өрі қатты сабақты гүл. Қыялғуы оңай, бақты өшекейлеуге таптырмайтын өсімдік.

Эдгар Джексон. Формасы әдемі келген хризантема іспеттес ашық қызылқұрең гүл.

Амос Перри. Ашық қызыл, аса сәнді гүл.

Шаньтау. Тамаша қызғылт сары, бақтың сәнін келтіретін, ұзақ гүлдейтін өсімдік.

Шындық...

— Есіңізде болар, өлгі хаттағы бас әріппен жазылған сөз, — деп, мисс Марпл күбір ете қалды.

— ... Шындық. Ақшыл күлгін түсті формасы өте әдемі, шоқты гүл”. — Бэнтри ханым бар даусымен: “Георгин!”, — деп, каталогты тастай салды.

— Олардың басқы әріптерін қосып оқитын болсаңыз, “өлім” деген сөз шығады, — деді мисс Марпл.

— Бірақ ол хат доктор Розеннің өзіне арналған хат еді ғой, — деді сэр Генри пікір таластырып.

— Ең қызығы да сонда жатыр, — деді мисс Марпл. — Ол бар, сосын өлгі ескертуі бар. Ішкі бейтанис өсімдерге толы өрі өзі танымайтын біреуден келген хатты ол не істейді? Әрине, хатшысының алдына тастай салады.

— Сонымен, түштеп келгенде...

— Жоқ, жоқ! — деді мисс Марпл. Хатшы емес. Ол емес екені айдан анық. Егер ол болатын болса, жаңағы хатты әуелден-ақ көрсетпей тығып тастаған болар еді. Неміс маркасы жапсырылған, өзіне келген хатты да жырттып тастама с еді. Ол — адал адам.

— Онда кім?..

— Е... бұл арасы енді айқын сияқты. Анық болғанда қандай десеніңші. Ертеңгі ас кезінде үстел басында және бір адам болды ғой. Ол қыз, әрине, жаңағыдай жағдайда қолын созып, өлгі хатты алып оқиды. Міне осылай. Сол күнгі поштамен ол да бақ өсіруге арналған бір каталог алғаны есіңізде болар...

— Грета Розен, — деді сэр Генри жайлап қана. — Онда оның маған келуі...

— Еркектер мұндай нәрселерге ешқашан мән бермейді, — деді Мисс Марпл. — Сосын олар мына біз сияқты қарт әйелдердің мысық құсап көрмейтіні жоқ деп ойлайды. Бірақ байқадыңыз ғой. Өкінішке орай, әркім өз жынысын көбірек біледі. Осыдан кейін, сөз жоқ, олардың арасында жік пайда болды. Жігіт аяқ астынан жиреніп шыға келді. Еріксіз сезіктеніп қалып, онысын жасыра алмады. Ал енді қыздың сізге келуі, мен білсем, нағыз арамдық. Оның жағдайы қауіпсіз болатын. Солай бола тұра жолынан бұрылып келіп, сіздің күдігіңізді

біржолата бейшара Темплтонға аудармақ болған. Қыз келіп кеткенге дейін сіз Темплтон туралы екі ойлы едіңіз.

— Меніңше, қыздың айтқанында тұрған ештеңе жоқ... — деп сэр Генри сөз бастап келе жатыр еді, мисс Марпл оны тежеп: “Джентльмендер мұндай нәрселерді байқамайды”, — деді байсалды үнмен.

— Ал өлгі қыз... — деп сэр Генри үндемей қалды. — Ол қыз тапа-тал түсте аспай-саспай кісі өлтіріп, аспай-саспай жайбарақат кете барған болды ғой онда!

— Жо, жоқ, сэр Генри, — деді мисс Марпл. — Ол жазасын алмай кете алмайды. Оған сіз де, мен де сенбейміз. Өлгінде ғана айтқаныңыз есіңізде ме? Жоқ, Грета Розен жазасын алмай қоймайды. Мәселен, оның бірге жүргендері оңған адамдар емес. Олар — шантаж жасайтын, кісі өлтіретін топтың адамдары. Қызға олар опа қылмайды, бір күні көресіз, түбіне жетеді. Өзіңіз айтпақшы, қылмыскерді айта бермей, ары таза, адал адамдардың да жағдайын ойлайық. Темплтон мырза, мен білсем, ана Германиядағы өзіне хат жазған нағашы қызға үйленеді. Оның хатын жыртып тастауы, иә, бұл да күдік туғызады. Бірақ бұл күдік бағанадан бері біз айтып отырған күдіктен мүлде бөлек. Хатты Грета көріп қалады немесе оқып қояды деп қорқса ше? Иә, бұл жерде де махаббат бар сияқты. Ал енді Доббзға келсек, иә, сіз айтпақшы, оған келіп кететін ешнәрсе жоқ. Ол бір тамағынан басқаны ойламайтын адам сияқты ғой. Енді қалғаны ана бишара Гертруд кемпір. Оны ойласам, ойыма Энни Поултни түседі. Байғұс Энни Поултни. Елу жыл адал қызмет істеп келгенде, оған мисс Лэмнің мұрасы жайлы құжаттарын ұрлап, күртып жіберді деген өсек тағылды. Оны ешкім де дәлелдей алған жоқ, бірақ бейшараның түбіне сол жетті. Кейінірек ол қайтыс болған соң, жаңағы қағаздар шай салып қоятын жасырын тартпадан табылыпты. Сөйтсе, сақтық үшін қағаздарды жаңағы тартпаға мисс Лэм кемпірдің өзі салып қойып, ұмытып кетсе керек. Бірақ бейшара Энни үшін бұл тым кеш еді.

Байғұс неміс кемпір де өлгінің аяғын құша ма деп, жаныма қатты батып отыр. Қартайғанда адамның көңілі қалғыш келеді ғой. Темплтон мырзадан гөрі сол кемпірге жаным көбірек ашиды. Өйткені Темплтон өрі жас, өрі өдемі. Қыздарға да ұнайтын көрінеді. Сіз Гертрудқа ары таза екені анықталғаны жөнінде хат жазып жіберерсіз, сэр Генри, солай ғой? Ерекше сыйлаған қарт қожайыны қайтыс болып, өзіне түскен күдіктен саруайымға салынып жүрген шығар... Ту! Ойыма түссе, шыдай алмаймын!

— Мен хат жазамын, мисс Марпл, — деді сэр Генри. Ол мисс Марплға тандана қарады. — Сізді мен еш уақытта да түсіне алмаспын, сірә. Сіздің дүниетанымыңыз өрқашан мен ойлағаннан бөлек болады да тұрады.

— Менің дүниетанымым өте тар ма деп қорқамын, — деді мисс Марпл кішіпейілділік көрсетіп. — Осы уақытқа дейін Санкт Мэри Мийдтен басқа ештеме көрмеппін.

— Соның өзінде де сіз халықаралық құпияның сырын ашып отырсыз ғой, — деді сэр Генри. — Оны сіз аштыңыз. Оған көзім жетіп отыр.

Мисс Марпл қызарып кетті де, қалпына қайта келді.

— Мен өз заманыма лайықты жақсы білім алдым ғой деп ойлаймын. Сіңлім екеуміздің неміс мұғаліміміз болды. Өзі бір сондай сезімтал жан болатын. Ол бізге бүгінде ұмыт болған тамаша гүлдердің сырын үйретіп еді. Сары қызғалдақ, мәселен, “үмітсіз махаббат” дегенді, ал қытай астрасы “қызғаныштан қолында өлем” дегенді білдіреді. Өлгі хаттың соңындағы қол “Геоργия” еді ғой. Ұмытпасам, оның немісшесі *dahlia* болуы керек, ал сол сөз бөрінің де сырын ашып тұр. *Dahlia* деген сөздің қандай мағына беретінін ұмытып қалып, есіме түсіре алмай тұрғанымды қарашы. Бұрынғыдай емес ұмытшақ боп барамын.

— Қалай дегенде де оның мағынасы “өлім” емес.

— Жоқ, өрине. Сұмдық емес пе? Дүниеде неше түрлі масқара бар ғой.

— Баршылық, — деді Бэнтри ханым күрсініп. — Кейбіреудің гүлдері, енді біреулердің достары болғаны қандай бақыт десеңізші.

— Өздеріңіз байқап отырсыздар, нүктені мисс Марпл қойды, — деді дәрігер Ллойд.

— Бір кісі күн сайын театрға маған арнап қан қызыл орхидея гүлдерін жіберіп тұрды, — деді Джейн армандап. Сэр Генри жөтелді де, басын бұрып өкетті.

Мисс Марпл күтпеген жерден дауыстап: “Есіме енді түсті, “*dahlia*” деген “сатқындық, өтірік” деген мағына береді”, — деді.

— Бәрекелді, — деді сэр Генри, — өте тамаша.

Сосын ол күрсініп салды.

АЖАЛ ШӨБІ

— Сонымен, құлағымыз сізде, Б... ханым, — деді Генри Клитеринг оны жігерлендіріп.

Үй иесі, Бэнтри ханым, оған жақтырмай қарап, салқындау үнмен: “Сізге бұдан бұрын да мені Б... ханым деп атамаңыз дегенді ескертіп едім. Бұл құрмет емес қой”, — деді.

— Шахразада делік онда.

— Ша... өлгінің аты кім еді? Ол да болғым келмейді. Мен дұрыстап өңгіме айта алмаймын, сенбесеңіз, Артурдан сұраңыз.

— Долли, сен өңгімеге шеберсің, — деді полковник. — Бірақ кесте тігуге олақсың.

— Әнеки, — деді Бэнтри ханым. Ол қолына ұстап отырған гүл тұқымдарының каталогын алдындағы үстелдің үстіне сарт еткізіп тастай салды. — Мен бағанадан бері құлақ қойып тыңдап отырмын, бірақ “ол бүйтті, мынау сөйтті, сіз таңданып қалдыңыз, олар ойланып қалды, бәрі іштей сезді” дегеннен қалай ғана жалықпайсыздар. Бірақ менің миыма ештеңе кірмей-ақ қойды. Сосын келіп мені қолқалайсыздар! Сіздерге айтатын өңгімем жоқ.

— Өтірігіңізге құдай береке берсін, Бэнтри ханым, — деді доктор Ллойд. Ол сенбегенін сездіре, ақ кіре бастаған басын мысқылдай шайқады.

Жасы ұлғайған мисс Марпл өзінің жұмсақ даусына салып: “Бол, жаным...” — деді.

Бэнтри ханым бұрынғысынша айтқанынан қайтпай, қасарысып басын шайқай берді.

— Менің өмірімде қызығатын ештеңе де жоқ екенін сіздер білмейсіздер ғой. Қызметшілердің өзі неге тұрады, сосын ыдыс-аяқ жуатын қыз табу деген қиындап кетті емес пе? Киім сатып алу үшін, тісті емдегу үшін қалаға барасың сандалып, Эскоттағы ат жарысы тағы бар, бірақ оны Артур ұнатпайды. Содан соң бақтағы шаруа да жетерлік...

— Аха! — деді дәрігер Ллойд. — Бақ демекші, бәріміз де білеміз оны жақсы көретініңізді, Бэнтри ханым.

— Бағы болған тамаша шығар, — деді Джейн Хелиер, уыздай жас, өдемі актриса. — Онда да бірақ күрек ұстап, жер шұқылап, қолды оймаса деймін де. Өз басым гүлдерді сондай ұнатамын.

— Бақ демекші, — деді сэр Генри, — өңгімені осыдан бастайықшы. — Қане Б... ханым, бастаңыз! Ұлы тұқым, қауіпті нарцисс, ажалдың шөбінен...

— Қойыңызшы, сізге не болған? — деді Бэнтри ханым. — Қазір ғана сіз айтқан соң есіме түсті, Артур, өлгі Колдерхэм Кортта¹ болған оқиға есінде ме? Білесің, ана Эмброуз Бәрси қарт ше? Өзі бір сондай кішіпейіл, сүйкімді адам деп жүруші едік қой!

— Әрине, есімде. Е, ол өзі бір қызық оқиға еді ғой. Бастап жібер, Долли.

— Сен айтып берсең, дұрыс болар еді соны.

— Басты қатырмай, бастап жібер. Айтатыныңды өзің айт. Мен өзімдікін жаңа ғана айтып бердім ғой.

Бэнтри ханым демін ішке тартып бір рет терең күрсініп қойды. Қолдарын уқалап, қатты ойланған адамның сыңайын танытты. Сосын суырыла сөйлеп кетті.

¹ *Колдерхэм Корт* – ойдан шығарылған жер аты.

— Сіздерге көп айтатын ешнәрсе жоқ. “Ажал шөбі” дегеннен барып есіме түскені ғой. Бірақ мен өзім бұл оқиғаны “Шалфей мен пияз” дер едім.

— Шалфей мен пияз дейсің бе? — деді дәрігер Ллойд.

Бэнтри ханым оған басын изеді де: “Бұл былай болып еді”, — деп баяндай бастады. — Артур екеуіміз Колдэрхэм Корттағы Эмброуз Бэрсидікінде қонақтап жатқан болатынбыз. Бір күні қателіктен, бақтан едәуір шалфей мен дигиталистің¹ жапырағы қоса жұлыныпты. Демін кіргізу үшін, сол күнгі кешкі асқа даярлаған үйректердің ішіне әлгі жапырақтардан аямай салса керек, елдің барлығы уланды. Ал сэр Эмброуздың қамқорлығында жүрген бір бейшара қыз өліп те кетті.

— Обал-ай, обал-ай, — деді мисс Марпл, — не қылған қайғылы оқиға еді.

— Аянышты ғой, солай ма?

— Қош, — деді сэр Генри, — содан соң не болған?

— Ештеңе де болған жоқ, — деді Бэнтри ханым, — осымен бітті.

Елдің бөрі демдерін ішке тартып тына қалды. Бұрын ескертіп айтса да, өңгіме осылайша келте қайырылады деп ойламаған болатын.

— Өйткенмен, қымбатты леди, өңгіменің осымен бітуі мүмкін емес, — деді сэр Генри келіспей.

— Сіз тек қайғылы оқиғаның болғанын ғана айттыңыз, бірақ оның қандай жағдайда өрбігені туралы тіс жарып ештеңе демедіңіз ғой.

— Иә, өрине, тағы да біраз қосуға болады, — деді Бэнтри ханым. — Бірақ бәрін мен айтып қойсам, қызығы болмайды ғой.

Бэнтри ханым отырған адамдарға жағалай бір қарап шықты да, жайлап: “Мен сіздерге өңгіменің майын тамызып, нақышына келтіріп айту қолымнан келмейтінін ескерткенмін”, — деді.

— Аха! — деді сэр Генри. Орындьғына түзетіліп отырды да, көзілдірігін киіп: “Шынын айтсам бар ғой, Шахарада, мынауыңыз адамды сергітетін нағыз соны өңгіме екен, — деді. Тапқыр болсаңдар, әуселелерінді көрейін деп тұрсыз ғой. қызықтыру үшін жорта айтып тұрмағаныңызға кім кепіл, мисс Марпл, сіз бастап жібермейсіз бе?”

— Мен аспазшы жайын білгім келеді, — деді мисс Марпл. — Өзі не ақымақ, не тәжірибесіз әйел ғой деймін.

— Ақымақтың нағыз өзі, — деді Бэнтри ханым.

¹ *Дигиталис* — үлкен жапырақты улы шөп, шалфейге ұқсайды — уы жүрекке әсер етеді.

— Соңынан ол жылап-жылап алып: “Жапырақтарды жұлып, ас пісіретін бөлмеге шалфей деп әкеп берген, оны мен қайдан білейін?” — дегенді айтыпты.

— Өз ақылымен істемейтін біреу болды ғой онда, — деді Мисс Марпл. — Жасы егде тартқан, сірә, асты тәуір пісіретін әйел болар?

— Иә, тамаша пісіреді, — деді Бэнтри ханым.

— Сіздің кезегіңіз кеп қалды, мисс Хелиер, — деді сэр Генри.

— А! Сонда қалай, сұрақ қояйын ба? — Арада Джейн ойланғанша біраз үзіліс болып қалды. Сосын ол: “Шынымды айтсам, не сұарымды білмей отырмын”, — деді.

Оның өдемі жанары сэр Генриге жалбарына қарады.

— Қалайша жоқ, оқиғаға қатысты адамдар жөнінде сұрамайсыз ба, мисс Хелиер? — деді сэр Генри жымиып.

Джейн өлі де не сұарын білмей отырып қалды.

— Кейіпкерлерді ретімен айтып берсін, — деді Сэр Генри жайлап қана.

— Иә, дұрыс, — деді Джейн. — Бұл бір дұрыс ұсыныс екен.

Бэнтри ханым тез-тез әңгіменің кейіпкерлерін саусақтарымен санап бастады: “Сэр Эмброуз, Сильвия Кин (өлгі қайтыс болған қыз), оның құрбысы — Мод Вий — өзі бір ұсқынсыз қара торы қыз екен, бірақ елге ұнады, әйтеуір. Қалай жолын табатындары мияма кірмейді. Сосын Эмброуз мырзамен кітап жөнінде пікірлесуге келген Керл дейтін біреу болды. Кітап болғанда, білесіз ғой, өлгі сирек кездесетін, латын тілінде жазылған, көгеріп иістеніп кеткен түсініксіз қолжазбалар. Есіктес тұратын көршісі, Джерри Лоример дейтін кісі болды. Оның жері, Феярлиз, сэр Эмброуздың жерімен шектес екен. Одан соң орта жасқа келген, қайдан болмасын мысық секілді жылы орын тауып ала қоятын Карпентер дейтін семіз әйел болды. Байқауымша, ол әйел Сильвияның өрі тәрбиешісі, өрі серіктесі көрінеді.

— Бэнтри ханым, байқауымша, Мисс Хелиермен қатар отырғандықтан, келесі кезек маған тиетін секілді. Егер олай болса, мен сізден алдымен оқиғаның қалай өрбігенін және ана адамдардың кім екенін қысқаша сипаттап беруіңізді өтінер едім.

— Оу! — деп, Бэнтри ханым екі ойлы болып қалды.

— Сэр Эмброуздан бастап жіберіңіз енді, — деп сөзін жалғастырды сэр Генри. — Ол өзі қандай адам еді?

— Иә, ол бір елден ерекше қарт, қарт емес-ау, жасы алпыстан аса қоймаған адам болатын. Бірақ өзі өте нәзік еді. Жүрегі нашар, жоғары көтеріле алмайтындықтан, үйіне лифт қондыруға мәжбүр болған. Содан да болар, көрі көрінетін. Мінезі жібектей, кішіпейілдің кішіпейілі

десе болар еді оны. Оның ашуланғанын, абыржығанын ешқашан көрген емеспіз. Шашы әдемі, аппақ, әсіресе даусы сондай сүйкімді болатын.

— Дұрыс, — деді сэр Генри. — Сэр Эмброузді білдік. Енді әлгі Сильвия қызға көшелік, өзінің аты-жөні қалай еді?

— Сильвия Кин. Ол сұлу, шынында да өте сұлу болатын. Шашы ақ сары, өңі керемет еді. Ептеп топақтау көрінетін.

— Жә, болар, Долли, — деді күйеуі ұнатпай.

— Артур, өрине, олай ойламайды, — деді Бэнтри ханым жақтырыңқырамай. — Ал шындығында оның ақылы аздау болатын, тыңдауға тұрарлық ештеңе айтпайтын.

— Келбетті жанның бірі еді өзі, — деді полковник жылырақ сөйлеп. — Теннис ойнағанын көрсең оның, керемет дерсің. Өзі өте көңілді жүретін. Жүріс-тұрысы қандай еді шіркіннің. Жас жігіттердің оны көргенде аузының суы құритын еді десем, қателеспеспін.

— Бұл жерің артықтау болып кетті, — деді Бэнтри ханым. Ондай қыздар жігіттерге ұнамайды қазір. Тек сен сияқты көрі-құртаңдар ғой мұнда жас қыз десе, ішкен асын жерге қоятын.

— Тек жас болу жеткіліксіз, — деді Джейн.

— Оған қоса еркекті үйіріп әкететін Ж. қ. болуы керек.

— Немене? — деді мисс Марпл, — ж. қ. деген не пәле тағы?

— Жыныстық қасиетті айтамын, — деді Джейн.

— Иә, — деді мисс Марпл. — Біздің кезімізде мұны “қыз қылығымен жағады” деуші еді.

— Сипаттама жаман шыққан жоқ, — деді сэр Генри. — Әлгі сіз “мысық секілді” деген серіктес әйел қандай кісі еді, Бэнтри ханым?

— Мысық дегенде көдімгі мысықты айтып отырған жоқпын, — деді Бэнтри ханым. — Мүлде басқа. Үлкен ақ мамық жастықтай томпиып, өрдайым пыс-пыс етіп жүретін толық әйелді айтқаным ғой. Эделаид Карпентер сондай болатын.

— Жасы қай шамада?

— Қырғықтарда. Сол үйде Сильвияның он бір жасар кезінен бері тұратын болса керек. Өте әдепті әйел. Бақытсыз жағдайға тап болып, жесір қалған. Бай туыстары көп болғанымен, қалтасында көк тиыны жоқ. Өз басым аса ұната қоймадым. Пысылдаған толық адамдарды көңілім қаламайды.

— Керл мырза ше?

— Е, еңкіш тартқан егделеу адам. Ондайлар көп-ақ, тіпті бірін бірінен айыра да алмайсың. Иістенген кітаптары жайлы бірдемелерді айтқан болып еді, басқа уақытта

үнін ести алмадық қой. Сэр Эмброуз оны онша жақсы білмесе керек.

— Өлгі есіктес Джерри туралы не айтасыз?

— Өте сүйкімді жігіт. Сильвия екеуі сөз байласып қойған екен. Аянышты жері де осы болып тұр ғой.

— Енді, меніңше... — дей беріп, мисс Марпл тежеліп қалды.

— Не дейсіз?

— Жәй, әншейін, қымбаттым.

Сэр Генри қарт әйелге сұқтана қарады. Сосын ол ойға шомып: “Сонымен өлгі екі жас сөз байласты дедіңіз ғой. Оларына көп уақыт болып па?” — деп сұрады.

— Бір жылдай болса керек. Сэр Эмброуз бұған басында Сильвия өте жас деп қарсы болыпты. Бірақ сөз байласқандарына бір жыл уақыт өткен соң, ол райынан қайтыпты. Жақында үйлену тойлары да өтпекші екен.

— Солай де! Қалыңдықтың ақшасы бар ма екен?

— Мәз емес. Жылдық табысы бір-екі жүз фунттың шамасы көрінеді.

— Ол арада күдікті ештеме жоқ, Клитеринг, — деді полковник Бэнтри жымып.

— Ендігі сұрақтың кезегі дәрігердікі, — деді сэр Генри. — Осымен мен де болдым.

— Білгім келіп отырғаны, негізінен, кәсібімізге байланысты, — деді дәрігер Ллойд. — Тергеу кезінде медицина тарапынан қандай қорытынды жасалды екен? Онда да Бэнтри ханымның есінде болса ғана.

— Еміс-еміс есімде, — деді Бэнтри ханым. — Тамақтан дигиталиннің уы табылды.

Дәрігер Ллойд басын изеді.

— Бұл шөп — дигиталис, жүрекке өте қатты әсер етеді. Жүрек ауруының кейбір түріне бұл таптырмайтын шипа. Жалпы, қызық жәйт екен. Дигиталистің жапырағы қосылған тамақ осыншама қауіпті болады деп ешқашан да ойламас едім. Улы жапырақтар мен әртүрлі бүлдіргендерді жеп уланып қалу жөнінде тым артықтау айтылып жүр. Улар мен алкалоидты бөліп алу үшін үлкен дайындық пен жауапкершілік керек екендігін елдің бәрі біле бермейді.

— Осыдан бір күн бұрын, — деді мисс Марпл, — Макартур ханым Туми ханымға бір ерекше есімдіктің тұқымын беріп жіберіпті. Сөйтсе, Туми ханымның аспазшысы әлгілерді пияз екен деп, Тумилер тұтас уланып қалыпты.

— Бірақ одан олар өлген жоқ қой, — деді дәрігер Ллойд.

— Жоқ, — деді мисс Марпл құптап.

— Мен білегін бір қыз да удан қайтыс болды, — деді Джейн Хелиер.

— Өлгі қылмыстың төңірегінде ғана сөйлейік, — деді Сэр Генри.

— Қылмыс? — деді Джейн селк ете қалып. — Мен мұны кездейсоқ нәрсе деп отырсам.

— Егер бұл кездейсоқ оқиға болса, — деді сэр Генри ізетпен, — Бэнтри ханым оны бізге айтпаған болар еді. Жоқ, менің байқауымша, бұл сырттай ғана кездейсоқ оқиға сияқты. Ал шын мәнінде мұның артында бір құпия тұр. Есімде қалған бір оқиғаны айтайын. Өртүрлі адамдармен бір үйде қонақта болып, тамақтан кейін өңгіме соғып отырғанбыз. Қабырғада неше түрлі ескі қару-жарақтар ілулі тұрған. Қонақтардың бірі жай қалжындап, атты адамдар ұстайтын ескі үлкен пистолетті ала салып, ататын адам секілді екінші біреуге кезеді. Сөйтсек, қару оқтаулы екен, атылып кетіп өлгі адамды өлтірді. Өлгі жағдайда біз, біріншіден, жаңағы қаруды даярлап оқтап қойған адамды; екіншіден, мүлдем кінәсі жоқ адамды жаңағыдай дерекі қалжыңға баруға өз өңгімесімен итермелеген кім, соны анықтауға тиісті болдық. Менің ойымша, біздің шешейік деп отырған мәселеміз де соған ұқсас. Дигиталистің жапырақтары тамаққа жорта араластырылған. Егер сіз аспазшының кінәсі жоқ деп, — шынында да оның кінәсі жоқ қой, солай емес пе? — шығарып тастайтын болсақ, мынандай сұрақ туады: “Жапырақты теріп, оны ас даярлайтын жерге өкелген кім?”

— Оның жауабы оңай, — деді Бэнтри ханым. — Түгелдей болмаса да, сұрақтың екінші жартысының жауабы былай. Жапырақты ас үйге Сильвияның өзі апарған. Сөйге, тамаққа салатын өртүрлі шөп, бірнеше түп жас сөбіз, тағы сол сияқтыларды жинау Сильвияның күнделікті міндетіне жататын. Өйткені бағбандар өлі көк, піспеген нәрсені жұлғанды ұнатпайды, өбден пісіп, дәрежесіне жеткенде ғана жинағанды тәуір көреді. Сильвия мен Карпентер ханым мұндайдың талайын өз көзімен көрген болатын. Бір бұрышта шалфейдің арасында шынымен дигиталис өсіп тұр екен, сондықтан қателесуі өбден мүмкін.

— Бірақ жапырақтарды Сильвияның өзі жұлды ма?

— Мұны ешкім де білмейді. Солай болар деген болжам жасалды.

— Болжам деген, — деді сэр Генри, — қауіпті нәрсе.

— Бірақ Карпентер ханымның араласпағанын мен жақсы білемін, — деді Бэнтри ханым. — Себебі сол күні ертеңгісін ол террасада менімен бірге серуендеген болатын. Ол жерге біз ертеңгі астан кейін шыққан болатынбыз. Ерте көктемге қарамастан күн ерекше жылы болатын. Баққа Сильвия жалғыз кеткен, қайтқанда оның Мод Виймен қолтықтасып келе жатқанын көрдік.

— Олар жақсы дос екен ғой, солай ма? — деп сұрады мисс Марпл.

— Иә, — деді Бэнтри ханым. — Мод Вийдің бірдеме айтқысы келді, бірақ айтпады.

— Онда ол көп болды ма? — деді мисс Марпл.

— Екі жұмадай, — деді Бэнтри ханым. Оның даусы біртүрлі өзгеріп шыққандай болды.

— Мисс Вийді сіз ұнатпадыңыз ғой деймін? — деді сэр Генри.

— Жоқ, ұнаттым, ұнаттым.

Даусындағы мазасыздық енді ұлғая түскен болатын.

— Сіз бір нәрсені бүгіп қалып тұрсыз ғой, Бэнтри ханым, — деді сэр Генри оны сөгіп.

— Мен де секем алып қалып едім, — деді мисс Марпл, — бірақ айтатынымды аяғына жеткізбей қоя салғанмын.

— Сіз қай тұста секем алып едіңіз?

— Сіз ана қызбен жігіт сөз байласып қойып еді деген тұста. Ең аяныштысы да осы деп едіңіз ғой. Менің не айтқым келіп отырғанын білгіңіз келсе, дәл сол тұста солай деуін десеңіз де, даусыңыз бір түрлі сенімсіздеу шығып еді.

— Өзің қандай сұмдық адамсың, — деді Бэнтри ханым. — Бәрін де көріп-біліп отыратын сияқтысың. Иә, мен бірнәрсені ойланып қалып едім. Оны айтудың керегі бар ма, жоқ па деп тұрғаным ғой.

— Айтуыңыз керек, — деді сэр Генри. — Ешбір бүкпесіз айтқаныңыз жөн болады.

— Жә, ол мынау, — деді Бэнтри ханым. — Бір күні кешкісін, дәл өлгі қайғылы жәйт болатын күні кешкісін, тамақтың алдында сыртқа террасаға шығып едім. қонақ үйдің терезесі ашық тұр екен, Джерри Лоример мен Мод Вийді көзім шалып қалды. Жігіт... қызды сүйіп тұр екен. Өрине, жай кездейсоқтық па әлде басқа жағдай ма, ол арасын біле алмадым. Оны ешкім де айта алмас. Алайда сэр Эмброуз Джерри Лоримерді жек көретінін білетінмін. Мүмкін, жас жігіттің өлгіндей жағын сезген болар. Бірақ күмәнсіз бір нәрсе, өлгі Мод Вий жігітті шынымен жақсы көретін. үстінен түсіп қалған кезде, оның жігітке қарағанын көрсеңіз. Меніңше, Сильвиядан гөрі жігіт жаңағы қызбен жақсы үйлесіп кеткен болар еді.

— Мен мисс Марплдан сізден бұрынырақ бір сұрақ сұрайын деп отырмын, — деді сэр Генри. — Білгім келіп отырғаны: трагедиядан кейін Джерри Лоример Мод Вийге үйленді ме?

— Иә, — деді Бэнтри ханым. — Алты ай өткен соң үйленді.

— Ах! Шахразада, Шахразада, — деді сэр Генри. — Өңгімені қалай бастағаныңызға таң қаламын да! Етін түгел сылып алып, құр сүйегін тастапсыз ғой біздің алдымызға.

— Қай-қайдағыны шығармаңызшы, — деді Бэнтри ханым. — Ет деген сөзді айтпаңыз. Вегетариандар ол сөзді қолданбайды. Олар “еш уақытта да ет жемейміз” дегенді айтқан кезде, жегелі отырған бір үзім етті де тастап кетесің. Керл мырза вегетариан болатын. Ол ылғи да оразасын кебек тәріздес бір нәрсемен ашатын. Ол сияқты қартаң тартқан, сақалды, еңкіш кісілер көбінесе мәжнүндеу келеді ғой.

— Олар іш киімдерін де өздері тігіп киеді.

— Құдайым-ау, — деді оның күйеуі. — Долли, Керл мырзаның іш киімі туралы не білуші едің?

— Ештеңе де білмеймін, — деді Бэнтри ханым басын жоғары ұстап. — Солай шығар деген ойым ғана.

— Мен бағана айтқанымға өзгеріс енгіземін, — деді сэр Генри. — Оның орнына “сіз қойған мәселедегі кейіпкерлер өте қызық екен. Мен олардың бәрін енді ғана түсіне бастадым” дер едім, солай ма, мисс Марпл?

— Адам табиғаты әрқашанда қызық, сэр Генри. Бір тигіс адамдардың ылғи біркелкі әрекет ететіне таң қаламын.

— Екі әйел, бір еркек, — деді сэр Генри. — Адамзаттың атам заманнан келе жатқан үшбұрышы. Мәселенің тұғыры да осы ғой? Меніңше, солай деп ойлаймын.

Дөрігер Ллойд тамағын қырпап: “Менде бір ой бар еді, — деді ұялшақтап. — Сізді де уланып қалды деді ме, Бэнтри ханым”.

— Неге уланбайын? Артур да, елдің бәрі де уланып қалды!

— Мәселе сонда, бәрі де, — деді дөрігер. — Менің ойымды түсініп отырсыз ба? Кім істесе де, бір түрлі түсініксіздеу. Адам өміріне қалай болса солай немқұрайды қарайтын немесе тисе терекке, тимесе бұтаққа деген біреудің ісі ғой бұл. ішіндегі бір адамды істен шығару үшін, әдейі сегіз адамды бірдей құрбандық етуге бас тігетін біреу бар дегенге өз басым сенбеймін.

— Сіздің ойыңызды түсіндім, — деді сэр Генри ойға кетіп. — Мен бұл арасын ойламаппын.

— Ол адамның өзі де уланып қалмай ма екен? — деді Джейн.

— Кешкі тамаққа сол күні келмей қалған біреу болды ма? — деді мисс Марпл.

— Бәрі де үстел басында болатын, — деді Бэнтри ханым басын шайқап.

— Меніңше, Лоример мырзадан басқасының бәрі де болды, солай ма, қымбаттым? Ол үйде жоқ болатын, жоқ әлде болды ма?

— Бекер айтасың, ол кешкі тамақты сол үйден ішкен, — деді Бэнтри ханым.

— А! — деді мисс Марпл, даусы өзгеріп. — Онда бұл мәселеге мүлде басқаша қарауға тура келеді.

Өзіне ренжігеннен қабағы түйілген мисс Марпл: “Сонша ақымақ болғанымды қарашы, — деді күбірлеп. — Барып тұрған ақымақтық”.

— Шынымды айтсам, сіздің ойыңыз маған маза бермей отыр, Ллойд, — деді сэр Генри. — Тек әлгі қызды, басқа емес, дәл сол қызды ғана уландырып өлтіру мүмкін бе?

— Олай істей алмайсыз, — деді дәрігер. — Бұл мені енді мынадай ойға әкеліп тіреп отыр. Айталық, құрбандыққа шалынғалы отырған о баста қыз емес, басқа біреу болса ше?

— Немене?

— Тамақтан уланған жағдайда оның ақыры немен тынатынын ешкім де білмейді. — Тамақты бірнеше адам бірге ішеді. Немен тынады? Бір иә екі адам ептеп ауырады, айталық, екеуі немесе одан да көбірегі қатты уланады, біреуі өледі. Шамамен осылай болады, бірақ дәл не боларын анық білу мүмкін емес. Бірақ кейде басқаша да болуы мүмкін. Дигиталин – бірден жүрекке әсер ететін дәрі. Ал енді жаңағы үйде жүрегі ауыратын бір ғана адам бар-тын, құрбандыққа соны шалғысы келген шығар? Басқаларға онша қауіпті емес нәрсе оған аса қауіпті болуы мүмкін ғой. Қылмыс жасаған адам солай ойлауы мүмкін. Олай болмай, басқаша болуы жаңағы мен айтқанның дәлелі, яғни дәрінің адам организміне қаншалықты әсер ететінін алдын ала білу, болжау мүмкін емес.

— Сіздің ойыңызша, құрбандыққа шалынбақшы болған сэр Эмброуз ғой? — деді сэр Генри. — Иә, иә қыздың өлімі қате болған.

— Сэр Эмброуз қайтыс болған соң, оның мұрасы кімге қалыпты? — деді Джейн.

— Өте орынды сұрақ, мисс Хелиер. Бұрынғы қызметімде жүргенде біздің ең бірінші қоятын сұрағымыз осы еді, — деді сэр Генри.

— Сэр Эмброуздың ұлы бар болатын, — деді Бэнтри ханым асықпай. — Осыдан көп жыл бұрын олар араздасып қалып еді. Ұлы тентектеу болатын. Бірақ баласын мұрасыз қалдыруға сэр Эмброуздың шамасы келмей қалды. Себебі заң Колдерхэм Кортты басқа біреуге қалдыруға рұқсат етпейтін. Сөйтіп, Мартин Бэрси атаққа да, бар мүлікке де ие болып шыға келді. Сэр Эмброуздың мұраға өз қалауынша қалдыратын

толып жатқан басқа да дүниесі жеткілікті болатын, қамқорындағы Сильвияға арнағаны тағы бар. Мұны білетін себебім, Сэр Эмброуз сіздерге айтып отырған оқиғадан кейін бір жылға жетпейтін уақыттың ішінде қайтыс болды. Бірақ ол Сильвияның өлімінен кейін, соған деп қалдырған мұралық өсиет қағаздарын қайта жасауға тырысқан да жоқ. Меніңше, ол ақша не көрелдің қазынасына түсіп кетті, немесе өлгі ұлына бұйырды. Ол арасы анық есімде жоқ.

— Сонда бүкіл мұра істің басы-қасында болмаған өлгі ұлдың пайдасы мен сэр Эмброузге ор қазам деп жүріп, өзіне көр қазған ана қыздың пайдасына тиген болды ғой, — деді сэр Генри ойға батып. — Бұл ақылға сыймайтын сияқты.

— Ал ана екінші әйелге ештеңе тимеп пе? — деді Джейн. — Өлгі Бэнтри ханымның мысық секілді толық әйелін айтамын.

— Мұра туралы қағаздарда оның есімі аталмапты, — деді Бэнтри ханым.

— Мисс Марпл, сіз тыңдамай отырсыз ғой, — деді сэр Генри. — Ойыңыз тым алыста жүрген сияқты ғой.

— Мен дәріхана ұстайтын қарт Бэджер мырза туралы ойланып отыр едім, — деді мисс Марпл. — Оның үйінде шаруасын реттейтін уыздай жас, жас болғанда әуелі қызындай да емес, тіпті немересімен шамалас жалшы қыз жүрегін. Өлгі қыз туралы ол тіс жарып ешкімге ештеңе демейтін. Бэджер мырзаның келешектен жеміс күттірген толып жатқан жиендері мен немерелері бар үлкен отбасы бар болатын. Сөйтсе, сенесіз бе, сенбейсіз бе, Бэджер мырза дүние салардан екі жыл бұрын өлгі жалшы қызға құпия түрде үйленіп алыпты. Әрине, Бэджер мырза дәріхана ұстағанымен, өзі сондай дәреке, ұсқынсыз көрі шал болатын. Ал сэр Эмброуз болса, Бэнтри ханымның сипаттауынша, сондай мәдениетті, әдепті джентельмен еді ғой. Осыған қарамастан адамның табиғаты ұқсас бола береді екен ғой.

Осы жерде үзіліс болып, сэр Генри мисс Марплға тесіле қарап отырған. Мисс Марплдың байсалды көк көзі сэр Генриге қулана қадалып қалып еді, тыныштықты Джейн Хелиер бұзып: “Өлгі Карпентер ханым сұлу ма еді?” — деді.

— Иә, әжептәуір өңді, бірақ асып кеткен сұлу емес болатын.

— Оның мұңлы даусы жағымды еді, — деді полковник Бэнтри.

— Мұңлы емес, мысықтың пырылы секілді дер едім, мен болсам, — деді Бэнтри ханым. — Пырылы!

— Асықпасаң, жақында өзіңді де біреу мысық дейтін болады, Долли.

— Өз үйімде мысық болудан қашпаймын, — деді Бэнтри ханым. — Әйелдерді онша жарата бермейтінімді өзің білесің ғой. Менің ұнататыным — еркектер мен гүлдер.

— Талғамыңыз тамаша екен, — деді сэр Генри. — Өсіресе еркектерді алдына салады екенсіз.

— Ол ізет қой, — деді Бэнтри ханым. — Сонымен менің азғантай еңгімем қалай болып шықты? Ештеңесін қалдырмай бүкпесіз айттым ғой деймін, Артур, сен қалай ойлайсың?

— Иә, жаным. Ойынның шартын бұзбай, өділ жүргізгеніңе ешкім де күмөндана қоймас деймін.

— Бірінші кезек сіздікі, — деді Бэнтри ханым, саусағын сэр Генриге қарай шошайтып.

— Мен ұзаққа шабамын. Себебі өлі ешнөрсеге көзім анық жетпей отыр. Ең әуелі сэр Эмброузды алайық. Өзін-өзі өлтіру үшін мұндай амалға жүгіне қоймас деймін, екіншіден, қамқорындағы қызды өлтіргеннен ол ешқандай пайда таппайды ғой. Сэр Эмброузды шығарып тастаймыз. Керл мырзаға келсек, қызды өлтіретіндей ешбір себебі жоқ. Ал егер оның ойы сэр Эмброузды құрту болса, ол жан адам жоқтай қоймайтын сирек қолжазбаның бір-екеуін қымқырып кетер еді. Меніңше, Бэнтри ханымның сезіктенгеніне қарамастан, Керл мырзаны да былай альп тастаймыз. Мисс Вий. Сэр Эмброузды өлтіретіндей себеп онда да жоқ. Ал Сильвияны құртуға себебі баршылық. Ол Сильвияның жігітіне ғашық. Бэнтри ханымның айтысына қарағанда, оны өте қатты сүйетін. Дәл сол күні таңертең ол Сильвиямен бақта бірге болған. Оның улы жапырақтарды жұлып альп шалфейге қосып жіберуі әбден мүмкін. Жоқ, біз мисс Вийді оп-оңай құтқара салмаймыз. Лоример дейтін жігітке келсек, оның екі жаққа да қисыны келеді. Егер қалыңдығынан құтылса, ол ана екінші қызға үйленеді. Бірақ бұл тым артықтау сияқты, өйткені осы заманда байласқан уәдені бұза салу деген қиын емес қой. Ал егер сэр Эмброуз өлсе, ол кедей қыз емес, қалтасы қалың бай қызға үйленген болар еді. Бұл жағының жігіт үшін маңызды болу-болмауы оның қалтасына байланысты. Алда-жалда ол бар мүлкін қарызын өтеуге кепілдікке салып жіберген болса, және оны бізге Бэнтри ханым өдейі айтпай отырған болса, онда наразылық білдіремін. Енді Карпентер ханымға келейік. Біріншіден, оның уақытқа байланысты тамаша дәлелі бар. Дәлел дегендерге жалпы сенбеймін. Ол әйелден сезіктенетін тағы да бір себебім бар, бірақ оны өзiрге айтпай тұра тұрайын. Ал, жалпы, таразыға салатын болсақ, онда мен мисс Мод Вийді бірінші атар едім. Өйткені оған қарсы айғақтар басқалардікінен басымдау.

— Келесі адам, — деп, Бэнтри ханым дәрігер Ллойдты нұсқады.

— Меніңше, Клитеринг, сен қылмыс жасаған адам қыздан құтылығысы келген деп қателесіп отырсың. Мен білсем, ол керісінше сэр Эмброуздың көзін жоймақ болған. Бұған менің күмөнім жоқ. Ана Лоример деген жігіттің мұндайға білімі жете қояды дей алмаймын. Өз басым қылмысты істеген Карпентер ханым дер едім. Ол көптен бері сол отбасымен бірге тұрып келе жатқандықтан, сэр Эмброуздың денсаулық жайын өте жақсы білетін, сондықтан керекті жапырақтарды теруге Сильвияны (өзіңіз айтпақшы, оның аңқаулау екені рас болса) оп-оңай көндіруі мүмкін. Мақсатының не екенін, шынын айтсам, мен білмеймін. Бірақ бір кезде сэр Эмброуз мұра жөнінде өсиет жазып, оның ішіне өлгі өйелді де қосуы мүмкін деген болжам айтуға өбден болады. Менің қосарым осы ғана.

Бэнтри ханымның сұқ қолы енді Джейн Хелиерге қарай бұрылды.

— Мен не айтарымды білмей тұрмын, — деді ол. — Тек Сильвия мұның бәрін неге өз бетімен істей алмайды дейсіз? Әрі-беріден соң ас үйге жапырақтарды алып барған сол қыздың өзі ғой. Сосын өзіңіз сэр Эмброуз ол қыздың үйленуіне кезінде қарсы болған дегенсіз. Демек сэр Эмброуздың көзі жойылса, ол қыз өзіне тиесі ақшаны алады да, бірден тұрмысқа шығады ғой. Шалдың денсаулығына келсек, оны ол Карпентер ханымнан кем білмеген болар еді.

Бэнтри ханымның сұқ саусағы жайлап айналып келіп, мисс Марплға тоқтады.

— Ал, мұғалім мадам, сіз не дейсіз? — деді ол.

— Сэр Генри бәрін де басын ашып өте жақсы айтты, шынында өте керемет, — деді мисс Марпл. — Дәрігер Ллойдтың ойы да өзінше дұрыс. Екеуі мәселенің басын ашып алды. Бірақ дәрігер Ллойд мәселенің бір жағын жете түсінбеген сияқты. Былай ғой, достар, кеңесші дәрігері болмаса, сэр Эмброуз жүрек ауруының қай түрімен ауыратынын біле алмас еді ғой, дұрыс па?

— Сіздің не айтқалы отырғаныңызды ұға алмадым, мисс Марпл, — деді дәрігер Ллойд.

— Сіз сэр Эмброуздың науқасы дигиталин өсер ететін жүрек ауруы деп отырсыз ғой, солай ма? Бірақ олай ма, олай емес пе, оған дәлел жоқ. Басқа ауру болуы да мүмкін ғой.

— Басқаша болуы мүмкін?

— Иә, дигиталинді дәрігерлер көбінесе жүрек ауруына жазып береді дегенді өзіңіз айтпап па едіңіз?

— Солай-ақ болсын делік, — мисс Марпл, — бірақ онда тұрған не бар?

— Бұл сэр Эмброуздың қолында заңды түрде жаздырып алған дигиталині болды деген сөз. Менің айтпақ болып отырғаным (ойымды ығи дұрыстап жеткізе алмаймын) мынау:

айталық, сіз өлгі адамдардың біреуін дигиталин беріп көзін жойғыңыз келді. Мұндайда ең қарапайым әрі жеңіл жол олардың бәрін бірдей дигиталин жапырағымен уландыру. Әрине, жалғыз адамнан басқасы аман қалады. Құрбан болған бір адамға ешкім де танданбайды. Өйткені, дәрігер Ллойд айтпақшы, мұндайдың арты немен тынатынын ешкім де болжай алмайды. Сондықтан бірде-бір адам қыздың не дигиталинді көбірек қабылдап қойғаннан, не болмаса басқадан қайтыс болғанын сұрамайды да. Сэр Эмброуз уды коктейльге, немесе кофеге салып қоюы да, немесе жай ғана сергітетін дәрі деп, қыздың өзіне ішкізе салуы да өбден ықтимал ғой.

— Сонда сіз сэр Эмброуз өзі жақсы көретін, қамқорлығындағы жас қызды өзі у беріп өлтірді деп отырсыз ба?

— Дәл төбесінен түстіңіз, — деді мисс Марпл. — Бәдгер мырза мен оның уыздай жас жалшы қызы секілді. Алпыстағы шал жиырмадағы қызға ғашық болып албасты басып па демей-ақ қойыңыз. Ол күн сайын болып жататын жайт қой. Ал Эмброуз сияқты өктем, өтімді адамның солай істемегеніне кім кепіл? Кейде мұндай нәрсе масқараға айналып кетеді. Сэр Эмброуз қыздың күйеуге шықпақшы болғанына шыдай алмай, оны болдырмау үшін, қолдан келген әрекеттің бәрін де жасаған, бірақ ештеңе шығара алмаған. Ақыры қызғаныштан қызды Лоример сияқты жас жігітке қиғаннан гөрі өлтіре салғанды артық көрген. Дигиталистің ұрығы шалфейдікімен аралас себілгеніне қарағанда, ол жаңағы сұмдықты күні бұрын ойластырған болуы керек. Мерзімі жеткенде жапырақты жинап алып, оны қыздың өзінен ас үйге беріп жібереді. Бұл туралы ойлаудың өзі қорқынышты, бірақ, меніңше, істің мән-жайының қалай болғанын білуге тиістіміз ғой деймін. Ондай жастағы еркектер кейде жас қыз десе, есі кетеді. Мәселен, біздің соңғы органист... жарайды, ол масқараны айтпай-ақ қояйын.

— Бэнтри ханым, — деді сэр Генри, — бұл шынымен осылай ма?

Бэнтри ханым басын изеп:

— Иә, бұлай болады деген үш ұйықтасам түсіме де кірген емес. Жай кездейсоқ нәрсе болар деп қойғанмын. Сэр Эмброуз қайтыс болғаннан кейін, маған бір хат келді. Маған апарып берілсін деп айтып кетіпті. Хатында ол шындықты жазыпты. Неге екенін өзім де білмеймін, екеуіміздің арасың өте жақсы болатын.

Сол сәтте елдің бәрі де тыныштала қалып, іштей сөгіп отырғанын сезіп қалса да, Бэнтри ханым тоқтамастан бастырмалатып: “Сіздер сенген құпиясын айтып қойды деп отырсыздар ғой, бірақ олай емес. Оның шын аты сэр Эмброуз Бәрсі емес. Өлгі есімді атағанда Артурдың маған

аңырып қарап қалғанын байқадыңыздар ма? Алғашқыда түсінбей қалған болатын. Мен бәрін де өзгертіп жібергенмін. Кәдімгі журналдар мен кітаптардың алғы сөзіндегі “Мұндағы кейіпкерлердің барлығы да ойдан шығарылған” дегені секілді. Олардың шын мәнінде кім болғанын сіздер еш уақытта да біле алмайсыздар.

КӨК ҚҰМЫРАНЫҢ СЫРЫ

Джек Гарингтон сөреден¹ бастап доп барып түскен жерге дейінгі арақашықтық қанша екенін мөлшерлеп, оған көңілі толмай тұрған болатын. Доптың тұсынан арт жақта қалған сөреге көз тастап, екі аралықты көзбен тағы бір шолып өтті. Өңінен ызаланып тұрғаны байқалады. Бір күрсініп қойып, таяғын жоғары көтеріп, қатарынан екі рет соғып еді, бірінде таяғы бақбақты жұлып түсті де, екінші рет бүрқ еткізіп, бір уыс шымды қопарып кетті. Тек үшінші ретте ғана допқа таяғы дөп тиді.

Жасың жиырма төртке келгенде гольфты кемшіліксіз шебер ойнауға уақыт табу онша оңай шаруа емес. Өйткені бұл кезде уақытыңның көпшілігі күнелтудің қамына жұмсалып, ықыласың соған ауа бастайды. Аптаның бес жарым күнін Джек жұмыста, қаланың ортасындағы қызыл ағашпен қапталған еңсені басатын кеңседе өткізетін. Тек сенбінің екінші жартысы мен жексенбіде ғана қолы босап, жеке басының шаруасымен айналысатын. Өлгі ойынға құмартқаны сонша, қиналып жүріп, Стоуртон Хит гольф алаңының маңындағы бір кішірек қонақ үйден бөлме жалдап алды. Күнде ертеңгісін сағат алтыда тұрып, бір сағат жаттығу жасап, сегізден қырық алты минут өткенде жүретін пойызбен жұмысқа үлгеретін.

Бірақ көңілінен шықпай жүрген бір нәрсе: ол күнде құлқын сәриден тұрса да, ойынның бар сәнін мүлде келтіре алмады. Икемі келмей, ұрған добы айдалаға кете берді. Басы темір салмақты таяқпен соққан добы алаңда қиғаш домалап, қалай тырысса да, ұяға дәл түсіре алмай, допты ең кемінде төрт рет соғуға мәжбүр болатын.

Джек күрсініп, таяғын қаттырақ қармап, “Сол қолыңды түзу ұста, жоғары қарама” деген ереженің сиқырлы сөзін ішінен қайталап айтты.

Жазғы таңның тыныштығын шыңғыра шыққан бір ашшы дауыс бұзып жіберді. Ол артына жалт қараған күйі серейіп тұрып қалды.

— Өлтіріп жатыр, — деді өлгі дауыс. — Көмектесіңдер! Өлтіріп жатыр!

¹ Сөре – гольф ойынындағы допты алғаш соғатын жер.

Дауыс әйел адамдікі болатын. Шыңғырғанның аяғы үзік-үзік шыққан өксікке ұласқан сияқты.

Джек қолындағы таяғын тастай салып, дауыс шыққан жаққа қарай жүгірді. Өлгі дауыс сол төңіректен, жақын жерден естілген болатын. Алаңның бұл шеті даламен шектесетін және ол арада шамалы ғана үй бар-тын. Ал алаңға таяу жерде жалғыз ғана шағын коттеж тұрған. Оны Джек жиі байқайтын, өйткені бұл Еуропа үлгісімен салынған өдемі үй болатын. Джек сол үйге қарай жүгірген. үй аюқұлақ жамылған дөңестің қалқасында болатын. Өлгі жерді айналып өтіп, ол лезде-ақ құлыптаулы кішкентай қақпаға жетіп келді.

Бақтың ішінде бір қыз тұр. Джек алғашында жаңағы көмек сұрап айқайлаған осы қыз болар деген ойда болатын. Бірақ бұл ойынан тез қайтты.

Қыздың қолында арамшөпке жартылай толған себеті бар, соған қарағанда, гүлдерді арамшөптен тазартып, осы өлгінде ғана бойын жазған төрізді. Джектің байқағаны, қыздың көзі өзі баптап жүрген тауықкөз гүлдерден айнымайды екен. үстіне киген күрең қызыл көйлегімен қыздың өзі де тауықкөзге сондай ұқсайды-ақ.

Қыз Джекке қысыла да, таңдана қарап қалды.

— Ғафу етіңіз, — деді оған жігіт. — Осы өлгінде ғана айқайлаған сіз емессіз бе?

— Мен бе? Жоқ.

Қыздың шынымен таңданып тұрғанын көріп, Джек ыңғайсызданып қалды. Ептеген шетелдік акценті болмаса, қыздың даусы өте нәзік, өдемі екен.

— Айқайды естіген боларсыз? — деді Джек таңданып. — Дауыс осы маңнан шықты ғой.

Қыз оған тесіле қарап: “Мен ештеңе де естіген жоқпын”, — деді.

Енді қызға Джек таңдана қарады. Жанұшыра, көмекке шақыра айқайлаған дыбысты қыздың естімеуі тіпті мүмкін емес. Бірақ қыздың сондай жайбарақаттылығына қарап, алдап тұр деуге жігіттің көңілі қимады.

— Осы бір жақын жерден естілді, — деді ол сөзін қайталап. Қыз енді күдіктене қарап: “Немене дейсіз?” — деп қайта сұрады.

— Өлтіріп жатыр, көмек беріңдер! Өлтіріп жатыр! — деп айқайлады.

— “Өлтіріп жатыр, көмек беріңдер, өлтіріп жатыр”, — деді қыз оның сөзін қайталап. — Сіз қайтер екен деп, біреу-міреу қалжыңдаған болар, мырза. Бұл жерде кімді кім өлтіруші еді?

Бақтың ішіндегі жолдардың бірінде өліп жатқан біреу-міреудің денесі табылып қала ма деген жаман оймен Джек айналасына көз салды. Өйткені ол өзі естіген дауыстың елес емес, шындық екеніне титтей де күмөні жоқ болатын. Ол коттеждің терезелеріне қарады. Бәрі де баз қалпында секілді.

— Үйдің ішін қарап шыққыңыз келе ме? — деді қыз салқындау үнмен.

Қыздың еш нәрсеге де сенбейтініне көзі жеткен соң, Джек бұрынғыдан бетер қысылды. Ол кері бұрылып: “Ғафу, етіңіз”, — деді. — Дауыс жоғарыдағы орман жақтан естілген болуы керек.

Ол бас киімін көтеріп қоштасты да, өз жөніне кетті. Артына бұрылып көз тастап еді, қыз арамшөпті жүлуға алаңсыз қайта кірісіп кетіпті.

Ол біраз уақыт орманды аралап көріп еді, алабөтен еш нәрсенің белгісін байқай алмады. Бәрібір өлгі дауысты өз құлағымен естігеніне сенімді болатын. Ақырында ол іздеуді тоқтатып, үйіне асықты. Ертеңгі асын апыл-ғұпыл іше салып, сегіз қырық алтыдағы пойызға әдеттегісінше өрең ілікті. Пойызда келе жатқанда өлгі нәрсе ойынан шықпай, мазалай берді. Естігенін бірден полицияға хабарлау керек пе? Олай етпеген себебі ана тауықкөз қыздан болды. Қыз оны өзіне қырындап жүр деп, сезіктеніп қалған сияқты. Полиция да солай ойлауы мүмкін. Шынымен айқайды естіді ме?

Бұл кезде ол дәл бағанағыдай сенімді емес болатын, қайта-қайта ойлай бергеннің нәтижесі ғой. Мүмкін, ол алыстан шыққан құстың даусын әйелдің даусымен шатастырып алған болар?

Бірақ ол ашуланып, өлгі ойынан тез қайтты. Өйткені ол анық әйелдің даусы, өз құлағымен естіді. Айқай шығардың алдында ғана сағатына қараған болатын. Шамамен, өлгі дауыс шыққан кезде уақыт жетіден жиырма бес минут кеткен еді. Егер бірдеменің сезігі шыға қалса, жаңағының полицияға пайдасы тиюі мүмкін.

Кешке қарай, үйіне қайтып келе жатқанда, ол кешкі газеттердің бірін қалдырмай қылмыс жайлы еш нәрсе жоқ па екен деп, қарап шықты. Бірақ ондай ештеңе таба алмай, қуанарын да, ренжірін де білмей қалған.

Келесі күні таңертең жаңбыр төпеп жауды. Мұндай күні алаңға шықса, босқа су болатынын ескеріп, ол әдеттегісінен жайырақ тұрып, тамағын іше сала пойызға жүгіріп кетті. Жолда ертеңгі газеттерді тағы да сүзіп шықты. Бірақ ол ойлаған жаңалықтың газеттерде қарасы да жоқ болатын. Кешкі газеттер де үнсіз.

“Қызық екен, — деді Джек өзіне-өзі. — Бірақ дауыс естілді ғой. — Мүмкін, балалар шығар жиналып алып орманда ойнап жүрген”.

Келесі күні ертеңгісін ол сыртқа ертерек шықты. Өлгі коттеждің қасынан өтіп бара жатып, көз қиығын салып еді, қыз бақтың ішінде тағы да арам шөп жұлып жүр екен. Күнделікті әдеті болса керек, сірә.

Джек добын кереметтей дәлдеп соқты. Онысын қыз көрді ғой деген ойда болатын. Келесі ұяға қарай допты екінші рет соққан кезде ол сағатына қарады.

— Түп-тура жетіден жиырма бес минут кетті, — деді ол күбірлеп. — Ал енді...

Сөзін аяқтаған жоқ. Дәл арт жағынан өткен жолы зәресін алған өлгі ашшы айқай қайта шықты. Жаны күйзелген өйелдің дауысы.

— Өлтіріп жатыр, көмектесіндер, өлтіріп жатыр!

Джек кері қарай тұра жүгірді. Тауықкөз қыз қақпаның қасында тұр екен, қорқып кетіпті. Джек жүгіріп келіп, дауыстап: “Бұл жолы қалайда естіген боларсыз”? — деді.

Қыздың көзі, қандай сезім әсер еткені белгісіз, шарасынан шығып кете жаздап тұр екен. Жігіт жақындағанда шегіншектеді, тіпті ішке қашып тығылмақшы болған адам сияқты үй жаққа жалтақтай береді.

Жігітке тесіле қарап, басын шайқап: “Мен еш нәрсе естіген жоқпын”, — деді ол.

Джек өзін біреу қақ маңайдан салып жібергендей сезінді. Қыз шын жүрегімен айтып тұрғандықтан, оған сенбеуге дәті шыдамады. Өйтсе де ол дәл осылай болады деп ойламаған болатын. Тіпті бұл үш ұйқтаса түсіне кірмеген еді. Қыздың даусы оған жұмсақ, жаны ашыған адамның үніндей боп естілді.

— Миыңызға бұрын зақым келіп пе еді?

Сол сәтте Джек қыздың неге шошынғанын, үйге неліктен жалтақтап қарай бергенін бірден түсіне қойды. Қыз оны көзіне әр нәрсе елестейтін ауру адам деп ойлап қалса керек.

Енді жігіттің басына: “Мына қыздың болжамы рас болса қайтемін?” — деген құбыжық ой келді. Қорққанға қос көрінеді демекші, өзі елестен шошынып жүрген жоқ па? Қорқынышты ой көңіліне ұялаған ол бұрылып алып, алды-артына қарамай, қызға да жауап қатпастан тартып отырды. Қыз күрсінді де, басын шайқап, еңкейіп арам шөпті жұлуға қайта кірісті.

Джек бәрін де қайта ойланып, қабырғасымен кеңеспекші болды. “Егер мына қарғыс атқыр пәлені жетіден жиырма бес минут өткенде тағы да бір рет еститін болсам, — деді өзіне өзі, — онда маған шынында да бірдеме елестеп жүрген болды. Бірақ қайтып ести қоймаспын”.

Ол күні бойы мазасы кетіп, ерте жатып қалды да, ертеңгісін өлгіні қайта тексеріп көрмекші болды.

Мұндайда адамның ұйқтай алмайтыны белгілі ғой, ол түн жарымына дейін көз ілмей жатты да, соның салдарынан ертеңгісін әдеттегіден жайырақ оялды. Ол қонақ үйден шығып, гольф алаңына қарай жүгіріп бара жатқан кезде, уақыт жетіден жиырма минут кеткен болатын. Ол әлгі сұмдық дауыс естілетін межелі жерге жеті жиырма бесте жетіп үлгірмейтінін сезді, бірақ өзіне бірдеме елестеп жүрсе, әлгі сұмдықты қай жерден болса да есуге тиістігін деп түйді. Сағаттан көз алмай, одан өрі жүгіре берді.

Бұл кезде сағат жетіден жиырма бес минут өткен еді. Алыстан бір әйелдің шыңғырған дауысының жаңғырығы естілді. Сөздері анық болмаса да, бұрын өзі естіген таныс дауыс екеніне ешбір күмәні болған жоқ. Дәл сол жерден, қоттеждің маңайынан шығатын сияқты.

Бір қызығы, әлгіні естігеннен кейін оның күдігі тарай бастады. Өрі-беріден соң бұл біреудің алдамшы қалжыңы да болуы мүмкін. Мүмкін, ана қыздың өзі болар әдейі ақымақ етіп жүрген. Ол иығын батылдау көтеріп, сөмкесінен гольф ойнайтын таяғын алды. Алаңның қоттеж жағындағы біраз ұяларын бетке алып, допты солай қарай қуды.

Қыз әдеттегідей бақтың ішінде екен. Бүгін ол шөптен басын жоғары көтеріп, жігіт бас киімін алып амандасып еді, ұялыңқырай сәлемдесті. Өзі бұрынғыдан да құлпырып кетіпті.

— Ауа райы бүгін тамаша, солай ғой? — деді Джек оған көңілдене сөз тастап.

— Иә, айтатыны жоқ, өте тамаша.

— Баққа да жақсы болар деймін?

Қыз ештеп жымыып еді, екі бетіне әдемі шұңқыр пайда бола қалды.

— Жоқ, о не дегеніңіз! Гүлдеріме жаңбыр төуір болар еді. Көрмейсіз бе қурап бара жатқанын.

Жігіт қыздың берірек келіңіз деген ымын түсіне қойып, бақты алаңнан бөліп тұрған қалың бұта қоршауға жақындап, бақтың ішіне үңілді.

— Гүлдер дұрыс сияқты, — деді ол ыңғайсызданып. Қыздың оған жаны аши қарағанын байқап қалған еді.

— Күншуақ жақсы, солай ғой. Гүлдерді қойшы, оларды суғаруға да болады ғой. Бірақ адамға күш беретін, денсаулығын түзейтін күн ғой. Бүгін, менің байқауымша, мырзаның жағдайы жақсырақ сияқты.

Қыздың мүсіркей сөйлегені Джектің жанына қатты батты. “Бәрі де кұрысын, — деді ол өзіне-өзі. — Бұл қыз мені жылы сөзбен емдемекші”.

— Денсаулығым аттай, — деді ол жақтырыңқырамай.

— Жақсы екен, — деді қыз өрі тез, өрі жұбатыңқырай жауап қатып.

Қыздың сенбей тұрғанын сезіп, Джектің ызасы келді.

Ол тағы біраз ойланды да, ертеңгі тамаққа асығып кетіп қалды. Тамақ үстінде Джек көрші үстелде отырған ер адамның өзінен көз алмай бақылап отырғанын осымен өлденеше рет байқады. Орта жастағы адам болатын. Шоқша қара сақалы мен өткір көзі, өзін сенімді де еркін ұстауы оның жоғарғы дәрежелі маман екенінен хабар беріп тұрғандай еді. Есімі Лэвингтон екенін Джек білетін. Сонымен қатар белгілі маман дәрігер екені туралы да Джек хабардар еді.

Бүгін өлгі кісінің өзінен көз алмай, өте мұқият бақылап отырғанын сезіп, сөл сескенгендей болды. Сонда қалай, тереңде жатқан құпиясы бетінде жазулы тұрғандай, кез келген адам оқи алатын болғаны ма? Өлде маман адам болғандықтан, бұның миындағы ақауды біліп отыр ма?

Өлгіні ойлағанда Джек қалтырап кетті. Шынында да солай болғаны ма?

Кенет ойына жаңағы жұмбақты шешудің ең оңай жолы сап ете түсті. Бұған дейін алаңға жаттығу жасауға жалғыз өзі барып жүрді ғой. Ал енді қасына біреуді ерте барса қайтеді? Онда үш нәрсенің бірі болуы мүмкін: өлгі дауыс шықпай қалуы мүмкін; ал дауыс шықса, оны екеуі бірдей естуі мүмкін; немесе дауысты тек өзі ғана естуі мүмкін.

Сол күні кешкісін өз ойын іске асырудың қамына кірісті. Алаңға өзімен бірге алып барғысы келген адамы Лэвингтон болатын. Екеуі оп-оңай шүйіркелесіп кетті. Бәлкім, Лэвингтон Джектің өзімен ашылып сөйлесуін бұрыннан күтіп жүрген де болар, қалай болғанда да, Лэвингтонның онымен кездесуге ынталы екені анық болатын. Ертеңгі асқа дейін голф ойнауға қалайсыз деген ұсынысқа ол келісе кетті. Олар таңертеңгісін ойнайтын болып сөз байласты.

Екеуі сыртқа жеті болмай шығып кетті. Ауа райы тым жақсы болатын. Күн онша жылы болмағанымен жел жоқ, бұлтсыз еді. Дәрігер төуірірек ойнап, Джек онша мандыта алмады. Оның есіл-дерті бүтіндей көңіліндегі құбыжықта болатын. қайта-қайта сағатына жасырын қарап қояды. Жетінші межеге жеткен болатын. Коттеж жаңағы меже мен доп түсіретін келесі ұяның орта тұсында-тын. Мезгіл жеті жиырмаға таяп қалған.

Олар үйдің маңнан өтіп бара жатқанда қыз өдеттегісінше бақтың ішінде жүрген, бұларға қарамады.

Екі доп та алаңда, Джектікі ұяға жақын, ал дәрігердікі одан алыстау жерде жатқан.

— Мен мынаны қалайда ұяға түсіруім керек, — деді Лэвингтон. — Түсіретін шығармын деймін.

Ол еңкейіп, допты қалай соғуды ойластырды. Ал Джек қыбыр етпей, екі көзін сағатынан алмай бақылап тұрған. Бұл кезде мезгіл жетіден жиырма бес минут кеткен еді.

Доп шөптің үстімен домалап барып, түбіне сәл кідірді де, ұяға кіріп кетті.

— Жақсы соқтыңыз, — деді Джек. Дауысы бір түрлі қырылдап шықты. — Ол мойнынан жүк түскендей күрсінді де, білегіндегі сағатын жоғарырақ ысырып қойды. Ештеңе де естілген жоқ.

— Бір минутқа, айып етпесеніз, — деді Джек. — Мен трубкамды тұтатып алайын.

Олар сегізінші межеге келгенде кішкентай үзіліс жасады. Джек ырқына көнбей қалтыраған саусақтарымен трубкасын темекіге толтырып, тұтатып алды. Көңілінде жүрген қара тас біржолата түскендей.

— Құдайым-ау, ауа райы қандай жақсы еді, — деді ол алысқа рахаттана көз тастап. — Лэвингтон мырза, сіздің соғатын кезеңіңіз.

Дәл осы сәтте өлгі пәле қайта басталды. Дәрігер таяғын сермегені сол еді, қиналған бір өйелдің ашшпы даусы естілді.

— Өлтіріп жатыр! Көмек беріңдер! Өлтіріп жатыр! — Дауыс шыққан жаққа жалт қараған кезде, Джектің жаны кетіп қалған қолынан трубкасы түсіп кетті. Жанындағы адам есіне түсіп, ол енді ентігін баса алмай, Лэвингтонға қарады.

Лэвингтон көзін көлегейлеп, добының соңынан қарап тұр екен.

— Қаттырақ соғу керек еді, сәл жетпей қалды, — деді ол. Лэвингтон ештеңе естімеген сияқты.

Джекке жер шыр айналғандай көрінді. Ол қатты теңселіп, бір-екі қадам жасады. Есін жиған кезде шөбі қысқа қырқылған пымның үстінде жатқан болатын. Лэвингтон еңкейіп, үстіне төніп тұр екен.

— Жә, ештеңе етпейді, ештеңе етпейді, — деді ол.

— Маған не болды?

— Есіңнен танып қалдың, жігітім.

— Құдайым-ау! — деп Джек, ыңыранды.

— Не боп қалды? Көңілінде бір нәрсе бар ғой деймін?

— Қазір бәрін де айтып берем, бірақ алдымен сізден бір нәрсе сұрайын деп едім.

Дәрігер трубкасын тұтатып, алаңның шетіне жайғасты да: “Не сұраймын десең де құлағым сенде”, — деді сабырлы сөйлеп.

— Кейінгі бір-екі күнде сіз мені зер сала бақылап жүрдіңіз ғой. Себебі не?

Лэвингтон ептеп көзін жпышылықтатып: “Бұл өзі бір ыңғайсыздау сұрақ екен. “Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса” деген нақыл сөзді білетін боларсың?” — деді.

— Жалғармаңыз. Мен шын сұрап тұрмын. Неге өйттіңіз? Сұрап тұрғанымның үлкен себебі бар.

Лэвингтон қалжыңын тыя қойып: “Сұрағыңа бүкпей жауап берейін. Сенің бір нәрсе ойлап, тұйыққа тіреліп, қатты күйзеліп жүргеніңді байқап, “өйтетіндей бұл жігітке не болды екен?” деген ой келді маған”, — деді.

— Оның жауабын оп-оңай-ақ берейін мен сізге, — деді Джек ашына сөйлеп. — Мен жынданайын деп жүрмін.

Ол жым бола қалды, бірақ жаңағы сөзі өзі ойлағандай өсер қалдырмай, қорқыныш сезім де туғыза қоймағандықтан, тағы да қайталап:

— Мен жынданайын деп жүрмін, — деді.

— Түк түсінсем бұйырмасын, — деді Лэвингтон күбірлеп. — Шынында өте қызық екен.

Джектің ызасы келіп: “Одан бөтен ештеме айта алмайсыз ғой, шамасы. Дәрігерлер, бәсе, осылай, мейірімсіз”, — деді.

— Жә, жә, жігітім, сен түсінбей бекер айтып отырсың. Мәселен, мен дәрігер деген атағым болғанмен... Дәлірек айтқанда, мен... тән емдейтін дәрігер емеспін.

Джек оған үңіле қарап: “Онда жан емдейтін дәрігер болдыңыз ғой?” — деді.

— Иә, шамасы, солай, бірақ мен өзімді рухани дәрігермін деп есептеймін.

— Охо!

— Үніңнен келіспей отырғаныңды сезіп тұрмын, бірақ біз адамның тәнінен бөлініп кетіп, жеке өзінше өмір сүретін құбылысты да бір нәрсе деп атауға тиістіміз ғой. Рухани терминдермен де есептесуге тура келеді, жігітім. Ол тек шіркеу қызметкерлерінің ойлап тапқан дүниесі емес. Бірақ оны рух, рухани дүние немесе өзіңнің көңілің ұнатқан болса, басқа терминмен де атауға болады. Сен жаңа ғана менің сөзіме ренжіп қалдың. Бірақ көңіліңе келсе де айтайын, мен өзің сияқты ұстамды, дені таза жас жігіттің елестен азап шегіп, жынданайын деп жүргеніне шынымен таңданып, бір түрлі боп қалдым.

— Мен өлдеқашан жындандым, оған сөз жоқ. Бір нәрсем жетіспейтіні хақ.

— Кешірерсің, бірақ мен оған сенбеймін.

— Мен елестен азап шегіп жүрмін.

— Түстен кейін бе?

— Жоқ, таңертең.

— Мүмкін емес, — деді дәрігер, өшіп қалған трубкасын қайта тұтатып.

— Сізге айтайын, мен өзге жан адам естімейтін нәрселерді еститін болдым.

— Мыңның бірі ғана Юпитердің серіктері бар екенін көріпті¹, ал қалған тоғыз жүз тоқсан тоғыз адам көре

¹ Галилео Галилейдің ашқан жаңалығын айтып отыр.

алмапты деп, Юпитердің серіктерінің бар екеніне шүбә келтіруге болмайды ғой. Сосын ана мыңыншы адамды ақымақ санаудың да жөні жоқ.

— Юпитердің серіктері ғылыми тұрғыдан дәлелденген ақиқат.

— Бүгінгі елестің ертеңгі дәлелденген ғылыми ақиқат болуы да әбден ықтимал.

Қанша дегенмен Лэвингтонның жаңағы айтқан қарапайым сөздері Джекке әсер ете бастаған болатын. Көңілі әжептәуір орнына түсіп қалған еді. Дәрігер оған бір-екі минуттай зер сала қарап тұрды да, басын изеп: “Міне енді жақсы болды”, — деді. — Жастардың бір жаман жері сол, сендер өздеріңнің философияңнан басқаға сенбейтін сыңаржақсыңдар. Ал енді өлгі сенімдерінді басқа біреулер жоққа шығара қалса, зөрелерің кете бастайды. Ал енді өзіңнің жындануға қандай дәлелің бар, соны айтшы. Жындыханаға салу жағын содан соң шешерміз.

Джек шамасы келгенше болған оқиғаны ештеңесін жасырмай айтып берді.

— Бірақ менің бір түсіне алмай отырғаным, — деді ол сөзінің соңында, — бүгін таңертең өлгі дауыс, неге екені белгісіз, жеті жарымда емес, одан бес минут кешігіп шықты.

Лэвингтон бір-екі минуттай ойланып қалды. Сосын: “Сенің сағатың бойынша қазір уақыт қанша болды?” — деді.

— Сегізге он бес минут қалды, — деді Джек сағатына үңіліп.

— Онда бәрі де түсінікті. Менің сағатым бойынша, сегізге жиырма минут қалды. Сенікі бес минут алда. Мен үшін бұл өте қызық әрі маңызды нәрсе. Шынымды айтсам, бұл таптырмайтын жаңалық.

— Қалайша? — деді Джек білгісі келіп.

— Анықтап айтатын болсақ, бірінші рет сен өлгі дауысты шынымен естігенсің. Ол біреудің қалжыңы болуы да, болмауы да мүмкін. Келесі күні дәл сол мезгілде өлгі дауысты тағы да естимін деп сеніп қалғансың.

— Ондай сенім болған жоқ.

— Саналы түрде емес, әрине. Рух деген нәрседен бәрін де күтуге болады. Бірақ жаңағы түсінік бәріне жауап бола алмас. Егер солай сеніп қалғаның рас болса, сен өлгі дауысты өз сағатың бойынша тек қана жетіден жиырма бес минут кеткенде ғана естіген болар едің де, ал өлгі мезгілден асып кетсе, өзің ойлағандай, еш уақытта да естімеген болар едің.

— Иә, солай болса ше?

— Е... Өлі де түсінбедің бе? Өлгі айқай белгілі бір жерден, белгілі бір уақытта шығып жүр ғой. Шығатын жері ана коттеждің маңы да, уақыты — жеті жиырма бес...

— Солай, бірақ ол дауысты неліктен мен ғана естуім керек? Мен жын, пері, елес, тағы не... аруақ дегендердің біріне де сенбеймін. Олай болса, өлгі пәлені мен неге естуім керек?

— Е-е! Мұны қазір біз түсіндіре алмаймыз. Түсініксіз жері: елеске берілгіш адамдардың көпшілігі еш нәрсеге сенбейтін сыңаржақтардан шығады. Ал жаңағыдай нәрселердің болатынына сенетін адамдарда, керісінше елес болмайды. Кейбір адамдар басқалардың ести де, көре де алмайтын нәрселерін естіп, көреді. Оның неліктен олай екенін біз білмейміз. Сосын он адамның тоғызы ондайды көргісі де, естігісі де келмейді, сондықтан олар, өзің сияқты, елестен азап шегіп жүр екенмін деп қалады. Бұл электр қуаты төрізді. Кейбір заттар токты жақсы өткізеді. Көпке дейін біз өлгінің не себептен солай болатынын біле алмадық. Солай бола тұра жаңағыны мойындауға мәжбүр болдық. Ал қазір біз оның себебін білеміз. Бір күні, сөз жоқ, сен естіген дауысты ана қыз екеуміз неге естімейтінімізді де білетін боламыз. Барлығы да табиғаттың заңына бағынады. Табиғаттан тыс күш бар деген жай сөз. Адам психикасына әсер ететін заңдылықтарды табу оңай шаруа емес, бірақ кез келген әрбір айғақ соған көмектеседі.

— Енді мен не істеймін? — деді Джек. Лэвингтон күліп: “Шаруаңа пысық көрінесің. Сонымен, жігітім, сен қазір тамағыңды жақсылап ішіп аласың да, өзің түсінбейтін нәрсемен басыңды қатырмай, жұмысыңа кетесің. Ал мен болсам, ана алаңның аржағындағы коттежді айналдырып көрем, мүмкін, бір нәрсе табылып қалар. Мен білсем, құпияның сыры сол жақта жатыр”, — деді.

Джек орнынан тұрып: “Жақсы, сэр. Оныңызға мен дайынмын, бірақ, меніңше...”

— Иә, немене?

Джек ыңғайсызданып қызарып кетті де: “Ана қыздың қатысы жоқ, меніңше”, — деді міңгірлеп.

Лэвингтон көңілденіп: “Ол қыздың өдемі екенін сен маған айтпап едің ғой! Жарайды, қам жеме, меніңше, өлгі құпия бұл жерге қыз көшіп келместен бұрын басталған болуы керек”, — деді.

Кешке қарай Джек не болғанын тезірек білгісі келіп, асыға жеткен болатын. Бұл кезде өз тағдырын бүтіндей Лэвингтонға сеніп тапсырған еді. Дәрігердің бұл мәселені табиғи құбылыс деп, жайбарақат, танданбай қабылдағаны Джекке қатты әсер етті.

Джек тамақ ішуге төменге түсіп еді, жаңа досы залда күтіп отыр екен. Дәрігер тамақты бірге отырып ішейік деген тілек білдірді.

— Еш жаңалық жоқ па, сэр? — деді Джек алаңдап.

— Хедер Коттеждің бүкіл тарихын жинап келдім. О баста бұл үйді бір қарт бағбан әйелі екеуі жалдап алыпты. Шалы қайтыс болған соң, кемпір қызының қолына кетіп қалыпты. Енді ол үйге бір құрылысшы ие болыпты. Әлгі адам үйді өдемілеп қайта салады да, қалада тұратын бір джентльменге сатып жібереді. Соңғы қожайын үйді тек аптаның соңғы күндерінде ғана пайдаланыпты. Осыдан бір жыл бұрын ол бұл үйді ерлі-зайыпты Тэрнер дейтіндерге сатып жібереді. Естуімше, қызық адамдар болса керек. Күйеуі — ағылшын, әйелі, елдің айтуынша, жартылай орыс екен, өзі келбетті, өңді болса керек. Ешкіммен араласпай, тіпті бағының сыртына да шықпай, өздерімен өздері ғана тұрып жатыпты. Жергілікті ұзынқұлақтың айтуына қарағанда, олар бір нәрседен қорққан деседі, бірақ бізге ол өңгімеге сенудің қажеті жоқ.

Сосын бір күні олар аяқ астынан кетіп қалады. Үйден таңертең шығып кетеді де, содан қайтып оралмайды. Жергілікті агенттер Тэрнердің Лондоннан жазған хатын алады. Онда ол үйді мүмкіндігінше тезірек сатып жіберуді өтінеді. Жиһазды, мүлкті сатады, ал үйдің өзін Молеверер дейтін бір мырза сатып алады. Ол да екі-ақ апта тұрып, сосын үйді жалға беретіні жөнінде хабарландыру жасайды. Үйдің қазіргі иесі туберкулезбен ауыратын бір француз профессоры мен соның қызы дейді. Олар көшіп келгелі он күн бопты.

Джек мұны үндемей отырып, ұйып тыңдады.

— Бұлардан бізге келер пайда көре алмай тұрмын, — деді ол ақырында. — Сіз ше?

— Мен олардан гөрі әлгі Тэрнерлер жайын көбірек білсем деймін, — деді Лэвингтон алаңсыз. — Олар таңсәріден кетіп қалыпты, есінде ме? Менің білуімше, олардың кеткенін ешкім де көрмеген. Одан кейін Тэрнерді көргендерді кездестірдім, ал әйелін көрдім деген тірі пенде жоқ.

Джектің өңі қуарып: “Мүмкін емес... сіз сонда...”

— Абыржыма, жігітім. Өлейін деп жатқан адамның, әсіресе қатты қиналып жатқан адамның айналасына, ортасына етер әсері өте күшті болады. Жаңағы орта әлгі әсерді сіңіріп алып басқа біреулерге, мәселен, мына саған жеткізуі өбден мүмкін.

— Неге маған? — деді Джек мазасыздана күбірлеп. — Неге басқа біреуге емес?

— Сен әлгіндей ғажайып күштің болатынына және оның жайдан-жай еместігіне сенетін сияқтысың ғой. Өз басым белгілі бір мақсатпен жер торитын жын-пері бар дегенге сенбеймін. Бірақ, менің ойымша, қайталап айтайын, мұны таза кездейсоқтық деуге болмайды. Бұл — шындықты іздеп жүрген бір белгісіз күш... Құпия күштердің жасырын қимыл жасап, шындыққа қарай талпынуы...

Ол өзін шырмап алған ойдан арылғысы келгендей бір серпіліп алды да, Джекке жымия қарап қойды.

— Бүгінше бұл өңгімені қоя тұрайық, — деді ол ұсыныс жасап.

Джек бұған оп-оңай көнсе де, жаңағы өңгімені оңайлықпен ұмыта алмады.

Аптаның соңында ол шама-шарқынша өз бетімен анықтамақ болып өрекеттеніп еді, дәрігердің айтқандарынан артық ешнәрсе де біле алмады. Ертеңгісін тамаққа дейін гольф ойнауын ол пышақ кескендей тыйды.

Бұл оқиғаның жалғасы күтпеген жерден шыға келді. Бір күні ол жұмыстан келсе, жас бикеш өзін күтіп отыр екен. Таңданғаны соншама, іздеп келген өзінің бақтан көретін тауықкөз қызы (ол оны өзінше солай деп атайтын) болып шықты. Ол сондай мазасызданып, қысылып отыр екен.

— Өзіңізді бұлай іздеп келгенімді кешірерсіз, мырза! Бірақ менің сізге айтатын сөзім бар. Мен...

Қыз айналасына сезіктене қарады.

— Мұнда кіріңіз, — деді Джек қонақ үйдің сол кезде бос тұрған, әйелдерге арналған бөлмесіне қарай жол бастап. Қызыл мақпалмен қапталған қапастау бөлме болатын.

— Иә, отырыңыз, мисс... мисс...

— Марчауд, мырза. Фелизе Марчауд.

— Отырыңыз, мадмуазель Марчауд, сосын өңгімеңізді айтыңыз.

Фелизе бірден отыра қалды. Бүгін үстіне жасыл киім киіпті. Келбеті мен төкашарлығы ерекше көз тартады. Қыздың қасына отырған кезде Джектің жүрегі лүпілдеп кетті.

— Бұл былай болды, — деді Фелизе. — Біздің бұл жерге келгенімізге онша көп уақыт болған жоқ. Бірінші күннен бастап-ақ кішкентай үйімізді жын-шайтан ториды деген қауесет естідік. Қызметші қыз жалдайық десек, ешкім жоламайды. Ол да ештеңе емес, өзім де үйге қарап, тамақ жасай аламын.

“Періште”, — деді ішінен, ғашық болған жас жігіт. — “Керемет”. Бірақ ол сыр білдірмей, іс жөнінде сөйлесіп отырған адамның кейпін сақтады.

— Өлгі елес туралы өңгіме, меніңше, бастан аяқ ессіздік болды, осыдан төрт күн бұрынғыны айтамын. Мырза, мен төрт күн бойы бір-ақ түрлі түс көріп жүрмін. Түсіме бір сұлу әйел кіреді. Өзі бойшаң, аққұбаша. Қолына ұстаған көк қытай құмырасы бар. Өзі зардап шеккен, азап көрген әйел, қолындағы құмырасын маған қарай ұсына береді, онымен бір нәрсе істе деп айтқысы келетін адам тәрізді. Бәрі құрып кетсін! Өзі сөйлей алмайды, оның не сұрағанын мен

түсіне алмаймын. Алдыңғы екі түн бойы көрген түс осындай болды, бірақ алдыңғы түні тағы біраз нәрсе кірді. Әйел мен құмыра көрінбей кетті де, аяқ астынан мен оның пынғырған даусын естідім. Бұл — осы әйелдің даусы, түсіндіңіз бе? Сосын, ух! Мырза, өнеукүні таңертең сіз маған айтқан сөздерді айтты. “Өлтіріп жатыр, көмектесіңдер! Өлтіріп жатыр!” Зерем ұшып оянып кеттім. Өзіме өзім: “Мынау — сұмдық! Өлгі естіген сөздеріңіз — кездейсоқтық”, — деймін. Бірақ кеше түні жаңағы түс қайта кірді. Мырза, бұл не болуы мүмкін? Біз енді не істейміз?

Фелизенің қорққаннан өңі қашып кетіпті. Саусақтарын айқастырып, ол Джекке жалбарына қарады. Жігіт байқаса да, ештеңе сезбегенсіп, мән бермей қойды.

— Дұрыс, мадмуазель Марчауд. Абыржымаңыз. Егер қарсы болмасаңыз, мен сізге не істеу керектігін айтайын. Осында жатқан дәрігер Лэвингтон дейтін досыма жаңағы өңгімені түгелдей қайталап айтып беріңіз.

Фелизе келісімін берген соң, Джек Лэвингтонды іздеп шығып кетті. Біраз уақыт өткен соң ол досын ертіп, қайта кірді.

Лэвингтонға Джек қызды асығыс таныстырды. Онысына рақмет айтып жатып, Лэвингтон қызға бір қарап қойды. Сеніміне кіретіндей біраз сөз айтқаннан кейін, Лэвингтон қыздың абыржығанын басып, енді өңгімесін құлақ сала тыңдады.

— Өте түсініксіз жағдай екен, — деді қыз сөзін аяқтаған кезде. — Мұны өкеңізге айттыңыз ба?

Фелизе басын шайқап: “Оны абыржытқым келмеді. Әлі қатты ауырып жатыр, — деді екі көзі жасқа толып, — мазалағым келмейді”.

— Түсінікті, — деді Лэвингтон жаны ашып. — Бізге келгеніңізге қуаныштымыз, мадмуазель Марчауд. Гартингтон да сіздікіне ұқсас бірдеңені басынан кешірді. Меніңше, біз бір ізге түстік-ау деймін. Бұдан басқа бізге айтатын ештеңеңіз жоқ па?

Фелизе тез қимылдап: “Әрине! ұмытып барады екем! Өңгіменің түйіні — бұл. Қараңыз, мырза, мынаны бір серванттың артына түсіп кеткен жерінен тауып алдым”.

Қыз оларға акварель бояумен дәрекілеу салынған әйелдің бейнесі бар, кірлеу бір парақ қағазды ұсынды. Былғанұштау салынғанымен, өте ұқсайды екен. Бұл бойшаң, аққұбаша келген әйелдің суреті болатын. Бірақ бет-әлпетінен оның ағылшын әйелі емес екені байқалады. Әйел үстіне көк қытай құмырасы қойылған үстелдің қасында тұр.

— Мен мұны бүгін ертеңгісін ғана тауып алдым, — деді Фелизе. Дәрігер мырза, мынау дәл менің түсімде көрген әйелдің бейнесі, ал ана көк құмыра да ұқсап тұр.

— Ғажап, — деді Лэвингтон. — Құпияның кілті көк құмырада сияқты. Өзі қытай құмырасына ұқсайды екен, меніңше, ескі құмыра болуы керек. Бетінде ғажайып өрнегі бар секілді.

— Бұл — қытай құмырасы, — деді Джек. — Нағашымның жинаған коллекциясынан тура осыған ұқсас біреуін көргенмін. Нағашым—қытай фарфорын жинайтын әуесқойлардың бірі. Осыдан аз ғана бұрын тура осындай құмыраны көргенім есімде.

— Қытай құмырасы, — деді Лэвингтон ойланып. Ол бір-екі минуттай ойға шомып отырды да, кенет басын көтеріп алды. Көзі бір түрлі жайнап кетіпті. Сосын: “Гартингтон, сенің нағашыңның ол құмыраны алғанына қанша уақыт болды?” — деді.

— Қанша дейсіз бе? Анығын айта алмаймын.

— Ойлан. Кейінгі кезде сатып алған жоқ па?

— Білмеймін. Иә, меніңше, кейініректе сатып алды, енді ойыма түсті. Өз басым фарфорға әуестігім жоқ, бірақ нағашымның жуық арада сатып алған заттарын көрсеткені есімде. Мына құмыра — солардың бірі.

— Екі айға жетеғабыл уақыттың шамасында ма? Өлгі Тэрнерлер де Хедер Коттежден екі ай бұрын ғана кетіп қалды ғой.

— Иә, солай сияқты.

— Сенің нағашың осы құмыра секілді үй мүліктері сатылатын жерлерге ара-тұра барып тұратын болар?

— Ол кісі ондайдың иісі шыққан жерлерден қалмайды.

— Олай болса, жаңағы фарфорды сол Тэрнерлердің мүлкі сатылған кезде алуы мүмкін деген болжам айтсақ, қателесе қоймаспыз. Ғажап кездейсоқтық немесе өлгі, мен айтқандай, белгісіз күштің шындыққа талпынуы осы болар. Гартингтон, сен нағашыңнан жаңағы құмыраны қайдан сатып алғанын білші.

Джектің түсі қашып: “Бұл мүмкін емес пе деп қорқып отырмын. Джордж нағашым Еуропаға жол жүріп кетіп еді. Мен әуелі оған хатты қай жерге жазарымды да білмеймін”, — деді.

— Ол жақта қанша уақыт болады?

— Ең кем дегенде бір айдай болады.

Бәрі үндемей қалды. Фелизе абыржып, екі еркекке кезек-кезек қарады.

— Біздің қолдан келер ештеме жоқ па? — деді ол ұялыңқырап.

— Иә, бір нәрсе істеуге болады, — деді Лэвингтон, өбден мазасы кеткен адамның түрімен. — Мүмкін, бұл оғаштау да болар, бірақ істеуге болады ғой деген сенімдемін. Гартингтон, өлгі құмыраны сен қалайда табуың керек.

Осында алып кел, сосын егер мадмуазель рұқсат етсе, біз түнді көк құмырамен бірге Хедер Коттежде өткіземіз.

Мұны естігенде Джектің тұла бойы түршігіп кетті.

— Сонда, сіздіңше, не болады? — деді мазасы кетіп.

— Ол жағынан бейхабармын, бірақ құпияның сыры ашылып, елестің тыйылатынына күмәнім жоқ. Құмыраның түбі қос қабат болып, сонда бірдеме тығулы жатуы да мүмкін. Егер бұдан еш нәрсе бола қоймаса, онда өз ақылымызбен шешуімізге тура келеді.

Фелизе саусақтарын айқастырып: “Тамаша ұсыныс”, — деп айқайлап жіберді.

Қыздың көзі қуанғаннан жайнап кетті. Джек онша құлшына қоймады, керісінше іштей қатты қорқып отырған болатын. Бірақ Фелизенің алдында қорққанын ол басын кесіп алса да сездірмес еді. Дәрігер болса, өзі жасаған ұсыныстан артық еш нәрсе жоқ дегендей сыңай танытты.

— Құмыраны қашан алып келесіз? — деді Фелизе Джекке бұрылып.

— Ертең, — деді ол ықылассыз.

Енді ол қолға алған ісін аяғына дейін жеткізуге мәжбүр болды. Бірақ көңіліне ұялап, қыр соңынан қалмай қуалап жүрген, күнде ертеңгісін көмекке шақыратын тажал айқайдан қалайда біржолата құтылуы керек.

Ол нағашысының үйіне ертесіне кешке қарай барып, құмыраны алып қайтты. Құмыраны қайта көрген кезде, ол мұның акварель бояумен қағазға салынған әлгі суреттегі құмыраға қатты ұқсайтынына көзі жете бастады, бірақ қанша қадағалап қараса да, құмырадан құпия жасырып қоятындай ешбір қуыстың белгісін таба алмады.

Олар Лэвингтон мырза екеуі Хедер Коттежге келген кезде сағат түнгі он бір болатын. Фелизе олардың келуін бағып отырған болса керек, есікті қағып үлгерместен ашып жіберді.

— Ішке кіріңіздер, — деді сыбырлап. — Өкем жоғарыда ұйқтап жатыр, оятып алмайық. Мен сіздерге кофе дайындап қойдым.

Қыз қонақтарды кішірек, жайлы бөлмеге алып келді. Каминнің алдындағы темір тордың үстінде спирт шам тұр. Қыз еңкейіп, оларға хош иісті кофе құйып берді.

Сосын Джек қытай құмырасы оралған бірнеше қабат қағазды сыпырып алып тастады. Фелизенің көзі құмыраға түскенде, таңданып, демін ішіне тартты.

— Иә, иә, — деді ол құлшына дауыстап. — Дәл өзі, мен мұны жазбай танымын.

Бұл екі арада Лэвингтон өз дайындығын жасап жатқан болатын. Ол бір кішірек үстелдің үстінен сәндікке тұрған нәрселердің бәрін сыпырып алып тастап, үстелді ортаға

жылжытты. Жан-жағына үш орындық қойды. Сосын көк құмыраны Джектен алып, үстелдің дәл ортасына жайғастырды.

— Ал енді, — деді ол, — біз дайынбыз. Жарықтың бәрін өшіріп, үстелдің айналасында тас қараңғыда отыралық. — Аналар оның айтқанын істеді. Қараңғыда Лэвингтонның даусы қайта естілді.

— Ештеме де ойламаңдар немесе барлығын да ойлаңдар. Көңілдеріңе ештеме алмай, еркін отырыңдар. Біріміздің көріпкел қасиетіміз болуы мүмкін. Егер олай болса, әлгі адам маужырап ұйқтап кетеді. Естеріңде болсын, қорқатын ештеме де жоқ. Қорқыныштан арылып, емін-еркін, жайбарақат...

Оның даусы бірте-бірте бөсеңдеп барып тынды. Бара-бара тыныштық та орнады. Лэвингтонның “қорқыныштан арылыңдар” дегені бекер емес-тін. Джек қорқыныштан зәресі кетіп, қатты үрейленіп отырған болатын. Ол Фелизенің де үрейі ұшып отыр деген сенімде-тін. Кенет ол қыздың өрең-өрең шыққан даусын естіді.

— Бір сұмдық болайын деп тұр. Мен оны сезіп отырмын, — деді ол.

— Қорқаңдар, — деді Лэвингтон. — Құпия күшке кедергі жасамаңдар.

Қараңғылық одан әрі қоқоланып, тылсым тыныштық орнады. Неге екені белгісіз, бір қорқыныш сезім билеп алып барады.

Джек қылғынып, тұншығып бара жатқандай сезінді. Әлгі сұмдық үстіне төніп кеп қалған сияқты...

Содан соң қорқынышты сәт те бітті. Джек маужырап мүлгіді де, кірпіктері айқасып, ұйқтап кетті... тыныштық... Қараңғылық...

Джек болар-болмас қимылдады. Басы зілдей, көдімгі ішіне қорғасын құйып тастағандай. Қайда жатыр өзі?

Күн жарқырап тұр... Құстар... Аспанға көзін қадап жатқан болатын.

Сосын оның есіне бәрі де қайта түсті. Әлгі отырыс. Кішкентай бөлме. Фелизе мен дәрігер. Өзі не болып еді?

Ол кеудесін көтерді. Басы солқылдап түсіп барады. Жан-жағына қарады. Ол коттежге жақындау жердегі бір шоқ ағаштың ішінде жатыр екен. Қасында жан адам жоқ. Сағатын алып қарады. Таңданғаны сонша, уақыт он екі жарым болыпты.

Джек орнынан өрең тұрып, бар күшін салып, коттежге қарай жүгірді. Ұйқыдан оята алмаған соң, аналар мазасы кетіп, оны таза ауаға шығарған болулары керек.

Коттежге жетіп, Джек есікті қатты-қатты қақты. Бірақ ешкім есік ашпады, үйде тірі жан жоқ секілді. Олар көмек сұрауға кеткен болулары керек. Өйтпесе... Джекті енді неге екені белгісіз, қорқыныш сезімі билей бастады. Түнде не болып еді өзі?

Жүгіріп отырып қонақ үйге келді. Сұрастырмақшы болып, кеңсеге қарай жүре беріп еді, бүйірінен біреу нұқып қалып, Джек ұшып түсе жаздады. Ашуы келіп, жалт бұрылып еді, күлкіге булығып, демін ала алмай тұрған ақ шашты қарт джентльменді көрді.

— Мені күтпеп пе едің, бала. Күтпегенсің ғой, сірә? — деді өлгі кісі.

— Мә саған, мынау Джордж нағашым ғой, мен сізді ит арқасы қиянда, Италия ма, бір жерде жүрген шығар десем.

— Е-е! Олай емес. Өткен түні Дуврға келіп түскенмін. қалаға машинамен бара жатқан соң, жолдан соға кетейін деп бұрылғанмын. Байқасам, мұнда түнемеген сияқтысың ғой, солай ма? Жүрісің тым ширақ екен...

— Джордж аға, — деді Джек нағашысының сөзін бөліп. — Сізге айтатын бір төтенше әңгімем бар. Сіз оған сенбейтін де шығарсыз.

Джек әңгімесін бастан аяқ айтып берді де: “Олармен не болғанын бір құдайдың өзі білсін”, — деп сөзін аяқтады.

Нағашысының жүрегі жарылып кетуге аз-ақ қалды. “Құмыра”, — деп айқайлауға шамасы өрең келді ақырында.

— Көк құмыра! Оған не болды?

Джек дым түсінбей, нағашысына аңырайып қарап қалды. Бірақ түйдек-түйдегімен шыққан сөзден ол енді-енді ғана бірдеме түсіне бастады.

Тоқталмай ағытты: “Мин¹ дәуірінен келе жатқан... өте сирек кездесетін... коллекцияның сәні еді... ең кемінде он мың фунт тұратын... Американдық миллионер Хогенхаймер сатып аламын деп ұсыныс жасап еді... бүкіл дүние жүзінде бір-ақ дана еді... Сайтан алғыр, сэр, менің көк құмырамды қайда жібердің?”

Джек кеңсеге жүгіріп кірді. Ол Лэвингтонды табуға тиісті. Кеңседегі жастау әйел оған салқындау көз тастап: “Дәрігер Лэвингтон кеше түні машинасымен жүріп кеткен. Ол сізге хат тастап кетті”, — деді.

Джек конвертті жыртып ашты. Өте қысқа, тоқ етерін ғана жазыпты.

“Құрметті жас дос!

Елесті күн артта қалды ма? Өлі қала қойған жоқ шығар. Өсіресе қазіргі ғылымның тілімен алдап соққанда солай болады. Фелизеден, жарымжан әкесінен және өзімнен үлкен сәлем жолдаймын. Аттанып кеткенімізге он екі сағат болды, бұл бізге әбден жеткілікті.

Сәлеммен, *Эмброуз Лэвингтон*, жанды емдейтін дәрігер”.

¹ *Мин* — біздің заманымызға дейінгі 1368—1644-жылдарда өмір сүрген Мин әулеті. Бұл әулет қытай тарихында өнері, көркемсурет, фарфор, тағы басқасымен белгілі.

КЕЗДЕЙСОҚ ОҚИҒА

— Бұл — сол әйелдің дәл өзі. Оған менің титтей де күмәнім жоқ!

Капитан Хэйдок досының сабырлы жүзіне бұрылып бір қарады да, күрсініп қойды. Оның “тек өзімдікі дұрыс” деп қасарысатын бірбеткей мінезін іштей ұнатпайтын. Теңізде өткізген көп жыл кісі ісіне қол сұқпауды жақсы үйреткен еді. Ал қылмысты істерді тергейтін бөлімнің бұрынғы ініспектірі, бұл күнде марқұм болып кеткен Эванстың өмірге деген көзқарасы мүлде басқаша болатын.

“Істі қолға түскен деректерге сүйене отырып тергеу керек” дейтін қағида Эванстың жас кезінен бергі ұраны-тын. Келе-келе ол ондай деректерді өзі іздеп табатын дәрежеге де жетті.

Қылмысты істерді тергеу мекемесінің ініспектірі Эванс ақылды, көзі ашық офицер болатын. Лауазымы да таза еңбегінің арқасында көтерілген. Тіпті бергінде, ініспектірлік қызметтен біржола қол үзіп, ұзақ жыл бойы армандаған саяжайға қоныс аударғаннан кейін де, сезімталдығы мен кәсіби түйсігі сақталған еді.

Бір көрген адамды жазбай танымын дегенді мақтанышпен, бірнеше дүркін қайталап:

— Иә, бұл сол Энтони ханымның дәл өзі. Сіз Меровудин ханым дегенде-ақ мен оны бірден тани кеттім, — деді.

Капитан Хэйдоктың мазасы кете бастады. Себебі Меровудиндер оның ең жақын көршілері болатын. Ертеректе болған атышұлы оқиғаның бас кейіпкері мен Меровудин ханымның бір адам болып шығуы оны пыныммен қатты толғандырған-ды.

— Ол оқиғадан бері талай жыл өтіп кетпеді ме? — деді бәсең үнмен.

— Тоғыз жыл болды, — деп, іле жауап қатты Эванс. — Тоғыз жыл, үш ай. Оқиға есіңізде ме?

— Еміс-еміс есімде.

— Энтонидың өзін уланып өлгенге санап, әйелін ақтап босатып жіберіп еді ғой.

— Иә, босатып жіберсе ше?

— Олай етпеуге ешбір лажы болған жоқ, әрине. Қолда бар дерекке сүйенді ғой. Ешбір қате жоқ.

— Ендеше бәрі де дұрыс екен ғой, — деді Хэйдок. — Бас қатырып қайтеміз осы.

— Бас қатырған кім?

— Бүйректен сирақ шығарып отырған сен емессің бе?

— Құдай сақтасын!...

— Болары болып, бояуы сіңген нәрсе ғой, — деп тұжырымдады капитан. — Бір кезде бақытсыз жайға ұшырап жауапқа тартылған екен. Кісі өлтірді деген айыптан ақталып шығыпты, ал солай екен деп енді...

— Қылмысқа тартылып ақталып шыққан адамның бәрі бірдей байқұс екен деп мүсіркей беруге болмайды, — деді Эванс.

— Ойымдағымды сен біліп отырсың, — деді капитан Хэйдок жақтырыңқырамай. — Байқұс әйел азаптан құтылған екен. Енді ескі жараның аузын тырнағанның не жөні бар?

Эванс жауап қатпады.

— Жә, болар, Эванс, әйелдің кінәсі жоқ. Жаңа ғана өзің солай дегенсің.

— Мен оны бейкүнә дегенім жоқ, ақталып шықты дедім ғой.

— Бәрібір емес пе?

— Жоқ, бәрібір емес.

Бұл кезде капитан Хэйдок трубкасын алып, орындығының қырына қағып тазалай бастап еді, онысын қоя салып, ойланып отырып қалды.

— Е-е-е... Солай де... енді түсіндім көкейіңді. Әйел қылмыскер деп отырсың ғой?

— Дәл солай дей алмаймын. Өзірше өзім де білмеймін. Энтони апиыншы болатын. Апиынды оған әйелі тауып беретін. Бір күні ол қателесіп, апиынды тым көбірек қабылдап қояды. Алайда өзі қателесті ме әлде әйелі қателесті ме, бұл арасын ешкім де айта алмайды. Деректің жеткіліксіздігінен сот әйелді ақтаған болатын. Бәрі де дұрыс. Мен бұл жерде сотқа кінә тағып отырғаным жоқ. Дегенмен көзімді анық жеткізігім келеді.

Капитан Хэйдок назарын трубкасына аударып, тағы бір қарап қойды.

— Иә, — деді ол байсалдылықпен, — бұл бірақ біз кірісетін шаруа емес.

— Мен олай дей алмаймын.

— Сонда қалай...

— Бір минут құлақ салшы. Өлгі Метроудинді айтамын, өткен түні лабораторияда тәжірибе жасап жүр еді ғой. Есінде ме?

— Иә! Марштың у жөнінде жасаған тәжірибесі туралы айтқаны құлағымда. “Бұл өте-мөте мына саған таныс болуы керек”, — деп күлгені де есімде.

— Егер ол бір сөз ойланғанда, саған олай демеген болар еді.

Эванс капитанның сөзін бөліп жіберді.

— Әйелінің кім екенін білсе, олай демеген болар еді дейсің ғой. Олардың үйленгеніне қанша уақыт болып еді, алты жыл болды демеп пе едің? Неге бөстессең де, мен дайынмын. Мен білсем, Метроудин әйелінің бір кездегі атышулы Энтони ханым екенінен мүлдем бейхабар.

— Оған жеткізе қоятын адамың мен емес, — деді капитан Хэйдок жақтырмай.

Эванс оған мән берместен, сөзін одан әрі жалғастырды.

— Сен менің сөзімді аяқтатпадың, Марш тәжірибесінен кейін Мероудин шыны түтікке бір нәрсе салып қыздырды да, содан соң түбінде қалған шөгіндіні суға ерітті. Оған күміс нитратын қосып, судан бөліп алды. Бұл хлоратты алу үшін жасалған тәжірибе болатын. Онша мән беруге тұрмайтын қарапайым тәжірибе. Бірақ үстелде ашық жатқан кітаптан мынадай сөйлемді көзім шалып қалды: “ H_2SO_4 хлоратқа қосылса, Cl_{204} пайда болады. Бұл қосындыны қыздыратын болса, өте күшті қопарылыс береді. Сондықтан да оны суық жерде сақтап, аз мөлшерде пайдалану қажет”. Хэйдок досына тесіле қарады.

— Иә, онда тұрған не бар екен?

— Мәселе былай. Кісі өлімін анықтау үшін, біз де талай рет тәжірибе жасағанбыз. Ондайда айғақтардың басын құрап, өлшеп-пішесің, жаңсақ пікір мен дүдәмал деректердің бәрін еске ала отырып қорытынды жасайсың. Алайда өлімді анықтау үшін және бір тәжірибе жасауға болады. Бұл тәжірибе де дәл нәтиже береді, бірақ өте қауіпті! Кісі өлтірген адам, әдетте, бір ғана қылмыспен тынбайды ғой. Уақыт оздырып, мүмкіндік берсең болды, ол екінші қылмысқа барады. Айталық, бір адамды ұстадың. Әйелін өзі өлтірді ме өлде жоқ па? Кесіп-пішіп дәл айтуға дәлелің жеткіліксіз. Ондайда сен оның өткен жолына үңілесің. Егер оның бірнеше әйелі болып, олары өле беретін болса, қандай қорытындыға келер едің? Мұнда бір мән бар емес пе дер едің! Мен мұны мысал үшін айтып отырмын, әрине, істің моральдық жағына көз жеткізу үшін ғана айтып отырмын. Ар жағында не жатқанын білген соң жаңа дерек іздей бастайсың.

— Иә, сонымен не демексің?

— Қазір аяқтаймын... Өткен өміріне үңілгенде іске пайдасы тиетін бір нәрсе табылса, әрине, жақсы. Ал қылмыскер бірінші рет қолға түсіп отырса ше? Онда жаңағы тәжірибеден келетін пайда шамалы. Ал енді ақталған қылмыскер басқа ат жамылып өмірін қайта бастады делік. Осыдан кейін ол қылмысқа тағы бара ма өлде бармай ма?

— Мынауың қиын екен.

— Біздің шаруамыз емес деймісің?

— Иә, деймін. Мероудин ханымды қылмыскер деуге ешбір дәлелің жоқ.

Полиция ініспектірі біраз уақыт бойы үндемей отырып қалды. Сәлден соң ол жайлап былай деді: “Мен саған сол әйелдің өткеніне үңіліп еш нәрсе таба алмадық дегенмін. Бірақ олай емес. Оның өгей әкесі болған. Он сегіз жасар

кезінде бір жігітке көңілі кетіп еді, өгей әкесі кедергі жасап, екеуінің басын қостырмады. Бірде қыз бен әкесі серуенге шығып, тік жартасты жағалап келе жатады. Кездейсоқта қыздың әкесі жаңсақ басып, жартастан құлап өледі”.

— Сен сонда оны қыз өлтірді демексің бе?

— Бұл — кездейсоқтық. Кездейсоқ оқиға! Егер өгей әкесінің қалай өлгенін жұрт білмегенде, бұл әйел сотқа еш уақытта да тартылмаған болар еді. Менің саған айтарым, Хэйдок, бұл әйел жүрген жерде тағы бір кездейсоқ оқиға бола ма деп қорқамын.

Қарт капитан түкке түсінбеген адамша, иығын тағы бір қомдап қойды.

— Оны болдырмауға сенің қолыңнан келер қандай шара бар екенін біле алмай отырмын.

— Өзім де білмеймін, — деді Эванс қиналып.

— Мен болсам басымды қатырмай қоя салар едім, — деді капитан Хэйдок. — Кісі ісіне қол сұққаннан келген пайданы көрген жоқпын.

Бірақ капитанның бұл ақылы ініспектірдің көкейіне қонбады. Ол шыдамады өрі өз дегеніне жетпей қоймайтын қайсар адам болатын. Досынан шыққаннан соң, істі неден бастаса сәтті боларын ойластырып, көшеде едәуір жүрді.

Біраз марка алмақшы болып поштаға қарай бұрылып еді, Меровудинге соқтығысып қалды.

Профессор аласа бойлы, ешнәрсемен ісі жоқ, кішіпейіл өрі мүлдем ұмытшақ адам болатын. Эвансты танып, жылы жүзбен амандасты да, қақтығысып қалғанда жерге түсіп кеткен хаттарын көтермекші болып еңкейе берді.

Эванс одан бұрынырақ қимылдап, хаттарды жиып, иесіне қайтарды да, көшірім өтінді.

Хаттарын беріп жатқанда біреуінің өдіресіне көзі түсті. Сол-ақ екен, көпшілікке белгілі қамсыздандыру фирмасының атын көріп, ойындағы күдігі қайта жанданды...

Эванс шешімді бірден қабылдады. Құлық-сұмдыққа жоқ Джордж Меровудин ініспектірмен қалайша бірге келе жатқанын білмей де қалды. Тіпті, өңгіменің өмірді қамсыздандыру жайына қалай ауысып кеткенін де аңғармады.

Эвансқа көкейіндегісін орындау онша қиындыққа түскен жоқ. Меровудин өз өмірін әйелінің пайдасына жаңа ғана қамсыздандырып келе жатқанын сұрамастан сампылдап айтып берді. Ол енді Эванстан жоғарыда айтылған қамсыздандыру фирмасы жөніндегі пікірінің қалай екенін білгісі келді.

— Мен бір ақылсыз іс жасадым, соның салдарынан акцияға салған ақшадан түсетін кіріс азая бастады. Олай-бұлай боп кетсем, әйелім таршылық көріп қалатыны хақ. Ал мына қамсыздандыру істі біршама түзетуге тиіс.

— Қамсыздандыруға жұбайыңыз қарсы болған жоқ па? Кейбір әйел мұндайды жаман ырымға санайтыны бар ғой?

— О не дегеніңіз? Маргарет жақсы мен жаманды ажырата біледі, — деді Меровудин күлімсіреп. — Ол ырымсырым дегенге сенбейді, қайта бұл — соның ықыласымен істелген шаруа. Керегі қанша деп едім, болмады.

Эвансқа керегінің өзі де осы еді. Көп ұзамай ол Меровудинді өз жөніне қоя берді. Еріндерін жымырып ойланып қалды. Марқұм Энтони мырза да өлерінен екі-үш апта бұрын өзін әйелінің пайдасына қамсыздандырған еді.

Сезімі алдап көрмеген Эванстың өз ойының дұрыстығына сенімі мол болатын. Бірақ ойды іске асыру оңай шаруа емес. Ол қылмыскерді қылмыс үстінде ұстағаннан гөрі, сол қылмыстың алдын алып болдырмау жағын ойластырды. Бұл, әрине, оңайға түспейді.

Күні бойы ойға шомды. Сол күні түстен кейін жергілікті бір ауқатты адамның ауласында Дэзриэлиді¹ еске түсіруге арналған жәрмеңке өткізілген болатын. Соған барып, аттракцион ойындарын қызықтап, тіпті ақша шығарып біразына қатысып та көрді. Сыйлық ұтып алам ба деген дәмемен елдің бәрі құлшына кіріскен. Эванстың қызыққаны сонша, бір балгер әйелге жарты крон ақша беріп, “келешектен хабар айтатын” айна-шарға біраз қарап тұрды. Кезінде қызмет бабымен бақсы-балгерлерге қырғидай тиетіні есіне түсіп, өзінің қазіргі істеп тұрғанына күліп те алды.

Балгер әйелдің сәуегейлік сөздеріне онша мән бермей тұр еді, оның соңғы айтқандары құлағын елең еткізді.

— ...Көп ұзамай, жуық арада өте бір қауіпті іске, бір кісінің өмірі мен өліміне байланысты шаруаға кез боласыз.

— Немене дейсің? — деді Эванс жұлып алғандай.

— Сіз бір шешім қабылдайсыз, шешім деймін. Бірақ өте сақ болуыңыз керек. Егер болар-болмас қате жіберсеңіз, иә, титтей ғана жаңылыс бассаңыз...

— Онда не болады?

Балгер әйел дірілдеп кетті. Эванс оның айтқандарының құр сандырақ екенін біле тұрса да, бір түрлі ойланып қалды.

— Мен сізге ескертіп тұрмын. Қателесе көрмеңіз. Мен бәрін де ап-айқын көріп тұрмын. Қателессеңіз, мерт боласыз.

“Сандырақ... нағыз сандырақтың өзі! Мерт боласыз, — дейді. — Көріпкелін қарай гөр мұның!”

— Қателессем, өлем ғой, солай ма?

— Дәл солай.

¹ Дэзриэли Бенжамин (1804—1881) — Ұлыбританияның ірі мемлекет қайраткері.

— Ендеше, — деді Эванс орнынан тұра бере, балгерге тағы да жарты крон ұстатып, — менің қателеспеуім керек, естіп тұрсың ба?

Айтуын айтса да, балгердің шатырынан шыққан соң ол көп ойланды. Айтуға оңай, әрине, ал іске асыру оңайға түсейін деп тұрған жоқ. Оның жаза баспауы керек. Өйткені адам тағдыры шешілейін деп тұр ғой.

Эвансқа қол ұшын берер ешкім табылмады. Ол анадай жерде тұрған Хэйдок жаққа қарап қойды. Одан қайыр жоқ. “Сен тимесең, мен тимен” ғой оның ұраны. Бұл жерде олай істеу жарамайды.

Хэйдок бір әйелмен сөйлесіп тұрған болатын. Әйел өңімесін аяқтаған соң Эванс жаққа қарай бет алды. Ініспектір оны бірден тани кетті. Бұл Метроудин ханым еді. Эванс жалма-жан шешім қабылдап, әйелдің қарсы алдынан шығуға ұйғарды.

Метроудин ханым өте сұлу, жалпақ қасты, өдемі қоңыр көзді, жайдары жүзді әйел болатын. Шашын қақ жарып өріп, құлақ тұсына түйіп қоятындықтан ба, өйтеуір, ол итальян мадоннасын көзге елестететін. Даусы жіңішке, сызылып шығатын.

Әйел Эвансқа күлімсірей амандасты.

— Мен сізді бірден таныдым, Энтони ханым... Метроудин ханым дегенім ғой, — деді Эванс жайбарақат үнмен. Ол жорта қателескенін әйелге сездірмей, оның бет-әлпетін бақылады. Әйелдің көзі бақырайып, демін ішке тартқанын сезіп қалды. Бірақ көзінен қорқыныштың нышаны байқалмады. Керісінше өзіне тесіле қарап, сыр бермей тұр.

— Күйеуімді іздеп келе жатыр едім, — деді жай ғана, — ол кісі көзіңізге түспеді ме?

— Жаңа ғана ана жаққа кетіп бара жатқан. — Метроудин ханым Эванс жөн сілтеген жаққа қарай қозғалды. Ініспектір әйелден көзін ала алмай таң-тамаша болып келеді. “Неткен әйел! Өзін қалай ұстайды! Жүріс-тұрысы қандай жарасымды! Иә, айтары жоқ, керемет әйел, алайда өте қауіпті жан. Сөз жоқ, өте қауіпті”.

Өзінің алғашқы әрекеттеріне іштей риза болғанмен, Эванс әлі де болса мазасызданып келе жатқан. Әйелді көптен танытындығын да сездірді. Енді ол өзін сақ ұстауға тырысады. Алайда асығыс әрекет жасауға қақысы жоқ.

Ендігі мәселе Метроудин мырзада. Егер оған күні бұрын ескертіп қойса ғой, піркін...

Профессорға кезіккен кезде, ол бір пенни ақшаға ұтып алған, шыныдан жасалған қуыршақты аударып-төңкеріп тамашалап тұрған. Әйелінің: “Үй жаққа жүрсек қайтеді?” —

дегеніне бірден көнді. Меровудин ханым ініспектірге бұрылып: “Бізбен бірге жүріп, үйден шай ішіп кетпейсіз бе?” — деді.

Үнінде жекпе-жекке шақырып тұрған кекесін бар ма қалай? “Солай болуы керек”, — деп түйді Эванс ішінен.

— Рақмет, Меровудин ханым, шай ішуге болады. Жол-жәнекей олар әндімеге ұсақ-түйекті арқау етіп келе жатты. Күн жарқырап баяу ғана самал жел есіп тұрған. Айнала әдеттегідей көз тартады.

Ескі мәнермен салынған сәнді коттежге келіп жеткен кезде, Меровудин ханым қызметші қыздың аттракционға кетіп қалғандығын ескертті де, өз бөлмесіне барып, бас киімін шешіп келді. Сосын шайдың қамына кірісті. Отқа жақын тұрған сөреден үстелге үш шыны-аяқ алып қойды.

— Біз бір ерекше қытай шайын ішеміз, — деп түсіндіре бастады Меровудин ханым. — Біз оны нағыз қытайлардың өздері сияқты, яғни кеседен емес, астындағы тарелкасына құйып ішетін боламыз. Біз ылғи сөйтеміз.

Ол сөзін тыя қойып, кесенің түбіне үңілді. Сосын басын шайқап, бірнәрсе деді де, оны басқа кесемен ауыстырды.

— Джордж, сенің мынауыңа жол болсын. Шай ішетін кеселерді тағы да пайдаланыпсың ғой.

— Кешірім өтінем, жаным, — деді профессор кінәлі адамша, — бұл кеселер менің жұмысыма сондай ыңғайлы. Ал тапсырымдарым әлі келмей жатыр.

— Бүйте берсең, бір күні бәрімізді уландырып өлтіресің ғой, — деді әйелі күлімсіреп. — Қызметші қыз кеселерді ылғи сенің лабораторияңнан алып шығады. Көзге көрінетін ештеңесі болмаса, оларды жақсылап жумайды да. Айтпақшы, сен олардың біріне бұрнағы күні цианды калий құйып жүр емес пе едің? Шынында да, бұл өте қауіпті деймін, Джордж.

Бұл сөз Меровудиннің қитығына тиіп кетті.

— Маридың менің лабораториямда несі бар?! Онда тұрған затқа тиісуге ешбір қақысы жоқ қой.

— Алайда шайдан кейін ыдыс-аяқты лабораторияда жиі қалдырып кете беретініміз де бар. Мари қайдан білсін ненің не екенін.

Профессор мінгір-мінгір етіп лабораториясына кіріп кетті. Меровудин ханым жымыған күйі шай демдеген шөйнекке қайнақ суды еселеп құйды да, отты сөндіріп қойды.

Эванс аңырып отырып қалды. Өйткенмен ол бір түйткілді сезді. Қалайша екенін кім білсін, Меровудин ханым ойын сездіріп алды. Жоқ әлде бір кездейсоқтық па бұл? Жаңағының барлығын күні бұрын дәлел болсын деп әдейі естіртіп отырса ше? Мәселен, кейінірек кенеттен күйеуі өле қалса, мені куәға тартпақ қой, сірә. Мұнысынан ешнәрсе шықпас сұмпайы әйелдің, себебі одан бұрын...

Кенеттен Эванс демін ішіне тартып тына қалды. Әйел үш шыныға да шай құйып үлгеріпті. Бірін Эванстың алдына, екіншісін өзіне, ал үшіншісін отқа таяу тұрған, қасында орындығы бар шағын үстелдің үстіне қойыпты. Күйеуі, әдетте, сол арада отыратын. Соңғы шыныны қойып жатқанда әйел күлімсірегендей болған. Эвансты сескендірген сол күлкі болатын.

“Сыры белгілі болды!”

Сұлу әйел — сұмпайы әйел. Дәл қазір, тапа-тал түсте, өзін куәға тарта отырып іске асырмақшы ғой арам пиғылын. Әйелдің батылдығына Эванс шынымен-ақ қайран қалды.

“Неткен ақыл, неткен қулық”. Осылай етсе, Эванстың еш нәрсені дәлелдеуге шамасы келмей қалады. Өрі мұндай жауыздық осылай тез арада бола қояды деп мұның ойламайтынын да есепке алып тұр-ау. қандай айлакер!

Эванс терең дем алып, алға қарай еңкейді.

— Мeroудин ханым, басыма неше түрлі сұмдық ойлар келіп отыр. Соның бірін сыртқа шығаруға рұқсат етіңіз.

Мeroудин ханым ешбір күдіксіз, бірақ “мұнысы несі?” деген адамдай, жалт қарады.

Эванс орнынан тұрып, әйелдің алдында тұрған шайды алып, оны кішкене үстелдің үстіндегі шаймен алмастырды да, профессордың кесесін Мeroудин ханымның өз алдына қойды.

— Мына шайды өзіңнің ішкеніңді жөн көремін. — Көздері түйісіп қалды. Кірпік қақпай тесіле қарасты. Бірте-бірте әйелдің өңі қуара бастады. Ол қолын зозып, алдындағы кесені көтерді. Эванстың демі тоқтап қалғандай болды.

“Бағанадан бері өзі қателесіп отырса, не болады?”

Кесені аузына апара беріп, ең соңғы сөтте дір-дір етіп сәл еңкейді де, әйел қолындағы шайды папоротник өсірілген ыдысқа жылдам құя салды. Сөйтті де, орнына қайта отырып, “қолыңнан келгенді істеп ал” дегендей, Эвансқа бедірейе қарады.

Эванстың жүрегі орнына түсіп, бір күрсінді де қайта отырды.

— Иә, сонымен не демексіз? — деді әйел.

Даусы өзгеріп кетіпті. Мысқылмен, тиісе сөйлейді. Эванс даусын көтермей жайлап жауап қатты.

— Сіз өте ақылды әйелсіз, Мeroудин ханым. Мені түсіндіңіз ғой деп ойлаймын. Жаңағы сұмдықты екінші қайталап жүрмеңіз. Нені айтып тұрғанымды сезіп тұрсыз ғой?

— Иә, сезіп тұрмын... Өлгіндей емес, жуасып қалыпты, үнінде кекесін сезілмейді.

Өзіне-өзі риза болған Эванс басын изеді. “Бұл ақылды әйел екен, — деді ішінен. — Дарға асылғысы келмейді өзінің”.

— Сіздің ұзақ өмір сүруіңіз үшін, ханым, сонымен қатар еріңіздің де өмірлі болуы үшін, — деді Эванс, алдындағы шайынан бір ұрттап.

... Сол-ақ екен, түсі өзгеріп сала берді. Бет-пішіні адам айтқысыз кейіпке еніп, қисайып кетті. Орнынан тұрмақшы болып талпынып, айғайламақшы да болды. Бірақ денесі ырқына көнбей, сіресіп қатты да, өңі күлдей боп қуарып кетті. Орындығына шалқалай құлаған кезде, аяқ-қолдары серейіп қалды.

Мероудин ханым еңкейе беріп, құрбандығының бетіне үңілді. Езуіне күлкі үйіріліп, ол Эвансқа қарап байыппен сөйлеп жатыр.

— Қателестіңіз, Эванс мырза. Өзіңізше, мен Джорджға у береді деп қалдыңыз, қандай ақымақтық десеңізші!

Жан тапсырған адамға тағы біраз қарап тұрды. Эванс Мероудин ханымның жолын торып, сүйген адамынан ажыратпақшы болған үшінші құрбандығы болатын.

Күлімсіреп еді, өңі нұрланып шыға келді. Біраздан соң ол дауыстап күйеуін шақырды.

— Джордж! Ау, Джордж! Тезірек келші мұнда. Кездейсоқ оқиғаның көкесі болды ма деп қорқып тұрмын... Байғұс Эванс мырза...

КУӨНІҢ ҚҰПИЯСЫ

Мейгерн мырза көзәйнегін киіп, әдеттегісінше тамағын қырнап бір жөтеліп қойды. Сосын ол қарсы алдында отырған, қасақана кісі өлтірді деп айып тағылған адамға қайта қарады.

Мейгерн мырза дене бітімі кішкентай, өте ұқыпты, таза киініп жүретін, өткір шегір көзді адам еді. Ақылсыз емес-тін. Адвокат ретінде оның беделі өте жоғары болатын. Өзін жалдаған адаммен салмақтылау, бірақ жаны аши сөйлесті.

— Жағдайыңыздың өте мүшкіл екенін, сондықтан бар шындықты жасырмай маған айтып беруіңізді қайталап ескертуге тиістімін.

Леонард Воул қарсы алдындағы жалаңаш қабырғадан көзін алмай, есеңгіреген адамша, тесіле қарап отыр еді, енді ғана адвокатына бұрылып: “Білемін, — деді ұнжырғасы түсіп. — Сіз солай дей бересіз. Бірақ мен өлі күнге дейін кісі өлтірді деген айыптың өзіме не үшін тағылғанына түсіне алмай отырмын. Кісі өлтіру... қандай сорақы қылмыс десеңізші”.

Жөтеліп қойып, адвокат көзәйнегін алып асықпай сүртіп, қайта киді. Сосын ол: “Иә, иә, иә. Ал енді, Воул мырза, сізді арашалап қалуға бар күшімізді саламыз. Іс сәтті болады, біздің жол болуға тиісті. Бірақ ол үшін мен

бәрін де бүкпесіз білуге міндеттімін. істің сіз үшін қаншалықты қауіпті екенін білуге тиістімін. Сонда ғана қорғаудың ең дұрыс жолын таңдай аламыз”, — деді.

Жас жігіт оған бұрынғысынша, мелшиген күйі қарап отырып қалды. Мейгерн басында бұл істен түк шықпайды деген ойда болатын. қылмыскердің айыбы айдан анық секілді болып көрінген. Енді, міне, бірінші рет оның көңіліне бір күдік ұялай бастады.

— Сіз мені айыпты деп ойлайсыз ғой? — деді Леонард Воул бөсең үнмен. — Бірақ құдай алдында ант етемін, менің кінәм жоқ! Маған жағылған қара күйенің қалың екенін білемін. Торға түскен құс сияқты пырмалып, ешқайда бұрылуға шамамды келтірпейтін болды. Бірақ бұл қылмысты мен істеген жоқпын. Мейгерн мырза, мен істеген жоқпын!

Осындай күйде отырып, өзінің ары таза екенін дәлелдегісі келеді. Мейгерн мырза оны түсінді. Соған қарамастан ойланьшп қалды. Кім біледі, Леонард Воулдың ары таза шығар.

— Дұрыс айтасыз, Воул мырза, — деді ол түнеріп. — Сізге тағылған айып өте ауыр. Өйткенмен сөзіңізге сенемін. Ал енді істің мән-жайына келейік. Өз сөзіңізбен Мисс Эмили Фрэнчпен қалай танысқаныңызды бұлжытпай айтып беруіңізді өтінемін.

— Бұл бір күні Оксфорд Стриттің¹ бойында болған жайт еді. Көшені кесіп өтіп бара жатқан қарт әйелге көзім түсті. құшақтап бір топ қорап көтеріп барады екен. Көшенің ортасына жеткен кезде әлгілерін түсіріп алды да, қайта жинап алмақшы боп әрекет жасады. Келіп қалған автобусты байқап қалып, жолдың шетіне аман жетіп үлгіргені сол еді, өзіне ренжіп айқайлаған жұртты көріп, есі шығып не болғанын білмей қалды. Қораптарын жиып алып, шамам келгенше шаңнан тазартып, біреуінің белінен бұған жібін қайта байлап өзіне апарып бердім.

— Өмірін сақтап қалатындай әрекет істеп пе едіңіз?

— О не дегеніңіз, жоқ, әрине! Бар болғаны қарапайым ізеттілік көрсеттім. Әйелдің риза болғаны соншама, шын көңілмен рахметін айтып, көп жастың бойынан табыла бермейтін ізеттілігім жайлы бірдеңе деді, бірақ не дегені дәл есімде қалмапты. Сосын ілтипат білдіріп, қалпағымды көтеріп қоштастым да жөніммен кеттім. Ол әйелді қайта көрем деген ойыма да кіріп шыққан жоқ. Бірақ өмір деген кездейсоқтыққа толы ғой.

Дәл сол күні кешкісін әлгі әйелді мен бір досымның үйінде қонақта қайта кездестірдім. Мені бірден танып, өзімді таныстыруымды өтінді. Оның мисс Эмили Фрэнч

¹ *Оксфорд Стрит* — Лондонның атышулы ірі дүкендерінің көбі осы көшеге орналасқан

екенін және оның Крикльвудта¹ тұратынын сонда ғана білдім. Біраз уақыт өңгімелестім. Байқауымша, ол жасы ұлғайған, өзіне ұнаған адамға жан-тәнімен тез беріліп кететін әйел екен. Кез келген адамның қолынан келетін азғантай ілтипатым үшін ол мені қатты ұнатып қалыпты. Кетер кезде қолымды алып, қонақ болып кетуге шақырды. Мен, әрине, ризашылығымды білдіріп, баратынымды айтып едім, қай күні келетінін айт деп болмады. Бара қояйын деген ниет те жоқ еді, бірақ өз сөзімнен бас тарту ыңғайсыз болар деп, алдыңғы сембіге келістім. Ол кетіп қалған соң достарымнан әйел туралы тағы да біраз мағлұмат алдым. Өзі бай, мінез-құлқы ерекше бір ғана қызметші әйелмен тұратын, үйінде сегіз мысық ұстайтын әйел екен.

— Дұрыс, — деді Мейгерн мырза. — Оның ақшалы адам екенін сол жерде ғана білдіңіз бе?

— Сіз мені одан бұл жөнінде бір нәрсе сұрады ғой деген ойда болсаңыз... — деп, Леонард Воул қызарақтап қалды. Мейгерн мырза ымдап тоқтатып қойды.

— Іске мен айыптаушылар жақтың тұрғысынан, яғни солардың пікірін еске алып отырып қарауға тиістімін. Сырттай байқаған адам Мисс Фрэнчті тұрмысты әйел деп ойламаған болар еді. Өйткені ол жұпыны тұратын. Егер кедей емес екенін басқа біреу айтып қоймағанда, сіз де жағдайы нашар екен-ау деген ойда болар едіңіз. Ал енді бай әйел екенін сізге айтып берген кім?

— Досым, Джорж Харви, өлгі үйіне қонаққа шақырған жігіт.

— Шынымды айтсам, білмеймін. Одан бері талай уақыт өтіп кетті ғой.

— Дәл солай, Воул мырза. Есіңізде болсын, тергеудің ең басты мақсаты — сіздің ақшадан қысылып жүргендігіңізді анықтау, бұл — ақиқат, түсінікті ме?

Леонард Воул қызарып кетіп: “Иә, — деді бөсең үнмен. — Ол кезде көк тиынсыз, әбден сорлап жүргенмін”.

— Дәл солай, — деді Мейгерн мырза тағы да. — Сөйтіп ақшадан қатты қысылып жүргенде сіз жаңағы жасы ұлғайған бай әйелді кездестірдіңіз де, онымен қалай да танысуға әрекет жасадыңыз. Ал енді біз бұған басқа тұрғыдан қарайтын болсақ, айталық, сіз оның қалталы әйел екенін білмедіңіз, сіз үйіне тап-таза сыпайыгершіліктің арқасында барып қалдыңыз делік.

— Шындығында да солай болды.

— Мүмкін. Мен таласып отырған жоқпын. Мен бұған басқа тұрғыдан қарап отырмын. Көп нәрсе Харви мырзаға

¹ Крикльвуд – Лондонның солтүстік батыс жағында, 10 км жерде орналасқан қала.

байланысты болады. Ол әлгі сізбен болған әңгімені есіне түсіре ала ма, жоқ па? Оны шатастырып, әлгі әңгіме кейінірек болды деуге көндірсек, қалай болар еді?

Леонард Воул біраз уақыт ойланып қалды. Сосын ол өңі қуарып, сенімді түрде: “Меніңше, олай еткенмен ештеңе де шықпайды, Мейгерн мырза, — деді. Қонақта бірге болған адамдардың біразы оның сөзін естіген болатын. Оның үстіне бір-екеуі жасы ұлғайған бай әйелді баурап алыпсың ғой деп, мені шымшып алған”.

Адвокат жауапқа көңілі толмай қалғанын білдіргісі келмей қолын желпіп: “Өкінішті екен, — деді. — Бірақ сізді дұрыс сөйлеп отырғаныңызбен құттықтаймын, Воул мырза. Менің әрекетім сіздің берген жауабыңызға тікелей байланысты болады. Сіз дұрыс ойлап отырсыз. Жаңағы мен айтқанға басатын болсақ, құрып кетеді екенбіз. Одан бас тартуға тура келеді. Сонымен, Мисс Фрэнчпен таныстыңыз, үйіне бардыңыз, таныстықтарыңыз одан әрі нығая түсті. Біз осының бәрін де жақсылап дәлелдеуіміз керек. Сіз — отыз үш жастағы жас, әдемі, спортпен шұғылданып жүрген, достарыңыздың арасында беделіңіз бар, сегіз қырлы, бір сырлы жігітсіз, ал соншама уақытыңызды жасы жетіп тұрған көрі кемпірге арнауыңыздың себебі не?”

Леонард Воул ыза кернеп, екі қолын сермеді.

— Мен мұны айта алмаймын, шындығында да айта алмаймын. Бірінші рет барып шыққаннан кейін, ол өзінің жалғыз басты, бақытсыз жан екенін айтып, қайта келуге мәжбүр етті. Бас тартуға мұрша бермеді. Ұнататынын, жақсы көріп қалғандығын жасырмай алдыма жайып салғанда, бір түрлі ыңғайсызданып та қалдым. Сосын, Мейгерн мырза, менің иім жұмсақ, біреу бірдеме десе жоқ дей алмай, дегеніне көніп, айдауында жүріп кетемін. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де ерік өзіңізде, бірақ үшінші иә төртінші рет барғаннан кейін ол әйелге үйір боп, шынымен бауыр басып бара жатқанымды байқадым. Шешемнен жастай айырылып, жетім қалып, нағашы апамның қолында өскенмін, бірақ менің жасым он беске жегпей, ол да қайтыс болып кетіп еді. Шынымен анам сияқты мейірімін төгіп, еркелететін адам табылғанына өзім де қуанып қалдым десем, өрине, сіз күлесіз ғой!

Мейгерн мырза күлген жоқ. Керісінше, көзілдірігін алып қайта тазалай бастады. Бұл оның қатты ойланғанда істейтін үйреншікті әдеті болатын. Ақырында:

— Бұл жауабыңыз дұрыс, Воул мырза, — деді ол. — Психологияның тұрғысынан, меніңше, бұл өбден мүмкін. Ал бұған соттың заседательдері қалай қарайды, бұл басқа мәселе. Жақсы, ары қарай айта беріңіз. Бірінші рет іс қағаздарын көріп беруді Мисс Фрэнч сізден қашан өтінді?

— Иә үшінші, иә төртінші рет барғаннан кейін. Ақшаға байланысты шаруадан мағлұматы шамалы екен. Бір іске салған ақшасына бола сондай мазасы кетті.

Мейгерн мырза оған тура қарап: “Аңдап сөйленіз, Воул мырза. Қызметші қыз Жанет Маккензидің берген түсінігіне қарағанда, оның қожайыны шаруасын мұқият жақсы білетін, барлық жұмысты өз қолымен атқаратын, өз пайдасын мүлт жібермейтін әйел көрінеді. Мұны оның банкирлері де растапты.

— Ол жағында шаруам жоқ, — деді Воул, адалдығын айтып. — Өз аузынан маған солай деген болатын.

Мейгерн мырза оған бір-екі рет үндемей қарап қойды. Айтқысы келмегенмен, жаңағы сәтте Леонард Воулдың арынның тазалығына деген сенімі енді күшейе түскен болатын. Ол қарт әйелдердің логикасын ептеп болса да білетін. Мисс Фрэнчтің жас, әдемі жігітке соншама беріліп, оны үйіне жиі келтірудің әр түрлі амал, сылтауын іздегеніне адвокаттың көзі жетті. Олай болса, мұндайда шаруасын жақсы жүргізе алмай жүргенін бет перде етіп, ақшамен байланысты істерге көмектесіп тұр дегеннен артық қандай сылтау болуы мүмкін? Көпті көрген көне көз әйел еркектердің осал жерін жақсы білген. Мақтаса болды жайылып түспейтіні жоқ қой. Леонард Воул да солардың бірі, қармаққа іліне кеткен. Сосын ол өзінің бай әйел екенін жігітке білдіріп қоюды да артық көрмеген болар. Эмили Фрэнч өз есебіне шегедей, көңіліне ұнаған нәрсенің құнын жақсы білетін кемпір болатын. Осының бәрін ой сүзгісінен тез өткізіп, бірақ тұтқынға еш сездірмей, Мейгерн мырза оған және бір сұрақ қойды.

— Шаруасына өзі сұраған соң көмектестіңіз бе?

— Иә.

— Воул мырза, — деді адвокат, — мен сізге бір өте жауапты сұрақ қояйын деп отырмын және оған дәл сондай жауапкершілікпен, шындап жауап беруіңізді өтінемін. Сіз ақшадан қысылып жүрдіңіз. Сондай кезде кемпірдің шаруасын қолға алдыңыз. Ал кемпір болса, өзінің айтысына қарағанда, шаруадан хабары шамалы екен. Осы жағын ескеріп, қолыңызға түскен құнды қағаздарды титтей де болса өз пайдаңызға жұмсаған, ауыстырған кездеріңіз болды ма? Ақша аударған кездеріңізде ешкім сезбейді деп бас пайдаңызды ойлап кеткен жоқсыз ба? Айыпкерді сөйлетпей: “Жауап бермей тұра тұрыңыз. Бізге ақталудың өзінше ашық тұрған екі жолы бар. Біріншіден, әйелдің шаруасын атқарған кезде адал қызмет істегеніңізді баса айту керек. Ол-оңай адал жолмен ақша табатын шексіз мүмкіндік болып тұрғанда, логика бойынша кісі өлтіруіңіз пындыққа жанаспайды; екіншіден, егер тергеу кезінде іс-әрекеттеріңізден ағаттық кетіп, ашығын айтқанда, кемпірді алдап соғып, ақшасын

пайдаланып жүргеніңіз дәлелденсе, біз басқа жолды ұстауымыз керек. Яғни кемпір сіз үшін онсыз да пайда табудың бірден-бір көзіне айналғандықтан, оны өлтіретін ешбір себебіңіз болған жоқ. Осы арасын ұғып алыңыз. Ал енді сізден өтінетінім, жауап бермес бұрын жақсылап ойланыңыз”, — деді.

Бірақ Леонард Воул бір сәт те ойланбастан: “Мисс Фрэнчтің шаруасын қолға алғанда, ашығын айтсам, менің тарапымнан ешқандай да арамдық болған жоқ. Қабілетімнің жеткенінше кемпірдің қызметін тек өз пайдасына шешуге тырыстым. Егер тексеретін болса, бұған кез келген адамның көзі жетеді”, — деді.

— Рақмет, — деді Мейгерн мырза. — Иығымнан тас түскендей жеңілдеп қалдым. Мұндай жауапты мәселенің үстінде мені алдап кетуге тырыспай, ағынан жарылғаныңыз үлкен ақыл болды деп мақтау айтқым келіп отыр.

— Шынында да, — деді Воул мырза ентігін баса алмай, — менің пайдама шешілетін ең мықты жері қылмыстың себебінің жоқтығы. Ақша табу мақсатымен бай әйелмен таныстықты нығайтқаным айтпаса да түсінікті. Олай болса, жаңа өзіңіз айтқандай, кемпірдің өлімі менің үмітімнің күлін көкке ұшырмай ма?

Адвокат оған тесіле қарап қалды. Сосын ол көзілдірігін жорта алып, үйреншікті қимылдарын қайталады. Көз әйнегін қайта кигенше ол үн қатқан жоқ.

— Воул мырза, мисс Фрэнч қалдырған өсиетте негізгі мұрагер етіп сізді тағайындапты, мұны сіз білесіз бе?

— Не дейді? — Тұтқын орнынан ұшып тұрды. Оның қорқып кеткені айқын сезілді. — Құдайым-ау! Сіз не деп кеттіңіз? Кемпір ақшасын маған қалдырып па?

Мейгерн мырза жайлап басын изеді.

Воул екі қолымен басын ұстап, қайта отыра кетті.

— Өсиет туралы ештеме білмеймін деп қасақана айтып отырған жоқсыз ба?

— Қасақана? Олай дейтін түк те жоқ. Одан мүлде хабарым жоқ.

— Ал егер ана Жанет Маккензи сіз біледі деп ант-су ішіп отыр десем, не дер едіңіз? Мисс Фрэнч өсиет жөнінде өзіңізбен ақылдасып, сізге өз ниетін білдіргенін қызға да анықтап айтып беріпті.

— Ол әйел өтірік айтып отыр! Жоқ, тым жылдамдатып жібердім-ау деймін. Жанет, жасы егде тартқан әйел. Ол қожайынның сенімді күзетші иті сияқты мені ұнатпайтын. Қызғаншақ, күдікшіл болатын. Менің ойымша, мисс Фрэнч өз ойын Жанетке айтуын айтқан шығар, бірақ Жанет оның айтқандарын не қате түсінген, не өзінше, өсиет жазуға кемпірді мен мәжбүр еткен деп ойлап қалған болу

керек. Енді келіп, осының бәрін де Мисс Фрэнч айтқан дегенге сайып отыр ол. Мен осылай дер едім.

— Сізді суқаны сүймейтіндіктен, осылайша қасақана өтірік айтып отыр деп ойлайсыз ба?

Леонард Воул таңғалып отырып қалды да: “Жоқ, әрине! Не үшін олай етуге тиісті?” — деді.

— Білмеймін, — деді Мейгерн мырза ойға шомып. — Бірақ сіз десе болды жыны ұстап, шар ете қалады.

Бейшара жігіт қайта ыңыранып: “Енді түсіне бастадым, — деді күбірлеп. — Бұл — масқара. Мені зорлап жасатқан дегелі отыр екен ғой олар. Кемпірдің ақшасына ие болып қалу үшін зорлап өсиет жаздырған, сосын түнде барып, үйде бөтен ешкім жоқта... Оны келесі күні бір-ақ көреді... Оу, құдай-ай, мынау сұмдық қой!”

— Үйде бөтен ешкім болған жоқ дегенің бекер, — деді Мейгерн мырза. — Жанет кешкісін бір жаққа бармақшы екен. Ол үйден шыққан, бірақ сағат тоғыз жарымдарға таман бір құрбысына уәде еткен блузка жеңінің үлгісін алып шығу үшін үйге қайта оралған. Артқы есіктен кіріп, жоғары көтеріліп, жаңағы затты алып қайта шығып кеткен. Ішкі бөлмеде сөйлесіп отырған адамдардың дауысын естіпті. Не дегендерін ұқпаса да, біреуі Мисс Фрэнчтің дауысы, екіншісі ер адамның дауысы деп ант ішіп отыр.

— Тоғыз жарымда, — деді Леонард Воул. — Тоғыз жарымда. Ол қарғып тұрып: “Ондай болатын болса, мен құтылдым... құтылдым...”, — деді.

— Құтылдымың не? — деп, таңғалған Мейгерн мырза дауыстап жіберді.

— Тоғыз жарымға қарсы мен үйге қайтып оралған болатынмын! Әйелім мұны дәлелдей алады. Мисс Фрэнчтен мен сағат тоғызға бес минут қалғанда кеткенмін. Үйге тоғыздан жиырма минут кеткен кезде келдім. Әйелім күтіп отыр екен. О, құдай-ай, бір сақтады-ау! Жанет Маккензидің блузкасының жеңінің үлгісіне де мың рахмет.

Қуанышы қойнына сыймай тұрған кезде ол адвокаттың бет-әлпетінің өзгермей, жабырқау күйде қалып қойғанын байқамаған еді. Бірақ адвокаттың сөзі оның қуанышын су сепкендей басты.

— Сіздің ойыңызша, мисс Фрэнчті өлтіріп кеткен кім?

— Ұры өлтіріп кеткен, басында осындай болжам болды ғой. Терезені бұзып кіргені есіңізде болар. Ар жағынан келіп, темір сүйменмен ұрып өлтірген. Өлгі сүймен еденде, дененің қасынан табылған. Біраз зат ұрланған екен. Жанеттің сандырақ күдігі мен маған деген қастандығы болмағанда, полиция дұрыс бағыттан адаспас еді ғой.

— Бұлай деу жарамайды, Воул мырза, — деді адвокат. — Жоғалған заттар түкке де тұрмайтын, өншейін бет перде үшін ала салған ұсақ-түйек қана. Терезедегі іздер жеткіліксіз болып шығыпты. Содан соң өзіңіз ойлаңызшы. Сіз үйіңізге тоғыз жарымдарға қарсы оралыпсыз. Сонда ана Жанет даусын естіген, үйде мисс Фрэнчпен сөйлесіп отырған еркек кім болуы мүмкін? Мисс Фрэнч ұрымен жайбарақат сөйлесіп отырмайды ғой?

— Әрине, — деді Воул. — Әрине... — Ол зәресі ұшып, не істерін білмей сасқалақтады. — Бірақ қалай дегенмен де, — деді ол есін қайта жиып, — мені босатады. Дәлелім бар. Сіз Ромейнмен, менің әйеліммен тез кездесуіңіз керек.

— Жақсы, — деді адвокат оны құптап. — Сіз тұтқындалғанда үйде болмады, өйтпегенде ол кісімен баяғыда сөйлескен болар едім. Шотландияға телефон соққанмын. Меніңше, бүгін кешке үйде болады. Сізден шыққан соң бірден сонда барамын.

Воулдың көңілі орнына қайтадан түсіп, еңі кіріп, басын изеді.

— Иә, Ромейн сізге бәрін де айтып береді. құдайым-ау! Жолым болатын шығар.

— Кешіріңіз, Воул мырза, әйеліңізді өте жақсы көресіз бе?

— Әрине.

— Ал ол ше?

— Ромейн адал, мен десе жанын береді.

Воул мырза шаттана сөйледі, бірақ адвокаттың жүрегі зырқ ете қалды. Күйеуін жанындай жақсы көретін әйелдің берген куәлігіне сот сенім білдіре ме?

— Тоғыз жарымда үйге келе жатқаныңызды көрген басқа ешкім бар ма? Айталық, қызметші қыз?

— Біздің қызметшіміз жоқ.

— Өзім білетін ешкім болмады. Жолдың біраз бөлігін автобуспен жүрдім. Кондуктордың есінде қалмаса.

Мейгерн мырза күмәндана басын шайқап: “Онда әйеліңіздің куәлігін растайтын ешкім болмайтын болды ғой, солай ма? — деді.

— Жоқ. Бірақ оның қажеті бар ма?

— Қажет бола қоймас, — деді Мейгерн мырза асығыстау сөйлеп. — Енді тағы бір нәрсе бар сұрайтын. Мисс Фрэнч сіздің үйленген адам екеніңізді білуші ме еді?

— Әрине, біледі.

— Олай болса, осы уақытқа шейін оны әйеліңізбен бір рет те кездестірмепсіз ғой. Ол қалай?

Леонард Воулдың жауабы осы жерде бірінші рет мүдіріп, сенімсіздеу шықты.

— Мән бермеппін...

— Жанет Маккензидің айтысына қарағанда, Мисс Фрэнч сізді бойдақ деп, келешекте бас қосам ба деген дөмеде жүріпті, осыны білесіз бе?

Воул күліп жіберді.

— Сайтанның сапалағы! Екеуміздің арамызда табаны күректі қырық жыл жатыр ғой.

— Ондай куәлік бар, — деді адвокат салқындау сөйлеп. — Куәліктің аты — куәлік. Әйеліңіз мисс Фрэнчті еш уақытта да кездестірмеп пе еді?

— Жоқ... — Ол тағы да мүдіріп қалды.

— Айтуға рұқсат етіңіз, — деді — адвокат, — бұл жердегі тірлігіңізді мен онша түсіне алмай отырмын.

Воул қызарып кетіп, екі ойлы болып, содан соң ғана тілі қайта шықты: “Мен бәрін де айтайын. Жағдайым қиын болатын, оны өзіңіз білесіз. Мисс Фрэнч біраз қарыз ақша бере ме деп үміттеніп едім. Кемпір өзімді жақсы көргенмен, әйелім екеуміздің қандай күйде жүргенімізбен жұмысы болмады. Алғашында әйелім екеуміздің арамыз онша болмай, бөлек тұрып жүрдік. Мисс Фрэнч оған мән де берген жоқ. Мейгерн мырза, сенсеңіз, маған ақша Ромейн үшін қажет болды. Кемпірге ол жөнінде тіс жарып ештеңе айтқан жоқпын. Не ойласа да өзі білсін дедім де қойдым. Мені өзіне бала қылып алғысы келетінін айтты. Үйлену туралы мәселе қозғалған емес, ол Жанеттің ойдан шығарып жүрген өтірігі болар”.

— Бары сол-ақ па?

— Иә, осы.

Сөздерінде ептеген толқудың нышаны бар секілді. Адвокат солай деп түйді. Ол орнынан тұрып, тұтқынға қолын ұсынды.

— Сау болыңыз, Воул мырза. — Адвокат жас жігіттің қажыған өңіне қарап тұрып, ерекше шабытпен: “Сізге қарсы жиналған соншама деректерге қарамастан, арыңыздың таза екеніне сенемін. Оны дәлелдеп, сізді біржола ақтап шығамын деген үміттемін”, — деді.

Воул да оған қарап жымыып күлді де: “Дәлелдің тастай екеніне көзіңіз жетеді әлі”, — деді мөз болып.

Адвокаттың бірден жауап қатпағанын тағы да байқамай қалды.

— Бәрі де енді Жанет Маккензидің беретін куәлігіне тікелей байланысты болады, — деді Мейгерн мырза. — Сізді иттің етінен де жек көреді. Ол жағы анық.

— Олай бола қоймас, — деді жігіт сөз таластырып.

Шығып бара жатып, адвокат басын шайқап:

— Ал енді Воул ханымға тартайық, — деді. Істің жайы онша емес екендігі оның мазасын кетіре бастады.

Воул Пэдингтон Грин¹ маңындағы бір кішкентай нашар үйде тұратын. Мейгерн мырза осы үйге бет алды.

Қоңырауды басып еді, есікті үй сыпыратын адам болса керек, бір настау әйел ашты.

— Воул ханым бар ма? Ол кісі оралды ма?

— Осыдан бір сағат бұрын ғана келген. Сіз оны көре алар ма екенсіз?

— Аты-жөнім жазылған қағазды апарып берсеңіз, — деді Мейгерн мырза сабыр сақтап, — оның мені қабылдайтынына күмәнім жоқ.

Әйел оған сезіктене бір қарады да, қолын алжапқышына сүрте салып, қағазды алды. Сосын ол Мейгернді сыртта қалдырып, есікті қайта жауып қойды.

Әйткенмен ол біраз уақыттан соң қайта оралды. Жаңағыдай емес, ептеп жұмсарып қалыпты.

— Ішке кіріңіз.

Әйел оны кішкентай ғана қонақ бөлмесіне алып кірді. Мейгерн мырза қабырғадағы суретке үңіліп тұр еді, дыбысын шығармай аяқ астынан шыға келген бойшаң, өңі жүдеу әйелді көргенде селк ете қалды.

— Мейгерн мырзасыз ғой? Күйеуімнің адвокаты боларсыз, солай ма? Содан келдіңіз бе? Мүмкін, отырғаныңыз дұрыс болар?

Сөйлегенге дейін әйелдің ағылшын емес екенін ол аңғармаған еді. Ал қазір жақын жерден анық байқады: бет сүйегі ірі, шашы қалың қара, анда-санда аздап қана қолын қимылдатып қояды екен. Осының бәрі де оның бөтен елдің адамы екенін анық байқатқандай. Түсініксіз әйел, өте сабырлы. Сабырлы болғанда, тіпті адамның ішін пыстырады екен. Әуел бастан-ақ Мейгерн мырза бұл арада өзі білмейтін бір құпияға тап болғанын сезіп қалды.

— Ал енді, құрметті Воул ханым, — деп бастады ол сөзін, — салыңыз суға кетпесін...

Ол бөгеліп қалды. Ромейннің саруайымға салынатын әйел емес екенін, ондай нәрсенің ойына кіріп-шықпайтынын да анық байқап қалды.

— Өтінемін сізден, маған істің мән-жайын айтып бермейсіз бе? — деді әйел. — Бәрін де білуім керек. Әйел толқып тұрды да, сосын бөсең үнмен, бір түрлі екпін қосып: “Кісі өлгенді де естіртеді, мен оған дайынмын”, — деді. Бұнысын адвокат онша түсіне алмады.

Мейгерн мырза өзінің Леонард Воулмен болған өңгімесін айтып шықты. Әйел мұқият тыңдап, анда-санда басын изеп қойып отырды.

¹ *Пэдингтон Грин* — Темза өзенінің солтүстік жағында орналасқан Лондон қаласының бір ауданы.

— Түсінікті, — деді ол, адвокат сөзін аяқтаған кезде. — Ол маған сол түні сағат тоғыз жарымда үйге келді дегенді айтсын дейді ғой?

— Сол уақытта келіп пе еді өзі? — деді Мейгерн мырза іле-шала.

— Мәселе онда емес, — деді әйел салқын үнмен. — Мен солай десем, ол ақтала ма? Соттағылар маған сене ме?

Мейгерн мырза танданып қалды. Әйел тоқ етерін айтты.

— Менің білейін дегенім, — деді ол, — сол жеткілікті бола ма? Менің айтқанымды растайтын ешкім бар ма?

Әйелдің әлгіні білуге ынтыққаны сонша, тіпті адвокаттың өзі де ыңғайсызданып қалды.

— Өзірге ондай ешкім жоқ, — деді адвокат тарқатып айтқысы келмей.

— Түсінікті, — деді Ромейн Воул.

Бір-екі минуттай әйел үн-түнсіз отырып қалды. Ернінде күлкінің нышаны бар.

Адвокатты қорқыныш сезімі билеп:

— Воул ханым... — деді ол. — Сіздің қандай күйде екеніңізді білемін...

— Солай ма? — деді әйел. — қызық екен...

— Мына жағдайда...

— Бұл жағдайда... өзім ғана, құмарпаз қарташылар айтпақшы, тек жалғыз өзім ғана ойнаймын.

Адвокат оған мазасыздана қарап:

— Қымбатты Воул ханым-ау,.. сіз қатты қалжырапсыз ғой. Күйеуіңіз үшін жаныңызды да қиюға дайын екенсіз?.. — деді.

— Кешіріңіз, не дедіңіз?

Әйелдің даусы сондай ашпы шыққандықтан ол селк ете қалды.

Адвокат екі ойлы болып, сөзін және бір рет қайталады:

— Күйеуіңіз үшін жаныңызды да қиюға дайын екенсіз...

Ромейн Воул басын изеді. Ерніне жаңағы түсініксіз күлкі қайта үйіріліп: “Ол сізге мені қатты сүйеді дей ме? — деді Воул ханым даусы жұмсақтау шығып. — Аха! Иә, солай дегенін сезіп тұрмын. Еркектер деген қандай ақымақ! Ақымақ!.. Ақымақ... ақымақ!..”

Әйел кенеттен орнынан тұрып кетті. Бағанадан бері адвокат куә боп отырған шырыққан долы сезім әйелдің тамағына тығылғандай: “Мен оны жек көремін, біліп қойыңыз! Мен оны жек көремін! Өзін дарға асып өлтіргенін көрсе”, — деді.

Адвокат көзінен ыза оты ұшқындаған әйелдің алдынан кейін шегініп кетті.

Әйел бір адым жақындап келіп, жаңағы қарқынмен: “Мүмкін, ойланармын. Айталық, мен сізге сол түні күйеуім тоғыздан жиырма минут кеткенде емес, оннан жиырма кеткенде келді десем, не болады? Сізге ол жақында ақшалы болатынын

білген жоқпын депті. Ал егер мен сізге ол бәрін де білді, соған үміт артып жүрді, сол ақшаны алу үшін, әдейі кісі өлтіріп отыр десем ше? Айталық, осы түні үйге келгенде не істегенін маған түгел айтып берді десем ше? Пальтосы қапқан десем, не болады? Мәселен, сотта орнымнан тұрып осылардың бәрін айтып берсем, қалай болады?”

Әйелдің көздері оған “ал енді не істейсің” дегендей бетпақтана қарады.

Адвокат әрши түскен қорқынышын өрең дегенде жасырып, әйелмен байсалды сөйлесуге тырысып: “Күйеуіңізге қарсы куәлік бер деп сізді ешкім зорлай алмайды...” — деді.

— Ол менің күйеуім емес...

Бөлмеде құлаққа ұрған тыныштық орнай қалды.

— Мен Венада актриса болып істегенмін. Күйеуім тірі, бірақ жындыханада. Сондықтан біз үйленген жоқ едік. қазір соған қуанып отырмын, — деп, ол басын ызалана шұлғып қойды.

— Сіз маған бір-ақ нәрсені айтыңызшы, — деді Мейгерн мырза, шамасы келгенше байсалды сөйлеуге тырысып. — Сіз Леонард Воулды сонша неге жек көресіз?

Әйел сәл ғана күлімсіреп, басын шайқады.

— Иә, сіздің мұны білгіңіз келіп отыр. Бірақ мен оны айтпаймын. Бұл – менің құпиям.

Мейгерн мырза салқындау жөтеліңкіреп орнынан тұрып: “Бұл әңгімені көп соза берудің қажеті жоқ сияқты, — деді. — Мен сізбен енді қорғауға алған адамыммен сөйлескеннен кейін жолығамын”.

Әйел жақындап келіп, әдемі қара көзін қадап тұрып: “Айтыңызшы, сіз бүгін осы жерге келгенде, оның арының тазалығына шынымен-ақ сеніп келдіңіз бе?” — деді.

— Иә, сеніп келдім, — деді Мейгерн мырза.

— Сіз де бір бейшара екенсіз, — деп, әйел күліп жіберді.

— Мен оған қазір де сеніп тұрмын, — деді адвокат сөзін аяқтап. — Сау болыңыз, мадам.

Ол бөлмеден шығып кетсе де, әйелдің қорқынышқа толы бет-әлпетін ұмыта алмады. “Бұл бір масқара жұмыс болайын деп тұр, — деді Мейгерн мырза іпштей көше бойлап кетіп бара жатып. — Ерекше жағдай. Шектен шыққан, өте қауіпті әйел. Әйел деген қастандық істеймін десе, нағыз сұмдық боп кетеді екен ғой. Енді не істеуге болады? Ана жігіттің соры енді әбден қайнайтын болды ғой. Мүмкін, қылмысты оның өзі жасаған болар... Жоқ, — деді Мейгерн мырза өзіне-өзі. — Қарсы жиналған айғақ тым көптеу. Мына әйелге сенбеймін. Бәрін ойдан шығарып отыр. Бірақ ол сотта мұны еш уақытта да айтпайды”.

Адвокат бұл мәселе жөнінде сенімінің молырақ болмағанына өкінді.

* * *

Полициядағы тергеу процесі өрі қысқа, өрі қызық болды. Істің басты куәлері өлген әйелдің қызметшісі — Жанет Маккензи мен австриялық азаматша, тұтқынның әйелі Ромейн Хейлгер екен.

Мейгерн мырза бұл процеске қатысып отырып, соңғы куәнің сұмдық сандырағын тыңдады. Әйел өткендегі екеуінің арасында болған әңгіменің жобасымен сөйледі.

Тұтқын өзін ақтайтын ештеңе айта алмаған соң, ісі сотқа берілді.

Мейгерн мырза не істерін білмей, тұйыққа тіреліп қалды. Леонард Воулдың басына қара бұлт төнді. Тіпті оны қорғауға көрәлдік кеңестің де қолынан ештеңе келе қоймайтын.

“Егер ана австриялық әйелдің берген куәлігін бұзса, бірдеңе шығар еді, — деді адвокат екі ойлы боп. — Бірақ бұл — өте қиын шаруа”.

Мейгерн мырза күш-жігерін енді бір-ақ нәрсенің төңірегіне жұмылдырмақшы болды. Айталық, Воул мырза, шынын айтып, өлген әйелдің үйінен сағат тоғызда кетіп қалса, онда ана Жанет даусын естіген, мисс Фрэнчпен сағат тоғыз жарымда сөйлесіп отырған адам кім болуы мүмкін?

Бір болса, баяғыда нағашы апасын кейде өтірік мақтап, кейде қорқытып біраз ақшасын сыпырған тентек жиені бар еді, соның ісі болуы мүмкін. Адвокат сұрастырып білсе, Жанет Маккензи кезінде өлгі жігітпен сыбайлас болып, оның кемпірге істеген қылығын көре тұра қой демепті. Олай болса, Леонард Воул кетіп қалғаннан кейін Мисс Фрэнчпен сөйлесіп отырған өлгі жиен болуы да ықтимал. Оның үстіне өлгі адам бұрын өзі шықпайтын, жиі барып жүрген жерлерінен табылмай қойды.

Адвокат басқа бағытта жүргізген әрекеттерінен де жәнді нәтиже шығара алмады. Леонард Воулдың өз үйіне келіп кіргенін де, мисс Фрэнчтікінен шыққанын да көрген ешкім болмады. Крикльвудтағы үйге кіріп-шыққан бөтен біреуді көрген де еш пенде жоқ. Барлық еңбек зая кетті.

Сот болардан бір күн бұрын Мейгерн мырза ерекше бір хат алды.

Бұл кешкі алтыдағы поштамен келген хат болатын. Сыртғындағы маркасы қисық жапсырылған, кірлеу конвертке салынған, жай қағазға жазылған сауатсыз пимақ екен.

Мейгерн мырза өлгіні екі рет оқып өрен түсінді.

“Құрметті мырза.

Сіз ана жас жігіттің адвокатысыз ғой. Егер ана шет елдік жезөкшенің кім екенін және оның өтірігін білгіңіз келсе, Степни¹ ауданындағы Шоуз Рентске бүгін кешке жетіңіз. Оның құны екі жүз фунт. Могсон ханымды сұра”.

Адвокат бұл хатты неше дүркін оқып шықты. Алдамшы хат болуы да мүмкін. Бірақ тағы да бір ойланып көріп, оның растығына сенімі күшейе түсті және тұтқынды арашалап қалатын да тек осы хат болар деп үміттенді. Ромейн Хейлгердің берген түсінігі оны бас көтертпей тастаған, ал қорғаушы ретінде Мейгернің бұған қарсы қоятынны жеңілтек өмірді мұрат еткен әйелдің түсінігіне сенуге болмайды деу ғана еді. Бұл онша мықты дәлел емес-тін.

Мейгерн мырза әйтсе де батыл шешім қабылдады. Өз клиентін арашалап, ақтап қалуды өзінің борышы санады. Сондықтан Шоуз Рентске баруға бел байлады.

Ол жаңағы мекенді таба алмай біраз қиналды. Ақыры ол қаланың шет жағындағы лас, иісі мұрын жаратын жердегі құлайын деп тұрған ескі үйді тауып алды. Могсон ханымды сұрастырып еді, оны үйдің үшінші қабатындағы бір бөлмеге сілтеп жіберді. Есікті қағып еді, жауап болмады. Ол қайта қақты.

Екінші рет қаққан кезде іш жақтан тықырлаған бір дыбыс естіді, артынша есік болар-болмас қана сақтықпен ашылып, ар жақтан ілмиген біреудің тұлғасы көрінді. Әйел болуы керек.

Кенеттен әлгі әйел мырс етіп күлді де, есікті кеңірек ашып: “Сен екенсің ғой, көкешім”, — деді даусы қыр-қыр етіп. — Қасыңда ешкім жоқ па? Пәле ойлап тұрған жоқсың ба? Дұрыс. ішке кіруіңе болады, ішке кір. Адвокат екі ойлы боп, табалдырықтан аттап, кішкентай, лас, ішінде газ шамы сығырайған бөлмеге кірді. Бір бұрышта ұсқынсыз, жиналмаған төсек тұр; домбайлап жасалған қарапайым үстел, солқылдап босап тұрған екі орындық көрінеді. Адам жиіркенетін әлгі мекеннің иесін адвокат енді ғана толық көрді. Орта жасқа келген, еңкиген, қобыраған бұрыл шашты әйел екен, бетін айналдыра мойын орауышпен тұмшалап орап алыпты. Өзіне адвокаттың қарап тұрғанын байқап, ол тағы да мырс етіп күлді. Күлкісі бір түрлі, ерекше.

— Сұлулығын неге жасырады деп, дал болып тұрған шығарсың, көкем, солай ма? Хи, хи, хи. Қызықтырып өкетеді деп қорқып тұрған жоқсың ба? Бірақ оны сен көресің, көресің әлі.

Әйел мойын орауышты жұлып алған кезде адвокат қып-қызыл болған ұсқынсыз бетті көріп, артқа қарай шоршып түсті. Әйел бетін қайта орай қойды.

¹ Степни — Темза өзенінің солтүстік жағасындағы Лондон қаласының бір ауданы.

— Мені сүйіп алғың келмей ме, көкешім? Хи, хи. Мен оған танданбаймын.

Кезінде мен өп-өдемі қыз болатынмын. Тіпті мұндаға дейін сұлу едім. Күкірт қышқылы, көкешім, күкірт қышқылының ісі бұл. Тұра тұр, бөлем! Олардан кегімді аламын әлі...

Мейгерн мырза ағыл-тегіл лағнетті жаудыра жөнелген әйелге басу айтпақшы болып еді, онысынан түк те шықпады. Ақырында ашудан жұдырықтары біресе ашылып, біресе жұмылып, әлгі әйел бұрқылдап бір сәт отырып қалды.

— Болар енді, — деді адвокат қатал үнмен. — Мен бұл жерге клиентім Леонард Воулды ақтауға себі тиетін мәлімет береді ғой деп, сізге сенгендіктен келіп отырмын. Сол үшін шақырттыңыз ба?

Әйел оған бір нәрсе дәметкендей қулана қарады.

— Ақша жағы қалай болады, көкешім? — деп қырылдады ол, — екі жүз фунт, есінде болар.

— Түсінік беру сіздің борышыңыз, сотқа шақырылып қалуыңыз мүмкін бұл жөнінде.

— Ол жарамайды, көкешім. Мен көрі кемпірмін. Сосын мен ештеңе де білмеймін. Бірақ маған екі жүз фунт ақша берсең, мен саған бір-екі нәрсенің қисынын айтуым мүмкін. Түсіндің бе?

— Неге сипақтатып отырсыз?

— Менде бір хат бар десем, не дер едің? Әйелдің хаты. Оны қалай қолға түсіргенімді сұрамай-ақ қой. Ол — менің шаруам. Мақсатыңа жетесің, тек менің екі жүзімді қолыма сал.

Мейгерн мырза салқындау бір қарап, шешім қабылдады.

— Мен сізге он фунттан артық көк тиын да бере алмаймын. Онда да айтып отырғаныңыз рас болса ғана.

— Он фунт дейсің бе? Әйел шаңқылдап бақырып жіберді.

— Жиырма фунт, — деді Мейгерн мырза, — бұл — менің соңғы сөзім.

Ол орнынан тұрып кетуге ыңғайланды. Сосын әйелден көзін айырмай, қалтасынан бір кітапшаны шығарды да, жиырма бір фунтты санап алды.

— Көрдіңіз бе, — деді ол. — Осыдан басқа ақшам жоқ. Алсаңыз да, алмасаңыз да осы ғана.

Бірақ ақшаны көрген соң, әйелдің одан ары шыдай алмайтынын ол білген болатын. Біраз бұрқылдап ұрсып алды да, әйел райынан қайтты. Төсек жаққа барып, төсеніштің астынан бір нәрсені суырып алды.

— Міне, саған керегі осы болса, сайтан алғыр! — деді әйел тағы да бұрқылдап. — Саған керегі бет жағындағысы.

Әйелдің адвокатқа тастай салғаны бір бума хат болатын. Мейгерн мырза жібін шешіп, өзіне төн сабырлылықпен

асықпай оқи бастады. Оған тесіле қарап, әр қимылын бағып тұрған әйел адвокаттың бет-әлпетінен ешнәрсе сезе алмады.

Әр хатты жеке-жеке оқып шығып, адвокат буманың бетінде бірінші тұрған хатты қайта бір қарап шықты. Сосын ол қалған хаттарды ұқыптылықпен қайта буып қойды.

Олар сүйіспеншілік жайлы жазылған Ромейн Хейлгердің хаттары болатын. Барлығы да Леонард Боулға жазылыпты. Бет жағындағы хат Боул тұтқындалған күні жазылыпты.

— Мен шындықты айттым, көкешім, солай ғой? — деп жыламсырады әйел. — Бұл хат оның быт-шытын шығарады, солай емес пе?

Мейгерн мырза хаттарды қалтасына салып, сосын: “Бұларды қолға қалай түсіріп жүрсіз?” — деді.

— Ол өзінше бір өңгіме, — деді әйел қулана. — Бірақ мен одан да зорғысын білемін. Тергеу кезінде ана жезекшенің не дегенін естігенмін. Оннан жиырма минут кеткенде оның қайда болғанын анықтадым, өзінің айтуынша, өлгі мезгілде ол үйде болдым деген болатын. Лайэн Роуд¹ кинотеатрындағы адамдардан сұрап көріңіз. Олардың есінде қалуы керек, екі бетінен қан тамған сондай әдемі қыз. Қарғыс атсын оны!

— Қасындағы еркек кім? — деді Мейгерн мырза. — Мұнда фамилиясы жоқ, тек аты ғана жазылыпты.

Әйелдің даусы мүлдем бітіп, қырылдап қалды. Қолдары біресе жұмылып, біресе ашыла береді. Ақыры ол бір қолын бетіне апарып:

“Мынаны істеген – сол еркек. Осыдан көп жыл бұрын жаңағы әйел оны менен жырып алып кетті. Ол кезде уыздай қыз болатын. Артынан іздеп барып, жігітімді бас салып едім, ол қарап тұрмай, өлгі қарғыс атқыр қышқылды бетіме шашып жіберді! Ал ана қаншық ішек-сілесі қатып күлді. Бір күні кезің келер деп жүр едім сонша жылдан бері. Соңынан қалмай жүріп, бәрін де біліп алдым. Міне, енді қолыма түсті. Енді сазайын тартады ол, солай емес пе, адвокат мырза? Сазайын тартады ғой?”

— Оны біраз мерзімге өтірік куәлік бергені үшін соттайтын болар, — деді Мейгерн мырза байсалды дауыспен.

— Түрмеге жапсын, осы менің қалағаным. Сен кетейін деп тұрсың ғой, солай ма? Ақшам қайда? Жаңағы әдемі ақшам қайда менің?

Сөзге келместен Мейгерн мырза ақшаны үстелдің үстіне қойды. Сосын терең бір дем алып, кері бұрылды да, жаңағы лас бөлмеден шығып кетті. Артына қарап еді, ақшадан көзін алмай, сыңсып, өңдетіп тұрған кемпірге көзі түсті.

¹ *Лайэн Роуд* — Лондондағы көшенің аты.

Ол уақытын босқа жібермей, Лайэн Роуд көшесіндегі кинотеатрды тез-ақ тауып алды. Суретін көрсетіп еді, билет жыртыатын адам Ромейн Хейлгерді бірден тани кетті. Оқиға болатын түні кинотеатрға Ромейн Хейлгер бір ер адаммен бірге кешкі сағат оннан аса келіпті. Ер адамды анық байқай алмағанмен, билет жыртушы кісі сол кезде жүріп жатқан филім жөнінде өлгі әйелдің қасындағы адаммен сөйлесіп тұрғанын есіне сақтап қалыпты. Олар сол жерде филімнің аяғына дейін, шамамен бір сағаттай болса керек.

Мейгерн мырзаның көңілі орнына түсті. Ол Ромейн Хейлгердің бұрын берген түсінігі бастан-аяқ жалған екен деген ойға келді. Әйел мұны күйеуіне өшіккендіктен әдейі ойдан шығарып отыр деп түйді ол. Адвокат бұл өшпенділіктің ар жағында не жатқанын біле алмай дал болды. Леонард Воул әйеліне соншалықты не істеп қойды екен? Адвокат әйелінің өлгі қылығын айтқанда, айыпкер төбесінен жай түскендей болды. Бұлай болуы мүмкін емес деді ол сенбей, бірақ оның бұдан былайғы наразылығы Мейгерн мырзаға бастапқыдай емес, сенімсіздеу болып көрінді.

Мейгерн мырза мұны байқап қалды, өтірік екеніне көзі жетті. Жетуін жетсе де, өлгі құпияның бетін ашайын деген ниеті болған жоқ. Ерлі-зайыптылардың арасындағы құпия сол күйінде қалып қойды. Мейгерн мырза мұның сырын, өйтеуір, бір ашармын деген ойда болатын.

Адвокат сағатына қарады. Уақыт кеш екен, бірақ дегенмен бір істі тындыруы керек еді. Ол такси тоқтатып мінді де, бір әдіресті айтты.

“Мұның бәрін де дәл қазір сэр Чарлз білуге тиісті”, — деді ол таксиге мініп жатып күбірлеп.

Леонард Воулдың Эмили Фрэнчтің өліміне байланысты соты көпшіліктің назарын қатты аударды. Біріншіден, айыпкер әрі жас, әрі әдемі жігіт еді. Оған тағылған айып айуандықпен жасалған қорқақтың істейтін қылмысы болатын. Екіншіден, елдің назарын аударғаны тергеу кезінде басты куә Ромейн Хейлгердің болғаны еді. Көп газет оның суреттерін басып, шыққан тегі, өмірбаяны жайлы ойдан шығарылған бірнеше мақала жариялап жіберген болатын.

Сот мәжілісі ретімен ың-шыңсыз ашылды. Алдымен істің мән-жайы баяндалды. Сосын түсінік беруге мінбеге Жанет Маккензи шақырылды. Ол негізінен сол бұрынғы куәлігін қайталап айтып берді. Қарсы сұрақ беріп, қорғаушы оның Воул мен мисс Фрэнчтің ара қатынасы жайлы берген түсініктерінен бір-екі қарама-қайшылық тауып, онысын куәға мойындатты. Қорғаушы, куә әйелдің сол түні қонақ қабылдайтын бөлмеден бір еркектің даусын естігенмен, ол адамның Воул екенін және оның үйіне жетіп үлгіргенін

дәлелдейтін ештеңе айта алмай отырғанын атап көрсетті. Және бұл түсініктің негізінде айыпкерді жек көрушілік пен қызғаныш сезім жатқанын мәлімдеді.

Сосын келесі куә шақырылды.

— Сіздің есіміңіз Ромейн Хейлгер ғой?

— Иә, солай.

— Сіз Австрия азаматшасысыз ғой?

— Иә.

— Соңғы үш жылда сіз айыпкермен бірге тұрып, соның әйелімін деп жүрдіңіз ғой?

Бір сәтке Ромейн Хейлгер күйеуінің көзіне қадала қарап қалды. Оның жүзінде түсініксіз бір жұмбақтың нышаны бар еді.

— Иә, солай.

Сұрақтар жалғаса берді. Бірте-бірте қылмыстың бетін ашатын деректер пыға бастады. Оқиға болған түні тұтқын өзімен бірге темір сүймен ала кетіпті. Ол түнгі сағат оннан жиырма минут кеткенде үйге қайта оралып кемпірді өлтіріп келгендігін мойындапты. Жеңінің ұшына қан жұққандықтан, киімін асүйдегі пешке салып жағып жіберіпті. Аузыңды ашсаң, өлесің деп әйелін қорқытыпты.

Түсінік ары қарай жалғасқан сайын, алғашында ептеп оң көзімен қарап отырған соттың мүшелері енді тұтқынға мүлдем теріс айналды. Тұтқынның өзі де басын жерден алмай, саудасы біткен адамша, түнеріп отырып қалды.

Өйткенмен Ромейннің кеңесшісі әйелдің ашуын ептеп баспақшы болғаны байқалды. Ол куәнің байсалдырақ болғанын қалайтын сияқты.

Қаһарлы да, көңілді қорғаушы орнынан түрегелді.

Куә болып тұрған әйелдің берген түсінігі бастан-аяқ әдейі ойдан шығарылған қып-қызыл өтірік екенін, оқиға болған кезде оның тіпті үйінде де болмағанын, басқа адамды сүйетіндігін, Воулды істемеген қылмысы үшін қасақана өлімге айдағысы келіп отырғанын мәлімдеді.

Ромейн бұны дәлелі жоқ бос сөз деп менсінбей, төкаппарлана теріске шығарды.

Осы кезде қорғаушы куәнің масқарасын шығаратын әлгі хатты іске қосты. Шыбынның ызыңы естілетін тыныштықта сотқа әлгі хатты дауыстап оқып берді.

“Сүйікті Макс, құдай оны біздің қолға түсірді! Ол кісі өлтіргені үшін, бір көрі кемпірді өлтіргені үшін тұтқындалды! Қой аузынан шөп алмайтын, кісі тұрмақ шыбынға да тимейтін Леонард! Ақыры одан кегімді алатын болдым. Бишара! Мен оны сол күні үйге үсті-басы қан-қан болып келді, кісі өлтіргенін мойындады деймін. Мен оны дарға астырамын, Макс. Өзін өлімге айдаған Ромейн екенін ол

сол кезде білетін болады. Енді бізді бақыт құшағы күтіп тұр, сүйіктім. Ақыры жеттік-ау дегенімізге!”

Сотта хаттың Ромейн Хейлгердің қолымен жазылғанын дәлелдеп беруге дайын отырған мамандар да бар еді, бірақ олардың қажеті болмай қалды. Хатты көргенде-ақ Ромейн бірден сылқ ете түсті де, өтірігін мойындап, бар шынын айтып берді. Леонард Воул үйге өзі айтқан уақытында, тоғыздан жиырма минут кеткен кезде оралыпты. Әйел жаңағы өңгімені күйеуін құрту үшін әдейі ойлап тауыпты.

Ромейн Хейлгердің өтірігі шыққан соң, айыптаушының сөзі де жайына қалды. Сэр Чарлз өзінің куәлерін шақыртып түсінік алды. Айыпкер мінбеге шығып, істің қалай болғанын, қарама-қарсы сұрақтарға қарамастан, қаймықпай бәрін айтып берді.

Айыптаушы қайта дәлелдемекші болып тырысып еді, онысынан ештеме шықпады. Соттың қорытынды сөзі айыпкер үшін жақсы болмады, бірақ істің беті бері қараған болатын. Сот мүшелері өз шешімдерін ойластыру үшін кішкене үзіліс алды да, аздан соң үкімді жариялап: “Біздің шешіміміз: тұтқын айыпты емес”, — деді.

Леонард Воул ақталып, босап шықты!

Мейгерн мырза айыпкерді құттықтауға асықты.

Әдеттегіше көз әйнегін алып тазалап бара жатқанын өзі сезіп қалды. Кеше ғана мұны дағдысына айналдырып алғанын әйелі айтқан болатын. “Ауру қалса да, әдет қалмайды” деген осы екен-ау. Адам өзінің қандай әдеті барын біле де бермейді екен ғой.

Бұл өзі бір қызық, сөз жоқ, өте қызық оқиға еді. Ана әйел, Ромейн Хейлгерді алайықшы, мәселен... істі тексеру кезінде өзін ерекше таң қалдырған да сол Ромейн Хейлгердің айрықша тұлғасы еді. Пәддингтондағы үйінен көрген кезде оның өңі аққұбаша, сабырлы әйел сияқты еді, сотта ол тропик гүлі секілді құлпырып шыға келді емес пе?

Көзін жұмса, Мейгерн оны қазір де елестете алар еді: бойшан, албырт, сұлу талдай мүсіні ептеп қана еңкіштеу, оң қолының саусақтары өз-өзінен үздіксіз қимылдап, ашылып-жұмыла беретін.

Әдет, дағды дегендер қызық нәрсе ғой. Әйел қолының қимылы да әдетке айналып кеткен болуы керек деп ойлады адвокат. Ол осы бергінде ғана біреудің саусақтарының дәл осылай қимылдағанын көріп еді. Кім еді өзі? Осы бергінде ғана...

Есіне түскен кезде адвокат демін ішіне тарта қойды. Өлгі Шоуз Рентстегі әйел емес пе еді...

Оның басы айналып, қимылсыз тұрып қалды. Мүмкін емес... Мүмкін емес... Бірақ Ромейн Хейлгер актриса ғой...

Бас қорғаушы арт жағынан келіп, оны иығынан қағып: “Айыпкер жігітті өлі құттықтаған жоқсың ба? Ол өрең құтылды ғой. Жүр, оның қолын қысайық”, — деді.

Бірақ адвокат оның қолын ысырып тастады. Бұл кезде оның көкейінде тек бір-ақ нәрсе — Ромейн Хейлгермен бетпе-бет кездесуден басқа ештеме де жоқ болатын. Адвокат оны біраз уақыт көре алған жоқ, сосын олардың қай жерде кездескенін айтып жатудың керегі шамалы еді.

— Сонымен, сіз сезіп қалған екенсіз ғой, — деді әйел адвокат көкейіндегісін тұтас айтып болған кезде. — Бетімді ме? Ой, ол оп-оңай ғой. Сосын ана сығырайған газшамның жарығымен сіз менің бетімдегі гримді де жөнді байқай алмадыңыз.

— Бірақ неге... неге олай еттіңіз?..

— Неге жалғыз ойнадыңыз дейсіз ғой? — Өткен жолы өзі қолданған жаңағы тіркесті есіне алып, ол егтеп жымылып қойды.

— Мынау бір ғажап қойылған комедия ғой!

— Досым-ау, оны аман алып қалу менің борышым болатын. Тұтқынды жан-тәнімен жақсы көретін әйелдің берген түсінігі жеткіліксіз болған болар еді. Өзіңіз де солай деген сияқты едіңіз ғой. Бірақ менің психологиядан ептеген хабарым бар. Беретін түсінігімді зорлықтың күшімен, өзімді мойындата отырып, заң алдында масқара етіп алсын, сонда ғана жұрттың пікірі айыпкердің пайдасына бірден өзгеріп шыға келетінін жақсы түсіндім.

— Ал ана бір бума хат ше?

— Олардың ішіндегі тек біреуі ғана, өлгі қалай деуші едіңіздер, иә, қып-қызыл өтірік болатын.

— Ал енді ана Макс дегеніңіз кім?

— Ондай адам өмірде мүлдем болған емес, достым.

— Мен өлі де болса, — деді кішкентай Мейгерн мырза көңілі толмаған сыңай танытып, — Леонардты кәдімгі дұрыс жолмен-ақ ақтап алар едік қой деген ойдамын.

— Мен ондай тәуекелге бас тіге алмадым. Сіз оның ары таза деген сенімде болдыңыз.

— Солай ойлағанымды сезген екенсіз ғой? — деді Мейгерн мырза.

— Қымбатты Мейгерн мырза, — деді Ромейн, — сіз ештеңе де байқамайды екенсіз ғой. Мен оның айыпты екенін білегімнің!

МАЗМҰНЫ

МҰРАГЕР.....	3
АРЗАН ПӨТЕРДІҢ СЫРЫ.....	17
ҒАЙЫП БОЛҒАН МИЛЛИОН.....	31
ЕГИПЕТ ЗИРАТЫНЫҢ ХИКАЯСЫ.....	40
МЕТРАЖДАН КЕЛГЕН АЖАЛ.....	53
ЖҰМБАҚ ӨЗІЛ.....	66
МІНСІЗ ПЕРІШТЕНІҢ ОҚИҒАСЫ.....	77
КҮДІКТІ ТӨРТЕУ.....	89
АЖАЛ ШӨБІ.....	101
КӨК ҚҰМЫРАНЫҢ СЫРЫ.....	115
КЕЗДЕЙСОҚ ОҚИҒА.....	132
КУӨНІҢ ҚҰПИЯСЫ	140

АГАТА КРИСТИ

ҒАЙЫП БОЛҒАН МИЛЛИОН

Сарашысы – *Әсия Орынбаева*
Суретшісі – *Ескендір Тіленшиев*

Техникалық сарашысы – *Раиса Винокурова*
Беттеген – *Гүлнұр Жәрімбетова*

2007

Теруге 28.11.03 жіберілді. Басуға 29.12.03 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x108₃₂. Офсеттік басылыс. Шартты бояу көлемі 9.66. Шартты баспа табағы 8.4. Есептік басылу табағы 9.44. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №49. Келісімді баға.

Жауапкершілігі шектеулі “Жалын баспасы” серіктестігі. 480009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.



ЖШС РПБК “Дәуір”, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, E-mail: rpkdauir@nursat.kz

